

12018
0052к



Сапа ЛАТИЕВА

БҰЛБҰЛ

Сара ЛАТИЕВА

БҰЛБҰЛ

Өмірбаяндық повесть-эссе



АНА ТІЛІ

АЛМАТЫ
2010

Латиева С.

Л 23 Бұлбұл: Өмірбаяндық повесть-эссе / Сара Латиева.
— “Ана тілі” баспасы, 2010. — 192 б. + 16 б. қосымша.

ISBN 978-601-251-030-0

Қазақ сахнасының бұлбұлы атанған Күләш Байсейітова өмірі мен творчествосына арналған бұл кітапта әншінің ұлттық опера өнерімізді дамытудағы еңбегі; дүние жүзілік, орыс, кеңес және ұлттық классикалық шығармаларды игерудегі жемісті ізденістері еңгіме арқауына айналады. Сонымен қатар, автор әншінің образ сомдау жолындағы ойлары мен ішкі толғаныстарын да сергек сезімталдықпен, лирикалық сыршылдықпен оқырман алдына жайып салуға ұмтылады.

Кітапта Күләш туралы естеліктер де беріліп отыр.

Туынды өнер сүйген көпшілік оқырманға арналған.

Л 4702250201
00 (05) - 10

ISBN 978-601-251-030-0

УДК 821. 512. 122
ББК 84 Қаз 7-44

© Латиева С., “Бұлбұл”, 2010
© “Ана тілі” баспасы, 2010

Автордан



Құлжи Байсейітова жайлы жазу үшін жұмысты неден бастау керек деген мәселе тұрды. Өнер әлеміне қызыға, әуестікпен қарай бастаған саналы кезеңнен бастап, қазақ үшін тірісінде аңызға айналған әнші туралы жазамын деп мойынға алу бір басқа да, оны ел қабылдағандай, аруаққа шет болмайтындей етіп жүзеге асыру бір басқа. Осы екі басқа шаруаның жауапкершілігін анық сезінген кезде тайсақтаған сәттер де болды. Бірақ Құлжыңда деген, халықтың оған сүйіспеншілігіне деген, өнерге деген құрметін дұрыс жөн сілтеді ғой деп ойлаймын.

Жұмыстың бір саласы — Құлжыті көрген, бірге қызмет істеген адамдармен сөйлесу еді. Әрине олардың біразы дүниеден өткен. Дегенмен бірталайы әлі арамызда жүрген.

Бір қызығы Құлжыңда жұрттың бәрі мен сияқты ынтық емес екен. Шын ықыласпен сөйлескен, бірден ат-тонын ала қашқан, сыпайы ғана шығарып салған адамдар болды. Шынын айтқанда бұның өзі бір театр еді. Онда әркім негізгі кейіпкерге деген разылығын, наразылығын, сүйіспеншілігін, бейтараптығын көрсетеді. Сонымен бірге олардың бәрі де “Құлжи Байсейітова” деген адамның Қазақстан тарихында мәңгілік қалғанын, иә тек қана өнері емес, бүкіл елдің тарихынан ерекше орын алған адам екенін өздері де байқаймай дәлелдеді.

Ол жиі, дарынды актриса дәрежесімен ұлттық символ биігіне көтерілген тұлға болатын. Сондықтан ендігі жерде оған деген жеке адамдардың қоңыл-күйінің ешқандай мәні жоқ еді.

Құлжитін 60 жылдығында сахнада қазақша киінген, аққудың көгілдіріндей ұлтілдеген 14-15 жастардағы қыз бала отырды. Оны Құлжи жасаған мәңгілік Қыз-Жібектің символы деп көрсетті. Ол — жиі-актрисаның құдіретті өнерінен туған, өмірдің өзіндей мәңгі, өнердің өзіндей әдемі, нахаббаттың өзіндей жас символ еді...

Сонымен кітап жазылды. Бірақ кездескен, сөйлескен адамдардың айтқандарының бәрі бірдей одан орын таппады. Ол жанрға, менің бұл шығарма жайындағы ұстанымыма, ең бастысы Құлжи Байсейітованың өз өмірінде ұстанған сеніміне деген құрметке байланысты.

Енді араға ширек ғасыр салып кітапты қайта бастыруда сол адамдардың жүймесін айтылған қалпында бірге жариялауды жөн көріп отырмын. Үйткені бұл символдық емес, кәдімгі ет пен сүйектен жаралған тірі адамның өмірі, соны көрген адамдардың “айтпалған” жүймесі.

Ал, зыян өзгерді деп негізгі шығарманы түгелдей “жаңалауды” қажет деп таппады. Себебі тарихты өзгертуге, қайта жазуға, қалауымызша пішуге болмайды. Ол нақты кезеңімен қымбат. Дегенмен қайта қарағанда алып, қосқан жайлар бар.

Бірақ жаңа деректер, бұрын қозғалмаған жайлар бар. Оларды келешектің жұмысы деп есептеймін.

Жарқын болашақ

Тротуармен қызын жетелеп, әлденені айтып бара жатқан бейтаныс жігітке көзі түскен Күләш, терезе алдында бөгеліп қалды. Бұл көрініс соңғы сапардан келгелі бері мазалап жүрген ойларды қайтадан жаңғыртып жіберді...

Адам өз өмірінің қалай өтерін, қалай бітерін күні бұрын біле алмағандықтан, ылғи да келер күнге үмітпен қарайтын болса керек. Бүгін жетпегенге ертең жетермін деген тәтті үміт үнемі ілгері бастайтын шамшырақ шығар, сірә. Қазір ой жіберіп байқаса, соңғы жеті-сегіз жыл ішінде өз өмірінің алды-артын бақылауға, тіпті, мұршасы келмепті-ау... Соны қажет те етпеді ме?..

Бұрын да ірілі-ұсақты, жақсылы-жаманды бірталай хабарды есітіп құлағы үйренген еді. Бірақ мына хабардың тосындығы, тіпті, бөлек. Келесі, 1936 жылы, Мәскеуде Қазақ әдебиеті мен өнерінің Онкүндігі өткізіледі екен. Украинадан кейінгі екінші кезек – Қазақстандікі.

Украина енді, қанша айтқанмен, бұрыннан түп қазығы берік ел. Оның өнері десең де, әдебиеті десең де қағазға түсіп қаттаулы тұр. Тіпті, тілінің өзі де орыс ағайынға пәлендей тосын болмаса керек. Ал, біз – Қазақстан дегеннің жөні мүлдем басқа. Біздің халқымыздың еңкейген кәрісі мен еңбектеген баласына дейін пір тұтатын ақындарымыз бен жыршыларымызды астана халқы түсінер ме екен? Жамбылымыз анау: аузынан шыққан лебі ә дегенше елінің тіл ұшында кеткен; Абайымыз анау: небір жүрекжарды лебізі тыңдаушысына жетпей шерменде боп өткен... Соңғы оншақты жыл тұсында ғана басы біріккен азғантай өнерпаз топ Отанымыздың астанасына барғанда қазақтай дарқан, қазақтай саңлақ, қазақтай сегіз қырлы халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мол мұрасын жеткізе алар ма?

Шіркін, тым құрыса, тіліңді түсінетін болса ғой! Тіл шіркін сайрап-ақ берер еді...

Жаңалықтың қай-қайсысын да қалт жібермей іліп алып келе жатқан жас қауымға бұл хабардың басы тым тосын болғанымен, аяғы айналып келіп, қашанғысындай, тынымсыз еңбекке соқты. Қазақстанның сол кездегі халық ағарту комиссары Жүргенов Темірбектен есіткен хабар сол сәтте-ақ, бары-жоғы екі театрды қамтитын өнерпаз қауымға түгел жетті. Өуелі не де болса, қолды-аяққа тұрғызбай ілгері сырғытып жіберетін әдет бойынша, алып-қашпа хабар түрінде басталды да, кейінгі тыңдаушыларына жеткенде, басалқалы ой түйе келді. Мәскеуге бару деген, мына тұрған Отарға немесе Талғарға барып ән салып беру емес. Мұнда елдігінді, бірлігінді, тірлігінді көрсететін өнер керек. Олар:

“Ахау, Айман айым,
Шолпан айым,
Ұшарға қанатым жоқ, не қылайын”, –

деп әндетіп жүре бермесе керек...

Өуелі олар түйе мініп, жылқы жарыстырған қазақтың өнері бар дегенге қалай қарайды екен? Күні кеше Франциядан, Италиядан даңқы жер жара келген небір күміс көмей, жез таңдайларды көріп, бас шайқап, таңдай қаққандар әлі де бар емес пе?! Ендеше, олардың күні кеше ғана түйежүн шекпен мен жалбағай тымақ киген жұрттың өнерін қаншалықты асыға күтіп отырғанын кім білсін?! Шіркін, соларды бір рет қана: “Апыр-ай, мына қаракөз қазақтар қалай еді?!” – деп таңқылдырса... Сонда ғана өзіңе-өзің риза болар едің...

— Ал, Темкең (Темірбек Жүргенов) келе жатыр, мәселенің түп түйінін әкеледі.

Алқа-қотан тұрғандар да, репетицияда жүргендер де бір сәт тына қойып, Темкеңді бағып қалды.

— Иә, күміс көмей, жез таңдайларым, нендей хабар ұшады деп, қалт жібермей бағып тұрсыңдар ма? Ендеше, сендерге қатыстысы мынау: Мәскеуге “Қыз Жібек” пен “Жалбыр” барады. Сонан соң жақсы концерт даярлау керек. От ауызды, орақ тілді ақын-жазушы қауым өзіне тиістісін естіп жатыр. Ризамысыңдар?

Бір сәт бәрі де әлденені іштей қорытқандай тым-тырыс қалып, ендігі кезекте жамырай жөнелді. Әңгіме

төркіні түгелдей астанаға сапар жайына ауысып, әркім өзінің кем-кетігін алдымен ауызға ала бастады.

— Жарыспаңдар. Екі опера да бұл түрінде бармайды, жаңартылады, жаңғыртылады. Жаңғыру музыкасында да, декорациясында да, костюмінде де болуға керек. Ең үлкен жаңғыру – мына тұрған өздеріңде. Екінің бірі айтатын әлеуләй емес, астанада көрсетуге жарайтын үлкен өнер керек. Арқа тұтар елім бар деп шын шаттанатын, асқар белім бар деп шын мақтанатын кез келді. Қапы қалмандар. Дайындыққа – төрт ай.

— Қап, мен көп сөйлеп кетіппін ғой, кешігіп қала жаздадым. Ал, кеттім, – деп Жүргенов есікке беттеді.

Бұлар өне-міне деп, әлденені сұрап, әлденені анықтамақ боп тұрғанда, Темкеңнің аулада тұрған машинасы гүр ете түскен еді. Жүргеновтің күніне әлденеше рет келіп-кететініне бұл кезде үйренгендей болса да, дәл мынадай жауапты сәтте бәрі де өкініп қалды.

— Қап, осы кісінің ылғи да от ала келгендей асығып жүретіні-ай!

— Е, сен де Темкеңді жаңа көргендей айттың-ау! Бүкіл қалаға өз қолымен от таратып жүрген жалғыз өзі емес пе?!

— Ә-ә... Құдай біледі, осыны дәл айттың-ей! Не деген шаршамайтын адам. Ғажап, тіпті, ғажап!

— Темкеңнің мақтауын жеткізіп болсаңдар, жүріңдер, жұмысымызға кірісейік.

Өншейінде бітпейтін әңгіме еді, осы соңғы күндері мүлде көбейіп кетті. Бұрын жаңа жұмыс, болашақтағы арман, қазақтың бұрынғы-соңғы өнерінің жай-күйін айтса, ендігі әңгіменің бастауы да, байлауы да алдағы Онкүндіктің жайы. Не барады, кім барады деген мәселе әбден шешілген кезде, бар ой-сана түгелдей қалай әзірленеміз, қалай өтеді дегенге тіреледі. Үйде де, түзде де, жұмыста да, демалыста да ылғи соның жай-жапсары көңілде тұрады. Демалыстың аты ғана, әйтпесе, бір сәт бей-жай еркіндік деген жоқ, сәл қолы қалт етсе-ақ, көңіл түкпірінде жатқан құпиясы жылт етіп бас көтере қояды.

— Жібекті Мәскеу жұрты түсінер ме екен? Бұл өзі сән-салтанаты жарасып, барлығы мен байлығы келіскенімен жаны жалғыз, сонан да бақытсыз жан ғой...

— Күләш-ау, Онкүндікте жалғыз сен өнер көрсетіп,

басқамыз сенің шашбауыңды көтере баратындаймыз. Сенен басқаның осынша жанын қинағанын көрген емеспін, не бұл өзі?

— Қойшы, Қана. Менен басқалар да ойлайды ғой. Менімен үйде де, түзде де бірге жүрген соң, ерекше байқалады ғой саған. Шынында да, Жібекті түсінер ме екен, ө?

— Түһ, ем қонбас саған. Түсінбесе – түсіндір, артист емеспісің?!

Қанабек қолын бір сілтеп, теріс айналды. Ренжігені емес, Күләштің қазіргі халін түсінгені. Енді, бөрібір, өлдім десең де, бұл күйден оның көңілін бұра алмайсың. Күйеуі болмақ түгілі, құдайы болсаң да, өнер әлеміне бір кіріп кеткен соң, Күләшқа дүние сөзін жеткізем дегеннен гөрі, аспандағы айға қол созған оңайырақ. Енді ол Жібектің жоқ-жітігін ойымен түгендеп алады, сонан кейін бар болмысын саралап кетеді. Арасында Төлегеннің әсерін, Бекежанның келісін бір шолып шығады. Сонан әрі қарай, иә, әрі қарай... Сонымен ұйықтап, сонымен оянады.

Күндегісінен ерте тұрған Зибажан шешей шайын да қамдап үлгерген екен. Кеше Күләш та, Қанабек те қызметке ертерек баратындығын қайталап айтқан. Бұрын да етшең емес еді, қызы осы күндері, тіпті, таралып бара жатқан төрізді. Әлде бар ойы, ықылас-назары “Бір осы жарығым аман болса екен” деген тілек үстінде жүретін газиз жүректі анаға солай көріне ме?! Бет-аузында бақырайған көзі ғана қалыпты. Ән деген шіркінді қай қазақ “әу” демеген, бірақ сол ән салуымен елдің құрметіне бөленген жанды өзі бұрын көрген де, естіген де емес еді. Сонау Ақан сері, Біржан салдардың дақпырты жетіп жататын, бірақ оларды да біреу мақтаса, біреу даттап, әрқилы ат-атаққа телитін. Ал, мына өз үйінен, тіпті, құдай-ау, өз ішінен шыққан қызының ән салып бүкіл елге қадірі асқанын көзі көріп жүрсе де, көңілі сенбейтіндей. Бұрынғы кездері ғайыптан түсінде аян берсе: “Астапыралла, не дейді?! Қой, күн райының бұзылуына көрінген шығар”, – деп жори салар еді. Бірақ, мына өңінде, кәдімгі күнде көріп жүргенде, шүкірлік етпесіне шарасы тағы жоқ. Құдай-ау, кейде әлгі “тиатырына” барып, айтқан әнін тыңдап отырғанда төбесі көкке бір елі жетпей қалады емес пе? Онысын былай қойғанда, азамат дегендер, әуелім мына өзінің күйеу баласы да, ана алмас қылыштай жарқылдаған Құрманбек

те былай қалып, жұрт мұның қызына – Күләшiне ерекше iлтипат көрсетiп жатады. Ойбай-ау, бiреу-мiреу тани қалса, соны тапқан шешесi ғой деп, бұған да қоғадай жапырылып құрмет көрсететiнiн қайтерсiң.

“А құдай, бергенiңе шүкiр. Әндi өнер деп халықтың құрметiне бөлегенi бiр мәртебе десе де, қызды өнерпаз деп ел қатарына қосқаны – жаңа заманның бiр жақсылығы, озықтығы шығар. Шүкiршiлiк, шүкiршiлiк.

Бұрын да қызмет десе елпiлдеп тұратын, ендi мына Мәскеуге барамыз дегелi өзгеше елеңдеп бiттi. Құдай-ау, ата-бабамыз аяқ баспаған iргелi елдiң қасиеттi жерiне барады, қарағымның қадамын құтты ете гөр. Мерейiн үстем ет, досын басым, дұшпанын жасық қыл, әумин!”

Ертелеп тұрған Зибажан ана, таңғы шайы мен бүгiн күн жұма деп арнап пiсiрген бауырсағына дұғасын, тiлегiн түгел бағыштап, бiреуiнен үзiп аузына салды. Сонан соң ғана ұйқыдан оянып, күбiр-сыбырмен жүрген күйеу баласы мен қызын шайға шақырды.

— Апам бауырсақ пiсiрiп үлгiрiптi, сен әлi ерте дейсiң.

— Апамның екпiнiмен жүрсек, бiз Онкүндiктен ендiгi келiп те қалатын едiк.

— Ой-бу бiр шайды тегiн iшкендей мақтау айттыңдар, ендi суытпай дастарқанға отырыңдар.

Күләш пен Қанабек асыға басып, театрдың бұрышын айнала бергенде, iшке кiрiп бара жатқан Құрманбектiң жотасын көрiп қалды. Ол да бұларды байқап қалса керек, вестибюльде тiсi ақсиып тосып тұр екен. Амандықтан соң-ақ:

— Әй, сен осында Күләштi көрiнгеннен қызғанып, көлеңкесiнен бетер қасынан қалмаушы едiң, мәскеулiктер сұқтанғанда таза жарылып өлерсiң. Масқара қылғанда, жалғыз қайтпасаң неғылсын. Ха-ха-ха! – деп әзiлдей бастады.

— Әйтеуiр, дайын тұрған алушы болса, қасындағы егiздiң сыңарындай Шараны да тастамас. Неғыласың, екеуiмiз қол ұстасып қайтамыз, ехе-хе-хе!

Бұлардың риясыз көңiлiн, қатты да болса зiлсiз қалжыңын бiлетiн театрдағылар қоса күлiсiп жатыр. Осы бетпен бәрi де сахнаға шықты да, репетицияға кiрiсiп кеттi.

Бұл кезде үлкен сапардың алғашқы хабары бәсеңдеп, оның орнына күнделiктi қажырлы еңбек басталып

кеткен еді. Евгений Григорьевич Брусиловский, нешінші рет екенін өзі білсін, “Қыз Жібек” пен “Жалбырдың” әр тұсын, әрбір ариясын қайта-қайта қарап, жаңартып келеді. Кешегі жобасы ұнап қалып, репетицияны бастап жіберген Ф. А. Кузьмич те бұған әуелі түйіле қарап тұрады да, артынша жадырап, жаңа нұсқаға кіреді. Кеше ғана қызық, бірден-бір дұрыс көрінген ойын енді бүгін келіп быт-шыт қып жоққа шығарып, түнімен тапқан жаңалығын бар болмысымен түсіндіріп жатқан Құрманбекті, бір жағынан суретші Ненашев өз ойын ортаға салып тартпақтап жатқаны.

— Құреке, мынау кеше шықпай тұрған Базарбайдың сарайы еді, енді қалай екен? — деген сыпайы өтінішіне, қаһарына мініп алған әрі режиссер әрі актер Құрманбек — Бекежан қарасын ба: “Құры әрі, шықпаса түгел жоқ қыл! Ербендемей былай тұр!” — деп тойтарып тастап кетіп барады. Бұл сөздің кімге айтылғанын, өтірік-шынын да аңғара алмаған суретші, қолындағы эскиздері қобырап, не істерін білмей абыржыған қалпы сол орнында әлі тұр. Бекежаннан үркіп дүркірей қашқан қыздар қағып кетсе де, аңғарар емес.

— Әй, мынау қайсың-ей, қаққан қазықтай қалшыып қалған. Ау, Анатолий Иванович, жарқыным, сен неғып тұрсың мұнда?

— Мына эскиздерді, Құреке...

— Қане, әкел. Ө, сарай ма еді, мынауың тамаша ғой. Неғып үндемей тұрсың? Уә, Төлеген, е-ей, Қанабек, бері кел! Мынау Базарбайдың сарайы. Қалай ә? Бәсе, кешегісінен көш ілгері. Ал, мұны Темкеңе сынамайық, сол анығын айтсын. Жаратқанның өзі қазаққа арнап туған ғой Евгений Григорьевич екеуіңізді.

Құрекең эскизге қарап шалқып кетті. Оның нағыз өнерпаз, сезімтал жанын түсінген Анатолий Иванович те күлімсіреп басын изей берді.

Сырттай бақылап тұрған кісі осы бір үркердей топты ерексектерге лайық қызмет істеп жүр деп тануының өзі қиын. Бәлкім, дұрысы, ересек жасқа жеткен бір топ бала “театр” ойнап жүр десе, түсініктірек шығар. Қазір ғана әркім әр саққа ой жүгіртіп, қия тартса, артынша әрқайсысы өз ойындағы жаңалығын ортаға салып, жан-жақтан бір арнаға құйылады дейсің. Режиссері — әнші, әншісі — суретші, дирижері — режиссер боп жатқан у-ду қауым. Кей ел театрлары өз тарихын жүздеген, мыңдаған

жылдармен өлшеп жатқан кезде, Азияның тұтас бір кең өлкесін жайлап жатқан қазақ халқына оның аты енді-енді ғана таныс бола бастағаны, шынында да таң қаларлық. Бірақ мынау бала жанды өнерпаз топ өзінің таң қалғанын емес, кеше ғана басы біріккен жаны жас, сұлу өнерімен небір саңлақтарды көрген, театр тарихы ғасырларға ұласқан жұртты таң қалдырамын деп күндіз-түні тыным көрмей, шарқ ұра ізденіп, қарбалас үстінде жүр.

Анық келісілген варианттар түгел қабылданып, дайындық қызу жүріп жатқан кез. Осының алдында ғана “Тәккуд” қайта қарап, Брусиловский тағы да біраз жұмыс жасаған. Негізгі жұмыс бұдан екі-үш жыл бұрын, операны алғаш жазған кезде жүрсе де, мына сапар алдында түгел қайта қаралды, жаңарды деуге болады. Ол кезде композитордың өзіне де көп жай бейтаныс, түсініксіз, соны еді. Жеке әннің таза музыкалық тұрғысы сараланғанымен, оның тууын, болмысын, біле бермейтін. Өзін елең еткізген әуен кездесе, нотаға түсіріп алып, артынан: “Мынау не ән, қалай шыққан?” – деп тәптіштеп жүрген Затаевичтің жинағынан көп пайда көрді, бірақ сонда да біраз жоғын жұмыс үстінде тапты. Енді соларын қайта өңдеп, қайта өлшеу үстінде. Брусиловскийдің қазіргі тіршілігі зергерге ұқсас, қаншама қырлап, сырлап біттім дегенімен, әлі де бір өрнек жетпейтіндей көрінеді де тұрады. Құдай мұның бағына Күләштай, Құрманбектей, Манарбектей, Ғарифолладай әншілерді туғызыпты. Жаныңды салған ісіңді жанымен қабылдаушы табылғанға не жетсін. Құдай бұйыртыса, осы соңғы жөндеуі. Кузьмич те ұрсып бітті.

Әншілер соңғы жаңалықтармен танысуға шыққанша Брусиловскийдің басынан осы ойлар өтіп еді.

Театрдың келешегін ойлап және алдағы Онкүндікке орайластырылып Москвадан біраз театр мамандары шақырылған-ды. Соның бірі – режиссер И. Г. Боров. Бұл негізінен драма театрының режиссері-тін. Онкүндікке әзірлік кезінде музыкалық театрдың бас режиссері Жұмат Шанинге көмектесті де, кейін біржолата қазақ драма театрына (қазіргі М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық театры) ауысып кетті. Оның өсу, қалыптасу кезеңінде көп көмегін тигізді.

Қазір сол мәскеулік режиссер мен Жұмат репетицияны бірлесіп жүргізеді. Қанабек те, Құрманбек те көлденең жұмыстардың бәрін қойып, бүтіндей әншілікке ден қойған. Бұл екеуі де операдағы басты бейнелерді ойнайды.

Сондықтан — оларға әр нәрсеге алаңдамай, негізгі міндетке көшіндер деп, Темкеңнің өзі нұсқау берген.

— Ал бастаймыз ба?

— Бастайық.

Бірінші актіні тоқтаусыз жүргізіп, енді режиссер мен дирижердің ескертулеріне ауысқан кезде, бұлардың назарын: “Менің уақытым тығыз еді, пікірімді айтып кетейін”, — деген дауыс аударды.

— Темке-е! Сәлеметсіз бе? Сіз қашан келіп едіңіз?

— Амансыңдар ма! Менің айтайын дегенім: Мәскеу биге кенде емес, бірақ біздің биіміз оларға тосын. Соны айрықша көрсету керек деп ойлаймын. Сонан соң, Күлеке, мына киіп жүргенің әлгі соңғы тіккізген костюмдер ме, жоқ басқа ма? Тым жұпыны ғой.

— Жай ғой, Темке. Олар әлі біткен жоқ.

— Е, бәсе. Ал, жалғастыра беріңдер, сахналық жағын мына мамандар айтады ғой. Мені Ахаң (Ахаң Жұбанов) күтіп отыр еді, соған кеттім.

Онкүндікке өзірлік кезінде театрдың жұмыс тәртібіне де біраз өзгеріс енген болатын. Бұрынғы академиялық уақыт біршама ұзартылып, труппа жұмысқа таңертеңгі тоғызда келіп, кешкі ондарда қайтып жүр. Түстік театрда ішіледі. Дайындық уақытының тығыздығынан осындай шараға тоқтасқан. Сондықтан қазір театрдағы бірде-бір бөлмеде тыныштық, оңашалық жоқ, бірінде бишілер билеп, екіншісінде оркестранттар жаңа түсірілген ноталарды қайталап, үшіншісінде әншілер бір-бірімен жарысқандай үздік-создық әндетіп, әуендетіп жатыр. Киім пішу, етік тігу цехтары да дәл осындай қарбалас. Декорация жасаушылар да тоқ-тоқ, балғада тыным жоқ. “Ахаң күтіп отыр” — дегенімен, Темкеңнің осының бәрін аралап шығатыны анық. Күләш кейде осы кісіге қарап: “Өзі жұрт сияқты ұйықтап, үйінде бала-шағасымен шүйіркелесіп отыра ма екен?” — деп ойлайды. Қашан көрсе — зыр жүгіріп жүргені, қашан көрсе — басы толған идея, қашан көрсе — асығып бара жатады. Осы ойын Қанабекке де айтқаны бар. Ол: “Астапыралла, әйелдердің басына келмейтін нәрсе болсайшы, мен соған назар аудармаппын, шынында, қайтіп бәріне үлгереді екен”, — деп күлген. Негізінде уақыттың талабына сай бір адамдар туатын болуға керек. Күләштар өнерді, өздерін аяғынан тік бастырған кездегі сондай адамның бірі осы — Темірбек Жүргенов шығар.

Мәскеудің үлкен ілтипатпен, құшақ жая қарсы алуының қызуы басылып, Үлкен театрдың филиалында репетиция жүріп жатыр. Репетицияға осындағы үлкен-үлкен өнер қайраткерлері қатысуда. Солардың бәрі де өмірінде бірінші рет көріп отырса да, жұмыстың осал жері неде екенін мүлт жібермей байқайды. Нағыз жетік маман деген солай болуға керек. Әркім өз саласынан бақылап, біреу Күләшқа, біреу Шараға ескертпесін айтады. Көкеп-мұқап, кемітіп емес, жақсысын анықтап, мерейінді өсіре тұрып, жетпей жатқаныңды көрсетеді. Бұл да ілгері дәстүрі, соған орай үлгілі мәдениеті қалыптасқан елдің өнеге тұтар қасиеті-ау.

Күләш репетициядан келіп, алған әсерін ойлап жатқан. Бөлмеге Шара кірді.

— Сен де демалып жатырсың ба, мен де жаңа тұрдым. Тура жаяу жарыстан келгендей, табаным солқылдап барады. Бұлардың репетициясының бағыты бөлек, ә?

— Мен де соны ойлаймын. Шіркін, осы адамдар тым болмаса, бір ай репетиция берсе ғой.

— Түу, сен, тіпті, шырқап кеттің ғой. Он күн десейші, тым құрыса. Шыныңды айтшы, аздап та болса, қобалжисың ба?

— Аздабың не, елестетіп көрсем, арқам мұздап кетеді. Тым құрыса тілімізді де білмейді...

— Мен үшін тілдің қажеті жоқ қой, сонда да кейде табаным жерге жабысып қалғандай көрем.

Осы кезде Шараны іздеп шығып, есік аша бергенде бұлардың әңгімесін есітіп қалған Құрманбек кіріп келді.

— Паһ, шіркін, “Сенген қойым сен болсаң, оттағаныңа болайын” – деген, мыналардың мәжілісінің түрін қара.

Төсекте жатқан Күләш қапелімде сасқалақтап қалып, орнынан жедел тұрды да, күле түсіп:

— “Күйсегеніңе” демейтін бе еді, Құреке? – деді сыпайы ғана.

— Ойбай-ау, сендер “арқам мұздады”, “табаным жерге жабысып қалды” деп, “оттап” отыр емессіңдер ме?! О несі-ей! О несі, қайдағыны көңірсітіп. Әй, сен бүйтіп адамды бұзатын болсаң, жүр, әйда!

Құрманбек “қаһарын” Шараға төкті.

— Қазір, қазір. Ойпырым-ай, қырамысың енді. Күләшқа айтарым бар еді, қазір барам, жүре берші.

— Әй, әлгіндей бірдеңені тағы бықсытатын болсаң, Мәскеу екеніне қарамаймын, тура сойып аламын.

Құрманбек шығып кетісімен қос құрбы көңілдене күліп алды. “Әй, Құрекең-ай, бұдан шығар, шығар”, – деп қояды күліп отырып. Арындаған аттай тежеу бермейтін адуын мінез дегенмен күдікті сейілтіп, көңілді серпілтіп тастады. Құрекең “шапшаң кел” десе де, екеуінің әңгімесі бітпеді. Ақыры, күні бұрын келіскен әлдебір құпияларын тағы бір қайталап еске алып, соны бүгін орындамаққа келісіп, тарқасты.

Бірінші спектакльде Күләш әуелі залға қарамауға тырысты. Әйтеуір, бірде-бір сатылмаған билет жоқ дегеннен хабардар, залдың толық екенін біледі. Тек қашанғысындай екі көзі жасын атып, үні саңқылдап Бекежан кіріп келгенде барып, дүние қалыпты бояуын тапты. Сол баяғы сөзі – сөз, назы – наз, тілегі тілек, қайғысы – қайғы. Шабыты шалқып, тіріге иілмеген басын кербез бұрып, “Тәккуге” басты дейсің. Дәл қазір бейтаныс қауым да жоқ. Онкүндік те жоқ, қобалжу да жоқ. Дәл қазір арманына қол жеткен, аңсағанына кездескен, ақ жүрек, адал ниетін ғашығына арнаған сыпайы, сынық мінез қаса сұлу ғана бар. Мұның аузынан шыққан лебізін қас қақпай бағып қалған, алыстан ат арытып жеткен мырзаның ниетін қабыл алып, өзі де іштей қуанышпен соған ниет қосып тұрған аяулы ару ғана бар. Төлегенге созылған қол ұшындағы ақ жібек орамалға әпшақ махаббатын түйіп беріп тұрған Жібек қана бар.

“Тәккудің” аяғын залдың дүрліге қол шапалақтауы көміп кетті. Арасында “бис, бис” деген айқайлар естіліп қалады. Манағы сурет әлемі бірте-бірте сейіліп, Күләш өзінің сахнада тұрғанын, залдағы халықтың бұған қол соғып жатқанын енді аңғарғандай. Аңғарды да, айналаны түсініп аңтарылып та қалды. Мынау халық спектакльде емес, концертте отырғандай екілене қол соғып, қайталауын өтінгендей. Қызба біреулер орнынан да тұрып қопаңдайды. “Төлеген тірі келсе дәл осылай шаттанармын-ау!” Еріктен тыс келген ойға мән беріп жатар уақыт емес, тек ерекше жебеген қанатты шабытты сезінді. Еріксіз дирижерге қарады. Күләштің әншілік өмірінде үлкенді-кішілі сахнаға шыға жүріп, дирижерге сүйеніш іздей қарағаны осы-ақ шығар. Спектакль тоқтап қалды, жұрт жанды қояр емес. Кузьмич те мұны түсінгендей нар төуекелге басты. “Тәкку” қайта төгілді. Зал да тына қалды. Әлгі дуылдаған қол шапалақтау да, пауза да болмағандай. Баяғыша сән-

салтанатты асқан Жібек, баяғыша төкаппар да кербез қарады. Төлегенге сертін береді. Бүкіл сахна, бүкіл әлем Жібектің ыңғайымен қайта қалпына келіп, қайта құлшырып жүре берді...

Не керек, өнерді нағыз бағалайтын, нағыз құрметтейтін қауым ғой бұл. Бойында шын өнерден мысқалдай болса, ештеңесін үнемдемей, сарқа шығаратын кезің. Азғантай өнеріңнің көпке несібе екенін көріп, шын шаттанғандайсың...

“Қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көресің” демекші, өңгіменің зоры үлкен жерде екен. Бұған дейін: “Қайтер екенбіз?”, “Қалай болар екен?” — деп жүрсе, енді: “Неге олай!”, “Сенің ана жерде бұйтпегенің не!” дегенге көшкен.

— Паһ, шіркіндер, “арқасы тітіркеніп” тұрып ариясын қайталап айтқанды, “табаны жерге жабысып тұрып” залды тік тұрғыза билегенді мұнан көрдік. Әй, сендер бүйте берсеңдер, біз шынымен қол ұстасып қайтып жүрерміз.

Құрманбек бұрынырақтағы қалжыңын кенет есіне алып, күліп жіберді.

— Ой-бу, “оттамайтын батырым”, әншейінде жай-ақ алып жүрген — “Сармойынды” көтере алмай, нағыз сыналар жерде даусын өлшемей, қарқылдап күлгенді де сенен көрдік.

Әрі ызаланып, әрі намыстанып Шара да түйреп өтті.

— Қап, құдай-ай, қатын жау деген осы да! Қайталап соқпасаң — нетуші еді, өзім де қара басып келе жатқанда. Кузьмич те жазамды келістіріп берді. Темкең: “Ауылға қайт!” — деді.

Құрманбек әзіл-шынын араластырып өзінің мүлт кеткеніне өкінішін де, әйелі болса да, Шараның жерлегеніне өкпесін де анық білдірді.

— Құреке, сол сәтте мен де қиналып едім. Бірақ қазір ойласам, сол күлкіңіз біртүрлі ерекше сияқты. Әннен гөрі, сол күлкі мені ерекше табалағандай естілді.

— Рас па, Күләш! Ендеше, сен жұбатшы өстіп. Шынымды айтсам, ұялып келемін.

Мінезінің алдында бар, арты жоқ жылдамдығы сырмінез еместерге тосын көрінгенімен, Құрманбектің жаны жайсаң, таза болатын. Өнер десе — атын түсіп беріп, ішкенін жерге қоятын ақ жүрек құрбы шын қуанып, шын қынжыла да білетін. Жаңа операда

Бекежанның Төлегенді өлтіріп келіп, Жібекке өз аузымен естіретін сәтінде арияның нағыз шырқау тұсында даусы жетпейтінін аңғарып, қарқылдап күліп жіберген. Күліп жіберген де, бұрынғысынша әнін одан әрі жалғастырып соза берген. Ол жерде ойланып-толғанып жатуға уақыт жоқ, тұрып қалғаннан ілгері жүрген артық. Сондықтан, нар төуекел деп жарып-ақ өткен. Қазір өзінің сонысына ұялып келе жатыр еді. Күләштің әлгі сөзінен кейін кәдімгідей көтеріліп, өзін-өзі жұбатып бақты.

— Иә, сен екеуің біріңді-бірің қолпаштап, біріңе-бірің жел беріп, жаңалық тапқышсыңдар ғой. Москвадан тапқан жаңалықтарың “Бекежанның күлкісі”.

Шара “бәрібір кешірім жоқ” дегендей, нәркес көздерін әкпелей төңкеріп қойды.

Бүгінгі күн көп шаршатса да, ертеңгі күні жаңа спектакль күтіп тұрса да, қонақ үйдің бір номерінен екінші номеріне ерсілі-қарсылы жосылу түннің бір уағына дейін тоқтамады. Ақыры, түн жарымы ауа саябырсып еді, таң сібірлей бәрі де қайта өре түрегелді.

Әр күн жаңа сын, жаңа қобалжу, жаңа қуаныш әкеліп жатты. Бірін-бірі, бәрін бірі, бірін бәрі сынай, қуана бағып, әр қадамдарын, табысын, кемісін екшеп, жеткеніне төбесі көкке тиердей масаттанып, кемісіне басы жерге жеткендей намыстанды.

Үлкен астананың талғампаз қауымы қазақ өнерін ықыласпен, қызықтай қарсы алды. Күткендерінен гөрі қуанышы басым түсті. Елдің мерейін асырды. Онкүндіктің басталуының екінші күні-ақ Орталық газеттерде пікірлер жариялана бастады.

Қашанда жарғақ құлағы жастыққа тимей жүретін Құрманбек мұнда да таң елеңнен бір буда газетті қолтықтай келіп, жұрттың бәрін тік тұрғызды.

— Міне, көрдіндер ме, Мәскеудің не деп жатқанын. “Қазақ көркемөнерінің Москвадағы Декадасы үлкен той деп білемін. Мен бұл тойға, Арқаның шырқап шыққан үніне қатты ризамын, сондай тәтті күйді естіген сағаттарым үлкен бақыт үстінде өткен сағаттар деп білемін...” – депті Всеволод Иванов. (“Литературная газета” – 17 май, 1936 ж.)

— Мына қараңдар. “Қазақ музыка театрының ойындары қазақ халқының творчество байлықтарын көрсетіп отыр. Советтік Қазақстан мәдениетінің өршіп,

өрге басып келе жатқандығын көрсетіп отыр”, – депті.
 (“Рабочая Москва” – 17 май, 1936ж.)

Жалпы қазақ елінің табысты өткен өнері үшін өзгеше шаттыққа бөленумен қабат, жолдас-жорасының өнері үшін де жүрегі жарыла қуанған Күләштің жеке басына да сол Онкүндіктің әкелген табысы мол еді. Азғантай күндердегі сол қуаныш көптеген жылдарға азыққа жарағандай. Одақта бірінші болып “СССР халық артисі” деген құрметті атаққа ие болған алғашқы он үш адамның бірі осы қазақтың қара қызы еді. Және кімдермен қатар десеңізші! Станиславский, Немирович-Данченколармен қатар тұрып! Алатауының асқарына шыққандай шаттық билеген бойын. Сол сәттегі төгілген ән де ерекше еді. Содан бері ылғи сол сәттің қуанышы, қызуы, салмағы, жауапкершілігі естен кеткен емес. Мұның өнерін мойындаған туған елі мойнына үлкен міндет те артқан. Қайтсем солардың сенімін ақтаймын дегеннен өзі де еш жаңылған емес. Өрқашан халқының алдына қуанышпен шығатын. Тек мынау сапар... “Анау жігіттің жетелеп бара жатқаны қызы ма екен? Күлкілері қандай жарасты еді, әкелі-балалы екеуінің...”

— Күләшжан, терезеден не көрдің, сонша қадалып? Өңің келіспей тұр, өзің сырқат емеспісің?

— Жоқ, апа, денім сау. Шаршағандікі болар, жол ғой.

— Дегенмен, осы Семейден сынық оралдың. Әлде Қанабекпен екеуің...

— Жоқ, апа, ештеңе жоқ.

Күләш терезеден бұрылып, шешесіне зер сала қарап тұрды да, әлденеге бекінгендей жақын келді.

— Апа, мен осы сапар ағатайымды көрдім. Азып-тозып кетіпті. Мені көріп, келуге бата алмай тұр екен, жылап жіберді...

— Ө! Не дейді! Кімді дейді! Атама, атама оның атын.

Анасы әуелі түсіне алмағандай аңырап қалды да, артынша бар әйелдік ызамен, ашынумен шаңқ етті.

— Атама, атын атама! Азбаса – арам қатсын, жыламаса – көзі ақсын! Сені мен Райханды шырылдатып, мені зарлатып тастап кеткенде тапқаны ғой, сол жүрісі. Жүзің күйгірдің жүзі күймей, саған қалай қарады екен? Сені көріп жердің астына түсіп кетпей, үстінде неғып тұрды екен?!

— Апа-ау, сабыр етші, кішкене. Өкпең орынды шығар, бірақ менің де жағдайымды ойласаңшы. Мендей адамның әкесі солай жүргені жараса ма? Адам аяғандай өзін...

— Құдай-ау, “әкесі” дейді. Әке ме еді ол, әке тастап кете ме? Ол сендерді аяп па еді! Ұлым жоқ деп кетіп еді, қызын неғып таныпты. Сені бала демей кетіп отырса, сенің жазығың қанша?

— Апа-ай, оның бәрі өткен іс қой. Адасқан шығар, қайтеміз. Бұрынғының бәрі өтіп кетті, ендігі жұрт: “Күләштің әкесі қаңғып жүр”, — демей ме? Алып келейін, ағатайымды.

— Ә, шының ба?

Анасы сенбегендей, мүмкін райынан қайтар дегендей, қызының бетіне қарап қалды.

— Сөйлестің бе, өзімен?

— Сөйлестім. Аздап ақша бердім, киімі тым тозып кетіпті. Апаммен ақылдасып, хабарласармын дедім.

— Алда шұнақ құдай-ай, тілге келсе, ол залым жібітпей қоя ма? Сонда осы үйге, бірге тұруға әкелемісің?

— Әрине.

Шешесінің манағы топаңдаған ашуы басылып, қамыға ойланып қалды.

— Жарығым-ай, мейірімдісің ғой. Бұл ниетің ылғи да алдыңнан шықсын деп тілейін. Бірақ көп опық жейсің-ау, қарағым. Сен адам болып, ел аузына ілінген күні екі дүниеде көрмегенім еркек болсын деп тілеп едім. Әкелем десең — қайтемін, ол көпірді көрмеймін деп, сенен безіп қайда барамын. Қанабекпен ақылдастың ба?

— Екеуміз де саған қарап едік.

Күләш иығынан үлкен жүк түскендей терең күрсініп алды. Сонан соң анасына бірдеңе айтуға оқтала беріп, оның өз ойымен отырғанын байқады да, тосылып қалды.

Ана шіркіннің ойына не жайлар оралғанын кім білсін: мүмкін, жақсы-жаман босын өз қанасынан шыққан екі қызын адам құрлы көрмей, айдаладан беймәлім бақыт іздеп кеткен жанды кінәлап отырған болар; мүмкін, жақсы-жаман өмірін бірге өткізген, қалай дегенмен де ыстық-суықты бірге көріп қалған жанды қимастықпен еске алып отыр ма, әлде, кім білсін.

Ана шіркіннің, әйел шіркіннің ойына не келмейді дейсің...

Анасының жүзіне қарап отырып, осындай сан-саққа жүгірген ойлардың жетегіндегі Күләш, бұрын өзіне беймәлім сыр түйгендей. Қазір ойлап көрсе – әкесіне деген сонау жылдардағы ызасы, өкпесі жоқ сияқты. Оның орнын аяушылық, жанашырлық секілді сезімдер басыпты. Әкесі туралы ойламай жүрген кезі жоқ десе де болғандай. Оның негізгі себебі – ән болатын. Ән туралы сөз қозғалғанда, Күләштің көз алдына жауырынын сәл бүкшитіп алып етік тігіп отырған әкесі елестейтін. Рас әкесі қолына домбыра алып, жиын-тойларға барып та ән салатын. Бірақ ондай кездерін өзі сирек көрген соң ба, Күләш айқын бейнелеп елестете алмайтын. Ес білгелі әкесі өздерінің кішкене үйінің терезесі алдында (жаздың шуақты күндерінде аулаға шығып) отырып алып, етік тігетін. Етігін тіге отырып, ән салатын. Күләш қуыршақ ойнайтын, ойнай отырып, әкесінің сол бейнесін ауадай, судай танып өскен. Ән тоқтап қалса – етік те тігілмейтіндей, етік тігілмесе – ән де таусылып қалатындай көрінетін. Әр нәрсеге ой жіберерлік кезінде: “Ағатай, бұл қандай ән?” – деп әлдеқалай сұрай қалса, әкесі ісін де, әнін де үзбестен: “Баянауыл” ғой, – деп жауап беретін. Өлгіндей жауапқа таң қалған Күләш әрі қарай ештеңе сұрауға бата алмай, кішкене үйдің ішіндегі толассыз ән мен тынымсыз еңбектің әлдебір заңдылықпен ажырамастай бірігіп кеткенін көңілінің терең түкпірінде түйсініп отыра беретін. Оның көңіліндегі сұрағына көрегендікпен жауап беріп жатқан әке де жоқ. Бірақ, әнде қажу жоқ. Етік тіккен тарамыстың біртектес сырылы да, былғарыны көктей өтіп бара жатқан бір тектес тігіс те сол әнді үзбейін дегендей дамылсыз созыла береді.

Әке деген ұғым Күләш үшін солай қалыптасып еді. Кейіннен бұлар әкесіз қалғанда, ол өз көңіліндегі бейне мен кәдімгі адамды біріктіре алмай көп қиналды. Шешесінің көп жылауына, өздерінің кенеттен панасыз жаутаңкөз болуына себепкер адам – сонау елес ішіндегі көзін қулана қысып қойып, тарамыс созып, ән салып отырған бейнеге мүлде ұқсамайтын. Әкесінің неге мұндай қадамға барғанын ол кезде түсінбейтін. Қазір де түсінемін дей алмайды-ау. Иә, сірә, түсіне алмас. Әрбір адамның өзге түгіл өзі де түсінбес халдері бар

гой, бұл да сондай шығар. Қанша жақын, ет-бауырың болғанымен, шамадан артыққа бойлай алмайсың.

Қазір Күләштің ойында бұл емес, мүлдем басқа жай. Ол әкесін түсінгеніне емес, кешіргеніне қуанып отыр. Мұнысы, және сырт көзге жасаған кең пейілдік емес, іштей қабылданған түйсік. Әлдеқандай бір пендешілік, жалған намыс емес, парасатты пайымдаудың нәтижесі секілді. Әкесін тосыннан кездестірген сәттегі сан қилы сезіммен қатар осындай байсалдылық байқап еді. Бірақ оны сол сәтінде абайламаған. Кейіннен ойлана келе, әр түрлі сезімдер тайталаса қалғанда, ғайыптан бір басалқылық үнемі бой көрсететінін пайымдады. Әкесімен сөйлескен кездерінде сол сезім оған өзін тізгіндеп отыруға көмектесті. Қазіргі кезде елі құрметтеген адам ретінде халықтың көз алдында жүрсе де, әке алдында әрқашан перзент екенін де есіне салған сол дегдар сезім. Бұл сияқты ел аузындағы атақты адамның алдында кінәлі кескінмен төменшіктей берген мынау адасқан жанмен бір деңгейде сөйлесуге де сол сезім көмектесті. Қазір ойлап отырса, өзі де байқамай өсуде екен-ау. “Көре-көре көсем боларсың” деп қазақ атам дәл айтыпты-ау.

“Апырым-ай, менің сана-сезімімде кереметтей өсу, түлеу бар екен ғой. Орынсыз өкпе, ұсақ-түйекті тізіп, түймедейді түйедей ететін пендешіліктен қол үзіп, үлкен мақсатқа, жарқын мақсатқа ауысып барамын ба?! Ағатайыммен кездесуім осыны айқындап бергендей екен-ау. Бұдан он шақты жыл бұрын, жоқ, тіпті үш-төрт жыл бұрын, мұндай қасиетті табар ма едім? Кім білсін, қиынырақ шығар. Таппаспын да. Бұл жаңа дәуірдің, шат тұрмыстың, зейнетті еңбектің жемісі ғой. Тек осыны рәсуа етпей жинайын, берекесін кетірмей баптайын”, – деді Күләш іштей қайталап.

Жол осылай басталған

Ұсақ-түйек шаруаларға айналыңқырап қалған Күләш, асығыс жиналып, театрға беттеді. Бүгін “Ер Тарғын” операсын тыңдауға келісілген.

Күләш қанша асыққанымен, табиғатындағы салмақты, байсалды, салтанатты жүрісінен танбады. Әрі әр түрлі ойдың жетегінде келе жатыр еді.

Иә, “Шұға” мен “Айман – Шолпанның” заманы енді өтіп барады. “Қыз Жібек” пен “Жалбырда” жеткен биіктен енді түсуге болмайды. Онкүндік кезінде қалай деп жазып еді. Ойына сол кезді түсірді. Астаналықтардың әрбір спектакльге көрсеткен ықыласын, құрметін қайталап елестетті. Сол кездегі газет беттерінде өздерінің атына айтылған әрбір сөз көңілінде жатталып қалыпты. Өлденеге қысылғандай, өлденеге сенбегендей екіұдай сезімді басынан кешіріп еді бәрі. Он күндіктен қанаттанып қайтты. Қазақтың сайын сахарасында әр ауылдың өзі ғана танып, өздері ғана тыңдап жүрген ұлдары мен қыздарының қосыла көрсеткен өнеріне қасиетті Мәскеу жұрты құлақ қойып, қошамет көрсетсе, оған қанаттанбағанда ше?! Енді сол биіктен қалайда төмендемеу керек.

Бұл келгенде басқалар да жиналып қалған екен. Брусиловский операның дайын деген үзінділерін ойнап берді. Арасында мынау Тарғынның ариясы, мынау Ақжүністікі, мынау Сақанға деп қысқаша түсінік беріп отыр. Аяқтаған соң, қашанғы әдетіндей тура алдына қарап жарты минуттай тыныстады. Сонан соң отырғандарды түгелдей қыдыра бір шолып өтті.

“Ер Тарғынның” либреттосын бір жүйеге түсіріп, мәмілеге келіскен соң, жұмысты қолға алғалы бері басығын түгелдеп тыңдап отырғандары осы болатын. Түгелдеп дегеннің өзі қазір де артығырақ. Себебі жалпы нобайын келтірдім дегені болмаса, барлық қыры түгенделді деп Брусиловскийдің өзі де айта алмай отыр. Осыған деп жинаған әндерін іріктеп, қайсысын қай жерге пайдаланатынын ғана анық біледі. Содан әрісі жұмбақта. Қалай дегенмен, бұл нағыз опера талабына сай жазылатын тұңғыш шығарма. Бұрынғы музыкалық драма тұрғысынан келген “Шұға”, “Айман-Шолпан”, “Қыз Жібек”, “Жалбырлар” “әу” дейтін қазаққа онша жат емес, жөргегінен құлаққа сіңген ән-күйлерден онша алыс кете қоймаған еді. Ал, мынау... басқарақ.

— Несі бар, сүлдесі дұрыс сияқты.

Өрқашанғы әдетімен Қанабек бірінші сөйледі. Оның бұл әдеті: біріншіден, театрда директор болып істеген кезінен қалыптасса, екіншіден, жиында сөйлеушілердің ой-пікір, ұсыныстары принциптік тұрғыдан алғанда дұрыс бағыт алуына арналушы еді. Өйткені, қызу қанды

Құрманбек жақса – жақты, жақпаса – түкке тұрғысыз деп бір-ақ кеседі. Ал, Күләш табиғатына біткен сезімталдығымен көңілге қоныңқырамай тұрған жерлерін қателеспей таныса да, мінезінің жұмсақтығынан композитордың көңіліне қарап, “осы қалай-ау” деген ойларын ашып айта да алмай, әділеттен аттап өтірік те айта алмай отыр. Бұлардан бұрын басқалары сөйлей қоймайды. Мұның өзі арнайы жазылып, заңдастырылмаған төртіп болмағанымен, жұмыстың талабы мен ретіне қарай қалыптасқан жағдай еді.

Қанабек сөзіне Құрманбек көзін бір алартып қойды, бірақ үндемеді.

— Гуля, сен не дейсің?

— Мен, Евгений Григорьевич, “Шіркін-ай” дәл орнын тапқан екен деп отырмын. Бірақ әлі біраз жұмысы бар-ау, ө?..

— Паһ, шіркін-ай, сен екеуіңді құдай қалай тауып қосқан! – деп Құрманбек шыдай алмай саңқ етті. Манадан соның көңіл-күйін аңдып отырған Қанабек бастап, қалғандары қостап жарыла күлді. Қызара түсіп, Брусиловский де қосылды. Күләш та түсінген түрмен жымия береді.

— Тәйт! Неменеге жетісіп күлесіңдер? Уақыт өтіп барады, әлі күнге дейін Ақжүністің бір ариясы ғана дайын деп мәзбісіңдер? Тұр былай, сырықтай сереймей...

Құрманбек пианиноға отыра кетті. Отыра кетті де... аруақты ән аспандай жөнелді.

Ей, қалқа-а-а, жан туған жоқ сенен асар,
Айрылып сенен, сәулем, халім нашар.
Қалқамен амандасып, қайтқан түні,
Әніне бір баса-а-йы-ын, “Алтыбаса-а-ар...”

Отырғандар қайдан келіп, қайда түскендерін аңғара алмағандай сілейіп қалыпты.

Бірғауым уақыттан соң Брусиловский:

— Өздері Мацуциннен алып маған береді, өздері уақытты пұнтитып қояды, екі айда опера жаз деу – ел естімеген сөз. Тіпті, бір айда бітір деді ғой. Оның аптасы өтпей жатып, “Алтыбасар” қайда дейді... Ол қайда болушы еді, міне, Құрманбекте, – деп өкпелегенсіп бұрқ етті. Дүниені топан қаптап жатса да, орынды қалжыңды зілсіз түсінетін Құрманбектің мінезін білетін ол нысанаға дөп тигізді.

— Өй, сары сайтанның тілін қарашы-ей! – деп, Құрекең қарқылдап күліп жіберді.

1933 жылы Ахмет Жұбановтың өзі ұйымдастырған музыкалық ғылыми-зерттеу кабинетіне, соның шақыруымен келген, Ленинградта тәрбиелі ортада өскен, мәдениетті ортада білім алған, жүріс-тұрысы солай қалыптасқан Брусиловский, қашан көрсең де, жарқылдап қалжыңдасып, жаратпаса бет жүзіңе қарамай айтып салып жүретін осынау ақжарма топты, алғашқы кездері жатырқап жүретін. Бойы серейген, өткір көгілдір көздері тура, сынап қарайтын, бой-бітімінен оқығандықтың, мәдениеттіліктің болмысы анық аңғарылып тұратын жас өнер зерттеушісі бұларға да тосын-ды. Кейін Брусиловский опера жазу үшін театрмен, труппамен қоян-қолтық араласқан сәттерде ғана бұлар бір-бірін түсіне келіп табысты. Музыкалық жоғары білім алған мен, Брусиловскийдің негізгі мамандығы музыка зерттеушісі еді. Бірақ бұл уақыт арнаулы дипломды маман іздеп жататын кез емес. Және ең бастысы, бұл жас маманда қазақтың өнерін, жанын, жүрегін түсінейін деген елгезек жүрек бар екен. Сондай-ақ, театрда білімге, жаңалыққа, биікке ұмтылған шын өнерге талашкер жастар бар еді. Сондықтан бұлар бірінің жоғын бірі тауып ұғынысып кетті. Жүре келе қазақ деген халықтың ақ жарқын жанын таныған Брусиловский өзі де жақсы қалжыңды түсінетін, соған орай уәж айтатын дәрежеге жетті. Жаңағы Құрекең айтқан өзіндерді күле қабылдап, орнымен жауап қайтарып отырғаны да сол түсіністіктен туған.

Көңілді жиын келелі кеңеске ұласып, Брусиловский Құрекеңе қазақ әндері жөнінен ғылыми кеңесші болатын сәттің келгенін ескертті. Ол “Қыз Жібекті” де қазақтың халық әндерінің негізінде жазды, ептеп жинаған тәжірибесі де бар. Әйтсе де, “Ер Тарғынның” өзіндік қиындығы ойландырмай қоймайды. Жаңа ғана өзіндік шыны аралас айтылып өткен бұл опера әуелі композитор Мацуцинге тапсырылып еді, ол кісі кілтін таба алмады. Уақыт болса, өтіп барады. Ақыры театры бар, халық ағарту комиссариатының басшылары бар, кеңесе келіп Брусиловскийге тапсырды. Бұл жерде оның театрмен қызмет істесіп қалғаны да есепке алынса керек. Ең бастысы осы үлкен коллективтің өзіне деген сенімі бар. Композитор мұны түсінбейді емес. Сезінген

сайын ойлана түседі. “Ер Тарғын” өзіне ерекше сын болғалы тұр, сондықтан осы еңбегімен көп нәрсені айтуға тырысады-ақ. Келесі жаз театр Ленинградқа гастрольге барады және “Ер Тарғынды” алып барады дегенді де ескерткен-ді. Ол сапар театр үшін қаншалықты сын десе де, Брусиловский үшін ерекше бөлек сын.

Өзі өскен, білім алған туған ұясына еңбегінің жемісін көрсету – азаматтық емтихан ұстау деген сөз. Демек, “Ер Тарғын” қалай да жақсы туынды болуы керек.

Композитор өзін ойландыратын тағы бірталай мәселені ортаға салды. Қалғандар да өз ойын қосып жатыр. Осы операға пайдалануға іріктеліп алынған сексен ән қалай шалқуға да жетеді. Бірақ оның әрқайсысының өз орнын тауып қолданбаса, бұл байлық рухани мәнін жоғалтады дегенді әркім өзінше дәлелдеуге тырысты.

— Евгений Григорьевич, қазақтың даласын сіз түгел аралаған жоқсыз ғой. Оны мен де көргенім жоқ. Бірақ Мәскеуге барып қайтқан сапарда поезд терезесінен қарап отырып, осы даланың өзіндей шалқар, биік ән іздеп таппап едім. Жаңа Құрекең “Алтыбасарды” айтқанда, мен соны тапқан сияқты болдым, – деді бір кезде Күләш ойланған қалпы.

“Мынау не дейді” дегендей, Қанабек Күләшқа қарап қойды.

Брусиловский де Күләштің сөзін зер сала тыңдады.

— Мен ойыңа түсіне бастадым-ау деймін, Гуля. Мұны жақсы айттың. Қазақтың даласындай ән. Тіпті, өте жақсы айттың ғой деймін. Естеріңізде ме, өткен жылғы Онкүндік кезінде “Правдада” Глиэр: “Қыз Жібек” пен “Жалбыр” спектакліндегі қазақтың нағыз халықтық әндері тыңдаушылардың алдына халықтың өте бай музыкалық қазынасын ашып берді. Аздап болса да, тәжірибесі бар композиторға қазақтың музыкалық фольклоры саласындағы жұмыс айтып жеткізгісіз мүмкіндіктер береді”, – деген деп кідіре беріп, Құрманбекке бұрылды:

— Сонымен қалай, “Алтыбасар”, консультанттық жұмысыңа кірісемісің? Сүйтсең, мүмкін, екі жарым айда бітіріп қалармыз.

— Екі айда де, екі айда! Екі айдан екі күн кешіктірсең, Тарғынмен бірге Қырым асырып жіберемін.

Әңгіменің беталысы мәселенің шешілгенін көрсетіп еді. Күн демей, түн демей, тыным көрмей, өзгеге де тыным

бермейтін жұмыс енді басталды. Бірінің айтқанын екіншісі үстеп немесе қарсы дауласып, бір жазып, бір сызған нағыз меһнатты күндер. Солардың арасында енді қайталанбастай сәтті үзінділер де туып жатты. Ондай көңілдің көтерілген сәттерінде Брусиловский: “Шіркін, Құреке, сен Москва, Ленинградтың бірінде тусаң, ендігі дүрілдеген композитор болатын едің!” – деп шын өкінгендей болатын. Ондайда Құрманбек те қарыз қалмайды.

— Онда сен жұмыссыз қалатын едің, – дейді өзілге сайып.

Сонан екеуі де мөз бола қосыла күледі. Пеші жағылмайтын суық бөлмеде жұмыс істеген талай мазасыз күндер текке кетпеді. Соның нәтижесінде жылдар бойы репертуардан түспейтін “Ер Тарғын” операсы және партитурасы бетінде автордың: “Осыны Құрманбек екеуміз суық бөлмеде тон жамылып отырып жазып едік”, – деген сол күндердің айғағы ретінде қолтаңбасы қалды.

Бұлар тарағанда күздің күні кешке ауған. Сары ала жапырақтары суылдап зәулім емендер салтанатты тербеледі.

Театрға деп жаңадан берілген қалалық Мәдениет үйінің алдында Құрманбекпен екеуі әлденені айтып бітіре алмай тұрған Қанабектің қасына Күләш келді. Аналар да қоштаса бастады.

— Қана, жүр, жаңа театрдың орнын көріп, үйге сонан соң барайық.

Бір нәрсені ойлағанда Күләштің осылай серуен жасап жүргісі келетінін білетін ол, пәлендей көңілі соқпаса да, келісе салды.

Театрға арнайы үй салады деген сөз шығысымен, көңілді кереметтей шалқу билеген. Арнайы ғимарат салу деген үкімет пен партияның өнерге ерекше қамқорлығының нәтижесі екені анық. Жазда Мәскеуде Үлкен театрды, оның филиалын көріп, ішінде жүргендегі алған әсерлері бәрінің де есінде. Не деген ғаламат сәулет, салтанат! Төбесіне қарасаң, қазақша айтқанда, бөркің түседі. Ал, ішінің салтанаты ше?! Қаншама ярус ложалар, балкондар! Енді, міне, өздеріне де арнайы сондай театр салынғалы тұр. Бұл – қазақ музыка өнерінің болашағынан үлкен үміт бар деген сөз. Ол қазіргі қолда бар үш-төрт спектакль емес. Ол үйдің құрылысы өсу, өркендеу керек, алда талай асу бар деп тұр.

— Түу, өзінің аумағы атшаптырым, ә, Қана?

Осы орынды қанша көрсе де, Күләш балаша қуанудан бір танбайды.

— Иә, үлкен ғой, үлкен.

Қанабек оның көңілін жықпай, қостай салды. “Осы әйелдер деген қызық халық. Арнайы театрға деп салған соң атшаптырым болады да, оның сонша қайталап таң қалатын несі бар”, – деп ойлады іштей.

— Өзінің бас-аяғына жүріп шығуға осынша уақыт керек. Желкемде менен биік Алатау ғана бар деп тұрады ғой бұл. Шіркін, мұның сахнасында шырқаған әншіде арман жоқ қой!

— Мұны әдейі Күләштің даусына деп салдырып жатырған көрінеді. Ендеше, сен армансызсың.

Күләш әуелі түсінбегендей қарап қалды да: “Ой,қойшы, Қана”, – деп күліп жіберді.

— Сен қалжыңдама, бұл шынында да, Үлкен театрдай сәулетті болатын шығар.

— Макеті жақсы ғой, әйтеуір.

Екеуі болашақ театр орнын тағы біраз тамашалап тұрып, таудан ескен самалға беттерін төсей, үйге беттеді. “Ақжүніс”... деп күбірледі Алатау шыңдарына көзін тіккен Күләш. Қанабек жарты адым қалыңқырап, оның бетіне қырынан көз тастап, биік шыңдарға қарағанда шарасынан төгілердей мөлдіреген жанарына, найзадай кірпіктеріне, сәл ілгері ұмсына түскен шалқақ басына бір түрлі таңдана, жаңа көргендей қарады. Осы өзінің әйелі, “Қазақтың бұлбұлы” атанатын, үйде де, жұмыста да бірге, қатар жүретін жанның бойында өнерге деген құштарлыққа қоса, әркімде кездесе бермейтін ерекше тылсым сыр барын қазір тағы да бір рет ішкі сезіммен түйсінді. Негізінде, Күләш ерекше дарынымен айналасын түгел таң қалдырып келеді ғой. Бірақ басқалардан ерекше жақын жүріп, ерлі-зайыпты ретінде бір шаңырақтың түтінін түтетісе жүріп, кей кездерде өзінің де қайран қалатынын Қанабек іштей таңдана мойындайтын. Қазір де, міне, өз әйелін өзі танымай таң қалып келеді. Себебі, бұл – Күләш емес, бірақ бұл әлі Ақжүніс те емес, бұл – қатар келе жатқан, егер осылай деп айтуға болса, табиғи тума өнер бейнесі секілді елестеп кеткен.

1938 жыл, 15 қаңтар. Мәдениет үйінде “Ер

Тарғынның” премьерасы. Халық қашанғысындай залға сыймайды. Айналадағы құбылыстың бәрі таңсық болғандықтан ба немесе сол жаңалықтың бәріне өздеріне санай ма, әйтеуір, ол кезде жұрттың театрға жиналуы көңіл тойдыратын. Қайта-қайта қойылып жатқан бір спектакль ғой демейді, қайта-қайта ойнап жатқан бір адам ғой демейді, дүмейді де жатады. Ал жаңа премьераның жөні, тіпті бөлек, бүкіл қала бірінші болып көргісі келгендей билетті тік көтеріп әкетеді.

“Ер Тарғын” да солай өтті. Қалай дегенмен, бұл опера бұрынғылардан өзгеше болған соң, театр қызметкерлерінің ішінде қобалжып жүргендер де аз емес. Бірінші премьерараға деген билет спектакльден екі күн бұрын сатылып кетті. Оған жете алмай қалғандар келесісіне күні бұрын алуға жүгіріп жүр. Бірақ бұл ықыластың бәрі әлі операны көрмеген, бұрынғы спектакльдердің дақпыртымен жүрген жұрттың ниеті. Көрген соң не дейді? Театрдың жаңа талабы, нағыз опера деген жұртшылыққа ұнар ма екен? Соны құптарлық ниет табылар ма екен?

Екінші акт аяқталды. Сүйікті артистерін танып, қошаметтескендерін айтпаса, жаңа операның мәнісіне жете қойған ыңғай танылмайды. Сахна сыртында басшыға да, қосшыға да барып, ұмытылып бара жатқандарын қайталап айтып Құрманбек жүр. “Бәрі дұрыс, осылай басталу керек” – деп қояды өзгелерді де, өзін де көтермелеп жүргендей. Екінші актіге киімін ауыстырып шыққан Күләшті көріп, жанына келді.

— Ал, Күлеке, Тарғынды да, залды да айналдырып алатындай етіп шырқайтын кезің келді. Байқадың ба, зал тосырқап отыр.

— Солай сияқты, Қүреке.

Екінші акт аяқталды. Зал түсініп жетпегенімен, елегзи бастағандай. Өздері бала жастан жаттап өскен жыр мен операның арасынан көп алшақтық көрінсе де, біраздан бері сүйіктілеріне айналып кеткен артистердің ойынындағы сонылықты аңғарғандары байқалады. Тіпті, әлдекім өкпелегені мен келіскені аралас: “Әй, осы театр дегеннің өзі жырдағыдай бола алмайтын нәрсе ғой деймін. “Қыз Жібек” те өзгеріп кетіп еді, мынау да...” – деп айтып салды. Ол кезде залдан естілген реплика да пәлендей жаңалық емес-ті. Ұзын сонар хисса тыңдап отырып, арасында жырауды көтермелеп қоюға

дағдыланып қалған халық, сахнадағы артистерге де бұл ықылас қажет деп ойлайтын сияқты. “Ой, пәлі-ай!”, “Өркенің өссін!”, “Өлтір бәлемді!”, “Өзіңе де со керек!”, “Ой, ерім-ай!”, “Алда байғұс-ай, еді қайтсін!”, “Жауыз-ай, қайнатты-ау сорын!” – деген мақтау-даттауларын айқайлап-ақ айтып отыратын. Олардың мұндай шын пейілден туған бейкүнә, аңғал, күнәсіз “тәртіпсіздіктерін” артистер де елең қылмайды, кейде, тіпті, бұл сөздердің арасынан өздеріне қажетті әсерді байқайды. Бүгін де жаңағы біреудің пікірі көп нәрсені аңғартып тастады. Көрермендердің ішінде дәл баспаса да, театр өнері дегеннің арқауы бөлек екенін пайымдай бастағандары бары аңғарылды. Өнер адамдарының бір міндеті – көпшілікке өнерді таныту десе, екінші міндеті – сол өнерге жұртшылықтың көзқарасын қалыптастыру, яғни сауатты публика қалыптастыру. Демек, әлгі бұл залда отырғандар театр өнері дегеннің жалпы тарихы бірнеше ғасырдан келе жатқанын, оның өзіндік заңдылықтары барын, ал опера өнерінің өзіне тән тағы да басқа қырсыры барын бүге-шігесіне дейін талдай қоймас. Бірақ театрдың басқаларға ұқсамайтын өз беті болатынын осылардың өздері ой жіберіп, аңғарғандай. Демек, еңбектің жеміс бере бастағаны. Бұрын аты таныс емес өнердің зағына көпшілік бойлай бастады.

Опера аяқталды.

Оркестр тына қалғанда, бір сәтке жым-жырт тыныштық орнады. Кенет біреу бұйрық бергендей қол шапалақтаудан зал дүрілдей жөнелді. Оркестрге қараған күйі селт етпей тұрып қалған Кузьмич те иығынан үлкен жүк түскендей кеудесін кере дем алып, сонан соң ғана залға бұрылды. Шымылдық жабылғаннан кейінгі тыныштықты күдіктене бағып қалған артистер де дүркіреген қол шапалақтауды естігенде бір-біріне жүгірді. Шымылдық қайта ашылғанда, оркестрді тапап кетердей ентелеген жұрт, тік тұрып қошемет көрсетті. Біреу “Тарғын”, “Ақжүніс” деп айқайласа, енді біреулер бәйгеге өздері қосқандай мәре-сәре.

— Ал, бір дүркіретуге, дүркіреттік. Енді жұрт үйлеріне барып, шайларын ішіп, сонан соң ойланып пікірлерін келесі спектакльге дейін қорытып шығаратын шығар. Бұл – Құрманбектің сөзі.

— Иә, тоқ етері сол кезде байқалар. Дегенмен, халық

қабылдады-ау деймін, – деді Күләш Қанабек пен Құрманбекке кезек қарап.

Театрдан бірге шыққан Құрманбек, Қанабек, Күләш, Шара төртеуі шаршағаннан ба, толқығаннан ба, самарқау сөйлесіп келе жатты. Көше шамдары сиректеу жылтырайды. Тротуар жиегіндегі қар әр жерден бір ағараңдайды. Қала негізінен, түнгі тыныштыққа ден қойған. Әр жерде үш-төрттен, екіден қатар түзеген адамдар. Еміс-еміс жеткен сөздеріне қарағанда, бұлар да театрдан шыққанға ұқсайды.

— Шай демекші, бір ыстық шай ішкім келіп тұрғаны...

— Онда жүріңдер үйге, апамның шайы ендігі қайнап қалған шығар, – деді Қанабек Шараны қолтықтай алға озып.

— Күлеке, сен де шақырамысың?

— Ойпырым-ай, Құреке, әлі сынап болған жоқпысың мені. Қананың шақырғаны, менің шақырғаным емес пе?!

— Ә, онда дұрыс. Бәйбіше, бір кешке тамақ асырайтын жер табылды, айнып қалмай тұрғанда тезірек жетейік!

Құрманбектің қай кезде де тасып төгіліп тұратын қалтқысыз әзіліне әбден бойлары үйренген, әрі соны үнемі сағынып тұратын құрбы-достар жадырай күліп, тездете адымдады.

— Апа, біз қонақ алып келдік, шайың бар ма?

Сыртқы киімдерін шеше беріп дауыстаған Күләш, ас бөлменің есігіне мойнын соза қарап қойды. Үні әрі шешесіне еркелеген баладай, әрі қонағына көрсеткен құрметтей естілді.

— Қонақ келсе, төрге шығындар, шайдан басқасы да табылады.

Жылы үй, жарқын қабаққа ақ самаурынның божылдаған ызыңы қосылып, көңілді тіпті көтерді. Көтеріліп піскен ақ бауырсақты шай әңгімеге де жол ашты. Табиғатында елгезек, көпшіліктің ішінде үндемей отыра алмайтын Құрманбек:

— Жеңгей, біздің жаңа ойынымыз қалай екен? Балаларыңызды таныдыңыз ба? – деп сөз бастады.

Шай құйып отырған Күләш те, шарап құйып отырған Қанабек те оны қостап қойды.

Келісті өңі жасын байқатпайтын Зибажан бәйбіше

апшақ жаулығын түзеп қойып, әлденеге ойланып қалғандай. Сонан соң Құрманбекке бұрылып:

— Мен бұларды екі көзім су қараңғы болып қалса да, танымын ғой, — деп тағы кідірді. Сонан соң әлдебір шешімге келгендей: “Заты, сол тиатырыңның ең дұрысы, биші болу ғой деймін. Бүгін мына Шараға қатты риза болдым, — деп шұғыл аяқтады.

— Түу, жеңгей, әрі дәмді шай бердіңіз, бұйырса ет те жегелі отырмын, әрі әйелімді мақтап бердіңіз, төбем көктен екі елі өтіп кетті ғой, — деп Құрманбек отырғандарды бір күлдіріп алды.

— Ал, сонда біз ше, мына бізге, әншілерге риза болмадыңыз ба?

Үлкен кісі мынау сойталдай-сойталдай азамат адамдардың баладай шалдуарланып кеткеніне аналық мейіріммен, кешіріммен қарап отырды да:

— Ризамын ғой... Бірақ, Күләнжан, әлгібір Ақжүністен басқа біреуін ойнамадың ба, өзі тіпті, біртүрлі ғой, қарауға ұялады екенсің, — деп өкпелегендей бұйыға сөйледі.

Манадан бұл кісінің пікірін күдікпен, әрі қызықтай күтіп отырған төртеуі жарыса күліп жіберді.

— Соған намыстанып қалған екенсің ғой, апа-ау!

— Қап, өзіме де со керек, қоймай сұрап едім, е-е-хе!

— Не болса да, апам жұрттың көбінің ойын айтты, ой, шегім-ай!

Төртеуі де отырған жерлерінде күлкіден қатып қалыпты. Бұларға қосылғандай дастарқан басындағы самаурын да селкілдейді.

— Әй, ұялған тек тұрмас деп, бұларың не, түге, өздерің ғой айтқызған!

Енесінің үнінен үлкен кісінің баладай ұялып, әрі өкпелеп қалғанын байқаған Қанабек досына бұрылды.

— Режиссер жолдас, түсінік бер. Халық қазынасын неге бұлай бұрмалайсындар, кәне, көрермен көпшілік білгісі келеді.

Қанабектің жорта ресми бола қалғанын түсініп, екі келіншек бір-біріне қарап жымыып қойды да, Құрманбек өз жұмыстарының кейбір мәнiсін тәптіштей түсіндіруге кірісті.

Шешесінің сөзі Күләштің Ақжүнісіне айтылған

алғашқы сындардың қатарына жатса керек. Сонан соң жолдастарының, жанашырларының, баспасөздің, ресми өкілдердің баршасының да әр қилы, әр түрлі түсініктермен, көзқарастармен айтылған сан-салалы сынын басынан өткізді. Олардың ішінде, көңілге ой салары да, көлеңкелі тұстарын іздейтіні де, әйтеуір, бірдеңе айтты деген дақпырт үшін жүргені де бар. Әрине, театрының өзі аяғынан енді тұрып келе жатқан жұрттың саяси-идеологиялық объективті көзқарасы қалыптасқан театр сыншысы ол кезде жоқ-ты. Жоқтан жонып құрастырып жатқан кез еді. Сондықтан да мерзімді баспасөз бетінде де, ауызекі де “Ер Тарғын” хақында айтылған: “Ақша ханның ақылды да сұлу қызы Ақжүніс операда неге бұлай сайқал, екіжүзді, айлакер боп кеткен?” – деген пікір айтылатын шығар деп операны жасаушылар күні бұрын күткендей еді. Өнердің бұл саласымен енді ғана тілге келіп, таныса бастаған елдің, өзіне бұрыннан аты-заты қанық нәрсенің тонын айналдырып бергенге наразылығы да көп-ті. Бұл өнердің қыр-сырына әлі зердесі жете қоймағандықтан да шығар. Бірақ негізінде жаңалыққа елеңдеп тұратын, ермесе де еліктеп қалатын адам табиғатында бейтаныс нәрсенің болмысын болжауға деген құштарлық қашан да басым келеді ғой. Ақжүніс те қазақтың осындай еліктеу, елігу сәтінде сахнаға шықты. Шықты да таң қалдырды. Таң қалдыра отырып, мойындатты. Жоқ, өзінің дұрыс, бұрысына емес, дәл осы қазіргі тұрпатына мойындатты.

Ақжүністің жырдағы тұлғасының өзгеруіне бірден-бір себепкер – Күләш еді. Басында сахналық өнерге қатты қызығып, театр табалдырығын ынтыға аттаған Күләшқа ән салу – екінші кезектегі көмекші құрал есебінде ғана жүретін. Келе-келе әншілігі, ойламаған жерден, бірінші планға шығып кетті де, сонысымен бұрын беймәлім мүмкіндіктерге жол ашты. Сол белеңдерден өтіп, қазақ топырағында театр туғанда, Күләштің жаратылысына біткен өнерпаздық қабілеті біртіндеп ашыла берді. Алғашқы Онкүндік кезінде зор сыннан өтуімен бірге үлкен өнер туындыларын көріп, танысып, өзінің өресін байқап еді. Сол күндері тыңдаған М. П. Максакованың орындауындағы Кармен бейнесі көңілінде ерекше із қалдырды.

“Мен Максакованың орындауындағы Карменді

ұмытпаймын. Актриса сыған қызына ерекше колорит берген. Актерлік темперамент, вокальдық орындаушылық не деген ғажап! Актрисаның интонациясы өте бай”, – деп еске алады, Күләштің өзі. (*“Советское искусство” Май, 1936 жыл.*)

Кармен – Максакова тек дауыс интонациясы емес, таза өнер бейнесі ретінде де ой салса керек. Күні кеше шаршы топқа қарап сөйлеу мүмкіндігі жоқ қазақ қызы үшін, өз басының еркіндігін, қызығын, құмарлығын, өрлігін қаймықпай жайып салып және сол үшін күресіп, құрбан болған сыған қызы тосын бейне. Тосындығы тосырқағандай емес, қайта тарта түсетін, тыңдата түсетін қасиеті бар. Еліктіргендей, қызықтырғандай.

Ақжүністі қолға алған кезде Күләштің табиғатындағы өнерпаздығы, суреткерлігі жаңа шешіммен бас көтерді. Жаңа операда характері қарама-қайшылықты бір бейне ойластырса қайтер еді. Ылғи айтқанға көніп, айдағанға жүретін сұлулардың орнына өз сөзін өзі айта алатын бір бейне жасауға неге болмайды? Осы қазақта әйелдің небір шешендері мен көсемдері өтіпті. Қамшы ұстап дауға жүрген, найза ұстап жауға жүрген әйелдерді де небір жыраулар жырлап өткен. Соларды сахнада сөйлетсе, шырқатса?!

Ақжүніс... Ақжүніс, әрине, Кармен емес, бола да алмайды. Бірақ Ақжүністің қолында билік бар. Ақша ханның жалғыз қызының алдында қараны қойып, хан баласы бөркін алып тұрады. Демек, Ақжүністің бейнесіне көп нәрсені сыйғызуға болар еді. Иә, болар еді...

Солай, көп толғаныстан, көп күдіктен, көп үміттен туған Ақжүніс еді бұл.

Сол 1937 жылы майда Қазақтың музыкалық театры Ленинградқа гастрольге баратын болды да, “Қыз Жібек” пен “Жалбырға” қоса сол сапарға “Ер Тарғын” әзірленді. Бұл ауқымы жағынан Онкүндіктен қалыс дегенімен, жауапкершілігі жағынан соған барабар сапар еді. Ленинград – ең алдымен – революция бесігі. Онан кейін өнердің шарықтап дамып, құлаш жайған ордасы. Ленинград халқының өнерге, әсіресе, сыншы, талғампаз келетінін Евгений Григорьевич те қайталап айтып жүр. Өрі сондай көңілге ыстық қалаға, әрі сонша талғампаз халықтың алдына барып, енді ғана қаз тұрып келе жатқан өнерімен көріну деген – абыройлы да жауапты іс.

Өз халқы әр қилы қабылдаған Ақжүністі, Ленинград қалай қабылдайды деген ой Күләшқа маза бермейді. Мұны құптай ма? Түсіне ме? Үлкен сын, үлкен толғаныс.

Қазақ театры Ленинградта ойындарын Кіші опера театры мен Выборг үйінде көрсетті. Театры тұрмақ, қазақ атты елдің өзін әлі жөндеп танымайтын қалада жұрт жиналар ма екен деген күдік те бар еді. Бұл тұрғыдан Брусилловский өз қаласын білетінін даусыз дәлелдеді – залда бос орын жоқ. Және тек уақыт өткізу үшін деп жиналмағанға да ұқсайды.

Фойеде жүргенде қолдарындағы программаларына, проспектілеріне қайта-қайта үңіліп, екеуара, үшеуара сұхбаттасып жүрген халық, қоңыраудан кейін орын-орындарына жайғасқанда да арнайы ілтисипаттықыластарын байқатып отырды. Қазақ музыка театры келгелі бері, Қазақстанның Ленинградтағы тұрақты өкілдігінің мүшесіндей қызмет еткен Леонид Соболев мана фойеде де әр топқа барып, қысқа тілдесіп жүр еді, қазір де шымылдықы ашылғанша, айналасындағы бір топ адамға әлденені қызу түсіндіріп отыр.

Адам өзі бетпе-бет келмесе көп нәрсені көрмей, аңғармай өте беруі мүмкін ғой. Осы сапар қазақ өнерінің қарлығаштары жазушы Леонид Соболевпен тонның ішкі бауындай жақындасты. Қарсы алған кезден бері жазушы бұлардан бір қадам алыстаған емес. Репетицияларына қатысып, әрқайсысының әр түрлі сұрауларына жалықпай жауап беріп, өзі де көп нәрсені қурай сұрайды. Мүнікі жай қызығушылық емес, қазақ деген халықтың бітім-болмысын танысам деген құштарлық, ұлтқа деген құрмет секілді. Не нәрсені, қандай жайды сұраса да түштеп, бажайлап білгісі келеді. Ылғи бірдеңелерді жазып жүргені. Театр өнеріне қатысты мәселелердің бар жағдайын жанашырлықпен пайымдап, қажет деген жерінде өзі білетін кеңестерін аямай ортаға салады. Осы бір жас шамасы өздері құралыптас болса да, бұлардан әлдеқайда көп білетін, көп көрген көгілдір көзді, ақсары жігіттің шын ықыласын, нағыз жаңа заманның жаңа үлгідегі тәрбиесін бойына сіңірген мәдениетті адам екенін танып-білу қиынға түспейтін тәрізді.

Москва Онкүндігінен жинаған тәжірибелері бойынша алғашқы спектакльдің ертеңіне бәрі газетке жүгірді.

Бір сүйсінер жағдай – орталық газеттер пікірін қолма-қол айтып отырады екен. Және барын – бар, жоғын жоқ деп, ешқандай сипаңдатпай, анық айтатыны-ақ жақсы. Жеткенің мен кем қалғаныңды анық ажыратып беріп, ендігі жұмысына айқын жол сілтегендей болады.

Қазір, міне, Күләш бояу иісі әлі кеуіп үлгірмеген “Красная газетаны” ыждағаттап оқып шықты.

“... Ақжүніс партиясын халық артисі Күләш Байсейітова орындады. Кеше ғана біз жағымды, тіпті аянышты Қыз Жібек рөлінде тыңдаған актрисамыз, бүгін мүлде қарама-қарсы, айлалы да аяусыз, өзімшіл де сұм, өз дегені үшін небір залымдыққа бара алатын хан қызының бейнесін жасады. Бұл өзінің күші мен әсер етуі жөнінен ғаламат образ. Дауыс ырғағын еркін меңгеруімен қоса, Байсейітова өзінің қайталанбас драмалық актриса ретіндегі мол мүмкіндігін барлық асыл қырынан ашып көрсетті.

Ішкі жалыны мол актриса бәрін де өз ойынының құдіретіне бағындыра алған. Жоқ, Байсейітова Ақжүністі ойнап қана жүр деп айту жеткіліксіз. Оның әрбір қимылы, әрбір қадамы, көзінің қиығы, бетіндегі бұлшық еттеріне дейін, дегбірсіздене қимылдаған салалы саусақтарына дейін ойнайды. Тана бетіне қарап еді – өзіне көмектесуге бар пейілімен құштар нәзік те елгезек жанды көрдік; ал қалмақ қызы назарын аударып еді, Ақжүністің де жүзі құбылып сала береді – адам сенбес қатігездікпен өзі ұстаған жемтігінің үстіне төніп отырған жыртқыш құстай боп бұл да Тананың сыртынан түйіле қалады. Жаңағы жылылықтың ұшқыны да қалмаған, көздерінде суық ұшқын жарқылдап, желбезегі делдиіп, беліндегі қынынан көрініп тұнған қанжарға қолы еріксіз бара беретіндей. Көрінер-көрінбес қимылмен-ақ шамадан асып кетуге, ойынның бар шырқын бұзуға болады. Бірақ актрисаның шеберлігі сонша, ешқандай артық қимыл, құбылыс жоқ, бәрі де өз өлшеуімен ғана шектеледі. Оның өнері, шынында да, адамды таң қалдырғандай ғаламат”.
(“Красная газета”, 23 апрель, 1937 жыл.)

Рецензияны оқып шыққанда, Күләш театрдағы қол шапалақтауды қайталап естігендей болды. “Браво, Байсейітова!”. “Браво, Акжунус!”.

Музыка үшін, ән үшін тілден гөрі сезімтал жүрек болса жетеді екен-ау. Автордың Ақжүніс табиғатын дәл

басқанына қарап, Күләш осылай ойлайды. Қарап отырса, былтырғы Онкүндік кезінде де, қазіргі Ленинградта да бұлардың спектакіліне жиналған жұрт түгелдей дерлік қазақ тілін білмейді. Тілін білмегені былай тұрсын, қазақ деген халықтың өкілін өмірінде бірінші рет көріп тұрғаны қаншама десеңізші! Соған қарамастан, спектакль кезіндегі әсерлерін байқасаң, әрбір қимылыңды, қозғалысыңды қалт жібермейді. Спектакль соңында тарамастан күтіп тұратындары қанша. Сонда жай әуестік емес, шын тілеулестік, жанашырлық, құрмет. Әңгімелесе қалсаң, өнеріңе байланысты көп жайды аңғарасың. Осының бәрі тек қана музыканың әсері. Қайран дүние, осыншама байлықты арқалап жүрген қазағымның ән өнеріне сом алтыннан ескерткіш тұрғызса көптік етер ме?! Сол байлықтың көзін тауып жұмсаған, қырдағы қазақ, ойдағы орысқа түгел түсінікті ғып шығарған, Евгений Григорьевичке мың да бір рақмет!

Ленинград сапары қазақтың музыкалық театры үшін жаңа белестердің алғашқы сатысы есепті. Бұл үлкен бастауға мүмкіндік беретін мемлекеттік емтиханның жүгін көтерген гастроль болды.

Күләш қолы қалт ете қалса, Ленинградқа келгелі көргендерін, алған әсерін, кездескен адамдарын, олармен болған әңгімені қайталап есіне түсіріп, ой жіберіп байқайды. Бір әсерден бір әсері асып түсіп жатады. Ең жақыны Қанабекпен бөліседі. Бірақ оған соншалықты әсер етпей ме, әлде еркектің табиғатындағы ұстамдылығына баға ма немесе, тіпті, ештеңеге таңғалмай ма, бұған кереметтей әсер еткен нәрселерге ол бейтарап қарайтындай. Көбіне мұның ойын бөлісуден гөрі, елге барғанда істейтін жоспарларын айтып кетеді. Қайта Шара екеуінің әңгімесі жарасады. Өнерге де қатар келіп еді, сондықтан шығар, көп нәрсеге көзқарастары да бірыңғай келеді. Рас, ән мен биді қатар қойғанда екеуі екіге жарылып, бірі биді көруге, бірі ән тыңдауға тартады. Бұл әрқайсысының өзінше ізденісі шығар. Осындай-осындай сапарларын пайдаланып, үлгергендерінше көріп алмаса, қайдан үйренеді?! “Бір жақсыны көргенің – бір ғұмырға татиды”, – деп Лұқман хакім дұрыс айтқан. Былтыр Мәскеудегі, биыл Ленинградтағы көріп, үйренген, түйгендері болмаса, өз өнері де қаншаға барарын кім білсін. Осы жылғы үш

спектакльдің әсеріне қарап отырса, көрушілер де, рецензенттер де өзінің сахнадағы ән салуына қоса драмалық ойынын арнайы айтады. Кольттің пікірі жоғарыдағыдай болса, “Ленинградская правданың” 26 апрельдегі санында М. Янковский былай деп жазды: “... Ақжүніс өте әсерлі көрсетілген. Ол тек қана сезімтал, залым, биліктің бәрін қолына ұстаған Қырым ханының қызы емес, сонымен бірге сұлу, ақылды да әсем әйел. Оның “Арарай” әні образдың бар жанын, түп негізін әуенмен ашып беруде өте дәл де тапқыр пайдаланылған.

Спектакльдің негізгі қазығы боп, **біздің еліміздегі** *(астын сызған автор. С. Л.)* айтулы актрисаның бірі Күләш Байсейітова орындаған Ақжүніс ролі тұр. Ол өзінің шебер актерлік өнерімен де, партиясының қиын да қызықты қалтарыстарын қиналмай бере білген еншілігімен де қайран қалдырады...

... Әншілігінің мінсіздігі өз алдына, Байсейітованың драмалық актриса ретіндегі өнері де өлшеусіз ғажап...”

Саханада ән салу мен ойнауды Күләш бұрын бөлек-бөлек ойланып көрген емес. Жібек пе, Айман ба, Ақжүніс пе – әнін салып шығады, осы сәтте арнайы ойнап жүрмін-ау деп ойламайды. Ол Жібектің немесе Ақжүністің болмысына тән, бөліп алуға келмейтіндей табиғи нәрсе еді. Енді байқаса, солардың бәрі де өзі аңғармаған, есеп бермеген өнер екен-ау. Рецензенттердің арнайы тоқталғанына қарағанда, бұның актерлік ойынында айтарлықтай із бар болғаны ғой...

Жасыратыны жоқ, Ақжүніс тұсында көп еңбек образдың вокальдық тұрғыдан ашылуына кетті. Халық өндерінің негізінде жазылды десе де, “Ер Тарғын” – барлық кейіпкерлеріне түгелдей музыкалық мінездеме берілген тұңғыш туынды. Сондықтан жалғыз Күләш емес, барлығы да негізгі күшті осы жанрдың ерекшелігін жеткізуге жұмсаған. Қазіргі сырт көздің пікіріне қарағанда, үн мен қимыл үндесіп жатса – бұл сонау алғашқы жылдардағы драма театрынан қалған өнеге. Бұл – қатар жүрген кездерде Қаллекиден, Серағаңнан, Құрекеңнен, Елағаңнан сіңген қасиет. Солардың тағылымының, қамқорлығының нәтижесі.

Сахна табалдырығын ерекше құмарлықпен, өлшеусіз құштарлықпен аттаған Күләш, қазірге дейінгі жеткен барлық табыстары үшін, ең алдымен, бұрын өзі де сезіп-

білмеген табиғи дарынына қарыздар. Бірақ Күләшті ұлы актриса дәрежесіне жеткізген тек бір ғана табиғи дарын емес. Күләш қаншалықты дарынды болса, соншалықты қарапайым, өнер алдында баладай аңқау және сенгіш, өнерді өзінің бар қымбатынан артық сүйетін, ізденуден жалықпайтын тынымсыз еңбектің иесі еді. Әрбір жаңа жұмысты қолға алғанда театр табалдырығын тұңғыш аттағалы тұрғандай толқитын. Тек өзі орындайтын партия емес, бүкіл спектакльдегі рөлдерді жалғыз өзі ойнайтындай жауапкершілік сезінетін, барлық партнерлерінің өнеріне зер салып, солардың біртұтастығын қадағалап жүретін. Егер Күләш бір сәтке болса да, “мен ұлы актрисамын, басқаның бәрі менен үйрену керек” деген ойға келсе, мұнша биік дәрежеге көтеріле қоюы екіталай еді.

Алғашқы жылдарда Күләшпен қатар жүрген, өнерді бірге жасасқан адамдар оның жүріп өткен жолдарына қарап отырып әр түрлі кезеңдерді еске алатын. Солардың бірі, драма артисі Қапан Бадыров былай дейді:

“... Пүліш образындағы Күләш есімнен кетпейді. Өміп бара жатқан тап жауларының ықпалында боп, ескінің жұрнағы – рулас, жамағайындық салдарынан арыла алмай, діннің шырмауында, қараңғылық, надандықтың күңі болған Пүліш... Ол өткен өмірден жақсылық саңлауын көрмей келгенімен, ендігі жерде адамгершілік ары оянып, әріде жатқан дүниетанымы, түсінігі ашылған жан еді. Сондықтан да Өліш өлімі үстінде қайта туғандай өзгеріп, Пүліш – Күләштің кешегі табынған төңірісіне қарсы күрес ашқандағы қимылы өте тамаша болатын-ды. Аруақ-құдайға табынып, туысқандықты бетке ұстап, ақсақ кемпір Дәметкен – Фатиха Әшкеева арадағы жағдайды өбден ушықтырып, адамгершілікке, тіпті, Пүліштің өз арына өзін қарсы жұмсап, бүкіл өмір-тіршілігін жек көрінішті көрсетті. Тап жауымен айқаста әділетсіздікке шыдай алмай, таза жанды, ашулы Пүліш күрес майданына шығады. Күні кеше көрінгеннің қолындағы әркімге ататын тасы болған момын Пүліштің, екі ұдай жерде аруақ-құдайға, дінге, кертартпа әдет-ғұрыпқа қарсы күрескенін актерлік шеберлікпен көрсетіп, рөлді трагедиялық шыңына көтеретін. Сөз арасында айта кету міндет: бұл образ қазақ сахнасында драмалық биіктен асқан жоқ. Пүлішті трагедиялық деңгейге көтерген тек қана Күләш,

оны кейін ешкім қайталаған емес. Күләштің сахнадағы ерекшелігі: қажетті жағдайда неше түрге түсіп, екі беті қып-қызыл боп қызара да, бозара да білетін. Қанын ішіне тартып, сұрланып алғанда, жүзінен жан шошитын. Күләш бойында ғажайып, басқалардан үздік, қайталанбас тамаша жұмбақ сыр бар-ды. Мұндай қасиет орыстың даңқты ұлы актрисасы Вера Федоровна Комиссаржевскаяда (1864-1910) болыпты. Вера Федоровна сахнаға шыққанда бетіне грим жақпай, тек опаланып қана ойнайды екен. Неге грим салмайсыз дегендерге: “Грим сахнада қызарып ұялғаныңды, болмаса ашуланып сұрланғаныңды көрсетпей, ішкі жан-сезіміңдегі күйініш-сүйінішіңді көрерменге жеткізбейді. Бет-ажарың өліктей көрініп, маскамен тұрғандай ішкі әсерің сыртқа жетпейді”, – дейді екен. Күләшта Вера Федоровна әсері өте күшті еді. Кейін оны опера сахнасында қай рөлде көрмейін, рөлдің трагедиялық кейбір жағдайларында Күләштан Пүлішті көргендей әсерге бөленетінмін.

Пүліш – Күләш байлар сұмдығын өшкерелейтін кульминациясында азсөзбен көпті айтып, ішкі темперамент үдей түсіп, барған сайын өсе беретін. Әрбір сөзі уытты үнмен жау жүрегіне дәл қадалған садақ оғындай зәрлі келетін. Ашына сөйлеген, үстем қараған айбынында ешбір жан қарсы тұра алмайтын сес байқалатын. “Мына кіндікпен осы жерде Әлішті мынау *(Демесін роліндегі мені көрсетіп)* ұрып өлтірді, өз көзіммен көрдім,” – деген Пүліш – Күләштің жүзіне қарағанда, көз заһары өңменімді жарып өткендей, сақылдаған сары аяздың ызғары соққандай, шыдап тұра алмай төмен қарайтынмын.

Бүгінде орыстың атақты артисткасы Полина Антиповна Стрепетованың өмірбаянын оқып отырып (1850-1903), оның сұрапыл трагедиялық ойындарын елестетіп, Күләштің атқаруындағы Пүліш сондай трагедия-ау деп ойлаймын. Күләшті пәлендей біреуге теңеудің орны жоқ. Ол бір сырлы, сегіз қырлының тап өзі. Мыңнан озған өрен жүйрік, мұның өз жолы, өз мектебі бар талант, тыңнан жарып шығып жол салған жаңашыл қазақ совет ән, опера өнерінің пионері де, революционері де өзі еді”. *(Үзінді Қапан Бадыровтың күнделігінен алынды.)*

Шығамашылық адамының біраз жол жүріп, бірталай белестен өткен соң артына бұрылып қарары болады.

“Өткен жолдардың қай бағыты дұрыс, қай жерде қандай із қалды, қалай қалды?” – деп, ой жіберері болады. Бір кездегі ыстық құмарлықтың, лаулаған жалынның, көзсіз өжеттіктің оты басылып, шоғы қалған кезде, сабырлы ақылмен таразылағанда, қай жерде дөп бастың, қай жерде мүлт кеттің – анық көрінеді. Тапқаның да, жоғалтқаның да айқындалып, енді бір айналып соғатын мүмкіндік берілсе, қайсысын қалай жөндеу – көкірегіңде сайрап тұрар еді.

Күләштің актрисалығы да Қапан Бадыровтың сол өткен ұзақ жолдағы көңіл түкпірінде мәңгіге сақталып қалған әсері. Бұл жай сыпайыгершіліктен туған естелік немесе қарапайым көрерменнің таңсық көруі емес. Бұл – мыңнан озған жүйріктің үздік қасиетін анық танып, бағалау. Тек танып қана қоймай, өзі тағылым ала отырып, өзгеге өнеге етіп ұсыну.

Алғашқы ұйымдастырылған жылдары қазақ драма театрының сахнасында пьеса ішінде ән салу үрдісі жоқты. Спектакль көдімгі қара сөзбен ойналады. Спектакльден соң, сол артистер концерт береді. Ол қайдан шыққан қағида екені ешкімнің есінде де жоқ, оны өзгерту де ешкімнің ойына келмейді. Спектаклі өзінше, концерт өзінше, бірақ қатынасатын артистер өзгермейді. Бұл артистердің үйренген, жұртшылықтың қалаған көрінісі болып қалыптасты.

1933 жылы театр Мұхтар Әуезовтің “Еңлік – Кебегін” қайта қойды. Сонда Еңлікті ойнаған Күләш тұңғыш рет спектакльде ән салды. Еңліктің қоштасуын түгелдей әнмен айтып шықты. Бұл жаңалық еді, жатырқамайтын, спектакльге ерекше өң беріп тұрған жақсы жаңалық еді.

Осы спектакльді қоюда музыкалық жағынан жетекші болған, кейін “Еңліктің қоштасу әні. Өндеген Хамиди, сөзі Әуезовтікі.

“1933 ж. “Еңлік-Кебек” пьесасында Еңліктің ролың алғашқы орындаушы, КСРО Халық артисті Күләш Байсейітоваға арнаймын. 1943 – 07. (ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, опись 1 1,92 ед.хр)” деп жазған Латиф Хамиди былай деп еске алады:

“Күләш туралы айта қалсам, мен оны қазақтың театр, музыка өнеріндегі көп жайлардың бастаушысы болды дегеннен бастаймын. Және осыдан біз еш қателеспейміз.

Күләштің симфониялық оркестрге қосылып ән салған тұңғыш қазақ екенін де еске алғым келеді. Драма театрының сахнасында “Еңлік – Кебекті” дайындап, оны оркестрмен сүйемелдеуді жоспарладық. Әрине, ол кезде дайын оркестр жоқ. 1933 жыл ғой. 17 адамдық оркестрді біз қаладағы ресторандардан, кинодан жинап құрастырдық. Иә, иә, оны ұйымдастырдық деп емес, құрастырдық деу дұрыс. Еңлікті ойнаған Күләш сол оркестрдің сүйемелдеуімен ән салды. Бір ғажабы: Күлекең сол оркестрді тосын көрген жоқ, қайта бұрын біз байқамай жүрген дауыс мүмкіндігін ашып берді. Және халыққа да жақындай түсті. Мынадай жаңалыққа тосырқаған ешкім болған жоқ. Құлағы қоңыр домбыра мен сызылған қобызға үйренген халыққа симфониялық оркестр (дәл сол кезде толық қалыптаспаған болса да) дегеннің не екені әркімге белгілі. Ал соны, жалпы көпшілік жатырқамай қабылдаса, бұған тікелей әсер еткен Күләш деп айтуымыздың еш артықтығы жоқ. Сонымен бірге, кейін бүкіл әлемді шарлап кеткен Күләштің бұлбұл үні де халқына сол жолы бірінші рет танылды. Оған дейін театрда спектакль үстінде бар даусымен дербес, яғни вокальдық сипатта, ән салмайтын. Еңліктің “Қоштасуы” қолма-қол ел аузына тарап кетті.

Кейін ашылған музыкалық театрға Күләштің ауысуына мұрындық болған да сол Еңлік бейнесі. Бұл жерде арнайы тоқталып айтқым келетіні – Күләштің әншілігі қандай болса, актрисалығы да сондай еді. Күләш – арнайы актерлік оқудан мектептен өтпеген адам. Сондай-ақ, музыкалық сауаты да жоқ еді. Ал солардың бәрінің орнына табиғат оған ерекше музыкалық, ғажап бай әрі әдемі үн берген. Ол тұмысынан тұла бойы тұнып тұрған өнерлі адам еді. Иә, иә, қайталап айтамын, тұнып тұрған өнер еді. Мамандардың тілімен айтқанда Күләшта өте сирек кездесетін “абсолютный слух” бар еді. Оның сахнаны, партнерді, оркестрді сезінуі ерекше айтуды қажет етеді. Қандай қиын кезеңде болсын, оның оркестрден шығып кеткенін, не ілесе алмай қалғанын, болмаса партнермен үндесе алмағанын өзіміз естімей-ақ өттік. Соның бәрінің басы – Еңлік болатын. Иә-ә, Күлекең жасаған Еңлік бейнесі есімізде, оны ұмыту мүмкін де емес”.

Күләштің актерлік дарыны өзімен қатар жүрген жолдастарына үлгі, кейінгі ұрпаққа аңыз боп жетті.

Бұл күні бойы дамыл көрмей өткізген репетициялар, қолы қалт етсе тапжылмай отырып үйренген музыкалық сауат, реті келіп тап бола қалса, ықтияттап оқып шыққан театр өнері жайлы кітаптардың берген жемісі еді. Осылардың бәрінің үстіне, ең бастысы, өнерге, білуге, үйренуге деген өз құштарлығы, елгезектігі, еңбекқорлығы өлшеусіз үлес қосқан-тын.

Абыройлы асу

— Күлеке, сәлеметсіз бе? Сізге телеграмма бар, міне.

— Рақмет, қайдан екен?..

“Біздің театрдың дирекциясы Сізді, жиырмамыншы майдан кейінгі күндері, үш спектакльге – “Даиси”, “Евгений Онегин”, “Чио-чио-санға” қатысуға және жеке концерт беруге шақырады. Жауабын тез беруіңізді өтінеміз.

*Петре Амиранашвили,
Давид Ангуладзе.”*

Телеграмманы жүре оқи бастаған Күләш, кенет қалт тұра қалды. Ештеңе түсінбеген кейіппен айнала бір қарап өтті де, қайтадан оқып шықты. Сонан соң тұла бойын біртүрлі ыстық құйын шарпып өтті. Қашан да ойламаған жерден кездескен қуаныштың жалыны осылай бір шарпып өтетін. Әзірге бұл қызудың неден екенін: әріптес достардың ықыласынан ба, өз өнерінің тағы бір жаңа самғауынан ба, мынау шақырыстың мән-мағынасының бөлектігінен бе, анық ажырата алмады. Бірақ, әйтеуір бір еліктіргіш, қызу қанды леп көңілін баурап алды. Қолындағы бір жапырақ қағазға үшінші қайтара көз жүгіртіп өтіп, репетицияға кірді.

Жұмыс үстінде ұмытылғандай болған манағы телеграмма есік алдындағы вахтерді көргенде қайта есіне түсіп, бұрылып директордың бөлмесіне беттеді...

— Күлеке, тезірек бармасаңыз, мына грузиндер “шауып” алып жүрер, – деп, директор амандықты істің жайынан бастады. – Міне, тағы телеграмма келді. Сірә, өздері анық сеніммен шақырып, жоспарлап та қойған болуы керек. Өзіміздегі шаруаларды кейінге ысырып,

барып қайту жөн шығар. Қанша дегенмен, творчествоңызға пайдалы әрі елдің мерейі ғой.

Директордың амандығы да, кеңесі де, тұжырымы да бірге айтылғандай.

Күләш жымия отырып, сөзді бөлмей тыңдады да, директор ұсынған телеграмманы оқып шықты. “Күләш Байсейитованың келісімін шын қуана қарсы аламыз. Дәл келер күнін, алғашқы спектакль күнін белгілеуіңізді өтінеміз. Спектакль арасында фотореклама ұйымдастыруға көмектесіңіз.

Театр директоры *Канделаки.*”

Директордың “грузиндер шауып алып жүрер” дегенін есіне алып және жымиып қойды.

— Күтпеген жерден шақырып, өзім де абдырап қалып едім...

— Жақсылықтың бәрі күтпеген жерден келеді, Күлеке. Абдырайтын ештеңе жоқ, бұдан да зорын күтіп аламыз. Тау суындай күркірегенімен, сол грузиндеріңіз өзіміздің Қанекеннен қаһарлы емес шығар, — деп директор Қанабек Байсейитовтің репетиция кезінде мазасыздығын еске ала, сөзінің соңын әзілмен бітірді. Сонысымен көңілдің біраз күдігін сейілткендей, Күләш даусын шығара сыңғырлай күліп жіберді.

— Әрине, Қанекеннен қайдан асын. Ендеше, мен жол қамына кірісетін болдым ғой. Концерттік репетуарды кеңесіп алған жөн шығар, Евгения Павловна келген соң өзіңізге қайта кірерміз.

— Жақсы, жақсы.

Сырттай жайдары көрінгенімен, Күләш соңғы күндері үлкен толқу үстінде жүр. Тілдей телеграмма әкелген осы бір әбігер, ұлғая келе біраз машақатқа ұласты. Әрбір сапардың өн бойындағы үйреншікті мазасыздығынан басқа, дәл осы Тбилиси сапарының өзіндік ерекшелігі болатын. Азды-көпті өнер жолында үлкенді-кішілі бірталай сахнаға шығып көрді. Өрқайсысының өзіне тән салмағы, жауапкершілігі болған. Өзірге ел намысына нұқсан келген жоқ, халқына адал қызметі абыроймен жалғасып келеді.

Қазіргі толқу да тарихы тереңге кеткен грузин өнері алдындағы әлсіздігін мойындау емес. Жоқ, мұның аты

басқа. Мұны да жауапкершілік дейді, бірақ өрнегі сәл басқарақ. Бұлар, қазақтар, опера өнерінің әліппесін енді ашқан кезде, олар – грузиндер – әлдеқашан әлемге әйгілі болатын. Олардың әншілері үшін небір классикалық туындыларыңыз жаңалық емес. Енді келіп сол грузиндер өз сахнасына, өзінің төл шығармасын орындауға қазақ әншісін – Күләш Байсейітованы шақырып отырса, мұны ойланбасқа болмас. Бұл – әнші бойындағы өзгеше дарынды, үлкен өнерге деген зор сүйіспеншілікті, айрықша талантымен танылған өнер иелерінің шығармашылығы қай халықтың да рухани игілігі екенін, оған адал ниетті күллі қауымның ортақтастығын анық танытатын мысал болса керек. Демек, шақыруды қарсы алуымен Күләш, сол халықтың алдында үлкен жауапкершілікті де мойнына алады деген сөз. Енді жүгінің салмағы қандай болса да, қайыспай көтеріп шығу керек.

Иә, түптеп келгенде, бұл сапардың басы осы Давид пен Петренің сонау жылдары Алматыға келуінен басталған секілді.

Жоқ, ол, тіпті, сонау жылдары емес, өткен жылы ғана екен-ау... Күнделікті қарекетпен жүргенде уақытты сараламайды екенбіз ғой. Әлде уақыт та тындырған ісіңнің деңгейімен өлшене ме екен?! Не десе де, бұл Күләштің бұрын ойланбаған мәселесі. Әйтеуір, бір таусылмайтын ұшы-қиырсыз қарекетпен күндер өте береді, бүгін бір спектакль, ертең басқасы, бүгін депутаттың жұмысы, ертең арнайы уақыт бөлуді талап ететін тағы бір мәселе. Бір күні өзінің өткен күніне разы боп отырады, енді бір күні ештеңеге зауқы жоқ, бейтарап. Сонымен жүргенде уақыт шіркін зырылдап өте береді екен-ау...

Иә, сонау жылы емес, өткен жаз-ақ еді ғой. “Даисиді” қойып, өз шамаларын байқаған соң, тағы бір белесті алғандай болған коллектив ерекше серпінді күйде еді. Сол кезде ылғи да өз буларына пісе бергенше, басқалармен де алмасып, өзгелерді де көріп, өздерін де көрсету – шеберлік шыңдаудың тиімді тәсілдерінің бірі деп тауып, басқа туысқан ұлттар театрларымен шығармашылық байланыс жасау қажет делінген еді. Осындай ізгі ниетпен театр өз репертуарындағы “Даисиге”, Грузияның Палиашвили атындағы опера және балет театрының солистері Давид Ангуладзе мен Петре Амиранашвилиді гастрольге шақырды.

Қазақ опера театры жүріп өткен он жылдан астам

уақытта шығармашылық тұрғыдан көптеген барлаулар жасады. Жергілікті авторлардың күшімен өздері де опера, балет жазып, сахнаға қойды. Классикалық операларды аударып та қойды. Олардың ішінде премьерадан аспай қалғандары да, репертуарды байытқандары да бар. Сондай сәтті қойылған шығармалардың бірі осы “Даиси”. Бұл грузиннің нағыз халықтық шығармасы. Мұндай шығарманың туған жерінен шақырылған өнерпаздар қазақтың алға қарай нық басып келе жатқан опера өнеріне көмектен басқа ештеңе әкелмейді. Өздерінің жетпей жатқан жері болса оны көреді. Асылында біреудің өзіңнен артық екенін көру айып емес, өзіңнің жетпегенінді мойындай білмеу айып қой.

“Даисиді” таңдауға және бір себеп интернационалдық достықты нығайту, халықтар арасындағы ұлттық байланысты күшейту тұрғысындағы жұмыстарды жүзеге асыру болып табылады.

Грузиялық қонақтарды қабылдауға қазақтар аз тер төккен жоқ. Еңбек те ақталды. “Той дегенде қу бас домалайды” деген қазақ емес пе, аталған күндерге билет те күнілгері сатылып, театрға жұрт аузы-мұрнынан шыға толды. Тындаушылар да мәз, айтушылар да мәз. Тіпті, спектакль соңында қыза-қыза келіп, қонақтар да, үй иелері де: “Опера бір тілде айтылды ғой”, – деген өзіл-шыны аралас дау туды. “Не бәрі де грузин тілінде, не бәрі де қазақ тілінде айтылды, әйтеуір, ешқандай, екі тілде ойналғаны байқалған жоқ”, – деп дәлелдесіп жатты.

Күләш сол өзіл-шыны аралас дауды дәл қазір есітіп отырғандай күлімдеп қойды. Иә, сахнадағы бір жарқын сәттері сол күндер еді. Өзінің үйреншікті сахнасы екеніне қарамай соншама қобалжып, толқи жүріп өткізген спектакльдеріне көрерменнің қошеметі, тіпті, жоғары шықты. Мынадай құрметті шақыруға да сол күні ие болған шығар-ау... Жаңа табыс – жаңа жолдың басы. Тек онда бұл өз үйінде, өз сахнасында еді. Өз үйіңнің қабырғасы да сүйеу...

“Қой, мен неғып осынша ойшыл боп кеттім”, – деп, Күләш өз даусынан өзі селт етті. Сонан соң пианисткасына телефон соға бастады.

Бұлардың шағын тобын грузиялық әріптестері үлкен салтанатпен қарсы алды. Тіпті, мұнша құрметке лайық өнер көрсете алсақ жақсы-ау деген де ой келді. Тбилиси

топырағын басқаннан басталған құрмет кеткенше бір кеміген жоқ. Қарсы алғанда болсын, қаланы тамашалағанда болсын, қасында кім жүрсе де, бүкіл қала соны танитындай оңды-солды амандасып жатқаны. Сұрай қалса, бір-бірін мүлде танымайтын боп шығады. Бүкіл қала халқы ағайынды адамдай қашан көрсе де, жылы жүзбен ілтипат білдіріп тұрғаны қандай ғанибет.

Ерте дамыған мәдениеті бар ескі қаланы қызықтап жүріп, Күләштің көзі жарнамалар ілінген тақтадағы өлденеге кідіріп қалды. Апыр-ай, соншама таныс, біртүрлі жылы леп келгендей. Зер салып қарап еді. Шараның концерттік жарнамасы екен. Күләштің бойына боранды түнде адасқан адамның от көргеніндей қуанышты сезім пайда болды. Жарнаманың уақытын қарау да есіне келмеді, қонақ үйге келе Шараның қайда түскенін сұрастырды. Тауып алып, телефон соғып еді:

— Алло! – деді таныс дауыс.

— Шәке, бұл Күләш қой.

— Қай Күләш? Ой-бу, тоқта, сен қайдан жүрсің?

— Осында үш спектакльге шақырып, соған келдім.

Қой, сен қазір маған келші, айтып жеткізетін емеспін.

Бірнеше минуттан кейін Шара мен Күләш бірнеше жылдан бері кездеспегендей көрісті. Жарыса сөйлеп, жарыса сұрап жатыр.

— Сені маған періште жіберген ғой. Бүгін “Даиси”. Сен бірінші қатардан сол жақтан бірінші болып отыр. Жоқ, оң жақтан отыр.

— Бүгін деймісің? Бүгін мүмкін емес, концертім бар.

— Концертті қой, ертең барарсың.

— Күләш-ау, не деп тұрсың, менің өз концертім ғой. Билет сатылып қойды.

— Өзіңнің де? Ал, мен қайтем?

Күләштің “Мен қайтем?” дегендегі даусы аянышты, жабырқау, торығу, тіпті түңілгендей айтылғаны сонша, Шара қылмыс жасағандай қысылды.

— Білмеймін. Мен ертерек білгенде...

— Түү, ерте ғой, сағат әлі 11. Сен қайтсең де кел, айтпесе мен масқара болып, аузымды аша алмаймын. Сен келіп оң жақтан жоқ, сол жақтан отырсаң...

— Күләш-ау, саған не болған, қоя тұршы, оң жақ, сол жағын келісерміз. Әуелі мына концертті не істейміз?

- Ертеңге қалдыр.
- Жұртқа не деймін? Ұят қой.
- Несі бар, мүлдем кетіп қалмайсың, ертең көреді ғой.

Күләштің бетіне қарап отырып, Шара оның ойы бір жақта, жауабы бір жақта екенін аңғарды. Бар ойы өзінің кешке грузин сахнасына шығатынына шырмалып қалған ол, қазір не десең де, “Кешке “Даисига” келіп оң жақтан немесе сол жақтан маған көрініп отыр”, – дегеннен аумайтынын сезген Шара, бір амалын ойлап көрейін деп шығып кетті. Өз бөлмесіне келіп, администраторға хабарласып, әлдеқалай аяғымды ауырттып алдым, бүгін билеу мүмкін болмай тұр, концертті ертеңге ауыстырыңыз деп өтірік айтты. Қанша дегенмен, әрі-бері бірнеше телефон қоңырауынан кейін концерт ертеңге ысырылып, Шара маңызды шаруа тындырғандай бір дем алды. Бір ғажабы, манағыдай емес, концертті ауыстыруы шынымен-ақ маңызды сияқты, өз көңіліндегі кінәлідей сезім сейіліпті. Күләштің көңілін де тыншытайын деп телефон құлағын көтерді.

— Құдай біледі, осы бәрібір ұққан жоқ. Енді Маро боп кеткен шығар, тіпті үні де өзгеріп шықты, – деп күбірледі, телефонды қоя беріп. – Осы Күләш актриса ғана емес, құдірет, көдімгі аңыздарда айтатын арқасы бар құдірет. Тіпті, қалай көніп қалғанымды байқамадым ғой өзім, – деп ойлады Шара.

Театрдағы алғашқы қадамдарын бірге бастаған Шара, спектакль күндері айналадан мүлде оқшауланып, өзіне ғана белгілі, өзі ғана сезетін ерекше бір тылсым көңіл-күй тұтқынында қалатын құрбысының жан дүниесін жақсы білетін. Бұл күйден оны спектакль соңындағы дүр қол шапалақтау ғана алып шығатын.

Залдағы жұртты көргенде сахнадағы Күләшті кім білсін, көрермендер арасында отырған Шара шошып кетті. Қазақша айтқанда барын киіп, бақанын қолға алып келген тбилисиктер ерекше салтанатты, маңғаз. Көшеде көргенде ерекше сөзшең, көңілді халық, мұнда салқын, байсалды көрінеді. “Құрысын, түрлері тым сұсты екен”, – деді Шараның көңілінде әлдекім. Сонан қайтып залға көзін салмай, шымылдыққа қарап қатты да қалды.

Тосын сахна, тосын тіл, тосын түр. Алғашқы көріністер біртіндеп өте бастады. Грузиннің қызу қаны

жарқ-жұрқ еткен қанжар жүзінен, шақ-шұқ тас дыбысынан от алып жатқандай. Осы қылпылдаған көріністерге басқаша өң беріп Маро шықты. Қаз мойын құмыраны иығына қойып, жүріп емес, жүзіп келе жатқандай әсер беретін қас сұлу, әлгінде ғана жер мен көктің арасынан араша таппастай болған өр кеуде жігіттерді жуасытып, ынтықтырып әкетті...

Алғашқы кезде Күләшті қашан шығады деп тықыршып отырған Шара, ол шығысымен-ақ өзінің міндетін ұмытып, сахнаға қалай еріп кеткенін байқамай қалды. Беріле тыңдағаны, разы болғаны сондай – көзіне жас келді. Көз жасын қолындағы орамалымен сүртіп қойса да, тоқтамайды. Қайта-қайта мөлтілдеп келе береді. Кенет ол Күләштің мұның қолына алаңдай бергенін байқап қалды. “Бұл неге алаңдайды?” – деп жан-жағына қарады, ештеңе жоқ. Сонда барып есіне сап ете түсті, Күләштің орындауы сәтті шықса – орамалды желпуі керек, сәтсіз болса – жайлап бетін сүртуі керек екен ғой. Ала салып орамалды желпіп-желпіп жіберіп еді, Күләш тағы алаңдағандай көрінді. Өлде керісінше ме еді? Е, құдай-ай, құрысыншы осы орамалы! Мүлде қалтасына салып қояды, ал қайтесін! Тамаша, Күләшжан! Алаңдама! Керемет! Шараның өзі байқамай қол соғып жіберді. Мароның ариясын дем алмай тындап қалған зал дүркірей қосылды.

Грузиндердің неге разы болғанын өздері біледі, ал Шара осы спектакльге концертін тастап келген өзіне разы болды. Апыр-ай, әйтпегенде, бүгінгідей ғаламат көріністен құр қалады екен-ау! Грузин сахнасына енді қай қазақтың қызы қашан шығарын, қалай шығарын кім білсін? Не десе де, Күләштай болып ешкім шыға алмас-ау. Бұл бір құдайдың өлшеп берген еншісіндей ерекше сын ғой. Жарты жасыңды жасартатын ерекше өнер ғой бұл. Енді бұл залды қазақ баласы келіп дүрілдеткенше кім бар, кім жоқ. Мына люстраны сыңғырлатып қол соғып жатқандар манағы салтанатты сырбаздар ма, жоқ, басқа біреулермен алмастырып қойған ба? “Ө, бәлем, солай ма, соғындар қолдарыңды, бүгін мұнда келмегендер арманда!” – деді Шара әлдекіммен ерегескендей.

Шымылдық жабылысымен Шара сүріне-қабына сахна сыртына жүгірді. Бүкіл қазақтың, Қазақстанның Тбилисидегі Күләшқа деген “жеке меншік елшісі” бүкіл қазақтың өнері атынан қуанып, құттықтағалы жүгірді.

— Күләш, Күләштай, керемет!

— Ай, Шөке, саған не болды, неге жылайсың?

— Неге жыламайын... Ә, қой, мен жылап тұрмын ба?

Сасқанынан айнаның алдына отыра кеткен құрбысының мойнынан құшақтаған Шара, мана күндізгі Күләштің басындағы жаңғалақтық өзіне ауысқанын енді байқап күліп жіберді. Екеуі құшақтасып айнаға қарап еді, қуаныштың көз маржандары жарыса сырғанап барады екен.

— Манағы ербеңдеген орамалым қайда кеткен, — деп Шара әбігер. Күләш оның бетін өзінің гримін сүрте бастаған орамалымен сүртіп айғыздап қойды да, мұнысына өзі жас балаша мөз болып күлді.

— Қап, Күләш-ай, бүгінгі “Даисиды” бір қазақтың тыңдамағаны-ай, — деді Шара шынымен өкініш білдіріп, театрдан шығып келе жатып.

— Ең бастысы грузиндер разы қабылдады. Ал, қазақтарға барған соң дәл бүгінгідей етіп айтып беремін.

Бұлардың есіктен шығуы мұң екен, театр алдындағы қарақұрым халық тапап кетердей лап берді. Тіпті, сасқандарынан екеуі бір-екі қадам кейін шегінді. Әпсәтте құшақтары гүлге толды. “Маро! Маро!” деген айғайдан құлақ тұнды. Әбден даурығып алған жұрт Күләш пен Шараны ажыратамын деп әуреленбесе керек, екеуіне де “Браво, Маро!” деп қошеметтейді. Осы даурығумен қонақ үйге дейін келіп, онда да тарамай тұрып алды. Ақыры, Күләш балконға шығып бір-екі ән айтты, Шара билеп құтылды.

Алғашқы кездесу екеуінің де көңілінде сенім орнатты. Осыған дейін айта қалғандай мән бермей жүрген Шара да Күләштің толқуын көріп, өз өнеріне сырттай сынап қараған еді. Әрине, бұған қарағанда Күләштің толқуының себебі де молырақ. Ол “Даисидың” туған топырағына келіп отыр, әрі жалғыз өзі басқа тілде айтпақшы, әрі Маро орталық образ, әрі тыңдаушылары операның нағыз жанашырлары. Қандай талғампаз жанкүйер болсын, шығарманың өзі туған жұртындай қабырғасы қайыса жоқтай алмақ емес. Демек, дәл осы топырақтағыдай жауапкершілік те басқа жерде жоқ. “Үйренген кәсіп қой, тәжірибе бар ғой” деген қағидалар бұл жерде жай көңіл жұбату үшін айтылады. Онда да жұбата алса. Себебі, тәжірибе көз үйренген, қол жаттыққан іс тігу, тамақ пісіруде,

өйтеуір, сондай бір тұрмыстық мәселелерле көмектесуі мүмкін. Ал өнерде, саған сеніп отырған жұртшылық алдында шын өнерпаздық сана, жүрек, толғаныс болмаса, тәжірибенің көмегі қарлығаштың қанатымен себілген судай-ақ. Күләш осыны жан-төнімен сезінді.

Дәл осы күндері Шараның тағы бір түйгені бар: Күләштің жанын мазалаған тек жауапкершілік емес, мұны үнемі намыс қамшылап жүреді. Бұл хан тағына мінгенде, жыртық тонын алтын босағаға іліп қойған Аязби сияқты; қандай биік тұғырда тұрғанда да өзінің күні кеше хат тануға құқы болмаған қазақтың қызы екенін есінен шығармайды. Сол қыздың бүгінгі тұлғасын сынай қарап, ұлттың намысына ақау түсіріп алмадым ба деп ойланып жүргені. Өз елі бұған тек “Күләш” деп қараса, басқалардың бұған “Қазақтың Күләші” деп қарайтыны әрдайым көңілінде сақталады. Өнердегі әрбір қадамында сол атаққа нұқсан келмесін деп ойлайды. Кешегі мазасыздықтың бір ұшы осында жатыр.

— Әй, Күләш-ай, — деді елеулі бір іс тындырғандай бейғам ұйқыға көзі іліне берген Шара күбірлеп, — өмір бойы бірге жүрсем де, сырыңды біліп, жаныңды түсініп жеттім дей алмаймын-ау. Қазақтың маңдайына сендей қыз туып берген анаңнан айналайын!

Тбилиси Мемлекеттік операсындағы алғашқы спектакльден кейін Күләштің көңілі орнығып, өзінің қалыпты жұмыс бабына келгендей болды. Дәл сол кезге дейін өзіне де, өзгеге де байқала қоймағанымен, іштей қатты ширығып, әлдебір серіппені қатты бұрап қойғандай сірескен қалыпта жүргенін де спектакль өткен соң байқады. Спектакльдің соншалықты табысқа ие болғанын көзімен көрген кезде ғана сірестіріп келген серіппелер бірден босап, бойын әлдеқалай бейқам дел-салдық, құйындай ұйтқыған жеңілдік билеп әкетті. Сонымен бірге, көп уақыт бойы неге екені белгісіз әлдебір беймәлім жүкті арқалап келіп, енді ғана сонан құтылғандай еркіндікті байқады.

Тілі бөлектігі өз алдына, мүлде бейтаныс жаңа қауым алдына тұңғыш рет шыққандағы қобалжу, күдік, сан-салалы сауалдар да сол алғашқы спектакльдің қорытындысымен бірге зым-зия бопты. Оның орнын сенім, орындалған міндеттен туатын разылық басты.

Грузиндер мұны Алматыдан шақырарда телеграмма үстіне телеграмма салып әбігерге түсірсе, сол әдеттерінен Тбилисиде де тана қоймады. Қонақ үйдің нөмеріне бірінен соң бірі келіп жатқан хаттарды оқып үлгере алмай отырып Күләштің есіне Алматыдағы театр директорының: “Тезірек бармасаңыз, мына грузиндер шауып алып жүрер”, – деген өзілі түсті. Айтты-айтпады, алғысқа көміп салды десе болғандай.

“Қазақстанның ең нәзік гүліне!

Мен әлде де Сізбен көзбе-көз қоштасып қалармын деген үмітімді үзбеймін. Дегенмен, сондай күн туып, Сізді көре алмай қалғандай болсам деп, Өзіңізге деген шексіз алғысымды қазірден бастап айта беруге рұқсат етіңіз. Сіз жасаған тамаша да шыншыл Маро мен Чиочо-сан образдары менің есімде, өзіңіздің тамаша бейнеңіз менің жүрегімде мәңгіге қалды.

Мен үшін аса қымбат та нәзік әйел, Сізге, болашақта да ғажап өнеріңізбен адамдардың жүрек қылын шерте беру үшін, өз көрермендеріңіздің көңілінде шұғылалы шаттық оята беру үшін зор денсаулық тілеймін.

Сіздің творчестволық табысыңыздың өсе беруін және өзіңізге-өзіңіз не жақсылық тілесеніз, соның бәрін мен де Сізге шын пейіліммен тілеймін.

Шын тілекпен бетіңізден қатты-қатты сүйдім. Хош болыңыз деп айтқым келмейді, айтпаймын да, өйткені біздің театрдың сахнасына әлі де талай-талай шығады деген үмітім бар.

Сәлеммен Татьяна Кондратьевна Татаршвили”.

“Қадірлі Гуляға талантын құрметтеуші көптің бірінен сәлем!

“Руставели” театрындағы кездесуде болып, өзіңізді көргендігімді пайдаланып, Сіздің Тбилисиге келіп, грузин операларына қатысқан кездегі айтарлықтай табыстарыңызға менің де шын қуанып, риза болғанымды білдіргім келеді. Нағыз театралдар мен қатал сыншылардың пікірлерін білемін деп есептегендіктен, Сіздің Тбилиси көрермендері мен тыңдаушыларын бірден баурап алғаныңызды сенімді түрде хабарлаймын.

Сонымен бірге, өзіңіздің мейірімді де еңбекқор жерлестеріңізге бүкіл елге ортақ мәдени дамуды өркендетуге, әсіресе Орта Азиядағы, мәдени

жетістіктерді дамытуда табысқа жете берулеріне шын көңілден тілектестігімді жеткізуіңізді өтінемін.

Сізге көптен-көп алғыс білдіруші грузин тілекшісіз –

Г. Катшали”

“Қадірлі Күләш!!!

Сізді операда және концертте тыңдағаннан кейін Өзіңізге деген таң қалуымды білдірмеуге шыдамым жетпеді. Сіз қаншалықты асыл сезімдерді ояттыңыз. Сіздің бойыңызда ерекше музыкалық сезімталдық, дауыс байлығы және ғажап артистік тепе-тең жиналған. Ешқандай жалғандығы, әдейілігі жоқ табиғи келісім. Сіздің бойыңыздағы адам түсініп жетпейтін әсемдік өніізден де сол күйі төгіліп тұрады. Сіз өзіңіздің қазақ әндерінің әуезділігі мен әсемдігін қалай жеткіздіңіз?! Оның бояуы мен әсемдігі қандай? Ал, орыс әндері ше? Шынымды айтсам, Сіздің орындауыңызда “Что стоишь качаясь, тонкая рябина” өнін тыңдағанда, көзімнен жас шығып кетті. Сіздің РСФСР-ға келіп, ондағыларға Өзіңіздің шеберлігіңіз бен мәдениетіңізді көрсетсеңіз деген өтінішім бар. Қазақ халқының мақтанғандай жөні бар екен. Сіз жасаған Маро мен Баттерфляй есімде ұзақ сақталады, ал бұлбұл үніңізді ұмыту мүмкін емес. Жақын арада Сіз бізге өзіңіздің Татьянаңызды көрсететін шығар деген үмітім бар және оны ойша елестетіп те қойдым. Осындай анасы бар балаларыңыз бақытты болсын, оларды шын пейіліммен сүйемін.

Өзіңіздің ата-анаңызға менен арнайы сәлем айтыңыз, осындай тамаша қыз тәрбиелеп өсірген олар тамаша адамдар болуға тиісті.

Сізді шын құрметтеуші Вера Цариковская.

Сіздің үй ішіңізбен және сахналық көріністерде түскен суретіңізге ие болғым келеді. Қиынсызбасаңыз салып жіберсеңіз деп өтінер едім және күні бұрын шексіз алғыс айтамын.

В”.

Келген хаттарды оқи қояйын деп отырған Күләш стол үстіндегі хаттардың әлі де толып жатқанын байқады. Арасында телеграмма да жүр. Хаттарды кейінге қалдырып, соған қолын созды.

“Тбилиси. Опера театры. Байсейітоваға.

Шын жүректен құттықтаймыз, қымбаттым! Және бұдан да зор табыс тілейміз. Женяға сәлем де. Сүйдік.

Хадиша, Байғали”.

Рахмет, айналайындарым.

Бұл елден екен. Шамасы, алғашқы хабарды радиодан тындай сала жіберген болды. Осының бәрі бір күнде. Шаттанбау да мүмкін емес.

Тбилисидегі келесі күндер “Чио-чио-санды” дайындаудың әбігерімен өтті. Күләштің қаламен де, халықпен де танысуға уақыты болмады. Әйтеуір, театрда қолы қалт етсе болды, Тамара Канделаки Грузияның өнер тарихынан өзі білгендерін үзіп-жұлып айтады. Үзіп-жұлып айтатыны – кәсілтіп әңгімелесетін уақыт жоқ. Бар уақыт өлшеніп, кесіліп қойылған. Ыңғайына қарай ауыстыра салатын тек өзіне ғана байланысты емес, коллективтік еңбекте коллективтік тәртіп те керек. Бірақ сол аздаған мағлұмат та Күләш үшін біраз байлық болды.

Өткен соғыс жылдарында Алматыда тұрған кездерінде де Тамара өз халқының тарихын, өнерін, ерекшеліктерін әр кезде еске алып, айта беруге құмар-тын. Бірақ ол кезде мұндай лирикалық шегіністерге уақыт, жағдай жоқ еді, әрі туған елден жырақта жүрген адамның сағынышындай қабылданатын да қоятын. Осы жолы Грузияға келемін деп жиналғанда да Күләш біраз мағлұматтарды қарап еді. Бірақ оның бәрі теңіздегі тамшыдай-ақ екен. Тарихы мың жылдап саналатын елдің жерін басып жүргенде оның әсері де ерекше көрінеді екен. Елді түгел аралап көретін мүмкіндігінің жоғы-ай! Қандай ғажайыптарды көрер еді. Бір адамның өмірі деген қып-қысқа екен-ау... Алпыс, жетпіс... тіпті, сексен-ақ болсын, бәрібір қысқа. Оның үстіне кешегі соғыс адамдарды қаншама жылға қартайтып кетті. Он жылға, тіпті, жиырма жылға шығар...

Күләш соғыстан кейін ауылға шыққан бір сапарын еске алды. Ауыл адамдарының жүзіндегі қайғының, қасіреттің табын көріп жаны түршіге қиналған. Майдан даласында да ондайды көрген жоқты. Өлде ондағы жауынгерлер өлім мен өмірдің сәт сайын кезектесіп белдесіп отыруына әбден үйреніп, өмір сүрудің әлдеқандай бір ерекше тәсілін үйреніп алған ба, өлде

елдегі адамдардың қайғысының сыры бөтендігінен бе?..
Әйтеуір, қашаннан өнер десе бүйірі қызып тұратын
қазаққа сол бір ауыл адамдары ұқсамай-ақ тұрған. Тіпті,
балалардың жүзінде әлдеқандай сақтық, ересектік бар.

Осы пайымдаулардың бәрі Күләшқа қазір адам өмірінің
тарих алдында айтып жеткізгісіз қысқалығын елестеткендей
жаңадан жаңғырығып жетті. Иә, сол он-жиырма жылға
бірден қартайып қалған адамдар, енді жүз жасаса да қанша
нәрсені көріп, біліп үлгереді? Тым аз ғой, аз.

“Реті келгенде өзіммен бірге сапарға балаларды алып
шығайыншы, – деп ойлады ол бір күні театрға келе
жатқанда, Тбилиси көшелеріндегі әр түрлі сәулет
өнерінен хабар беретін әр қилы үйлерге көз тіге, –
осы бастан көре берсін. Солар әкесі мен шешесінің
түсінбегенін түсініп өсер, көрмегенін көріп, үйренер”.

“Чио-чио-сан” табыспен өткен соң, Күләш келген
мақсатын, міндетін абыроймен атқарғанын іштей бір
сәт ризалықпен еске алды. Спектакльдерге қоса
концертті де табысты өтті. Жалпы жұрттың қабылдауы,
театр коллективінің пікірі қосыла келіп, қанат
бітіргендей сезімге бөленді. “Евгений Онегин” операсы
көрсетілмей қалды. Бірақ ол Күләштің кінәсынан емес.
О баста үш операға деп шақырғандықтан, азғантай болса
да артық уақыты қалды. Осыны пайдаланып Күләш
бірнеше ұсыныстың ішінен Тбилисиден онша қашық
емес, шағын ғана қалашық – Гориге баруды қабылдады.
Және өзінің концерттік сүйемелдеушісі Е. Павловамен
кеңесе отырып, жеке концертін беруге ұйғарды. Бұл
әрі қала халқына құр қол барудан құтқарады, әрі мынау
грузиндердің өзіне, өнеріне көрсеткен ықыласына,
көмегіне, жанашырлығына жауабы іспетті.

Гори, шынында да, кішкентай ғана қала екен.
Зеңгір аспан, жасыл орман, көкшіл таулар аясында ақ
тастан салынған қалашық ертегілердегі сарайдай өсер
етеді. Бұлар келіп жеткенше, мұның концерт береді
деген хабары әлдеқашан тарап кетіпті. Халық көптен
күткен қонағын қарсы алатындай мәз-майрам. Күндіз
Күләш балалар үйінде кездесу өткізді. Балалар үйінің
тәрбиеленушілері дегенді бірөңкей киімдері ғана
өйгілеп тұр. Әйтпесе, әрбір ұл мен қыздың жүзінде,
көзінде өзіне ғана төн ұшқын әрқайсысының өзіндік
мінезі, үндерінің өз ерекшелігі бар. “Бұлар бақытты

болашақ иелері”, – деп ойлады айнала қоршап тұрған қара көз бүлдіршіндерге қарап Күләш. “Бұлар қайғы дегенді, соғыс дегенді тарихтан оқып қана біледі”, – деп ойлады ол, сәбилердің тап-таза сыңғырлаған күлкісін тыңдап отырып.

Концерт те шабытпен өтті. Қаланың шағын Мәдениет үйінде ине шаншар орын жоқ. Жаздың жайдары мезгілі болғаны абырой болды, ашық терезе түбінде ішке сыймаған халық топырлап тұрды. Күләш, егер халық аса ұнатып жатса, деп қалтарысқа сақтаған опералық арияларды да айтты. Әйтпесе, жеке концертте операдан ариялар айтуға онша әуес емес-ті. Шын көңілімен өнерін ұсынған әншіге деген халық құрметі де шын жүректен шыққан ыстық ықыласпен жетіп жатты...

— Күләш-ханым, мына концерттен түскен қаржыны аударуға сіздің сәтіңіз керек еді?

— Ө? Неге дейсіз? – Кенет Күләш сұрақтың мәнін түсініп, бір түрлі мейіріммен жымыды. Сол жымыған қалпында:

— Жоқ, – деп жауап қайтарды. Сонан соң әлдебір тақпақты оқып кетті. Ештеңеге түсінбей иығын қиқаң еткізген Мәдениет үйінің қызметкері кетіп қалудың есебін таппай тұра берді.

“Ваш чудный образ, Баттерфляй,
И плачь Маро в “Даиси”,
Наполнил душу всех людей,
Особенно в Тбилиси.
Теплом и радостью за Вас,
За вас и за казахов” –

деді Күләш жұмбақ жымыспен. Сонан соң:

— Жоқ, қаржыны маған емес, осындағы кеше мен кездесу өткізген балалар үйіне аударыңыз, – деді сөзін жалғап.

— Қалайша, бәрін бе? – деді таңырқаған қызметкер.

— Әрине, бәрін. Біздің қазақта “Жақсылық етсең – бүтін ет” деген мақал бар.

— Рақмет. Рақмет, Күләш-ханым. Сіздің жүрегіңіз асыл.

Қызметкер нені де болса көпсітіп, әсерлендіріп әкететін грузин әдетімен алғысты үйіп-төге келіп, кенеттен:

— Күләш-ханым, өлгі тақпағыңыз не? — деп сұрады.

— Ол менің Маром мен Баттерфляйіме Тбилиси оқушыларының сыйлығы. Керемет өлең емес пе?

— Тамаша!

Иә, Маро грузиндермен қалтқысыз таныстырды, табыстырды. Мұндағы гастрольдік спектакльдер, концерттер, кездесулер бірінен-бірі табысты боп жалғасты. Күләштің көңілі де күннен күнге шарықтай берді. Шығармашылық шабыты шалқып, кемелденген күндері еді бұл. Жарқ етіп өткен өміріндегі айтарлықтай елеулі кезеңнің бірі де осы күндер болды.

Бұл кездесулерден алғаны көп пе, бергені көп пе, белгісіз. Әйтеуір, бос өтпеген күндер екені айқын.

“Казахстанская правданың” редакциясына!

СССР халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Күләш Байсейітоваға Тбилиси халқының шын ризашылығы мен ыстық ықыласын білдіруді өтінемін.

Күләш Байсейітованың келуі Советтер Одағындағы көп ұлтты халықтар достығы негізіндегі ұлы міндеттердің бірі — Қазақстан мен Грузин республикаларының арасындағы ұлттық байланыстың жарқын көрінісі екенін айтқым келеді.

Бүкіл Советтер одағына белгілі қазақтың сүйікті ақыны Жамбыл жырларына үн қосқан Күләш, Советтік Қазақстанда қандайлық ғажап тума таланттар бар екенін айқын көрсетті. Күләш Байсейітованың бұл сапарында, әсіресе, Захарий Палиашвилидің “Даиси” операсындағы Мароның орны бөлек те бағалы. Көрермендер Күләштің орындауында тек қана талантты қазақ актрисасын емес, нағыз грузин Мароны көрді. Үшінші актідегі Мароның жоқтауын тыңдаған көрермен есін жия алмады. Бұл Байсейітова өнерінің жан-жақтылығын көрсетеді.

Тбилиси көрермендері өз көңілдерінде ерекше жылылықпен, мейіріммен сақталатын Күләш Байсейітоваға, оның өнеріне зор алғысын білдіреді және актрисаның Грузияға ендігі сапарлары өздері үшін нағыз мереке болатынын хабарлайды.

Тамара Бобкова-Канделаки”.

ЦГАФ Каз. ССР. Фонд 1630, опись № 1, 36 ед. хр.

Барлық хаттар және телеграмма да сонда.

Газет редакциясына жолданған бұл хат Күләштің Грузияда өткен гастрөлінің ресми жауабындай еді.

Қайрақпайдың тымағы

“Театр киім ілгіштен басталады”.

— Күлеке, сәлеметсіз бе? Әлі уақыт бар ғой, сонша асығып қайда барасыз?

— Кәукенбісің, сәлемет бол. Кешігіңкіреп шығып, асығып келе жатқаным ғой. Өздерің дайынсыңдар ма?

— Дайынбыз. Біз мана келгенбіз. Енді Әукеңді күтіп жүргенім.

— Немене, ол әлі жоқ па?

— Келуін келді ғой, бірақ костюмердің әкелген тымағын Қайрақпайдікі емес деп дауласып жатыр.

Жүре сөйлесіп келе жатқан бұлар, сол арада даулы әңгіменің куәсі боп қалды.

— Жоқ, бұл Қайрақпайдың тымағы емес.

— Ойбай-ау, енді кімдікі? Менің тымағым дейсіз бе? Мұндай жыртық тымақ бүкіл театрда жалғыз.

— Ал, Қайрақпайдың тымағы әлемде жалғыз. Немене, мен өзімнің киімімді танымаймын ба? Оның мұндай жыртығы жоқ болатын.

— Ал басқа жыртық-тесігі ұқсай ма?

Костюмдерді қарайтын әйел ыза болғаннан қолындағы тымақты сілкіп-сілкіп қалды. Өзі де өзер тұрған тымақ мұндай күшке шыдамай дыр-р ете қалды. Манадан терісіне сыймай ашуланып тұрған Әнуарбек, мұны көргенде тура жарылып кете жаздады.

— Әй, шөпжелке неме, қалай-қалай сермейсің қолыңды?!

Қозғама! Қозғама дедім ғой, саған! Андағы жыртықты өстіп жыртқан екенсің ғой. Бәсе, оның мұндай жыртығы болмайтын. Бері әкел. Осындайларды театрға қалай жұмысқа алады екен, түге. Шығарып жіберу керек өзінді. Тоқта, спектакль бітсін, мәселе сонан соң...

Әнуарбек жұлым-жұлым тымағын қолына еппен ұстап, киінетін орнына қарай кетті. Әлі де әлдене деп ренжи сөйлеп барады.

Әрі осыншама сөз естіген, әрі онысына Күләштай

адамның куә болғанына күйінген костюмерша жылап жіберді.

— Қой, оның не? Костюм артистің бір байлығы, сонсоң ренжіп жатыр, оны түсіну керек.

Күләш қапелімде сасып қалып, қолындағы көйлегін орындыққа тастай беріп, костюмершаның басынан сипады. Біреу жұбатқанда әйелдің онан бетер жылайтын әдеті ғой, ол тіпті үдеп кетті. Сол сәтте:

— Өукеңнің мінезі солай ғой. Оған қапаланбаңыз. Көңілінде ештеңе жоқ, бер жағымен ашуланады ғой, — деп бұл араға Кәукен қосылды.

Кенет жылап тұрған костюмерша:

— Отырмаңыз! — деп шар ете қалды.

Жанындағы орындыққа тізе бүге берген Кәукен шегеге отырғандай атып тұрды, бейқам тұрған Күләш та селк ете қалды.

— Не? О не?

— Не боп қалды?

— Хадишаның көйлегі, — деді, мына кісілерді соншама абыржытқанына бұрынғыдан бетер қысылған костюмерша, жаңа Күләш тастаған көйлекті қолына ала беріп, — қыртыстанып қалады, сонан соң тағы ұрсасыз ғой.

— Е, алла, даусыңыздың ащысы-ай.

Кәукен сасқанынан аузына түскен сөзді айта салып, бөлмеден шығып кетті. Күләш күліп жіберді.

— Костюмнің бағасын түсіне бастадыңыз ғой деймін. Тымағын байқамай жыртып алғаныңыз үшін, спектакльден кейін Өукеңнен кешірім сұраңыз.

— Әрине, әрине. Өзім де байқамай... Киімдердің артына түсіп кеткен екен, ала бергенде әлденеге ілініп жыртылып қалғаны. Бірақ соны қалай байқады екен, ол тымақтың өзінің де сау жері жоқ еді.

— Ә, ол үшін Қайрақпай және Әнуарбек болу керек.

Күләш киініп, гримін салып жатқанда есіктен Әнуарбектің басы көрінді.

— Күлеке, ине-жібіңіз бар ма?

Оны үнсіз түсінген Күләш, столдың суырмасынан ине-жіпті ала беріп, күлімсіреп қойды.

— Әуке, сіз әлгінде қатты айттыңыз ғой. Әйел адам қанша дегенмен жұқалау келеді, ескермедіңіз бе?!

— Өзім де соны ойлап тұрмын. Әй, бірақ өзі де қасарысып

болмайды. Шынын айтқанда несі кететін еді, жыртып алдым деп. Өзі жылап қалды-ау деймін, бар болғыр...

— Сөйтті. Кешірім сұраңыз. Сонан соң қаталдау ескертіңіз, костюмнің қандайы да өз орнында ерекше екенін сезіп жүрсін.

— Бұның дұрыс ақыл болды. Сүйтейін.

Уақыт өткізу үшін дәлізде жүрген Кәукен ашық есіктен бұлардың әңгімесін құлағы шалып қалды да, таңдана басын шайқады. Күләштің қайдағы бір костюмершаның жоғын жоқтағанына, үп-үлкен адамға одан барып кешірім сұра дегеніне таң қалды. Артынша Әукеңнің одан кешірім сұрап тұрғанын елестетіп жымысып қойды. Ине-жіпті не істейді екен деп, Әнуарбекпен ере киінетін бөлмеге кірді. Әукең креслоға жайласып отырып, Қайрақпайдың тымағын тіге бастады.

— Өзінің де сау жері жоқ, Әуке, оның несін тігесіз?

— Е, неге тікпейін, бұл артық жыртық қой.

— Ана бұрынғылар ше?

— Олар Қайрақпайға жарасатын жыртықтар. Тіпті олары керек жыртық. Егер Қайрақпай бүп-бүтін тымақпен жүрсе, ерсі көрінеді. Сондай-ақ мен мынаны қазіргісіндей жалбыратып киіп шықсам, жұрт: “Мына Әнуарбек Үмбетбаев деген костюмнен түк түсінбейді, тек қолына тигенін киіп шыға береді екен”, — демей ме?! Ал, енді қара.

Әнуарбек тігіп болған тымағын киіп, айнаға барып, онысын сәндеп түзеп қойды.

— Қалай көрінеді?

Әлде шынымен солай ма, әлде Әукеңнің әңгімесінің әсері ме, тымақ шынымен жан біткендей құлпырып сала берді.

— Тамаша, Әуке.

— Әне, солай. Қайрақпай да көңілінің желі бар адам, ол да барын жөндеп кигенді ұнатады. Ал, жоқты қайтсін...

Одан соң Әнуарбек еппен шым-шымдап тартып Қайрақпайдың мәсісін киді, оның біреуінің жұлығынан шұлғауын сәл шығарып қойды, біреуінен башпайы жылтырып тұр.

Кәукен жалғыз өзіне арнап спектакль көрсеткендей аңырып қалыпты. Әнуарбектің костюм кигендегі бүкіл

қимылы ерекше төртіппен орындалатын қағидадай салтанатты. Өлдебір аса маңызды іс атқарғандай өзі де сабырлы, тіпті, сәл-пәл қатулау. Бәрін бітіріп, айнаға барып, өзін жан-жағынан түгел байқап шықты. Дайындығына әбден көзі жеткенде барып разы көңілмен мардымси, манағы ине-жіпті алып бөлмеден шықты.

Каукен аңырған күйі:

— Ап-пыр-а-ай, ө... – деді таңдана, әлденеге разы бола.

Спектакль соңында грими мен костюмі онша күрделі болмаса да, ол асықпай, кідіріңкіреп жиналды. Қайрақпай – Әнуарбек әуелі мәсісін еппен шешіп алып, шұлғауын ішіне салып, үстелдің үстіне қойды. Тымағын шешіп, айналдыра қарап, жабысқан бөгде қыл-қыбырын алып тастап, мұны мәсінің үстіне қойды. Ақырында қалған киімдерін шешіп, креслоның арқалығына ілді де, тартпаларды ақтара жүріп әлдеқайдан бір кездей кендір жіп пен газет тауып алып, Қайрақбайдың мәсісі мен тымағын орап, сыртына қатты батырмай кендірмен байлап қойды. Осылардың бәрін бітіргенде ғана гримін сұртуге отырды. Есіктен костюмдерді жинауға манағы әйел көрінгенде, Әукен вазелин жаққан бетін ысқылап жатқан.

Кәукен бұларды қызықтай бағып, үнсіз отыр.

— Әнуарбек Үмбетбаевич, сіз кешіріңіз, мен байқамай... енді ептеп ұстаймын...

Тағы да ұрсып тастай ма дегендей, костюмдерге қолын жасқаншақтай созып, күбірлей берді. Оны көріп орнынан тұрған Әнуарбек те:

— Сіз де мені кешіріңіз, қатты айттым ғой деймін. Сіз түсініңіз, бұларды ептеп қолданбаса, енді табылмайды ғой, – деп қипақтады.

— Әрине, әрине, менікі дұрыс емес. Кешіріңіз, құдай үшін. Мыналарды алайын ба?

— Ал, ал. Жоқ, өзім апарып берейін.

Әнуарбек апалақтап бүкіл костюмді қапсыра құшақтай есікке беттеді. Газетке ораулы мәсі мен тымақты байқаған костюмерша, оны ерекше бір бой тұмардай алақанына салып артынан кетті.

Манадан бері еңгезердей Әнуарбектің баладай қипақтағанына, әрі шұрық тесік тымақты табылмайды

дегеніне күлкісі келіп отырған Кәукен қарқылдап күліп жіберді.

— Апыр-ай, — деді күле отырып.

Биікке бастаған жол

Репетиция аяқталып, жұрт түгел тарап кеткенде, шаршағаннан құр сүлдері қалған Күләш, қимылдауға шамасы келмей отырып қалды. Біраздан соң барып, айналасына марғау көз салды. Көз салғанымен көңілін еш нәрсе бөле алмады, ойында әлі көбелек-қыз тағдыры тұтасып тұр еді. Кенет есік сыртында әлдене тарс етті. Оқыс дыбыстан селк етіп бойын жиып алғанда барып, өзінің репетиция залында жалғыз қалғанын, іштей әлі де болса, Баттерфляй сазының жетегінде отырғанын санамен сезгенде ғана баяу орнынан тұрды. Тұрған бетінде театрдан шығып, үйге қарай жүре берді. Үйреншікті жолмен келеді. Ойы алыста.

Страна Восходящего Солнца!

Қалай ғажап атаған. Бізше қалай? Күншығыс Елі ме? Әлде, Шыққан Күн Елі ме? Бәлкім, Күн нұрын төккен Ел шығар? Қалай десе де, ғажап қойған. Ал өздері қандай екен? Заты да атындай ғажап ел ме екен? Кім білсін... Көбелек-қыз тағдырына қарап ғажап деуге келмес те. Көбелек-қыз – Баттерфляй. Тағдыры аянышты, тұлғасы таңданарлық бейне. Соншама тәлкек болғанына қарамай, соншама ерлікті қайдан алған? Өлу деген – ерлік қой. Ездiң, қордың қолынан өлу келер ме едi?! Жоқ. Сол Пинкертоның қолынан өлу келер ме едi?! Жоқ, жоқ. Ондайлардың қолынан тек өлтіру келеді. Қорлықпен, зорлықпен, әйтпесе, аярлықпен өлтірер. Ал Баттерфляй ондайдан жоғары. Тоқта, тоқта. Ол Пинкертона кездескенге дейін тәнін сатып күнелтті. Иә, күнелту үшін арын аяқ асты етті. Сонда оның ерлігі қайда еді?.. Махаббат. Міне, міне, ол Пинкертомен кездескеннен кейін ғана махаббат деген құдіретті сезімді танып білді. Оған дейінгі бар ойы, тірлігі кедей шешесі мен өзінің аштан өлмеуі үшін күнелту ғана еді. Өзі сияқты жүздеген, мыңдаған тіршілік иелеріндей жалпы ағыспен аға беру болатын. Егер Горо өзінің құлқыны үшін Пинкертоның қызға көзі түскенін пайдаланып қалуға

тырыспағанда, сол тұрлаусыз тіршіліктің ырқымен кете берер еді. Аяқ астынан Пинкертонның: “Сені сүйемін”, – дегені қыздың бұған дейін өзі білмеген, армандап та көрмеген махаббат сезімін оятты. Оятты да, ғарышқа самғатты. Жанының бар тазалығымен, пәктігімен ашылып, құлай, беріле сүйді. Ол, тіпті, Пинкертонның өзін қаншалықты сүйетініне, сол сезімнің бар-жоғына да назар аудармады. Себебі – сенетін. Өз көңіліндегі алауға, ертеңнің де дәл бүгінгідей алаулап тұратынына сенімді еді. Ол сенім – махаббат деп аталатын. Ол ендігі жерде тек сол сеніммен, адалдықпен, сүйіспеншілік атты құдіретті сезім қуатымен ғана өмір сүрді. Солардың жоғалғанын білгенде... Жо-жоқ, ол мүмкін емес. Соншалық тазалықтан, соншалық биіктен соншалық лас, соншалық қорлыққа көшетінін білгенде... Иә, ендігі қорлық тірлікке өрлігі жібермейді. Жалғыз жол – өлім.

Күләштің ойын кенет қарсы алдынан соққан самал бөліп жіберді. Біртүрлі сарайыңды ашатын салқын самал. Айналаны көктем салқыны қамтып алған. Аспан шымқай көкке боялған. Бала қайыңдардың діңдері күн мен жерден келген жылылықты ертерек сезіп бусана бастаған. Алатау ғана өзінің мығымдығын сезгендей, ақ қарлы бастары селт етпей маңқиып жатыр.

Күләш үйге келгенде, күндегі мезгілінен кешіккеніне алаңдаған анасы шайды қайта-қайта ысытып, әбігерленіп жүр екен. Ерте келген Қанабек тынығып алғанға ұқсайды.

— Сен келмеген соң, апам тамақ бермей қойды, – деп әзілдей қарсы алды.

— Шаршап келдің ғой, құлыным, күндегі жұмысың ба?

— Күндегі жұмыс қой, апа. Тек бұл қиындау жұмыс, бірінші рет қой.

— Қайдам, қашан сендердің бірінші емес деген күндерің бар еді!..

Күләш киім ауыстырып, жуынып келгенше, шешесі дастарқан жасап та үлгерді.

— Сен тамақ ішпеген адамға ұқсамайсың ғой, – деді Күләш Қанабектің манағы әзілін еске алып.

— Апам берген жоқ, бірақ мен қазан үстінен жеп алдым.

Күйеу баласының бітпейтін әзіліне енесі де күліп жіберді.

Шай үстінде әдеттегідей жұмыстан кейінгі кеңестері басталып кетті.

Театрда штаттағы режиссер болғанымен, “Чио-чио-сан” Наталья Сацтың алғашқы жұмысы. Бұл – қазақ труппасының Батыс Еуропа композиторлары шығармалары арасынан қоймақшы бірінші операсы. Сондықтан шығар труппа да, режиссер де істі ең әуелі сақтықпен, байқап бастады. Москва, Ленинград сияқты қаладан келген режиссер үшін де қаны сорғалаған таза италян мектебі мәнеріндегі операны, дүние жүзілік опера қорының бірегей шығармалары қатарында тұрған туындыны, қазақ труппасымен шығару қиынға соғатыны түсінікті еді. Екі жағы да сыр бермей шыдады. Труппа режиссердің айтқанын істеді, айдағанына жүрді. Режиссер труппадағы әрбір әншінің ерекшелігін, характерін аңғаруға, сырын ашуға талаптанды. Әрқайсысын бөлек-бөлек байқап көрді.

Қазір ол күндер артта қалды. Жұмыс барлаудан өтіп, негізгі межеге бет алғандай.

— Режиссер сенімен көбірек жұмыс істеп жүр-ау деймін, кеше Ольгамен біреулердің күңкілдесіп тұрғанын естіп қалдым, – деді Қанабек.

— Маған да солай сияқты. Бірақ бірінші премьераны бере қояр ма екен? Әлі ашып айтқан жоқ. Және Ольга партитураны бұрыннан біледі.

— Сенен басқа да бірінші бола ма? – деп, кенет сөзге араласты, қызының қабағындағы кірбің бірінші болмай қалам ба деген күдіктен туды ма деп ойлаған анасы.

Тосын сұраққа қапелімде аңырып қалған Күләш пен Қанабек қосыла күліп жіберді.

— Әрине, апа-ау, бар ғой. Қызыңыздан асатын ешкім жоқ деп жүр екенсіз ғой.

— Е, ендеше, шықпай ма осы күнге дейін.

Анасының қамқор, әрі қимастық көңілін түсіне отырып Күләш Баттерфляй хикаясын қысқаша айтып берді.

— Мәселе бірінші болуда емес, апа, елдің сенімінде ғой. Мұндай опера біздің театрда тұңғыш рет қойылғалы отыр. Сәтті шықса бәрімізге мерей. Ал, бірінші кезекті берсе... Несі бар, онда, тіпті жақсы. Қалай да, бұл қиын жұмыс. Көп үйрену, көп іздену керек.

Шайдан кейінгі үй ішілік әңгімеден соң, Қанабек

театрға кетті де, Күләш демалуға қисайды. Бірақ көңілі алаң болғандықтан ба, ұйықтай алмады. Өрі-бері аунақшып, ақыры тұрып кетті. Столдың суырмаларын ашып, әлдебір қағаздарды қопарыстырып отырып, бір бөлек бүктеп қойылған газеттерді алып қарады.

1936 жылғы Онкүндік кезінде шыққан газеттер екен.

“Сұлулық жөніндегі бүкіл жер жүзілік ғылымды жинаса, Советтер Одағының халықтары шығармашылығының бір бөлегін де қамти алмайды. Москвадағы өнер білгіштерінің ішінде провинция трубадурларының өндерін түгел білетіндер аз емес. Бірақ “Қыз Жібек” әңгімесін, оны сүйген Төлегеннің, қазақтың лирикалық поэмасындағы осы Ромео мен Джульеттаның әңгімесін білетіндер шамалы болар. Білмегені өкінішті-ақ. Өйткені, поэманың образдары айта қалғандай тамаша. Мұнда нәзік сезім өте күшті. Жас Қыз Жібек пен сүйкімді Төлегеннің арманына жете алмай кеткеніне қынжылмайтын адам табылмаса керек.

... “Қыз Жібек” музыкалы пьеса деп қана аталған, шындығында, нағыз музыкалық поэзия, бұл осы тектес шығармалардың жоғары үлгілерінің бірі. Оның авторлары – қазақ халқы, ертедегі ел жыраулары.

... Жасаушылар соны сақтаған, олардың негізгі еңбегі де сонысында.

“Қыз Жібектің” бірінші пердесінің шымылдығы ашылғанда, залдағылар ду қол шапалақтады. Шынында, көз алдымыздағы сурет айта қалғандай еді. Асқан әсем үйде неше түрлі асылды киінген қазақ қыздары жиналған. Пьесаның бүкіл музыкасы қандай болса, қыздардың қосылып салған әні де сондай тамаша екен. Қазақ әнді әдемілеймін деп бұрмайды, ашық дауыспен салады, бұл әдіс бізде үйреншікті емес; дегенмен осыған құлағымыз тез үйреніп кетті. Тегінде, бұл үйреншікті еместің өзі қалыптан тыс нәрсе емес. Қазақ өндері орыстың халық өндерінен қашық жатқан нәрсе емес, қайта көп реттерде өте жақын келіп отырады. Қазақ домбырасы орыстың көдімгі домрасының бір туысқаны, бұл әлдеқалай ғана іс емес.

Әлден уақытта сахнаға “Қыз Жібек” пьесасының бас героинясы қазақ аңызындағы атақты хан қызының өзі шықты. Қыз Жібектің рөлін орындаушы Күләш

Байсейітова Қазақстанның ең жақсы көретін артисткасы дейді. Күләшті сахнада ең болмағанда бір рет көрген адам бұған сенбеуі мүмкін емес.

Күләштің таланты адам айтқысыз. Күләштің сахнадағы ойыны мен салған әндерінің әсері өте күшті, тіпті, көруші қазақ тілін білмегенін ұмытып, оқиганың бәрін артисканың ойынынан ұғынып отырады. Оның жүріс-тұрысы тамаша, өте әсем, мимикасы табиғи, даусының өзгешелігі – әнді айта қалғандай еркін салатындығында, ырғағының байлығында. Дегенмен, Күләш талантының ең күшті жағы – оның елден ерекше музыкалылығында.

Қыз Жібектің ең жақсы көріп салатын әні “Тәккудің” өзі тамаша ән, ал енді соны Күләш айтқанда, тіпті керемет жандырып жібереді...

Городинский”.
(“Правда”. Май, 1936 ж.)

“Күләштің таланты адам айтқысыз”, – депті автор. Бұл – Қыз Жібек қой. Және 1936 жыл. Ал қазір 1944 жыл. Және Чио-чио-сан. Наташаның айтуы бойынша Чо-чо-сан. Өйткені итальяндықтардың өзінде осылай екен. Біз өзімізше, орысша айтып жүрміз дейді. Ал бүкіл әлемде дұрыс айтылады. Ендеше әлемдік биік өнерге қол созған біз де бүкіл әлемдегідей етіп айтпаймыз ба?! Сөйтіп өткен он жылдан бері өсу, түлеу қайда? Оны жұртшылық іздемей ме? Одан бергі уақытта жұртшылықтың көрсеткен сенімі ше? Одан соң, Баттерфляй Жібек, Хадиша, Аймандардың қайсысына жақын? Жоқ, бұл басқа, басқа болу керек. Бұның тағдыры да, тірлігі де басқаша. Сүйте тұрып, бір ортақтастығы да бар ма?..

“Чио-чио-сан” бірде бір ұлттың шекарасымен шектелетін әйел емес, бұл ардақты ананың, аяулы жардың бар құдіретті қасиеттерінің жиынтығын бейнелейтін әйел болуға керек”.

“Осы шешімім қалай болар екен? Мен мұны Наташамен ақылдасайын”.

Манадан бері маза бермеген ойы бір түйінге тоқыраған соң, Күләш үлкен бір жұмыс тындырғандай жеңілденіп сала берді. Қобыратып тастаған қағаздарын жинап, орнына салды да, шашын қайта тарап, өрді. Сонан соң асығыс жиналып, театрға беттеді. Күләштің асығып келе жатқанын терезеден көрген Наталья Сац, оның өзіне келе жатқанын сезгендей, түймесін сала берген күздік

пальтосын қайта шешіп, іліп қойды. “Дәу де болса, тағы бір идея ойлап тауып, соны айтуға асығып келеді. Не деген тынымсыз адам, – деп күбірледі өзіне-өзі. Оның есіне операға алғаш кіріскен кездері түсті.

Операның табысты болуы режиссерге байланысты екені даусыз. Бірақ геройға, героиняға нағыз лайық әншілер табылмаса, қандай дарынды, қандай талантты режиссер де ештеңе бітіре алмас еді. “Чио-чио-сан” Сацқа жаңалық емес, бірақ қазақ артистері үшін жаңалық-ты. Барлық билікті түгелдей қолына берген театр директоры Аксарин жалғыз ғана ескерту жасап: “Байсейітованы басты партияға қою керек. Бұл қазір нағыз прима-әнші, барлық басты партиялардың даусыз иесі”, – деген. Бірақ бұған режиссер алғашқыда оншалықты елп ете қойған жоқ. Сондай-ақ Күләш бойынан, мінезінен театр маңындағы әлдекімдер айтып жүргендей астамшылығын да, мемендігін де байқамады. Рас, мұның бірінші байқағаны: денелерінің біршама ірілігі демесе, қазақтардың сыртқы пішінінде, бет-әлпетінде жапондықтармен біраз ұқсастықтары бар екен. Бары сол-ақ. Ал, Күләштің жасы Баттерфляйдан көп үлкен, сымбаты да талып түскендей емес. Театрда осының бәріне сай келетін Ольга Хан бар. Өрі соны бірінші кезекке қойыңыз деп сыбырлаушылар да жоқ емес. “Ойланбай-ақ Ольганы дайындаңыз, оларды, тіпті, салыстыру мүмкін емес қой”. Өрине, Ольга партитураны жақсы біледі, Баттерфляйдің ариясын бұрыннан айтып жүр. Бірақ О. Ханда өзі сахнаға шығармақ бейненің жан дүниесін, арман ағысын, ой-мақсатын іштей ұғыну, өз жүрегі мен сезімінен өткізу жағы жетіңкіремей жатты. Ал, Күләшқа келсек... Иә, бұл мүлдем күтпеген нәрсе еді. Алдыңғы күні репетицияда “сиді” ала алмағанына режиссердің қынжылып қалғанын байқаған Күләш: “Сен ренжіме, бұл “сиді” мен саған ертең айтып беремін, жарай ма? Қазір оның орнына басқа ноталарды айтып, соған көбірек машықтанайық. Және сен маған көбелек қыз жөнінде көбірек айт, ол маған пайдалы, жарай ма?” – дегені ғой.

Қанша қарапайым дегенмен Күләштан мұндай шын мойындауды күтпеген Сац, қапелімде үлкен жаңалық ашқандай болды. Дұрысында да, менің білмегенімді өзің айт, үйрет деп тұрған адаммен жұмыс істеу дегенің жеңіл әрі ыңғайлы емес пе? Бұған төккен терің де адал...

Сац бір сәт ойға шомып кетіп, есік ашылғанда, селк ете түсті.

— Наташа, кетіп қалмағаның қандай жақсы. Мен сенімен кеңесуге келдім. Шаршап отырсың ба, ренжіме, мен бір сәтке ғана...

— Жо-жоқ, шаршап емес, ойланып кетіппін. Келіңіз, келіңіз. Сізбен кеңесу маған да пайдалы.

“Шының ба?” дегендей, Күләш қастарын әнтек көтеріп, шұғыл көз тастады да, пальтосын ілуге бұрылды.

Неден бастарын білмеген Күләш ауа райын, өткен репетицияны сөз етіп бөгеле беріп еді, оның екпінінен, жүзіндегі ерекше толқынды нұрдан іштей көп толғанған бір мәселемен келіп тұрғанын байқаған Сац, әңгімені жалпы қазақ өнеріне бұрды. Өнер жайлы жүйелі білімі бар, тәжірибесі де бай режиссер Күләштің ішкі сезімталдығына, өнерге деген таза махаббатына, логикасының жүйелілігіне, суреткерлік көрегендігіне осы жолы шын таң қалып, шын ден қойды. “Көкірегі өсіп кеткен. Өнермен емес, атақпен алады”, – деген сыбыркүбір сөздер бұған да жеткен. Содан да, осы кезге дейін түпкі ойын білдірмей, бір байламға келе алмай, репетицияны да барлығына бірдей өткізген. Операдағы ерлер партиясын орындаушылар мәселесі, негізінен, даудамайсыз шешіліп еді. Өзінің бары мен мәнін іштей сезінетін Әнуарбек Үмбетбаевтың сыртқы паңдығы, келбетті кескіні, сымбатты тұлғасы: “Мен Пинкертонмын”, – деп тұрғандай. Сол сияқты Гороға Мүсілім Абдуллин мен Қанабек Байсейітов, Шарплеске Ришат Абдуллин, Сузукиге Үрия Тұрдықұловалар іріктеліп шықты. Негізгі бейне Баттерфляй болса, ол Ольга Хан мен Байсейітованың үлесінде. Солардың қайсысын бірінші кезекке дайындау керектігін бүгінгі әңгіме айқын аңғартты. Жалпы білімге, оның ішінде театр жайында, осы қазіргі алып дайындап жүрген рөліне байланысты көп білгісі, көп тыңдағысы келетін Күләштің өз тарапынан да айтары көп-ті. Және мұныкі “тисе – терекке, тимесе – бұтаққа” деген беталды шашылу емес, өзіндегі өнердің бағытын, мүмкіндігін есептей отырып, оймен, санамен түсініп барып жарыққа шығару. Режиссердің көрсеткенін көлеңкедей қайталаған артистің барар шамасы белгілі. Ал режиссермен қатар іздене жұмыс істеген артист, нағыз өнерге керекті тұлға. Күләш осы соңғы топқа қосылатын сирек сандақ еді.

Осы бір ерте көктемдегі әңгімелерін Наталья Сац кейін де талай рет есіне алды. Негізінде, есіне алды

дегеннен гөрі, әр кезде үзіп-үзіп жалғастырды деуге келер. Онан кейін де, талай түңілдіре жаздаған сәтсіздіктермен қатар, көңілді көкке өрлеткен шабытты шақтар өтті. Ол кез Ұлы Отан соғысының қиын кездері еді. Соның бәрінің арасында ешқашан ізгі бағытынан, таза өнерінен айнымай қалған Күләш қана. Бірде бірнеше сағаттық репетициядан кейін әрі шаршап, әрі ренжіп отырғанда Күләш келіп:

“Қазір шықпай қалды, бірақ сен қынжылма. Ертең өн мұғалімімен, Женечкамен машықтанамын, репетиция басталардан бұрын ертерек келемін де машықтанамын, сонан соң шығады. Айтқаныңның бәрін істеймін. Бәрі де жақсы болады, ренжіме”, – деп еді.

Кейін, премьерда, сахнаға кірпік қақпай қарап отырғанда, режиссердің ойына сол түсті. Үп-үлкен адамның кінәлі баладай қипалақтағанына жүрегі шымырлап кеткен еді. Содан кәдімгідей сүйреу тапқандай серпіліп қалған.

Міне, премьерда. 14 май, 1944 жыл. Залда ине шаншар орын жоқ. Ол кездері залда ешқашан бос орын қалмайтын, бірақ Сацқа бүгін бүкіл қала келгендей, театрдың есік-терезелеріне дейін, түгелдей, адамға айналып кеткендей көрінді. Мұнша көп жиналар ма?

Операның өн бойындағы Күләш – Баттерфляйдың өсуі, түлеуі ғажап еді. Ес білгелі ешкімге тура көз тастап қарамаған, ешкімнен мүсіркеу, елеп-ескеру көрмеген жас қыз тұңғыш рет өзіне деген ілтипатты байқағанда, жасқаншақтай қол созады. Келе-келе оның жан дүниесінде қорғаншақ қыздың орнына, өзінің адам екенін, мынау ғаламат өмірден өзіне тиістісін талап ете алатын тіршілік иесі екенін сезерлік түйсіктер ояна бастайды. Бұл – махаббат атты қасиетті сезімді өз басынан тұңғыш кездестірген, оның өзіне беймәлім бар қасиетін қызыға қабылдай бастаған әйел жанының оянуы еді.

Баттерфляй бұл кезге дейін өзінің кім екеніне, жалпы әйелдің бұл өмірдегі орнына ой жіберіп көрген емес-ті. Әлдеқалай өмірге келген нәп-нәзік тіршілік иесін қатал тағдыр өзі сияқты жүздеген, мыңдаған мүсәпірлердің қатарында қатігез ортаға лақтыра салды. Күн көрудің небір сиықсыз, намысқа тиерлік азғындық жолдары да бұлар үшін пәлендей жаңалық емес-ті. Тигенін алып, табылғанын ішіп жүре беретін. Басқа адамның көзімен

қарағанда, соншалық сұрықсыз осы өмір, дәл осы Баттерфляй сияқтыларды оншалықты жиіркендірмейтін. Себебі олар бұдан басқа өмірді көрген емес, білмейді. Бұлардың бар мақсаты, ой-арманы бүгінгі ішетін тамақ, ұйықтап шығатын орын. Ол қалай табылады – бөрібір. Өйткені, бұлар туғалы бері жақсылық дегенді, адам аталатын тіршілік иесінің жоғары мақсаты, ұшқыр қиялы болады дегенді сезген емес. Лас ортадағы нас тіршілік бұлардың адамға төн қасиетінің бәрін таптап, ішіп-жеп қана өтетін хайуанға ғана төн түйсіктерін қалдырған. Баттерфляй сол ортаның өкілі еді. Оның төнін сатып күнелту өзі үшін соншалықты табиғи, үйреншікті жағдай. Себебі басқа табары жоқ. Өзі де, өзі сияқты жүздеген жап-жас қыздар да осы жолмен келе жатыр, өлі де талай уақыт талайлар осы жолға түседі. Оны өзгертейін деген, өзгеруі мүмкін-ау деген ой бұған ешқашан келген емес. Келмейтін де еді.

Міне, сол тіршілікке өзгеріс енді. Тағдырдың әлдеқандай бір толқыны мұны Пинкертонның төсегіне тап қылды. Иә, иә азғантай өмірінде талай еркектің құшағын көрген бейшара, ағылшын офицеріне де сол кезекті өткіншілердің бірі деп келді. Бұл басқалардан гөрі қымбатырақ төлейді екен, әзірге ерекшелігі сол-ақ.

Қалағанын істей алатын еріккен офицердің болмыс-бітімі түнде тапқанын күндіз ішіп жүрген бейшара үшін мүлде беймәлім болатын. Пинкертонның бұған басқалардан гөрі тартымды, жұпар иісті гүлді қызықтағандай ғана әуестікпен қарағанын аңғаратын мүмкіндік қызда жоқ-ты. Басындағы жасқаншақ әуестік жүре келе елігуге, одан сенімге, одан да өтіп махаббатқа ұласқан шақтардағы Баттерфляй – Күләштің түлеуі өзі түгіл өзгені таң қалдырғандай ғаламат құбылыс еді.

Осы сәтті қайталап айту керек – Күләштің Баттерфляй табиғатындағы осындай түлеуді, оянуды көрсетуі ғажап өнер құдіреті еді. Бұл оянуды актриса жай жетістік емес, нағыз ғажайып құбылыстай жеткізді.

Пинкертонның аяғын құшақтап, оның махаббатына білдірген алғысы ретінде өз сезімін ұяла айтып отырған он бестегі бала қыздың дәл осы отырысы, қолдарының жүрексіне нәзік дірілдеуі, төмен иілген басы – тұрған бойымен пәктікті, адалдықты әйгілейтін. Иә, иә, бұл отырған кешегі көбелк деуге келмейді деуге келмейді,

бұл отырған еркек атаулыны өмірінде тұңғыш рет көріп тұрған бала қыз. Махаббат атты қасиетті сезімнің қыз жанын серпіліске түсіргені соншалық, өзінің лас өткен бұрынғы өмірі оған әлдебір жайсыз түстей көрінді. Мұны қуыршақтай әлдилейтін мынадай ғажап жігіт барда, өзінің бар тілегін орындауға даяр тұрған көрікті де сымбатты жанды кездестіріп отырған Баттерфляйді күні кеше төнін сатып жүр еді дегенге кім сенер? Өзге түгіл, Күләш – Баттерфляйдің өзі де сенбес еді. Актриса оны дәл солай етіп жеткізді.

Осы сәттен бастап образ өсе берді. Әйел – қуыршақ емес, ермек емес, еркекпен бірдей тіршілік иесі екен. Ол сүйе алатын, сүйдіре алатын, сене де, сендіре де білетін, өзінше ойлай алатын, өз бойынан биікке қол созуға хақысы бар адам екен. Соның бәрі Баттерфляйға махаббат арқылы, Пинкертонның махаббаты арқылы келеді. Сондықтан да ол Пинкертонға күдіктену, сенімсіздік көрсету дегенді ойламайды. Ондай өңі түгіл, түсіне де кірмейді. Бұл өз махаббатына өзі мас, соған өзгенің бәрі риза деп жүрген адам. Пинкертонға шын берілген жаны соншалықты адал, басқаша болуы да мүмкін емес. “Егер ол келмей қалса қайтесің?” – деген Шарплестің сұрағына таң қалуы мен сасқалақтауы аралас: “Онда... онда бұрынғы өмірге қайтадан оралатын шығармын... Жоқ, одан да өлген артық”, – деген жауабында Баттерфляйдің бар жаны мен сенімі тұр. Бұл оның бұрынғы тірлігінен жиіркенгені немесе Пинкертонның екіжүзділігіне өшпенділігі ғана деуге келмейді. Бұл Баттерфляйдің өз көзін ашқалы бар адал, пәк жанымен таныған махаббат атты қасиетті, құдіретті сезімге деген адалдығынан туған жауап. Бұл өзінің өмірдегі бар тірегінен, сенімінен айрылған адамның соңғы жан тебіренісі. Өзін сонау жиіркенішті нас тіршіліктен көтеріп алып, қол жетпеске шығарған сәттердің аралығында бұл жас әйел де ой жетпес биіктерге көтерілген. Ол енді намыс дегенді сезетін, сенім дегенді білетін Адам. Ал, бұл биіктен жай ғана түсу, қайтадан қыбырлаған көптің бірі болу оған жат. Ол бұл тұғырдан құласа мүлде жоқ болуға тиіс. Басқа таңдау жоқ.

Баласымен қоштасып, залға бұрылған Күләш – Баттерфляйдің жүзіне көз салыңызшы. Алдыңғы актіде ғана зор сеніммен, ғажап сүйіспеншілік сезіммен ғашығына ынтық көзбен қарап отырған бала

қыз бен бетінде бір тамшы қан жоқ, жанары сөніп әлдеқайда көздің ұңғысына сіңіп кеткен, мүлде ой жетпес жасқа қартайып үлгерген мына әйелді бір адам деуге кімнің дәті барар?! Әйтсе де, жаны өліп қалған осы әйелдің бойында, өмірдегі бар асылын тәрк қылған тұрақсыздыққа, екіжүзділікке, байлыққа қарғыс айтатын қайрат барын байқайсыз.

Күләштің қолы қаны қаша дірілдеп, ішкі ойының әлдебір құпиясын әрең жасырып тұрғандай. Ащы зарға, лағынетке толы соңғы арияның тұсында актрисаның бет-жүзі мен қолы бірге ойнайды. Күләш – Баттерфляйдің басынан бақайына дейін образдың ішкі-сыртқы трагедиясын әйгілеп тұрады. Операны қойған режиссер Наталья Сацтың: “Бүгінгі күнді Пуччинидің көрмегені өкінішті”, – деуі тегін емес.

Опера өнерінің небір майталмандарының өзі де оңтайына ала бермейтін Чио-чио-сан партиясы әлемдік опера өнеріндегі айтулылардың бірі. Дауыс техникасын меңгеріп қана айту бар да, образдың вокальдық характері мен тұтас бейнесін сомдап тұлғалау бар. Күләш айтқан Баттерфляй – сол тұтас сомдалған образ еді.

Сенімнен ада болып, бар жақсылықтан түңіліп, тандап алған өлімімен Күләш – Баттерфляй артына өлмес өмір, нәзік жанды әйелдің шыңдаса бәрін де жеңе алатын мықты рухын әйгілеген мәңгілік өмір егіп кетті. Сол сәтті өз көзімен көру бақытына ие болған Сергей Эйзенштейннің көзінен жас шығарған да, Николай Черкасовты толқытқан да, сол құдіретті өнердің күші еді.

Чио-чио-сан – Күләш шығармасындағы ерекше биіктік. Бұл тек әншінің, тек актрисаның ғана жетістігі емес, өнерімен елге рухани қызмет етіп жүрген қайраткердің шығармасындағы елемей кетуге болмайтын, әдейі тоқталып өтетін асу. Баттерфляймен Күләш әлемдік операның алтын қорына қол артты және оны еркін меңгергенін көрсетті.

Үш акті бойы қандай сезімде жүргені есінде жоқ, бір сәтте дүркірей соғылған қол шапалақтаудан құлағы тұнғандай болды. Бұл Күләшқа және жалпы труппаға, оркестрге, режиссерге арналған құрмет екенін түсінсе де, сахнаның сыртына ұмтылды. Шымылдық жабылған соң біреуді біреу білместей сапырылыс басталды дейсіз. Бұл неге екені белгісіз, Күләшқа жетуге ұмтылады,

бірақ оған жеткізбей жолдан ұстап алып біреулер құттықтап жатыр.

Әйтеуір бір кезде құлағына соншалық таныс, жағымды дауыстан есі кіріп, өзіне-өзі келгенде, өзінің сорайған бойын ие түсіп, Күләшті құттықтап тұрған Черкасовты көрді.

— Мен адамдардың сиреуін күттім. Біз таныс емеспіз, бірақ... бәрібір. Сіз сияқты Чио-чио-санды мен өмірімде көрген емеспін, көрмеспін де. Сіз тек қана өнші емессіз, сіз – құдіреттің өзіндей артисткасыз. Сіздің көптеген мизансценаңызды білетінмін. Наталья Ильинична оларды, былайша айтқанда әуелі маған жасатып көрген. Пуччинидің операсын бала кезімнен жатқа білемін, ал бүгін сіз ойнағанда мен режиссер, композитор, либреттист дегендерді мүлде ұмыттым, тек қана сізге, сіздің дәл қазір менің көз алдымдағыдай өз көңіліңізден туған нәрсені айтып жүргеніңізге сендім. Мен бар болмысыммен сіздің қасіретіңіздің еркінде отырдым. Сіздің зергерлік дәлдікпен жасаған мизансценаларыңызды түгел біле отырып, соның бәрін бірінші көргендей ынтықтым. Өйткені, сіз соның бәрін өзіңіздің шыншыл тұрғыңыздан толықтырдыңыз... сонан да дәл қазір тек қана сізді көргім келді. Соның бәрін сізбен қатар жасөспірім баладай қамыға қайталадым. Рақмет! – деді орыс сахнасының айтулы ақтаңгер актері Черкасов, Күләштің қолын қайта-қайта қысып тұрып.

Өзін де жұртшылық құдайдай табына бағалайтын өнер иесінің екінші бір өнер иесіне осынша разылығын жасырмай, аса бір шабытпен зор ілтипат білдіріп, күректей қолымен мұның қолын қысып тұрып:

— Мұндай болады деп ешқашан ойлаған жоқ едім... Бұл керемет! Мен кімнің шікірәсі! Эйзенштейннің өзі жылап жіберді де, қысылғанынан: “Тұмау тиіп қалды-ау деймін”, – деп ақталды, бірақ онысына ешкім сенген жоқ, – деген Черкасов сөздерінің мағынасына Сац енді ғана жеткендей еді.

Наталья Сацтың творчестволық өмірінде жарқын беттер аз емес. Бірақ дәл осы 1944 жылдың 14 майындағы премьерадай ыстық та қуанышты шаттыққа толы жарқын жүздерді санап беру де қиын болар. Бұл

режиссердің көп толғаныстан туған творчестволық шабытының шырқауынан, әйтпесе күтпеген кезде келген көл-көсір сәттіліктің ғана қуанышы емес. Бұл театр репертуарына кезегімен келіп, тұрақтар-тұрақтамасы беймәлім жұмысқа заманының ірі өнер қайраткерлері – Эйзенштейн, Черкасовтардың назар аударуынан туған да шалқу емес. Бұл күннің ерекшелігі – режиссер үшін ең маңыздысының өзі осында, – нағыз өнердің қатаң талабын қайыспай көтеріп шығатын өнерпазды тануында. Еселенген репетициялар, көп-көп өңгімелер тұсындағы алмасып келген үміт-күдіктен, қазақ труппасы ғой деген қобалжудан үміт басым түскенін бүгінгі премьерә айқындап берді. Чио-чио-санның атақты ариясын Күләш репетиция кезінде айтқанда, бұрын сахна қызметінде жүрген барлық қызметкерлер жылап тұрса, бүгін бүкіл зал жылады. Өнерпаздың шыншыл сезімі дегенді түсінетін әнші үшін өте қиын деп есептелетін Чио-чио-санның ариясындағы мұншалық кенет шалқудың, балаға төн секемшіл пәктіктің, аса күшті ерік күшінің осынша шыншылдықпен жымдаса қабысуын бұған дейін де, бұдан кейін де естімейтінін осы күні бірінші рет сезе мойындап еді, сол сезім кейінгі ұзақ өмірінде айнымай қалды. Талай-талай Баттерфляйді тыңдап, көре жүріп, жылдар өткен сайын алыстай берген сол Күләштің Чио-чио-санын еске алса-ақ болды, көкірегін өкініш пе, аңсау ма, шарасыздық па, атын атап бере алмас бір сезім тырнай сыздатып, тамағына ащы өксік тығылатын еді...

Иә, 1944 жылдың 14 майы.

Көргендерге арман, көрмегендерге аңыз боп қалған Күләш өмірінің шоқтықты күндерінің ішіндегі ерекше жарқырай жанған жұлдызды күні. Бұл күн – Күләш өміріндегі жарқын күн, ал оның туған театрының тарихындағы айтулы белес еді.

Он жыл дегеніңіз өнер тарихымен де, өмір өлшемімен де салыстырғанда қас қағым сәт. Ендеше, бұдан он жыл бұрын туған қазақтың опера және балет театры қас қағым сәтте ұлттық әуенді әуелете көтеріп, тамырын ғасырларға жіберген еуропалық шығармалардың жалына қол созды. Кешегісіне ой жібере отырып, көзін ертеңнен асыра арғы күндерге қарай тастады. “Чио-чио-сан” театр үшін де, Күләш үшін де сондай заңғар биіктерге бастаған ақжол шығарма болды.

Татьяна сазы

Төңірі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ең...

Татьяна ролін дайындай бастағалы Күләш тағы да тыныштықтан айрылды. Бала кезінен құлаққа сіңісті Татьяна әні ешқандай да аударма емес, қазақ топырағының өзінде туғандай еді. Соншалықты сыршыл да нәзік әннің иесі, орыс қызы Татьяна бұрын мұндай айқын елестемейтін. Өйткені, бұрын оның өз бейнесі әнінің тасасында қалатын. Және ол кездері Татьянамен бұлайша кездесермін деген ойы жоқ-ты. Әсем әннің сыртынан жай ғана сүйсініп қоятын.

Ал қазіргі күй басқаша. Орыс операларының інжумаржанының бірінен саналатын, Чайковский шығармаларының ерекше оқшау биігі “Евгений Онегинді” театр қолға алғаннан-ақ Күләшқа толқу кірді. Татьянамен кездесуге қуана, қобалжи өзірленді. Сол кезде барып Татьяна сазы басқаша естіле бастады. Бала кезінен айтып жүргендей емес, мүлде бейтаныс, жаңа ән сияқты. Осы уақытқа дейін байқамапты, бұл жай ән емес, тұрған бойы сырлы сазға толы екен-ау. Шындығында бұған дейін айтып жүргені Абай әні екенін, ол әуеннің операға еш қатысы жоқтығын дес енді саналы түрде түсінді. Бәрібір Татьяна жанын, Чайковский Татьянаны қыр халқына таныстырды. Енді Күләш сол таныстықтың сырласқан достыққа айналғанын дәлелдеуі керек. Оңаша өскен арманшыл қыз, өз әнімен Онегинге бар жанын ашады екен ғой. Өмірі жаңа ғана басталып келе жатқан, өзі оқыған романдардың әсерімен қызылды-жасылды қызықтарды елестетуден басқаны білмейтін Татьянаның ойы мен бойында Онегиннің бейнесін ешкіммен салыстыруға болмайтын бір сурет пайда болды. Ол өмірдегі бар жақсылықтың, жарқындықтың, қуаныштың көрінісіндей елестейтін. Ештеңемен хабары жоқ бейғам тіршілігін бұзған, неше алуан қиялдарға бастап, көңілін көкке самғатқан Онегин, Татьяна үшін аса қадірлі жан. Ешкімге көз салып, ілтипат білдірмейтін астаналық сері де сымбатты жігіт, қыз көзінде паңдықтың, сырбаздықтың иесіндей. Онегиннің өркөкірек өзімшіл

тұлғасынан Татьяна мүлде басқа қасиеттерді көреді. Өзі оқыған романдарынан іздеген сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің тірі тұлғасы дәл осы сияқтанады. Өзінің нәзік те сыртшыл жанымен оны тәңірінің арнап жіберген адамындай елестетеді. Сонан да “Тәңірі қосқан жарым осы” деген қиялға бой алдырып, бар еркін сол билейді. Онегиннің салғырттығы серілігінедей, бойкүйездігі тәкаппарлығындай, өзімшілдігі сыпайылығындай көрініп, күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айрылады. Демек, Татьянаның Онегинге деген бар ықыласы “Хат жазу” көрінісінде ашылу керек.

Күләш қайта-қайта мазасын алған ойдың шешімін тапқандай жадырап сала берді. “Неге осы көрініс” деген ой оны мазалай беретін. Әрине, операның партитурасымен, либреттосымен танысқанда, романмен қабат жалпы Пушкин творчествосы қоса әңгіме болды. Операны қоюшы режиссердің бірі Қанабек бұл шығарманы біраз зерттеді, тіпті, арнайы іссапармен Мәскеуге де барып, ондағы қойылымдарды көріп келді. “Евгений Онегин” – Белинскийдің анықтамасы бойынша, орыс тұрмысының энциклопедиясы. Мұны ешкім ескерусіз қалдыра алмайды. Әлбетте, ешкім бұза да алмайды. Кім қойса да, қалай қойса да, кім қалай айтса да, мұны ұмытуға тиіс емес. Сол анықтаманың шеңберінде отырып-ақ әркім өзінше жол іздейді. Күләш та солай.

“Театр” атты қасиетті орынның табалдырығын аттаған кезде Күләштің көңілінде осы жолының дұрыс екендігіне кәміл сенген берік байлам да бар еді. Театрға деген іңкәр сезім, ешқандай өлшемді білмейтін махаббат алғашқы кездегі қиындықтарды елең қылған жоқ. Сахнаның шаңын жұтып жүрсе де, мәз көңілінде біреуге қызғаныш, ғайбаттау, әсте орын алған емес. Бірақ репертуардағы әйел рольдерінің бәрін өз бетінше жаттап алып, іштей ойнап жүретін. Сөйтіп жүргенде Бейімбет Майлиннің “Майдан” пьесасындағы Пүліш ролі өзіне арнайы тиді.

Пүліштің сүйген жігітімен жолығуға асығып жатқан сәті. Бар әдемісін киіп, асығып-аптығып жиналып жатқан Пүліш – Күләш өзінің ажары қандай екенін көргісі келеді. Көйлегін, камзолын, қайта-қайта сипалап, білезігін түзеп қойып, жан-жағына асыға көз тастайды да, кенет... шелектегі суға қарап шашын түзей бастайды. Осыны сахнадан көрген Ғабиттің кейін бір әңгімелерде: “Сенің нағыз суреткер – актриса екенің сол суға қарағаныңнан басталды”, – дегені бар.

Енді, міне, сол кезден бергі жинаған шеберлігі осы Татьянаға қызмет етуге керек.

Татьяна сахнада мүлде қимылдамайды деуге болады. Баққа шығып әр қилы қиялдарға беріліп, әйтпесе тыптыныш кітап оқып отыратын ұяң бойжеткен ғана. Татьянаның шыншыл да пәк жаны осы отырысынан көрінуі керек.

Татьяна Онегинді қаншалықты алаулай ынтыға сүйіп тұрса да, бұл нәзік сезімін онымен бетпе-бет келгенде, сыртқа шығарып айтуға батылы бармайды. Сондықтан да оның қолынан бар келері – шынын айтып Онегинге хат жазу. Олығаның сылқым ақкөңілдігі Татьянада жоқ. Жігітке өтірік қылымсып, қыр көрсету деген мүлде қонбаған қасиет. Сондықтан да, өз хатының жауабын өлім жазасын күткендей қобалжи күтеді.

Демек, Татьяна үшін “Хат жазу” сахнасының мәні ерекше. Бұл үшін Күләш көп толқыды. Әрі-бері ойлап келіп, осы сахнаны жатып айтса қайтеді деген ойға қалды. Түн. Айнала түгел тыныштық құшағында. Өз төсегінде Онегин де ұйықтап жатқан шығар. Тек қана Татьянада маза жоқ. Әлде қуаныш, әлде күдік кезек-кезек алмасып ұйқы бермейді. Әрі-бері аунақшып мазасы кетті.

Осы көрініс режиссерге де, актерге де сын. Сүрінетіндер осы жерден сүрінеді.

Эскиздерде де, мизансценаларда да осы сахнаның тиянағы табылмай қойды. Ақыры, Күләш анық шешімге бел байлады да, режиссерге бұл сценаны жатып айтатынын мәлімдеді... Кеңесу, ойласу емес, шынында да мәлімдеді. Және соған табан тіреп тұрып алды.

— Жатып ән салу мүмкін емес.

— Өнерде мүмкін емес деген болмайды. Шындық және парыз деген болады. Владимир Иванович солай дейтін.

— Ол Владимир Иванович, ал мен Қанабек Байсейітовпін.

— Бәрібір, өнердің шындығы бәрімізге ортақ. Және театр өнерінде Байсейітов та Немирович-Данченконы тыңдайтын шығар. Оның үстіне мен күні ертең сахнаға шыққалы тұрғаным жоқ қой, репетиция жасаймыз, көреміз. Тек сен күні бұрын сенімсіздікпен сырт айналма.

— Көрсек, көрейік. Сен де енді алған бетіңнен қайтпайсың ғой. Бірақ залға теріс қарап жату деген біртүрлі ерсі сияқты.

— Әрине. Ал, со заманда қыздың жігітке хат жазуы

ерсі емес пе? Және Татьяна құр теріс қарап жатып алмайды, ойланып, ән салып жатады. Мұның бәрі тұтас мизансценамен көрсетілгенде, өзін-өзі ақтайды.

Күләш көп ойланып бір шешімге келсе, оны айнытудың қиын екенін Қанабек білетін, сондықтан да әрі қарай таласа берудің жөні жоқ еді. Сол секілді Күләш көбіне орынсыз омыраулап, режиссердің шешіміне қалай да бір жаңалық қосамын деп өзеуремейді, келісетін жерінде айтқанының бәрін үнсіз атқара береді. Ал көңіліне қонбай тұрған жер болса, оны да бірден тойтарып тастамайды, әуелі өзі ойланып, салмақтап, сонан соң ғана кеңесе отырып ойын жеткізеді. Ал, мына сәттерді ол өзі әбден шешкен соң ғана айтады. Демек, онысын дәлелдеп те шығады. Жалпы, Күләштің табиғатында туа біткен сезімталдық бар. Ол сахнада не жетіспейтінін ғаламат көрегендікпен сезе қоятын. Сондай-ақ, жеке біреудің басында бір келіссіздіктер болып, айта алмай жүрсе, оны да байқай қоятын және оны ешкімге елеусіз ғана кеңесе келіп жоятын еді. Ал, шығармашылық тұрғыдан бір пікірлерін айту үшін кімге қалай сөйлесіп, өңгімені неден бастау керек екенін күні бұрын анықтап алады да, небір тапжылмайтын қыңырлардың өзіне айтқанын оп-оңай орындата қоятын. Бүкіл тынысында ешкімге көрінбейтін нәзік дипломатия жататын. Соны білетін Қанабек қазір күні бұрын пәлен демей келісе салды. Айтса-айтып көрсін, шықпай жатса, өзі де қоя қояр деп ойлаған.

Күләштің сол көрегендігін, қателеспегендігін растағандай, сол сахнаның ерекше әсерін атаған тұжырымдар опера сахнадан түскен соң да, тіпті Күләш дүниеден өткен соң да айтылып жатты. Солардың бірі А. Троицкий:

... “Хат жазу” көрінісін Күләш ірі планда көрсетті. Артистка бүкіл хатты төсекте жатып жазды, ішкі жұтаңдықты толтыру үшін кейбір актрисалардың сахнада жүгіріп, жортып жүретін әрекеттерінің біріне де барған жоқ.

Күләштің орындауында біз бұл көріністің бұрын-соңды байқалмаған болмысын сезіндік. Біздің алдымыздан білуге құштарлығы басылмаған, кітаптан бас көтермей, соған қарап өмірдің әрбір құбылысына зер сала қарайтын, гауһардай мөлдір бойжеткен көрініс

берді. Ол “бесіктен бергі сырласым – ойшылдық” деген пікірді толығымен ақтап шықты. Осы бойжеткеннің өз өміріндегі ең құпия құбылыспен, ең нәзік сезіммен бетпе-бет келгенін көрдік.

Біз Татьянаның осы сезімнің құдіретін түсінгісі келіп жалындаған жанын, өз өміріндегі алғашқы іңкәрлік шарпуын бар болмысымен аңсауын көрдік. Ол актрисаның бар тұлғасынан сезіліп тұрды. Әсіресе, оның қолын көру ғанибет еді: соншалықты музыкалылық пен періштедей пәк қолдар еді ол. Иә, иә, шын мәнісінде періштедей пәк қолдар болатын.

Әрине, Пушкин өлеңдерін ести алмадық, бірақ Пушкин поэзиясын Күләштің орындауында біз аса жақсы естідік... *“Троицкий А.А. “Күләш Байсейітованың творчестволық мұрасы” ЦГА, Фонд 1630 опись 1, 138 ед. хр – деген-ді.*

Негізінде, Күләш жаратылысында сахна үшін туған дейтін ұғымға сай адамдардан емес-ті. Сол жаратылысындағы қарапайымдығынан ба, әлде қалай, сәндініп киінудің өзін де театрға кірген соң үйренді. Тіпті, мұның театрға алғаш келген кездегі кеңдеу бөтеңкесін, молдау пальтосын, шұлығының бостау тұратынын өзілге сүйеп айтатын құрбылары: “Қазақтың қарапайым қара қызынан осындай патшазада Қыз Жібек, нағыз текті, ақсүйек Татьяна шықты дегенге кейін ешкім сенбейді ғой”, – деп өзілдейтін.

Десе – дегендей, сондайдан өскен Күләш бұл. Аралас-құралас, дос-жар адамдардың өзілінің астарында шындық бар. Өмірде қарапайым, қарапайымдығы сонша, елеусіз дерлік Күләш сахнаға шыққанда құдды біреумен алмастырып қойғандай өзгеріп сала береді.

Тек Татьяна емес, бұған дейінгі жасаған образдарының да бір де бірі назардан тыс қалған емес. Соның бәрінде Күләштің өншілігі актерлігі таңдай қақтырып, тамсандырып келеді. Қызғанғандар күйініп айтса, қызыққандар сүйініп айтады. Әйтеуір, соның бәрі еш әсірелеу, әрлеуі жоқ, нағыз өнер табиғатына көзі жетіп айтады. Күләштің құдіретінің өзі сол сахнаға лайық емес туысы мен нағыз сахналық өнерінде – театр терминімен айтқанда – перевоплощенииінде – деу керек. Мұны Күләштің партнерлерінің бәрі де бір адамдай мойындайды.

“Күләштің орындауында Ажардың ариозасын тыңдаған адам басқаша кесік айтуы мүмкін емес. Басқа әншілер айтқанда ойлануым мүмкін, ал Күләштан кейін, тіпті операда басқаша шешім болса да, Айдар мен Ажарға тезірек азаттық беруге асығамын. Себебі, ариоза соншалықты зарлы, сай-сүйегінді сырқыратады, ал әнші соншалықты пәк, тұрған бойы қорғансыз періште. Оған басқадай шешім айтуға аузың да, арың да бармайды”, – дейді екен “Абай” операсында Сырттан биді ойнаған Мұрат Толыбаев.

“Мөкеңнің онысы рас, – деп қостайды көп жылдар өткен соң Кәукен Кенжетаев. — Мен Күлекеңмен “Қыз Жібекте” Бекежанды ойнадым ғой. Анық ғашық болып, қолым жетпей және оған шын көзім жеткен соң кектене барып Төлегенді өлтіріп қайтып, масайрап келіп, Жібек – Күләшқа өз аузымнан естіртемін ғой. Төлегеннің тірілігіне сеніммен жүрген, мені бұрынғыша жай дос-жарлықпен қабылдаған хан қызы бар көркі басында тұрған салтанатымен жауаптаса бастайды да, бірте-бірте әуелгі кейпінен өзгеріп бара жатады. Алқызыл жүзі солып, қара көзде қасіретке қоса лағынет оты шыға келіп қарғанда... Ой, ғаламат! Екі көзі көкке қарап, саусағының ұшымен мені қара жерге қағып жіберердей қарғанда, отыра қалып аяғына жығылғың, кешірім сұрағың, Төлегенді тірілткің келеді. Иә, ол айтары жоқ құдірет болатын”.

Әр басқа шығармалардағы басқа-басқа партнерлердің пікірінің бірдей шығуының өзі де көп нәрсені анықтайды ғой. Өзіңіз-ақ елестетіп көріңіз: даулы жақты тыңдап, бұрынғы-соңғы жолдың жөні бар-ау деп қалған “Абайдағы” Сырттан би мұның өз аузынан тыңдамаққа Ажарды шақырады.

Оркестрде Ажар мотиві. Зал демін ішіне ала тынып қалған. Ақ шарқатын төгілдіре жамылып Ажар кірді деңіз. Биге қарай бір-екі адым аттап барып, бір қырындай отырып:

Қаралы қайғы кештім талай-талай, алдияр,
Түңілгем келер күнге қарай-қарай... –

деп зарлатып қоя береді.

Сырттан биге бір қырын отырған Ажар – Күләштің жүзін зал толық көреді. Басын көтермеген қалпында

әндетіп отырған актрисаның көзінен бетіне түскен сәуле көздің жасындай мөлт-мөлт етеді. Күләштің осы көз жасының өзі образдың ашылуына көмектесіп тұр. Бұл сәуле Ажардан басқа Татьянада ғана көрінеді.

Жоқ, бұл арызда тек қана зар емес, мұнда тек мұнда емес, соның бәріне қоса мұнда бір қайрат бар. Өзі сүйген Айдарды, өзінің махаббатын осы арызымен ақтап қалуға белді буып кіріскен батыл шешім бар. Өздері құдайдай табынған Абайдың өзі осы бидің шешіміне қарап қалды. Демек, бұл соңғы үміт. Сондықтан да Ажар түңіле отырып, әлі де үміттенеді, сонан да зарының өзі қайратты, сенімді естіледі. Ал, соны Күләштай биязы, ұяң және нық айту екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Күләш жасаған образдардың біріне-бірінің ұқсамайтын бір себебі – Күләштің әрбір образға өзінше жол, арқау іздейтіндігінде. Және соны өзінше тауып, толығымен дәлелдеп шығады. Әрбір образ композитордың, либреттистің толғауында белгілі бір бейнеге ие болса, Күләштің ойнауында мүлде басқа көрікке ие болып шығуы әбден мүмкін. Және соған ешбір автор дау айта алмайды, қайта таңдана, разы бола қол соғады. Жоқ, Күләш ешқайсысының ойын жоққа шығармайды, ол жоғын өзі толтырады, барын арттырады. Сондықтан да: “Күләш жасаған образдардың бір де бірін кейін ешкім жаңартқан жоқ, бәрі де Күләшті қайталап жүр”, – деп еске алады Ғабит Мүсірепов.

Сондықтан да “Абай” операсын қою кезінде, Абай бейнесінің толыққанды шығуына бірден-бір себепші болғанын, тіпті, операның тууының өзіне тікелей әсер еткенін атап көрсеткен Ахмет Жұбанов “Евгений Онегиннен” кейін де: “Татьяна ролін Күләш айта қалғандай артықша ойнады. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы өмірдің өрескел жағдайларына көп соқтықпай, аулақта өскен орыс қызының бейнесін жақсы-ақ келтірді. Хаттың сахнасында “Пушкиннің көңіліндегі, менің музыкадағы суреттелген Татьянаны қайдан табам”, – деген Чайковскийдің арманын Күләш автордың өз аузынан есіткендей, орындауға бар күшін салғаны көрініп тұр. Музыкалық жағынан да, сахна шеберлігі жағынан да Күләш тағы да астана жұртының алдында асқан талантын, қандай кейіпкерді алса да үлкен

жауапкершілікпен қарайтындығын, сырын шыншылдықпен ашатындығын көрсетті. Ол опера сахнасында тек дауыстың ғана болуына “құдайына шүкіршілік етудің” жетпейтіндігін, қате екендігін, ойнау керек екендігін өзінен кейінгі, артынан ерген жас артистерге сабақ етіп үйретті”, (*Жұбанов А. Қ. “Өн-күй сапары”, “Ғылым” басп. Алматы, 1976 ж.*) – деп атап көрсетті.

Иә, бұлардың бәрі де бір ауыздан Күләш жасаған Татьяна қазақ опера театры сахнасына тағы бір үздік образдың шыққанын әйгілейді. Оны осыдан басқаша атау мүмкін емес. Күләш сахнада қазақ қыздарының тұтас бір галереясын жасаса, орыс және Еуропа операларынан бір-бірден ғана таныстырды. Сол әрбір біреуінің өзі бірегей шыққан бейнелер еді. Күләш жасаған Маро, Баттерфляйлардың қатарына енді Татьяна келіп қосылды. Және солардың биігінен түспей, қайта тағы бір саты өрлей келіп қосылды. Бұл Пушкин мен Чайковский елестеткен, Абай армандаған Татьяна еді. Саңлақ өнерпаздың сан қырының бірі де – осы Татьяна.

Азаматтың ардақты міндеті

1936 жылы, Онкүндікке келгеннен бері, өзіне бұлжымас қағидадай қалыптасқан әдетімен Күләш бүгін де Қызыл алаңға барып келді. Сол Онкүндікке келгенде, тұңғыш спектакльдің алдында, өмірдің де, өнердің де көп жолдарын қатар өткен қимас құрбысы Шара екеуі Қызыл алаңға, Ұлы көсем – Ленин мавзолейіне келіп: “Сапарымызды оң қыла көр, өнерімізге абырой бер”, – деп тілеу тілеп, тауап еткен. Кейінірек екеуі сол бір жастықтың пәк көңілінен туған құпияларын ешкімге ашқан емес. Сонан кейін жол түсіп Москваға келе қалса, әлдеқандай салтанатты, жауапты кезеңнің алдында Қызыл алаңға есеп бергендей болып барып, ерекше сенім, күш алып қайтатын әдетін тастамады. Міне, бүгін де, Варшавада өткен Бейбітшілік жақтаушылардың Дүние жүзілік II Конгресінен қайтқан сапарында, ең алдымен Қызыл

алаңға барды. Кремльдің мызғымас қабырғаларына, ғасырлар куәсындай мұнаралардың күнмен шағылысқан күмбездеріне, талай-талай заманнан бері талай-талай жорықты өткізіп міз бақпай жатқан Қызыл алаңның тастарына қарап, бойын ерекше толғаным биледі. Бұл қанша көрсе де, бір қалыптан өзгермейтін, бірақ әр кезде жаңа сезімге бөлейтін қасиетті Алаңның Күләш өміріндегі орны да ерекше. Қазір “Москва” қонақ үйінің жетінші қабатында терезеден қарап тұрып көңіл толқынысын басуға тырысты.

Алматы туған, өскен ұясы болғандықтан көңіліне ыстық. Бірақ Москваның салтанаты онда жоқ. Жетінші қабаттан жерге қараса, бас айналардай. Бұл биіктік, мүмкін Алматының зәулім шынарларына пара-пар келетін шығар. Ал, университет үйінің, Кремльдің салтанатты биіктігімен Алматының тек қана Алатауын салыстыруға болады. бірақ Алатау табиғаттың өзі жасаған құдірет. Ал мұндағы зәулім ғимараттар адам күшімен, адам еңбегімен жасалған. Мынау өзі ішінде жүрген қайнаған өмірдей, кешегі өзі барып келген Конгресте айтылған ұлағатты әңгімелердегідей адамның ақыл-ойымен, күш-қайратымен дүниеге келген нәрселер. Демек, ең құдіретті нәрсе – адамның еңбегі! Ол бәрінен жоғары.

Күләш үстелге отырып, қойын дәптерін ашты да, кешегі келіп кеткен Бүкілодақтық радио тілшісінің сұрағын қайталап оқып шықты. Сонан соң ойлана отырып, радиодан сөйлейтін сөзін қағазға түсіре бастады. Дәл трибунаға шығып оқитындай, таза қағазға өзінің ұқыпты, ірі жазуымен жаза бастады.

“Құрметті польшалық достар!

Мен сіздерге бейбітшілікті табандылықпен, жалынды жігермен жақтаушы бүкіл халықтың шын ықыласты сәлемін қуанышпен жеткіземін. Сонымен қоса барлық Советтік республикалардағыдай мызғымас бейбітшіліктің баяндылығы жолында еңбек етіп жатқан Қазақстанның атынан да қызу құттықтаймын.

Сондай-ақ, Бейбітшілікті жақтаушылардың Дүние жүзілік Конгресін, бейбітшілікті жақтаушы адал адамдарды өз жерінде қабылдаудан қорқақтықпен бас тартқан ағылшын соғысқұмарларынан тайсалмай, Конгресті өз жерінде өткізуге мүмкіндік жасаған

қонақжай поляк халқына зор алғысымды білдіремін. Бұған біздің Варшава Конгресінің жұмысына қатыса жүріп көзіміз жетті. Болашақта бейбітшілік күшінің соғыс өртінен басым болатынын үлкен сеніммен айтқым келеді. Бейбітшілік соғысты жеңеді!”.

Бұл Конгрестегі құттықтау сөзі еді. Керегі болып қалар деп түп-түгел көшіріп алған-ды. Сонан кейін біраз ойланып қалды.

Сол күндерді ойынан қайтадан бір өткізді. Есіне Конгреске делегат бола тұра қатыса алмаған Поль Робсон түсті. Американдықтар атағы әлемге тараған әншінің тек қана аяғын байлады. Ал оның әні, өнері, бейбітшілікке деген құштарлығы мұхиттан асып Варшаваға жетті. Ол өзінің Конгреске арнаған құттықтау сөзін, әндерін пластинкаға жаздырып жіберді. Оны тыңдаған екі мыңнан астам делегаттар әншінің өнеріне, қайтпас қайсарлығына разылығын білдіріп, тік тұрып қол соқты. Өнерге, өнердің өкіліне қол соқты. Демек, сенім артты.

Соғыс және бейбітшілік! Қарама-қайшы, ешқашан бір жерге сыйспайтын ұғымдар.

Соғыс! Ұлы Отан соғысы.

Соғыс басталғанда опера және балет театры Гурьев облысында жүрген. Жетісу өңірінде өскен Күләшқа жері сортаң, көкөніске, миуалы баққа кедей Атырау аймағы қатты әсер етті. Аптап желі аңызға соғатын дала жолымен машинаның алды-артын бірдей шаңдатып келе жатып, әлде-қайдан, қиырдан, бір терек көре қалсаң, ғайыптан Қыдыр әулиені көргендей әсер етеді екен. Облыстың батысына қарай жүріп еді, қып-қызыл құм шағылдар көз суырды. Солтүстік шығысына қарай жүріп еді, алатаңдақ сортаңдардың о тұсы мен бұ тұсында шашыраған мұнай мұнараларынан басқа көз тоқтатар ештеңе жоқ. Тек қана Жайықты жағалай жүрсең көңілің орнығар. Жағалай демекші, Гурьев (қазір облыс та, қалада да Атырау аталады) қаласының өзі де өзенді екі жағынан қуалай салынған екен. “Өзен жағалағанның өзегі талмас” деген мақал дәл осы жерден шықса керек.

Ал, халқы. Иә, табиғатына қатаңдық, сараңдық жасаған жарылқаушы осы өңірге деген бүкіл мейірімді халқының пейіліне бергендей еді. Театрды Қазақстанның қай жерінде де жақсы қарсы алады ғой.

Бірақ осы өңірдің қонақжайлығы Күләшқа ерекше әсер етті. “Қонақ аз отырып, көп сынайды” демекші, жүрген жерінде өнерлі қауымға, жаңадан өсіп келе жатқан жаңалықтарға елдің қалай қарайтынын байқай отыру өзіне әдет еді. Қалың елдің пікірінде көп шындық болады. Оның бәрі бірдей өнерді жасауға немесе өзгертуге әсер етпес те, бірақ салмақтай келгенде, көп ойдан іздеген жоғың табылып та қалады. Сондықтан ел ішіндегі пікірлерді тыңдаудың зияны жоқ.

Сол әдетімен мұнда да жалпы жұрттың пікіріне, елдің әдет-ғұрпына қатты зейін қойды. Ресми қабылдауларда да, жай шай ішулерде де қатысатын адамдар жаңарғанымен, әңгіме тақырыбы айналып-үйіріліп өнерге соға береді. Әсіресе “Қыз Жібекке”, әсіресе Күләшқа. Бұл өңір бір жағынан Қыз Жібектің төркіні есепті. Он төртінші ғасырдан адам қалмағанымен, республиканың осы батыс өңіріндегі Орал, Гурьев, Ақтөбе облыстарында “Қыз Жібек” жырын өз атасынан мұраға қалғандай қастерлеп, “әу” деген баласы жатқа айту қалыптасып кеткен. Сол жырға әлдеқалай бір нұқсан келе қалса, біреу-міреу бұрмалағысы келсе, дәл өз бабасына тиіскендей қызыл кеңірдектесіп шыға келеді.

Бұл елдің қонаққа шақыруы да қызық. “Қонаққа келіңіз” демейді, “шай-су ішіңіз” дейді. Бұлардың арнайы қызмет бабымен жүрген адамдар екенін елең қылмастан: “Елге құдай айдап, дәм тартып келіп қалған екенсіз, бүгін біздің үйден шай-су ішіп кетіңіз”, — деп қиылады.

— Бүгін ойынымыз бар ғой.

— Ойыннан кейін келіңіз.

— Біздің қай-қайсымызды шақырып тұрсыз?

— Бәріңізді.

— Бәріміз деген... осыншама адамбыз ғой.

— Қонақ көптік ете ме екен, бірің қалмай түгел келіңіз.

— Ойыннан кеш шығамыз, ертең жол жүреміз дегендей...

— Көп отырмайсыз, тек дастарқан басына қара көрсетіп, дәм ауыз тисеңіз жетеді. Кешегі Құрманғазы, Махамбеттер басқан қасиетті топырақ қой...

Бұдан әрі екі жақ та үнсіз қалады. Үнсіз қалғаны — бірінің келісіп, бірінің разы болғаны. Және осы әңгіме

барлық жерде қайталанады. Қонақтарға біраз сылтау айту парыз сияқты, үй иелері де оны әдеттей қабылдайды.

Сосын “шай-су” басталады. Бұл, тіпті де, Жетісудың, Арқаның шай-суына ұқсамайды. Шамасы, жері аңызға, ауасы аптап, суы тапшы өңір шөлге бірінші мән беріп, тұрмыс-салтында соны күйттеген. Қонаққа ең алдымен бабы мол шай келеді. Келіндеріне шай құю үлкен өнер саналады екен. Сондай баппен ішіп-жемі барынша мол келген шайды сонша ұзақ ішіседі. Бірнеше самаурын, бірнеше аққұман, әңгіменің де бірнеше тақырыбы ауысып жатады. Ауыспайтын шай құюшы келіншек пен асып-төгілген мол ниет.

Бұларда шайдың сонша қадірлі болатын тағы бір мәнісі – осы ұзақ шайдың бас-аяғында біраз мәселе шешіліп қалады екен. Өздері жүрген жерде өнердің небір түйінді мәселелері осы шай үстінде әңгіме болады. “Қыз Жібектегі” біраз өндердің тура ауылдағыдай айтылатынына разылығын айта келіп бір шал: “Шырақтарым-ау, өздерің осы елдің баласы екен десем, түгелдей бөтен болдыңдар. Сонда Мұхиттың өндерін кімнен үйреніп жүрсіңдер?” – деп сұраған. Сірә, осы елдің баласынан басқасы Мұхит өндерін айта алмайды деген өзімшіл көңілден де құр емес.

— Ақсақал, оны бізге “Қара қаншық” үйретті, өзі де өншінің төресі, – деп Құрманбек саңқ етті.

— Астапыралла, Қара қаншық деген кісінің аты ма?

— Е-е, ол өлгі...

Қапелімде өзінің қате жіберіп алғанын байқаған Құрекең сасқалақтап қалды.

— Жоқ, ақсақал оның аты – Ғарифолла. Осы батыс өңірінің көп өндерін алып барып үйреткен сол балаңыз. Солардың ішінде “Қара қаншық” деген өн мына қызыңызға қатты ұнап, Жібектің жоқтауына айтып жүр, содан бері өзара өзілдеп “Қара қаншық” деп кеткенбіз. Өзі Оралдың Қаратөбесінен, мына отырған, – деп Қанабек құрдасының асығыстығын жөндеп жатыр.

— Е, бәрекелде! Өзі, тіпті, қызыл шырайлы, көзі көк, өз аулымыз болса, болар.

Қарияның сөзіне отырғандар ду күлді.

Шайдың артынан “ауылдың алты ауызы” басталады. Мана артистердің өнерін көрген соң, енді қарызға

қалмайын дегендей ауыл иелері бірінен-бірі өтеді. “Құрманғазы мен Махамбеттің табаны тиген қасиетті жер”, – деп өздері дәріптесе, дәріптегендей. Бүкіл батыстың азды-көпті қаншама жерін аралағанда Күләштің бір байқағаны – әр үйдің төрінде бір-бір домбыра. Бұл жақта домбыра ұстай білмеген адам басқалардан кейін тұрады екен. Ол кәдімгідей мін. Адамда талант, бейімділік бар-жоғымен ешкімнің жұмысы жоқ, домбыра тарта білмейсің бе, бітті, кейін тұр. Өзі небір жорға күйшілерді, самғау әншілерді көрді. Күйді Құрманғазыдан, әнді Мұхиттан бастайды. Өздері Ғарифолланың даусын таң қала тыңдап жүрсе, мынау жалпақ құмды, сортаң даланы жарып өткендей небір үндер ауылда қаймағы бұзылмай тұр. Тіпті, кейбіреулерін Қанабек пен Құрманбек Алматыға келіндер деп үгіттей бастады.

Осындай жаңа елмен, жаңа жермен жақын танысудың әсері бір ауылдан бір ауылда асып түсіп, бұлар Бақсай, Мақат, Еспол, Новобогат, Жылой аудандарының Гурьев – Доссор – Қосшағыл жолы құрылысшыларын, Тұщықұдық, Орпа, Айбас мекендерін аралап, қызықтай, қуанышқа бөлей жалғасып келе жатыр еді, кенет...

Соғыс басталды.

“Мүмкін емес!” – деді бұл хабарды естіген сәтте Күләш. Не мүмкін емес: соғыстың басталуы ма, әлде гастрольды тоқтату ма, ол арасын өзі де білмейді. Бірақ, сол бір тосын жағдайдағы “мүмкін еместер” содан әрі жалғаса берді. Аяқ астынан басталған соғыс елдің барлық тіршілігін әңкі-төңкі қылды. Қапелімде елдің батысы мен шығысының арасындағы қатынас “мүмкін емес” болып, бұлар Гурьевтен Алматыға бір айдан астам уақыт жүріп әрең жетті. Үйде үрейден үрпиісіп анасы мен балалары қарсы алды. Жайнаған жазға қарамай Алматы бар көркінен айрылып қалғандай, көше толған сұр киімді солдаттар. Сәт сайын боздай қоштасып аттанып жатқан қызыл составтар.

Күләш қалаға келісімен жаңадан арнайы салынып жатқан опера театры ғимаратына арнайы барды. Енді мұның бітуі де “мүмкін емес” деп ойлады.

Жоқ, театр құрылысы енді күні-түні тоқтаусыз жүргізіліп, 1941 жылғы 7 қарашада Мұса Магомаевтың

“Нергиз” операсының премьерасымен шымылдығын ашты.

Соның артынша майданға жөнелтілетін концерттік бригадалар дайындала бастады. Танкілер қаптап, снарядтар жарылып жатқан майдан даласында сахналық киіммен күлімдей ән салу да “мүмкін еместей”.

Әйтсе де, құрамында Елубай Өмірзақов, Жамал Омарова, Манарбек Ержанов, Үрия Тұрдықұлова, Әнуарбек Үмбетбаев, Надежда Куклиналар бар Күләш бастаған бригада Солтүстік Батыс майданда екі жарым ай бойы жүріп концерт беріп қайтты.

Қандай қыршын жастар еді. Тіпті, командирлерінің өзі бұларға іні есепті. Өмірден не жақсы-жаманды ажыратып болмаған, не қызық-шыжықты көріп үлгермеген өрімдей жігіттер, мүмкін өмірлеріндегі ең соңғы концертін тыңдап отырған шығар деп ойлағанда, арқасы тітіркеніп, төбе құйқасы шымырлап, әуеннен жаңылып кете жаздайтын.

— Біздің ержүрек жолдасымыз кешегі айқаста ауыр жараланып, госпитальға жөнелттік, соның құрметіне бір ән айтыңызшы, — деп сұрайтын.

— Ертеңгі шайқаста дем беруші болсын, арнайы бір ән айтыңызшы, — деп өтінетін.

— Елдің жағдайы қалай, тек шыныңызды айтыңыз, ол бізге қуат қосады, жігер береді, — дейтін олар.

Анасын, жарын, апа-қарындастарын, әйел ұстаған берекелі жылы ұясын сағынатын шығар, өтініштерін бәрі де негізінен әйелдерге арнайтын.

Қайран боздақтар-ай! Уақыты, шамасы, мүмкіндігі жетсе, соның әрқайсысына жеке-жеке бір концерт қойып бермес пе еді?! Не керек, ол да мүмкін емес. Әсіресе, Өміржан сияқты жасөспірімдерге. Қостанай облысының Аманкелді ауданында туғанын, Ермағамбет атты әкесі, Сәлима атты анасы қалғанын, өзі 16 жасында ағасы Сұлтанмен (Сүлейменмен) бірге майданға келіп, Сталинградты қорғағанын, онан 1 Белорус майданының алғы шебіне дейін келгенін балалық ақкөңіл ашықтықпен әңгімелеп берген Өміржан Бермағамбетов Күләштің көз алдына кеше көргендей тұра қалатын.

Ағасы үлкендігін істеп, ұяла кейінірек ығысып тұрғанда, Өміржан қайсар кекілін бір сипап қойып:

“Білесіз бе, мен Сталинградқа келіп едім, Паулюс армиясымен тұтқынға берілді. Енді мен Берлинге барамын, Гитлердің қорыққанынан жаны шығады. Елге солай деп сәлем айтыңыз”, – деп ақсия күлген. Өзіне сенімді бала күлкісі.

Сол Өміржан ертеңіне мерт болды. Қабірінің басында сөйлеген армияның командашысы генерал-лейтенант Романенко: “Қазақтар ерекше өжеттікпен және шын беріліп соғысады... Егер менің армиям түгелдей қазақтардан құрылған болса, өкінбес едім”, – деді. Командирдің толғана айтқан сөзінде кішкентай Өміржанның барлық балалық ерлігі, арманы, шын жаны жатқандай еді. Ол өмірде тура жолдан тайсақтау, өзіңе тиісті жүкті басқаға арқалату сияқты аярлықтың, өз міндетінді атқарудан бас сауғалау дегеннің бар екенін білмей өтті. Ол ойлағанын жасырмай тура айтатын, мойнына алғанын қалай да тиянақтап шығатын, болашағына сенетін, соғысты жеңіп, одан арғы өмірді бар қызығымен армандайтын келер ұрпақтың өкілі еді. Оның өлуі де мүмкін емес еді.

Бірақ солар сияқты мыңдаған қыршындар өлмейтініне сеніммен барып соғысты да, өмірлерін беріп, Ұлы Жеңісті сақтап қалды.

Майдандағы екі жарым айдың ішінде Күләш қайта туғандай күй кешті. Өлім мен өмірдің жалғаса жүргенін көзімен көрді. Бүгінгі айтып тұрғаны соңғы концертіндей, бүгінгі тыңдаушылары ертең келмеске кетердей. Алыстағы үй-жайы қазіргі сәтпен өлшенетін. Бүгін мына бөлімшеде, ертең ана бөлімшеде концерт беру керек. Адамның тек қана қазіргі сәтпен өмір сүруі де мүмкін емес сияқты. Бірақ солай. Бүгінгі концертті аман-есен аяқтасаң ғана, ертеңіні ойлайсың. Әйтпесе, жетпеуің де мүмкін, соғыстың заңы да соғысша.

Майдан газеттері бұлардың еңбектерін бағалап, өз беттерінде жазып жатты.

“Біз қазақ халқының әншілерінің – оның әйгілі бұлбұлы Күләш Байсейітованы, ерекше талантты Жамал Омарованы, халық артисі Елеубай Өмірзақовты тыңдадық. Күләш Байсейітова Шопен шығармаларын орындаудағы ерекше шеберлігімен әсер етті. Ол поляктың ұлы композиторының “Желаниесін” қазақша айтты”, – деп жазды батальон комиссары О. Левитский.

Мақалаға одан басқа жауынгерлер – Ақжігітов, Санжеев, Шайдуллин, Федор Чегодаев, Василий Сорокин, Витошкин, Стрельников, Запорежченколар да қол қойған. (*“За Родину”, июнь, 1942 жыл.*)

Бір ғажабы, мұндайдағы қолпаштау, мақтаулар жайшылықтағыдай көңілді көтермейді екен. Тек бұрынғыдан бетер ширьға, өжеттене түсесің.

“Жамбыл өкеміз бен Күләш қарындасымызға!

Гвардиялық кавалерия корпусының командирлері мен жауынгерлерінің атынан жолдастық сәлем хат. Біздің майдандағы табыстарымызды, Қызыл Армияның жеңістерін сіздерге корпус атынан хабарлауға рұқсат етіңіздер. Және қазіргі беталысымызға қарап, 1942 жылдың немістер үшін аса қолайлы болмайтынына сенімдіміз, оған сіздер де сене беріңіздер.

Біздің майдандағы жеңісіміз сіздердің тылдан келген ыстық сәлемдеріңізбен, халқымыздың отты жырымен, өсем әнімен тікелей байланысты. Хатымыздың соңында сіздердің майданға келіп өлең оқып, концерт беруіңізді өтінеміз. Бұл бізді жігерлендіріп, жауға соққы болып тиеді”, – деп жазды I рангалы әскери юрист, орденді жауынгер Мұсабаев Хакім майданнан. (*ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, опись 1, 82 ед. хр.*)

Ал мына хат ше?

“Бір сәттік тыныс алу кезінде жауынгерлер Қазақстаннан сыйлыққа келген патефонды ойната бастады. Күй табақта Қыз Жібектің ариясы еді. Кенет неміс самолеттері ұшып шыға келді. Дереву жасырынуға тура келді. Бірақ Қыз Жібек әнін үзбеді, сонысымен біздің тұтастай бір жаяу әскер дивизиясына қарсы шабуылға шығуымызға дем берді. Қазақ жауынгерлері шабуылға: “Біздің қасиетті өнеріміз үшін! Қазақ қыздарының еркін де, жарқын болашағы үшін!” деп аттанды.

Айқаста шейіт кеткендер де болғанын жасыра алмаймын, бірақ немістер қаншама өршелене бомбалағанымен, Жібектің әнін үзе алмады, өнерді өшіре алмады”. (*ЦАГФ. КазССР. Фонд 1630, опись 1, 38 ед. хр.*)

Бұл Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің хаты еді.

Мұндай ілтипатқа, халқының ниетіне өнері татитын

болса, Күләштің сол үшін қызмет етуден тартынатын жайы бар ма?! Қажет екен – майданға барады; қажет екен – концерт береді. Алдыңғы шеп пе, тыл ма, дивизия ма, корпус па – бәрібір.

Майдан даласындағы концерттен кейін өлім шашқан айқасқа ойнап кірген жауынгерлерді көрді, өнердің құдіретін сонда сезінген; жаудың табанынан алғашқы рет азат етілген алақандай жердің топырағын тізерлей сүйген солдаттарды көрді, өлімнің құрсауын сонда сезінген; сол алғаш азат болған, өз ұлдары мен қыздарының қаны сіңіп, қасірет шеккен Украина топырағын басып тұрып ән тыңдап, әрі қарай шабуылға аттанған жауынгерлерді шығарып салды.

Иә, соғыс мүмкін еместі мүмкін ететін, ерлік пен ездіктің ара жігін айырып беретін, саналы адам қаламайтын, бірақ тап келгенде бүкіл бір халықтың, қауымның, уақыттың бет-бейнесін ашып беретін құбылыс.

Соғыстың өз бейнесі қаншалықты қорқынышты болса, оның артында қалдырған елесі одан да өткен сорақы. Оның артында қаншама қираған өмір, еш болған еңбек, жетім мен жесір, жер болған шаңырақ қалды. Оның есесіне қаншама молалар өсіп шықты, қаншама концлагерьлер пайда болды. Ол жерлер мүмкін егін егуге, қала салуға, канал қазуға арналған шығар. Бірақ – жоқ. Енді ол маңайдан бірде-бір адам тітіркенбей, өлімді қолдан себушілерге қарғыс айтпай, көзіне жас, жүрегіне шер толмай өте алмайды.

Кеше ғана өзі барып жұмысына қатысып келген Конгреске қатысушылардың ерте ағарған шаштарында, мұң торлаған көздерінде сол қарғыс және бейбітшілік үшін күрестің қайсар ұшқыны жатқан жоқ па еді?!

— Иә, адам да, техника да, ғылым да, өнер де тек қана бейбітшілік үшін күресуі қажет. Соншама халықтың өкілінің соншама тілінде айтылған жалғыз-ақ сөз – Бейбітшілік – бәріне де аудармасыз-ақ түсінікті еді. Негізгі жүрек қалауы бір-ақ мәселе – бейбітшілік үшін күрес болған соң – түріндегі, тіліндегі, түсіндегі әр қилылықтың ештеңеге бөгеті жоқ екен, Польшаның Робсонның өндерін қайта-қайта тыңдаған азиялықтардың, қазақ өндерін айтып беруді қайта-қайта өтінген еуропалықтардың тілегінен Күләштің ұққаны осы еді.

Сол шешімді – бейбітшілікті сақтауды – жүзеге

асыруда өз мүмкіндігіндегі құралы – өнерімен күш қосу мұның да азаматтық борышы. Демек, радиодан сөйлегенде де, сахнаға шыққанда да, халықпен кездескенде де негізгі бағыты осы болмақ.

Ойын жинақтап, қорытып алған Күләш жаза бастады. “Әлемге жаңа өмірдің ашық күні шықты. Оның ғажайып жарығымен салыстырғанда, соғысқұмарлықтың шырағы көрінер-көрінбес қана. Бейбітшілік ісі оны толық өшіреді!

Өрбір адамның өмірінде естен кетпес күндері болады. Варшава конгресіне қатысқан күндерім менің сондай ұмытылмас шағым. Менің Конгрестен түйген ең басты және маңызды шешімім – бейбітшілік күшінің сансыз көптігі, бейбітшілік жақтаушылардың қатары күн сайын өсіп келеді. “Поляк сөзі Үйінің” үлкен залында африкалықтарды, арабтарды, индонезиялықтарды кездестіруге болатын еді. Осылардың бәрі де, империалистерге сатылған американ адвокаты Роггеден басқасы, достар еді. Олардың әңгімесін тыңдай отырып мен есіме өз халқымның, өзімнің тағдырымды еріксіз алдым. Сол сәтте өзімнің Советтер Одағының өкілі екенімді мақтанышпен сезіндім.

Конгресте мен көптеген елдердің мәдениет қайраткерлерімен кездестім. Солардың қайсысымен сөйлесем де, Совет Одағы, Қазақстан туралы көбірек білгісі келіп тұратынын байқадым.

Кейбір делегаттардың өтінішімен қазақтың халық әндерін бірнеше рет орындап бердім. Сол сәттегі сұраулардан, үнсіз қол қысулардан халықтардың достыққа, мәдени байланысты кеңейтуге, дамытуға деген құлшынысын байқадым.

Бұл Конгрес әлемде бейбітшілікті сақтауға болатынын халықтарға дәлелдеп берді. Ендеше, достар, барлық күшімізді қосып, баянды бейбітшілікті нығайтайық!”

Жазған қағазын ұқыппен папкаға салып, стол шетіне қарай ысырып қойды. Сонан соң сағатына қарап, радионың тілшісіне кел деген уақыты жақындап қалғанын байқады. Терезеден көшеге көз салды. Әр қилы қам-қарекетімен ерсілі-қарсылы ағылып жатқан халық. Біреулер баласын жетектеп, біреулер сумкалары мен торларын көтеріп бара жатса, енді біреулер жайбарақат қолдарын қалтасына салып, жан-жағына асықпай қарап,

баяу адымдайды. Бейбіт өмірдің күнделікті тіршілігі. Жалтырата сүртілген терезе әйнектері күнге шағылысып жалт-жұлт етеді. Айнадай таза көшелер, ашық терезелер, әр үйдің шатырында қонақтап, тобымен жүрген көгершіндер көңілге қуаныш толтырады.

“Жақсы – деді іштей, осының бәрін бөлмеден бақылап тұрған Күләш. — Әркімнің өзінше тіршілігі бар. “Бомбалайды, тексереді, ұстап алады” – деп қорықпай, терезесін шалқайтып ашып қоя алады, асықпай қыдыра алады, көшеде еркін жүре алады. Қандай ғажап! Қандай тамаша!”

Жақсыдан шарапат

Күләштің жұмыстан келгенін естіп, өз бөлмесінен жүгіріп шыққан Қарлығаш:

— Мама, саған Мәскеуден хат келді, – деп көкшіл конвертті ұстата берді.

— Москвадан ба?

Конверттің сыртына көз жүгіртіп шыққан Күләш, хаттың бейтаныс екенін аңғарып таң қала сұрады.

— Иә, Москвадан. Штемпелінен білдім.

Қызы өзінің байқағыштығына мақтау күткендей масаттана қарады.

“СССР халық артисткасы А. В. Нежданова атындағы вокальдық творчество кабинеті.

18 июль 1952 жыл.

А.В.Нежданова атындағы Вокал творчествосы кабинеті Сіздің Актив мүшесі ретінде кабинеттің жұмысына белсене қатысуыңызды өтінеді. Жаңа қолға алынып отырған бұл игілікті істің негізгі міндеті – орыстың вокальдық мектебінің принциптерін сақтау және дамыту. Бұл мектептің жарқын өкілдерінің бірі А. В. Нежданова еді. Сізді де өз творчествоңыз арқылы осы бағыттағы іске көмегіңізді аямайды деп сенеміз.

Сондай-ақ, А.В.Нежданова жайлы естеліктер жинағына қатысуыңызды өтінеміз. Неғұрлым тез жіберсеңіз, соғұрлым тиімді болар еді.

Шын ықыласты сәлеммен, Н. Голованов.”

(ЦАГФ. КазССР. Фонд 1630, опись 1, 82 ед. хр.)

Күләш хатқа қуанып қалды. Жұмысы көп, уақыты жоқ еді. Бірақ Нежданова сияқты адамдар үшін, түптеп келгенде, халықтық өнердің төркінін танып, болашаққа жеткізу үшін уақыт табу – әрбір азаматтың міндеті емес пе?

Күләштің өміріндегі ұлы өзгерістер, аса жарқын сәттер Нежданова атымен тығыз бйаланысты еді. Ол – ұмытылмас 1936 жыл болатын.

Онкүндіктің алғашқы жемістерін тата бастаған, қолпаштауға көңіл үйренбей, құлақ естігеннің өзіне ғана мас кезең-тің. Күнде жаңалық, күнде жақсылық. Сондай күндердің бірінде: “Өзіңді арнайы құттықтайын деп келдім. Сен өз халқыңның бұлбұлысың!” – деп Антонина Васильевна Нежданова Күләштің қолын алған.

Күләш қатты толқыды. Ұстаз алдында мақтау естіген шәкірттей қобалжи тұрып, ұлы әншінің құттықтауын қабыл алған. Бірақ ол шалғай шеттен келген әуесқой әншінің астанадағы кемеліне келген өнер жұлдыздарының алдында қорғалақтауы емес-ті. Жоқ.

Күләш өзі өнер жолына түскеннен бастап-ақ, өз елі өнерінің қай саласы болмасын басқа халық өнерінен кем түседі, қораш көрінеді дегенді ойына алған емес. Оның көңілін қатты алаңдататын басты нәрсе – осынау халықтың жүрегінен шыққан асылды басқалар өз дәрежесінде, өз сырымен, бояуымен, тебіренісімен қабылдай ала ма, өнер адамдары соларды халыққа бар қымбат қасиетімен жеткізе ала ма деген ойлар еді. Қазір де ол Нежданованың үніндегі, жүзіндегі шыншылдықты байқап толқыды. Нежданова – орыстың ән мектебінің аса көрнекті өкілі. Шаляпин, Карузолар сияқты нағыз халықтық әнші. Ол бағаны да сол халықтың биігінен береді. Демек, мұның, Күләштің, өз тілінде айтқан өз халқының өнері, оған – Неждановаға – сол ұлттық бояуында, үнінде жеткені ғой. Демек, Күләш өз халқының өнерін өз дәрежесінде басқаларға жеткізе алғаны да.

Күләшті толқытқан осы ойлар еді. Сонан соң ұлы әншімен өнер жөнінде ұзақ сөйлесті. Көргені көп, білімі де көл-көсір аяулы әнші біраз үлкендік, өнерпаздық тілектерін айтты.

Сонан кейін 1940 жылы Мәскеуде тағы кездесті. Онда Күләш өзі концерт берді. Бұл жолы ұлы әнші жас әріптесінің өсуіндегі көптеген жетістіктерін атап

айтып, өзі де қуанып, Күләшті де қуантып тастады. Күләштің “Тәккуін” ерекше сүйсініп тыңдап, соны үйреніп, айтуға талаптанған. “Тәккуден” ерекше жастықтың, шаттықтың лебі еседі”, – дейтін.

Сонан кейін Күләш жас әншілердің Бүкілодақтық конкурсына жюри мүшесі ретінде қатысты. Бұл өзінің де, республиканың да өнерінің едәуір өскен кезі болатын. Осы конкурске қатысқан республика өкілінің бірі – Ермек Серкебаев бірінші дәрежелі сыйлық алып, абыройлы оралды. Күні кеше өздері де аяқтарын енді-енді басып, тәй тұрған республиканың бүгін өзі теңдес қана емес, өзінен көп ілгері бауырластарымен қатар үлкен бәйгеге жас жүйрігін қосып, оның озғанын көру, оған өзінің баға беруші ретінде куә болуы Күләштің көңілін тасытты. Бұл жолғы кездесуде Нежданова да бұрынғыдай кішіге қарағандай емес, нағыз терезесі тең өнерпазды даусыз мойындағандай жюридің алғашқы мәжілісіне жиналған сәтте Күләшті: “Ты наше чудо! Чудо!” – деп қарсы алған.

Қанша рет кездесіп, пікірлесіп жүрген шақтарында Нежданова Күләшқа сүйсіне, құрметтей қарағанымен, арзанқол мақтауларды, өтті-кетті колпаштауларды айта бермейтін. Бар болғаны екі-ақ рет арнайы бағалағандай. Бірінде алғашқы Онкүндікте: “Сен қазақтың бұлбұлысың!” – деп ашық айтты. Одан біраз жыл өткен соң: “Ты – чудо!” – деді. Дуалы ауыздан шыққан осы сөздер мәңгі-бақи Күләш есімінің синонимі болып қалды.

Кейіндете берсем тағы уақыт таппай қалармын деп, Күләш естелікті қазір жазуға отырды. Бұрын жазумен айналыспағандықтан сөздің бас-аяғын қиыстырудың машақатын да көрді. Бірақ менің көргенімді сен де көріп едің ғой, жаза салшы деп Қанабекке итере салуға ұялды. Негізін жіберсем, әдеби ретін редакторлар жөңдейді ғой деп көңілін демдеп қойды. Ақыры жазып, сызып, бірнеше парақты шығындап, тоқтамға келген пікірі мынау-ақ болды.

“Менің көңілімде аса сезімтал суреткер-әнші А. В. Нежданованың образы ерекше айшықты бейне болып сақталады.

Оның таң қаларлық анық жақындығы сонша – мен сахналық әрбір жаңа образға, вокальдық бейнеге кірісер алдында өзім де байқамай: “Бұл жұмысқа

А.В.Нежданова қалай келер еді?” деген сұраудың төңірегінде ойланып қаламын.

1940 жылы Антонина Васильевна әншілік шеберлікті үздіксіз көтере жүріп, ұлттық колоритті сақтауды өз аузымен аманат қылған. Ол кезде ұлы әнші менің концертімді тындап, 1936 жылғымен салыстырғанда, менің әнші ретінде көп өскенімді айта келіп, әсіресе, қазақтың халық әні “Тәккүді” орындағанда шеберлігінің шыңдалуымен қатар, ұлттық колориттің бай қалпында сақталғаны анық байқалады деп атап көрсеткен. Ал, ол кісі әншінің өсуін немесе жалғандығын тануда еш қателеспейтін. Мен өзімнің өнер жолымда ол кісінің өсиеттерін бар мүмкіндігімше жүзеге асыруға тырысып жүрген адамның бірімін”.

Онша разы болмаса да, осы жазғанын қалдырды. “Менен, сірә, жазушы шыға қоймас”, – деді іштей мырс етіп.

Халқының өзі орнатқан мүсініндеі

— Қана, ұйықтап қалдың ба?

— Жоқ. О не?

— Сараның бейнесі қандай деп едің?

— Қай Сараның? Ә, иә, баяғы ауруың басталған екен ғой.

Жауабы ренжігендей шыққанымен, Қанабек Күләштің бір нәрсені бастаса, әбден кемеліне келтірмей тынбайтынын білетін. Сондықтан сөз аяғын әзілге сайды:

— Қап, “Біржан” шыққанша тағы әйелсіз қалады екем ғой...

Өз сұрауына байсалды жауап күтіп жатқан Күләш балаша сықылықтай күліп жіберді.

— Қойшы қалжыңды, Қана. Қандай еді, айтшы?

Қанабек бұрын да сан қайталаған, өзі бала кезінде куә болған көріністі қайталап айтып берді.

— Қана, сен ұйықтап барасың ғой деймін.

— Жоқ-ө, айтып жатырмын ғой, міне, ақ сары, ұзын бойлылау сияқты ма еді...

— Өткен жолы сұңғақ бойлы, сары, ат жақты дегенсің.

— Ұзын бойлы мен сұңғақтың қандай айырмашылығы бар? Ал, сары ма, ақ сары ма, одан бері қанша жыл өтті және мен сол кезде қайбір адамның түсін ажыратады дейсің...

— Ол да мүмкін. Бірақ ұзын мен сұңғақтың айырмасы бар. Қазақ әйелі онша ұзын болмаса керек және ұзын әйел әдемілікке өлшем емес. Ол, сірә, сұңғақ бойлы шығар. Өзі әнші, өнерлі адам болса...

Күләш көңілдің елесіне елігіп кетсе керек, Қанабек бұрқ етті:

— Түу-у, енді, ұзын ба, әлде қысқа ма, соған қарап бойыңды өзгерте алмайсың, осы барыңмен шығасың ғой, маза бола ма, тегі!

Сасып қалған Күләш қапелімде:

— Ойпырым, батыр екесі... – деп бастай берді де, ойнақылана:

Келші, келші, қалқам-ай,
Сүйейін сені алқалай”, –

деп әндете жөнелді.

Айтарын айтып қалса да, өзінің жөн емесін аңғарған Қанабек өкінгендей еді, мына орайлы әзілге риза болып, іліп өкетті.

— Е, сүйтіп әдемі түстер көретін әңгіме бастамайсың ба, – деп әйелін иығынан құша күліп қойды. – Ұйықтайық, “Саражан”, ертең жұмыс көп.

— Ұйықтайық. Қайырлы түн.

Дегенмен, ұйқы келе қоймады. Өрқайсысы бір-бірінің мазасын алмайын деп, ұйықтап жатқансығанымен, ойды ой қуып түннің біраз уақытына дейін көз іліндіре алмады.

Қанабек үшін ақын Сара алыстап кеткен балалық шақтың, ата-ананың панасында, туған жердің аясында қамсыз-мұңсыз өткен күндердің ертегідей елесі. Сонан ба, Сара бейнесінің өзі де оған ертегінің адамындай елестейді. Бала кезінде қалған бейне, бала құлағында сақталған әсем әнге қосылып, бала көңілінде ғажап ертегінің ұмытылмас көрінісіндей берік орын тапқан. Қазір Мұқанның “Біржанын” дайындау кезінде осының өзі әжептәуір көзкөргенге жарап жүр.

Ал, Күләш үшін Сара жаңа биік, жаңа белес. Жібектен кейінгі жұмыстарының ішінде халықтың өз ортасынан туғандай көрінетіні де осы. Бұл екі ортада әр түрлі бейнелер болды, әр қилы асулардан өтті. Еуропалық “Чио-чио-сан”, орыс классикасының “Евгений Онегин” сияқты маржандарымен танысты, табысты. Тәжірибесі де баршылық.


Күләш қазір өнші ретінде, опера солисі ретінде қалыптасқан артистка. Таза вокальдық тұрғыдан қатты қиналған, бүкіл бір мектепті игеріп шыққандай болған сәті “Алтын астықтың” тұсы еді.

Операның тууының өзі айлап, апталап жылдамдап кеткен кездерде Брусилловский “Алтын астықты” жазуды қолға алды. Алды да: “Туля, жұрт мені нағыз опера талабына сай шығарма жаза алмайды деп сөгеді. Енді мен нағыз жаңаша жазамын. Театр сопрано таба ма, жоқ па, онда менің жұмысым жоқ”, – деп жариялады. Және сол айтқанындай, жаңаша жаза бастады. Бұған дейін меццо-сопраномен айтып жүрген Күләшқа енді даусын сопраноға көтеруге, немесе рольден бас тартуға тура келді. Міндеттеген жұмыстан атқара алмаймын деп бас тарту – Күләштің табиғатына сіңбеген нәрсе. Өзі ес білген бала кезінің өзінде шешесінің тапсырған үй ішілік жұмыстарын зыр жүгіріп тындыратын. Өрине, анасы байғұс қызының күндердің-күнінде мұндай ел алдындағы адам болатынын білген жоқ, білсе де, істейтін амалы жоқты. Өрбір қыз баланың басынан кешетін – үй сыпыру, жинау, іс тігу, тамақ пісіру сияқты жұмыстың бөріне салды. Оның қаншалықты тындырымды болғанын кім білген, бірақ жапырайған жүдеу үйдің кішкентай тұрғыны – жұқалаң қараторы қыз ертелі-кеш тыным таппай зыр жүгіріп жүретін. Сонда шешесі айтқан көп шаруаның бірде-бірін әлдебір себеппен орындамау есіне келмейтін.

Онан кейін біраз күтіп, күдер үзе бастап барып дүниеге келген Құралайын босанғанда, омырауы ауырып, баланы емізу қиынға айналды. Бала да төтті, жан да төтті, екеуі де қинайтын. Дәрігерлер бар, күйеуі бар, жолдас-жора бар бөрі қосылып баланы қолдан тамақтандырып, омырауын емдеуге кеңес берді. Дәрігерді де түсінеді, жанашырлықты да қабылдайды, бірақ іштей ойлана келіп келіспейтін. Келіспейтін де, қолын байлатып қойып, көзінен жасы парлай отырып, баласын өзі емізетін. “Қалайша әйел өзі тапқан баласын емізе алмайды, жаным




Күләш Байсейітова жаңа партитурамен танысып отыр.





Күләш Байсейітова — СССР Мемлекеттік сыйлығының екі дүркін лауреаты.





Күләш — Қыз Жібек. /1934 жыл/



*Күләш әріптестері Сайра Киізбаева, Ришат Абдуллин, Жамал Омарова, Шарамен бірге.
/Сурет Қазақ ССР Орталық архивінен алынды/*



Күләш және атақты күйші Дина Нұрпейісова.



*Дирижер Ұ.Нүсіпов, Күләш Байсейітова, Г.Ғалиева,
Е.Серкебаев, Ш.Қажығалиев.*



Күләш — Қыз Жібек, 1936 жылы Москвадағы Онкүндік кезінде.



*Күләш — Ажар. /Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің
“Абай” операсы/*






Күләш — Сара.
/Мұқан Төлебаевтың “Біржан – Сара” операсы/



*Күләш — Алтыншаш.
/Назиб Жигановтың “Алтыншаш” операсы/*






*“Біржан – Сара”. Рольдерде Күләш Байсейітова мен
Байғали Досымжанов.*





*Күләш — Ақжүніс.
/Е.Брусиловскийдің “Ер Тарғын” операсы/*



П. Чайковскийдің “Евгений Онегин” операсынан көрініс.



*Күләш — Баттерфляй.
/Пуччинидің “Чио-чио-сан” операсы/*



Күләш — антракт кезінде.





*Палиашвилидің “Даиси” операсынан көрініс. Күләштің
партнерлері — Давид Ангуладзе мен Петре Амиранашвили.*



Қанабек Байсейітов “Евгений Онегиннің” репетициясында.





“Төлеген Тоқтаров” операсының дайындық кезі. Солдан оңға қарай: Ахмет Жұбанов, Столяров / дирижер, Л.Хамиди, Күләш, Колоденко /суретші/, Қ.Байсейітов, Ә.Үмбетбаев, Қ.Жандарбеков, т.б.

ауырады деп қалайша мұндай қасиетті парыздан бас тартуға болады”, – деп ойлайтын жылап отырып.

Сол “қалайшалар” “Алтын астық” тұсында да бас көтерді. Сүйтті де кесімді түрде даусын сопраноға көтеруге кірісті. Шынын айтқанда, соған өзінен басқа ешкім сенген жоқ. “Алдына ешкім шықпаған соң танып кеткен, ешкімге ештеңе бергісі келмейді”, – деген; “қызғаншақтықтан тыраштанып жүр”, – деген; “сопраноға көтерем деп барынан айрылады да, өзін-өзі күлкі қылады” – деген, қилы-қилы сыбыр-күбір де шықты.

“Туля, бекер әуре боласың, бізді де әуре қыласың”, – деп Брусилковский де күдік айтты. Күләш үндемейді, үндемейді де ертелі-кеш жақ жаппай шырылдай береді. Жеткен жеріне дейін айтады. Жетпеген жерін ертеңіне жалғастырады. Кейін бәрі өтіп, көздеген нәтижеге жеткен кезде Қанабектің: “Күніне 8-9 сағаттан жаттықты, осы шынымен-ақ ән айтуының соңы болар деп күдіктендім”, – дегені бар. Ақыры жеңді. Сонысымен өзіне де, өзгелерге де адам мүмкіндігінің шамасын көрінеу дәлелдеп шықты. Түсінетіндер: “Шынымен ғажап екен”, – деп таң қалды, бақталастығы барлар: “Кеудесіне әннің албастысы орнаған шығар”, – деп түңілді. Сонша қиындықпен келген “Алтын астық” опера сахнасы үшін айтарлықтай табыс әкелген жоқ. Оның ең үлкен маңызы – Күләш үшін айрықша мәні бар мектеп болғандығы. Сонан былай қарай музыка тануда Күләштың даусы лирико-колоратуралық сопрано деп анықталды.

Қазір Сара тұсында ойландыратыны – оның вокальдық қиындығы емес, сахналық шешімі. Сара – өмірде болған адам. Оны көрген адамдардың көзі бар, олардың есінде Сара бейнесі анық. Сонымен бірге, ол теңдесі жоқ әнші, өнерпаз ретінде әлдебір эталондай қалыптасып қалған. Бұл оның сахналық бейнесі жөніндегі бір мәселе. Екінші мәселе: Сара хан қызы Жібек те емес, тағдыры талқыға түсіп төлкек болған Хадиша мен Ажарға да ұқсамайды, Айман, Шұғалардан да алшақ жатыр. Бұл – Күләш творчествосында кездескен қазақ қыздарының бәрінен өзгеше, оқшау бейне. Сара – күні бүгінге дейінгі ұлттық операмыздағы халықтан шыққан, халықтың ойын айтатын тұңғыш азамат-өнерпаз қыз. Ендеше, әрі соны бейне жасау керек, әрі халықтың көңіліндегі

Сараны ұмытпау керек. Қанабектің есінде қалған көріністер осы соңғысына қажет. Сыртқы бейненің үйлесімі көрермен көңіліне жол ашатын алғашқы соқпақ. Ал, оған деген даңғыл жолды образдың өзінен, оның ішкі табиғатынан іздеу керек.

Бұл күні Күләш мазасыз ұйықтады. Қайта-қайта оянып, үзік-үзік түстер көріп, берекесі кетті. Таңертең де ерте тұрды. Шайды дайындап, балаларды мектепке қамдағанша, Қанабек те тұрды. Қабағына қарап Күләштің демалмағанын сезсе де, ештеңе деместен дастарқанға отырды. Шай үстінде де балалармен, енесімен үй ішілік кәкір-шүкірді сөйлескен кезде, әйелінің назарын аудармауға тырысты. Себебі, образдың нобайы қалыптасып келе жатқанын басқадан бұрын, бәлкім Күләштан да бұрын, Қанабек аңғаратын еді. Бұл Күләштің жұмыс істеу машығындағы ең кірпияз кезі. Осы шақта әлденеден ойы бөлініп кетсе, жаңа түзіліп келе жатқан арқаудан айрылып қалады да, артынан жинақтай алмай қиналады. Онан соң жұмыстың мүлдем берекесі кетеді. Түзде де жоқ, үйде де жоқ бір күй кешеді. Дәл қасында сенімен сөйлесіп отырып, ойы он саққа кетер еді. Үйде де, түзде де бірге жүрген әйелің десе де, оның жан сырын қанша таныдым десе де, түгел біле алмайды екенсің. Қанабек өзі де өнер адамы, өзі де өмірден біраз нәрсені көрген кісі, сондықтан өнер табиғатын да, адам табиғатын да біршама түсінемін деп ойлайтын...

... Театр “Абайды” дайындап жатқан кез болатын. Соғыстың кезі. Қайда барса, қаптаған адам. Жұмыс та көп, қашан да бітпей жатқаны. Опера жазылып та жатыр, репетиция да жүріп жатыр. Басы-аяғы дейтін емес, тигенін тигенінше дайындай берді. Құрманбек режиссер, жанды қоймай дігірлеп ол жүреді. Белгілі: Күләш – Ажар, Әнуарбек – Айдар, Ришат – Абай. Бір күні репетициядан соң: “Жұмысың бітті ме, үйге қайтамысың?” – деп Күләшқа келіп еді, Әнуарбекпен екеуі партитураға қарап бірдеңелерді айтып отыр екен, бұған жауап бермеді, бетіне бақырайып бір қарады да қойды. Бұл ештеңе демей шығып кетті. Үйге келіп демалып жатыр еді, біраздан кейін Күләш келді, бірақ бұнымен ісі жоқ, балалардың сабағын сұраған болды, шешесімен бірдеңелерді сөйлесті, бір кітаптарды ақтарды. Ертеңіне тағы сол. Театрда мүлдем танымайтын

адамдай, үйде жаттай. Бір күні вестибюль арқылы өтіп бара жатыр еді, анадай жердегі креслода қарама-қарсы отырған Әнуарбек пен Күләшті тағы көрді. Қолдарында бір-бір қарындаш, алдарындағы қағазға қарап бастарын түйістіріп қойып бірдеңені еліге айтып отыр. Бүкіл әлемде тек екеуі қалғандай. Қандай сайтан тұрткенін кім білсін, мұны әлдебір найсап күш көтеріп әкеткені ғой. Тіпті, әдейі ойласа істей алмастай дәрекіліктің әп-сәтте қайдан шыққанын да білмей қалды...

Шаң-шұңға репетиция жасап жатқан Құрманбектер де шыға-шыға келісті. Мән-жайды бірден аңғарған Құрманбек:

— Кісі сүлдесін сүйретіп әрең жүргенде, сенің қатының кімге керек, әй, әкеңді ұрайын, ит! – деп сыбап алды.

Пианистка әйел Күләштің маңында безектеп жүр. Еңгезердей денесімен қаңқиып Әнуарбек тұр. Біреу қолындағы кәмпитін тартып алған баладай, бірдеңе деп күңк-күңк етеді.

Бірақ Қанабекті тоқтатқан бұлардың бірі де емес, Күләштің өзі еді. Басына соққы тигенде, оның аузынан: “Алла!”, “Құдай!”, “Ойбай!” емес “Абай аға!” деген сөз шықты. Көңілінде әлдеқайдағы еркектік қызғаныш бас көтерген Қанабек мұндайды күтпеген еді. Есеңгірегені сонша, есіктен қалай атқып шыққанын білмейді. Сол бетінде көше кезіп жүре берді. Ұяттан, топастығынан жерге кірердей еді. Түннің бір уағында үйге беттеді. Өмірінде бірінші рет өз үйінің алдына жүрексіне тоқтады. Енесінің үнсіз, салмақты жүзінен қаймықты. Балаларының көзінің астымен кінәлай қарайтын бейкүнә қалпынан тайсақтады. Жігіт болған ұлының тура қарап батыл айыптайтынын сезді. Осылардың бірі болмаса, бірінің есік ашуға келетінін сезген сайын қипақтай берді.

Есік ашық екен, жайлап итеріп еді, ашылып кетті. Әдейі ашық қалдырылған. Өз бөлмелерінен басқа жақта жарық жоқ. Мұның кіргенін білген Күләш үнсіз келіп, кешкі тамақты жасай бастады. Көзіне түсіре орамал тартып алыпты. Тамақ ішпеймін деуге болмады, ішейін десе – жүрмеді, оны-мұны шұқып, шымшып ауыз тиді.

— Күлә, кешір, шаршап жүрген соң ба, өзім де байқамай...

Сөздері байланыспайды, ойы да шашыраңқы. Мана көшеде жүргендегі ойдың бірі жоқ. Күләш орамал астынан бұған тура тесіле бір қарап алды. Сонан соң терең күрсінді.

— Е-е, Қана, саған керегі Күләш Байсейітова емес, көдімгі кіріңді жуып, асыңды пісіріп отыратын қарапайым қатын ғой... Қайта туу қиын шығар, бірақ бірге тұрған бірнеше жылда кімнің кім екенін танып болмағаның өкінішті. Енді әйел ауыстырмасаң, Күләш Байсейітованы ауыстыруға кеш қой.

— Жоқ! – деді жұлып алғандай, атып тұрып. – Жоқ, атама оны! Кешір мені. Қалай болғанын өзім де білмеймін...

Тағы бірдеңелерді үздіксіз айта бергені есінде. Репетиция жасап жатқандай Күләштің екі қолынан тас қып ұстап алған.

“Айғайлама, балаларды оятасың”, – деді Күләш. Бұл оны кешіргені деп ұқты.

Кейін сол күндерді, сол күйлерді қайталап есіне алып, ой елегінен өткізіп сараптады. Тікелей өзі партнер боп ойнағанда байқалмаған жайлар, басқалармен ойнағанда күдік келтіретінін аңғарды. Ол Күләштің көңіліндегі бөтендік емес, өз көңілінің сол дәрежеге жетпей жатқандығынан екен. Қай кезде де сахнада жанып кететін Күләш партнерін де жандырып, лаулатып әкететін. Ол жаңа жұмысты бастағанда тек репетиция кезінде, тек театрда емес, барлық уақытта сол образбен бірге өмір сүретін. Табиғатында көпшіл, ақжарқын Күләш бұл шақта ерекше оңашалау, оқшаулау, тұйықтау жүреді. Көбіне партнерімен, режиссерімен ғана әңгімелеседі. Қанабек режиссерлік еткен жұмыс болмаса, онымен де сиректеу сөйлеседі. Жалпы, Күләш алғашқы танысқан кездерінен бері Қанабекті ерекше бір кішілік, нәзіктікпен сыйлайды. Әдепкі сөз бастаған кездері мұны жігітке деген қыздың ілтипаты деп қабылдаған Қанабек, үйленгеннен кейін де сол сезімнің жоғалмай, қайта бұрынғысынан да жылылау тартқанын аңғарды. Біраз жас үлкендігі бар, бұрын отау иесі болған, ауыл атқамінері боп та біраз өмір көрген бұған, әйелінің осы нәзік сезімі біртүрлі қызық көрінетін, әйелдің қулығы емес пе екен деп күдікті де көрінетін. Сондай қызық, қуанышы мол күндердің бірінде бұл Күләштің қойын кітапшасының

ашық жатқан үстінен түсті. Өлдеқалай көз жүгіртіп еді, өзіне қатысты жазулар бар екен.

“21 апрель, 1933 жыл.

... жолдастың бөлмесінде бұдан әрі қарайғы қарым-қатынасымыз жөнінде әңгімелестік.

22 апрель.

Бүгін Қанабек жауап күтеді. Мен үй-ішіммен кеңесуім керек.

24 апрель.

Бүгін “Зәурені” қойдық. Постановкадан кейін біздің үйге бардық.

25 апрель.

Қана менімен мәңгі бірге болуға қалды.

28 апрель.

Қана, мен сендік, ал, Қана мендік.

29 апрель.

Қанаш! Қанам!” (ЦАГФ. КазССР. Фонд 1630, опись №1, 53 ед. хр.)

Өзі туралы болса да ұрлап оқығанына ыңғайсызданып, айналаға шұғыл көз тастады. Тұла бойы ысып, сол өзіне де ыстық кездерді қайта кешкендей күйге түсті. Және біртүрлі мақтаныш сезімі кернеді. Өзінің соншама қымбаттығын, сүйікті екенін сезу әрбір еркекке де батылды, дарқанды, сенімділік әкелетін болса керек. Сонымен бірге, бұрын өзінде жоқ қасиеттерді де иеленуге, өзін ерекше бағалайтын әйел көзінде ылғи оқшау тұруға деген бір ықтиярсыз сезім жетелейді екен. Өлгі кітапшаны оқыған соң, өзі бірнеше күн бойы көрінеу көңілді, сергек жүрді. Сонан былай қарай жаңағы кітапшаны екеуі бірігіп пайдаланатын болды. Жеке бастарындағы, творчестводағы, қоғамдық өмірлеріндегі кейбір мәселелер араласып жазылған сол сұрғылт дәптер екеуіне де ыстық. Кей-кейде бір-біріне өкпелесіп қалғанда, сол дәптерді бір-бірінен жасырып қайталап оқитын. Ондайда Қанабектен гөрі Күләш жиі іздейтін. Атағы асып, абыройы озған кездерде де өзімен кірбіндесіп қалу – Күләш үшін жан қинайтын сәттер екенін де Қанабек кейінірек байқап жүр. Ол бұған тек адам алдындағы, құдай алдындағы күйеуім деп емес, өзімен бірдей өнерпаз, оқыған-тоқығаны көп ақылшы, көргені көп сүйеніш деп те қарайды екен. Сол сан қилы

сезімдер тоғысып келіп ерекше нәзіктікке, сүйкімділікке ұласады. Мұның ірілі-ұсақты бірталай жөнсіздігімен, тіпті, дәрекілігімен, бақырайып тұрған өктемдігімен кездескенде де сол қалпынан айныған жоқ. Аса қиын сәттерде томсырайып бірнеше күн үндемей жүретін, оңашада жылап алатын, оның қалпын бағып үй ішіндегі басқалар да ештеңе білмегенсін. Кейін бірнеше баланың анасы болған кезде де сол қалпынан өзгергені шамалы. Бала туып, беті ашылған әйел болып, күйеуімен орынсыз шапылдасқан кезі жоқ. Ажардың тұсындағысы – әбден түңілгені шығар. Әлде намыстанғаны ма? Тамам жұрттың көзінше... Мүнікі де өлшеусіз өрескелдік еді.

Содан кейін ғана ерлі-зайыпты адамның арасындағы адамгершілік, ешкімнің көзіне түспейтін, екі-ақ адамның өзара сыйластығы дегенді шындап ойланатын болды. Күләштің адамгершілігінде, сыйластығында, намысшылдығында көпке үлгі болғандай, табиғатынан туа біткен ерекше қасиеті бар екен. Бұл оны өз әйелі болған соң көзіне іле бермейтін сияқты. Күләштің орнында ақымақтау әйел болса, әлдеқашан қолды бір сілтер еді. Әрине, бұл да құрып қалмас, тағы біреу табылар. Бірақ Күләшпен бірге жүргендей өмірі мағыналы, қуанышты болар ма еді? Кім білсін... Бұрын Күләшқа жеке меншік дүниесіндей қарайды екен, соны осы жолы сезді. Күләштің айғай-шусыз, салмақпен айтылған шешімі үстіне мұздай су құйып жібергендей, кенет есін жиғызды. Кенет қорқытып та жіберді. Бұл өзін соншама көрмей кетіскендей ағаттық істедім деп те ойлаған жоқ-ты. Ол өз ісінен ұялғанда, соншалықты терең ойлаған ештеңесі жоқ, әншейін белгілі аты бар адам басымен әлдеқандай бір байшыкешке ұқсап әйелін сабады деген аттан ұялған, соны бүкіл жұрттың көзінше істегеніне ұялған. Ал, сонда театр емес, үйде сабаса ше? Онда ұялмайтын болғаны ғой. Демек, кешірім де сұрамайды екен. Сонда кешірімді не үшін сұраған? Әйеліне қол көтергеннің терістігін түсінген соң ба, әлде соған жұрттың куә болғанына өкінген соң ба, тіпті, әйелін “ажырасайық” деген ойдан қайтару үшін бе? Құдай сақтасын, адамның ойы шатасса, басы да өзінікі емес сияқтанады екен ғой. Әйтпесе, осылардың қай-қайсысы да бұның өңі түгіл түсіне кірген нәрселер ме еді!

Осы көп ойдың ақырында Қанабек жалғыз-ақ

нәрсені – өзінің Күләшқа көбіне-көп әйелім деп қарайтынын, сонысымен өзі де байқамай оның көңіліне кірбің салатынын аңғарды. Күләштің әлгі айтқан тұжырымы, бір жолғы көрген зәбірден, тұщы етіне тиген ащы таяқтан кейінгі тұжырымы емес, көптеген өкпеленістің нәтижесі – әбден ойланып-толғанып айтылған сөз ғой. Бұның есіне Күләштің атақ алған, депутат болған кездеріндегі жұрттың алып-қашпа әңгімесі түсті. Бір ғажабы, сол әңгімелерге өзі мән бермепті, қайта біреу-міреудің сондай пыш-пышына Күләш қатты жауап беріп, тойтарып тастайтын. Ал бұл, әңгіменің өзіне түк қатысы жоқтай жымып қойып, жүре беретін. Тіпті, бір-ер рет арнайы шақырылған қонақтықтарда сондай бықсыма сөз шығып қалып, Күләштің қатты ашу шақырғаны бар. Өншейінде мінезі жібектей адам, ашуланса адам танымастай өзгеріп, сұрлана түсіп бет-жүзіне қарамай қатты айтқанда, әлгі сөзді шығарған адам да, үй иелері де, отырғандар да қипақтасып, бір-бірінен ыңғайсызданып қалды. Жалғыз-ақ Қанабек: “Жұрт айта береді, ауыз өзіңкі, сонша бүлінгенің не”, – дегендей, әйеліне таңдана қарап қана қойған. Сонда көңіліне титтей алаң кірмейтін. Күләш екеуін о бастан бірге жаратқандай, енді оны сөз етіп, өзгертем деу мүмкін емес, соны әлдекімдердің басын қатырып сөйлеуі бос әурешілік. Бұл аспандағы күндей, күнделікті ауадай қалыптасып қалған нәрседей сезілетін.

Құдай ұрғанда, сол кезде селт еткізбейтін әңгімелер, арандатулар қазір көңіліне оралып, көдімгідей елендетіп, әйелін әлдекімдерден қызғанатын күйге ұшырады. Балалар өсіп, көре алмайтын жұрт әбден күдерін үзгенде бұл қайдағы бір өзөзілге өзі мұрындық болды. Құдай қара бастырайын десе, қайдан дерің жоқ екен-ау...

Сол ерсі қылығын қазір басынан кешіп отырғандай ұялғаннан Қанабектің денесі ысып кетті. Мұның ойын біреу оқып тұрғандай жан-жағына күдіктене қарады.

Дегенмен орыстар айтқандай, “Бақытты болуға бақытсыздық көмектеседі”. Сол оқиғадан кейін әйеліне басқа қырынан қарайтын болды. Мүлдем бейтаныс, жат адамдай сынай қарады... Бірге жүрген соң көп сыры көзіне түспейді екен, Күләштің жанында, бүкіл болмысында өмірге құштарлық, ерекше тынымсыздық, ғажап махаббат бар екен-ау. Қайсыбір сапарлардан

оралғандағы көңілінің ерекше көтеріңкілігі, қарапайым нәрсенің өзінен керемет әсерленетіні, болмашы нәрсеге балаша қуанатыны сол жанының таза, жүрегінің пәктігінен екен ғой. Жұмысының өзін күнделікті қайталана беретін міндетті борыш деп емес, күн сайын бұған көрсеткен арнаулы сенім деп қабылдайтынын, сонан да үнемі әр күнін асыға күтіп, театрына асыға баратынын аңғарды. Ол, әйтеуір, ылғи бір жақсылыққа кездесетіндей. Тіпті, құдайдың құтты күнінде қайталап ойнап жатқан спектакльдердің өзін алғаш ойнайтындай-ақ: “Бүгін мен ойнаймын ғой театрға келіңіз”, деп таныстарына, құрбыларына телефон соғып жататын. Соны бұл түсінбейтін, әйелдің қалыптағы сөзуарлығы немесе мақтаншақтығы деп қоя салатын. Сүйтсе, бұл түсінбепті-ау... Солай ма, әлде түсінгісі келмеді ме?..

Бірақ, сол бір оқиғадан кейін Қанабектің ғажап құдіреттей артистка, қоғам қайраткері Күләшті жаңа қырынан танығаны анық. Танып қана қоймай, іштей қайта түлеумен табысып, оның бойындағы өнерпаздық қабілетін қорғаштай жүретін әдет тапты. Әйеліне қайтадан ғашық болғандай халде еді. Мұнысы бұдан он жыл бұрынғы шыдамсыз, өзімшіл сезім емес, көңілінің қалтарысындағы құпиясын екшей келе қызуы мол ықыласпен ашылған тұрақты, байсалды сезім. Өмірде де, өнерде де үндестік тауып, көңілді марқайтқан сезім еді.

Қазір Күләштің Сараны дайындауы кезіндегі мазасыздықтарын көріп жүріп, Қанабек өкініші де, ризалығы да жеткілікті өткеніне қайталай ой жіберіп, іштей өзіне-өзі күліп қойды. Қазір Әнуарбектің өзі бұған: “Қанеке, өстіп жүріп Күлекеңе шын ғашық болып қалсам қайтесіз, жейтін таяғымды баяғыда жеп алғам”, – деп қалжындайды. Бұған Қанабек кеңкілдеп күле береді, айтары болса да, үн жоқ.

Міне, Күләш үйде, шай ішіп отыр, бірақ жоқ. Бұл отырған Күләш бейнесіндегі Сара. Өзі осында отырғанымен, көңілі әлдеқайда – Қоянды жәрмеңкесінде.

... Бұлар театрға келгенде, Құрманбек өзін қоршап алған бір топ жастарға бірдеңе айтып тұр екен. Екеуін көре салып, өзіне таман тұрған Кәукен, Шабал, Байғалиларға қарап:

— Ал, “Қорықсаң, қасырдың інінің аузына жат”, – деген, не болса да, батаны Күлекеңнің өзінен алындар, өне келді, – деді.

Өзі қулана күліп қойды. Топырлап тұрған жастар ошарыла бұрылып, әлденеге күдіктенгендей бұларды бағып қалыпты.

— Сәләматсыздар ма, балалар! Құреке, бұларды қай қасқырдың ініне жұмсап жатырсыз?

— Қасқыр емес, Күләш Байсейітова деген жолбарыстың.

Өзі қарқ-қарқ күледі. Бұл сөздің төркіні “Ер Тарғынға” байланысты еді. Сол операның премьерасы кезінде залда отырған Мұхтар Әуезов ойға алғанын орындап, Тарғынның көңілін өзіне бұрып, сонысына масаттанып сахна төрінде жатқан Ақжүніс – Күләшті көріп: “Қарашы, қарашы! Добалдай Тарғынды жығып алып тояттап жатқан пантера сияқты! – дегені барды. Құрекең қазір сол сөзді есіне алып еді, оны түсінген бұлар да күліп қостады.

Шабал Бейсекованың өзіне бірдеңе айтқысы келіп, бата алмай тұрғанын аңғарып, Күләш сөзді өзі бастады.

— Кішкентай, сен бірдеңе айтқың келді ме?

— Иә, біз... бүгін... Түү, мені-ай... — Ол өзіне ыза болғанынан қызарып кетті. — Құрекең Біржан мен Сараға Байғали екеумізді де тағайындадым дейді.

— Дұрыс. Оның несіне қысыласың? Тағайындағаны рас, репетицияға да кіріседі бүгін.

— Қалай, сіз де білесіз бе? Сізбен жарысып ойнаймын ба?

— Неге жарысасың, кезектесіп ойнаймыз.

Манадан әдейі үнсіз тұрған Құрманбек тағы да қарқылдап күліп жіберді.

— Білдің бе, Шабалжан, кезектесіп айтасындар. Ал, сен сонша қысылып едің.

— Мен айта алам ба?

— Айтасың, Кішкентай. Сен Жібекті, Ажарды айттың ғой. Сараны да айтасың. Өзіңе-өзің сенуің керек, сонда бәрі де реттеледі.

Шабал аузына сөз түспей басын изей берді. Өздері театрға алғаш келгенде, атағынан үркіп келген адамның бұларды қалай қарсы алғанын, Жібекті алып репетиция жасап жүргенде сөзбен айтатын жерлерінде үні жетпей қалатынын, артынан осы кісінің үйретуімен сахнада сөйлеуді үйренгенін, Ажарды дайындағанда өзі әдейі репетиция беріп жаттықтырғаны есіне түсіп,

ризалықтан құшақтай сүйіп алғысы немесе сондай бір жақсы сөзбен алғыс айтқысы келді, бірақ оның бірін де істей алмай, қуанғаннан екі беті қызара жайнап, жолдастарына қарай жүгіріп кетті.

“Бұл жастар бақытты, – деп ойлады Күләш өзінің сөзінен кейін көңілденіп сала берген Шабалға қарап, – бұлардың өздерін салыстыратын, еліктейтін Күләш Байсейітовасы бар. Оның үстіне білімді. Ал, білім мен намыс жарыста алысқа апарады.

Сол Күләштің өздеріне қызыға қарайтынын бұлар сезе ме екен? Салыстырар бір межен болмау, әрі Күләш Байсейітова болу қандай қиын...

... Операның ең соңғы бас репетициясы да белгіленді. Театр өзінің қалыпты қағидасын бұзғысы келмей, бұл жолы да премьераны 7 қарашаға белгіледі.

— “Қой асығы деменіз, қолыңа жақса – сақа қой. Жасы кіші деменіз, ақылы асса – аға қой” – демекші, біздің Мұқаң сақа да, аға да қоюға әбден тұрады-ау деймін. Бұған Евгений Григорьевич қалай қарайды екен?

Операны талқылауға жиналғандардың алғашқы үнсіздігін бұзған театр директоры, отырғандарды түгел шолып шығып, Брусиловскийге еңсеріле қарап, тоқтап қалды. Қазақтың мақалын талдап түсінбесе де, әңгіменің Мұқанға ауғанын, Мұқан операсы туралы екенін аңғарған Брусиловский, өзінен басқа сөйлегісі келіп отырған ешкім жоқ па дегендей, әуелі айналасына көз жіберіп алды. Бәрі де кезекті бұған бергендей екен. Ахаң да дем бергендей, басын изеп қойды.

Брусиловский табиғатында көп сөйлемейтін кісі болса да, бұл жолы кең көсілгісі келгендей, әңгімені әріден бастады. Бұдан он жыл бұрынғы Онкүндікті есіне алды. Театрдың содан бері атқарған жұмысы ғана осы уақытты сонша қомақты етіп көрсетеді, әйтпесе уақыт өлшемімен келгенде, бұл қас қағым ғана мезгіл.

Иә, жасыратыны жоқ, Брусиловский мұнша аз уақыт ішінде осыншама үлкен жұмыстар жасалады деп ойлаған жоқ, тіпті, соның мүмкіндігіне сенген жоқ. Ахаң мен Латиф Хамиди “Абайды” қолға алғанда да сенбегені рас. Ештеңе шықпайды деді. Қолын бір сілтеп түңілді. Сонда қателескеніне қазір қуанып жүр. “Абайды” қазір бірнеше рет тыңдады, ылайым осындай қателіктер ғана болсын.

Бүгінгі операға келсек, Мұқан өзінің шәкірті. Операның бірінші актісі диплом жұмысы еді. Мұқанның дарынына да шек келтірмейді. Бірақ іштей күдіктенетін. Бірден тұтас шығарма жазу қалай болады? Әрине, Мұқан еңбек сүйгіш, қазірдің өзінде әр жанрда бірталай нәрсе жазып тастады, дегенмен опера? Иә, үміттенетін, күдіктенетін. Оның жасыратын несі бар, ол әрбір ұстазға төн нәрсе. Мұқан өзінің көп үміт артқан шәкірті ғой, оның жақсы, жаманына да өзіндей қиналатын. Бүгін шәкіртің шын ниетімен құттықтаудың реті келген сияқты. Бұл қазақтың төл операларының қатарын ұялмай толтыратын шығарма екенін көріп отыр. Бұл Мұқанның да жақсы операларының басы болсын.

Брусилковскийдің шын көңілден шыққан толғамдары басқалардың да шешіліп сөйлеуіне жетекші болды. Осы операның жазыла бастауынан бері осы отырғандар қаншама пікір айтты, ешкімнің есінде жоқ, қазір соның бірі болмағандай, бәрі де бірінші рет тыңдап отырғандай қызу айтысады. Әркім өз көңіліндегі “осы қалайларын” бүкпей ортаға салды, бәрі де біткен жұмыстың мінсіз шығуына септігімді тигізсем дейді. Ұсақ-түйек кемшіліктерді жөндеуге уақыт мол жететіндіктен, дирижер де жұрттың ескертпесін қиналмай тізіп отыр. Премьера ертең, арғы күндері болса, баяғыдан бері қайда жүрсіндер деп, тойтарып тастар еді.

— Күлеке, сен үндемей қалдың ғой?

— Сөзімді біреу сөйлесе, аузымда өшім бар ма?! Мен осының атын өзгертсе қалай болады деп отырмын.

— Атын өзгерткені қалай?

— “Біржан мен Сара” деп. Қарап отырсақ, Сараның салмағы Біржаннан кем емес, кей жерде тең түседі. Және Біржанды ашуда тікелей жетекшілік атқарып тұр ғой. Сараны қосса операның жұрт көзіне түсуіне де себепші болатын сияқты. Әлі афиша жасалған жоқ емес пе?

— Ым-м... Қайдам... Басқалар не дейді екен?

Құрманбек айнала қарап шықты. Әлі бұзып-жарып араласа алмайтын жас Байғали ішінен: “Гениально!” – деп қостап қойды. “Мықтыларда, мәселен, “Руслан и Людмила”, “Самсон и Далила” болып келеді ғой. Әйтпесе, “Царская невеста”. “Спящая красавица” деп әйелдерге акцент жасалады. Жалғыз еректің аты онша тартымды емес”.

Күләштің ұсынысын түсінген кезде бірден қолдаған Столяров болды.

— Өте дұрыс. Афиша жасалған жоқ, үлгереміз. Бесе, осыны мен де ойлап едім, барлық мәселе Сараға қатысты болады да, опера “Біржан” аталады. Қосу керек, қосу керек Сараны.

— Несі бар, қосса да болады. “Біржан мен Сара”. Жаман емес.

— “Біржан мен Сара” емес, “Біржан – Сара”.

Бір шетте үйіріліп отырған жастардың ішінен соңғы сөзді айтқан кім дегендей, Құрманбек мойнын соза қарап еді, бәрі де ештеңе білмейтіндей монтиысып қалыпты.

— Дұрыс. “Біржан – Сара”.

Ақыры, операның атынан бастап затын түгел талдаған кеңес аяқталды...

“... СССР Министрлер Советінің 1949 жылғы 8 апрельдегі Қаулысы бойынша “Біржан – Сара” операсы үшін:

Төлебаев Мұқанға – композитор,
Жандарбеков Құрманбекке – режиссер,
Үмбетаев Әнуарбекке – солист,
Байсейітова Күләшқа – солист,
Бейсекова Шабалға – солист,
Досымжанов Байғалиға – солист,
Ненашев Анатолий Ивановичке – суретші,
екінші дәрежелі Сталиндік сыйлығы берілсін”.

Шабал қолындағы газетке шұқшия қарап, қаулының бетінен еппен сипап қойды.

— Кішкентай, қуанышың құтты болсын! Өнерің үстесін!

— Ой, Күлеке! Рақмет! Өзіңізге де соны... Рақмет сізге!

Күләшті байқамай қалған Шабал ұшып тұрып, қолындағы газетті қайда жасырарын білмей, қатты састы. Газетті қолтығына қысып, екі қолын бірдей Күләшқа ұсынды. Оның сонша әбігерленгенін байқап келе жатқан Құрманбек сонадайдан әзілдеп:

— Сізбен жарысып қалай ойнаймыз деуші едіңдер, бізбен жарысып сыйлық алған қалай екен, ұят емес пе?! – деді.

— Қой, Қүреке, балаларды ұялтпа. Бүгін бізде нағыз той. Күні кешегі жастарымыз мұндай дәрежеге жетті. Жетілдік. Құтты болсын, балалар!

Күләш аналық мейіріммен бәрін де құшақтап құттықтады.

— Жоқ, келмей жатып төр менікі деген бұл “жүгенсіздерді” мен, тіпті де, құттықтайтын ойым жоқ! Сондықтан осы көгенкөздерімнің бірін қалдырмай ертіп барып, сіздің үйдің тойын тойлаймын! – деді, әлі де бетінен қайтпаған Құрманбек.

Оның өзі баулып сахнаға шығарған шәкірттері үшін қуанып, қулана әзілдеп тұрғанын түсінген бұлар жамырай күлді.

— Біздің де үйде той бар еді, бөріңізді алып кел деп еді келініңіз, – деді Байғали айта алмай қалам ба дегендей аптыға.

— Өне, айтам ғой, жарысып қалған бұлар, түге! Күлекең тұрғанда келін шақырады деген не сөз, ө!

Құрманбектің әзілдесе беретінін білсе де, дәл мынадай сәтте әлдеқандай бір қалыптасқан тәртіпті бұзып алдым ба деп қысылған Байғали қызара тұрып:

— Шақырғаны рас еді, – деп қайталады.

— Ой, тоба, рас екен ғой. Ал рас болса, үйге барып келінді ертіп кел. Күлекеңнің үйіндегіні тауысқан соң келіннің дастарқанына барамыз. Сонан соң біздің үйге. Әй, Қанабек естіп тұрмысың, біздің бәйбішеге де хабарла, мен сіздікіндемін және мына балалардың бөрінің үйіне хабарла, бөріміз де сондамыз. Ал, кеттік, Күлеке, жалпы ағайын жиналып келгенге дейін өзіміз бір тойлап алайық.

Құрманбек сөзінің жауабын күтпей, Күләшті қолтықтап есікке беттеді. Күле қостап басқалары ере берді.

— Қайран Қүрекем-ай! Жүріңдер, балалар, – дейді Күләш артына қарай беріп.

... Адам көңілі үнемі жақсылықты іздеп жүреді, сол жақсылыққа тоймайтын да сияқты. Қанша қуанышты сәттерді бастан кешіп жүрсе де, сол қуанышқа үйрене алмай қойған адамның бірі – Күләш. “Көзіңді ашқаннан көргенің шалқыған табыс болса да, “сүйінші” деген сайын есің ауып қала беретінің не?” – деп Қанабек әзілдегендей, жария болсын, құпия

болсын жақсылық сап ете түскенде абдырап қалатыны рас. Күні бұрын соның алып-қашпа хабары жетіп жүрсе де, дәл жетіп келгенде мысы басып кететіндей.

Қазір де бүкіл театр жиналып Мемлекеттік сыйлықты тойлап жүріп, жас баладай, өзінен-өзі сақылдап күлгісі, шыркөбелек айналып билегісі келгендей сезімде жүр. Онысын, басқаны қойып, Қанабекке айтуға ұялады. Қазір өздері де біраз жастарға ұстаздыққа, ағалыққа жетіп қалғанда, сол балалармен қатар тайрандап кеткісі келгені ерсі сияқты.

Осы жолғы ерекше қуаныштың бір ұшы осы жастарда жатыр. Бұрын бүкіл елде жүзден, мыңнан біреудің ілтипатқа ілінгеніне мәз болатын еді, ондай зор құрметке қатарымен, тобымен жететін дәрежеге келді. Және қандай? Композиторы да, суретшісі де, режиссері де қатарымен. Ал жастар ше? Күні кеше келіп қатарға қосылған жастары мынадай үлкен абыройға ие болып отырғанда қуанбағанда ше? Бұған жарыла қуану керек. Қазағымның ұл-қызын көрсін елі, көрсін де – бағасын берсін, берсін де – сенсін, сене тұрып қиынына, қажетіне салсын! Мына жастардың бағыты солай деп тұр емес пе? Осы Күләштар, Құрманбектер, Қанабектер, Манарбектер жасаған театрдың болашағы солар ғой және өздерінен артық болмаса, кем емес. “Атадан бала туса, игі ата жолын қуса игі”. Бұндайда қуанбағанда, қайда қуанасың! Бұндайда шаттанбағанда, қайда шаттанасың! Жарайсың, бауырларым, кішкентайларым! Қазақтың өнері осы өрлеген қалпынан аумасын!

Мемлекеттік сыйлықты тапсыру салтанатында іштей осылайша шалқып-шалқып алған Күләш, шыққан соң да әрқайсысын жеке-жеке құттықтап, табыс тілеп, үйге келгенде арнайы жиналып өзін күтіп отырған қонақтарды көрді. Мана, үйде отырам ба әлде сендермен бірге барып, сол жақта жүремін бе, деп жүрген Қанабек қонақ қамына кірісіп кеткен, қызара бөртіп алыпты.

— Оу, мықтының өзі келді, ал былай ығысыңдар!

—Пай-пай-пай! Қалай-қалай құлпырып кеткенсің?! Тфә-тфә, көз тиер, жүдә! Ал, ұзағынан берсін, құтты болсын!

— Құтты болсын! Аты сенікі, атағы қазақтікі ғой!

Күләш келгенше әңгіме-дүкен, отырысты бастап жіберген дос-жарандары жамыраса құттықтап жатыр.

— Туһ, мына ішіп алған жұрт әйелімізге жеткізбейді екен, былай тұрындаршы, түге, — деп бір жақтан Қанабек кимелеп келеді. Орындарынан өріп кеткен қонақтар, “бұл не дейді?” дегендей, тыңдап қалып еді, оның сөзінің соңын тыңдап күліп жіберді.

— Алда пақыр-ай, жіберіңдер мынаны, айрылып қалып жүрер.

— Әй, бәсе, сенің Күләшсіз күнің бар ма, бара ғой.

Бірінің аузынан шыққанды бірі қағып алып, дуылдасқан қонақтар қайтадан орындарына отыра бастағанда, есіктің қоңырауы шылдыр ете түсті. Жарыса ұмтылған Күләш пен Қанабек іркес-тіркес кіріп келе жатқан Қаллеки мен бәйбішесі Қазияны көрді.

— О, Қалеке, хош келдіңіз!

— Төрлетіңіз, жеңеше!

— Айналайын, өнерің үтесін! Сенің бағың, халқыңның абыройы! Мандайыңды өкелші жарқыраған!

Қазия бәйбіше Күләшті емірене құшып, сүйді. Отырғандар қайта дүр көтеріліп, бәрі де құдайындай сыйлайтын Қаллекиді төрге шақырып, орталарынан орын берді. Сәл саябырлаған думан қайта қыза жөнелді. Әркім өз көңілін білдіргісі келіп қызына сөйлейді. Қызмет орнында бірі бастық, бірі ұстаз, бірі қатардағы қызметкер осы адамдар қазір, мынау дастарқан басында ақжарқын дос, ақ пейіл құрбы. Бәрі де сыйлықты өзі алғандай, соған тікелей өзі қатысқандай мез-майрам. Манадан өзді-өзі дуылдасып отырған жұрт енді түгелдей Қаллекиге бұрылып кеткен. Ол кісінің баладай аңғал, даладай дарқан көңілін білетіндер әзіл тастап, еркелей қарайды. Арасында біреулер оған “Абайдан” үзінді оқып беріңізші десе, біреулер “Қыз ұзатуды” айтыңызшы деп өтінеді. Қаллеки маңғаз қалпымен айнала бір қарап алып, қазір оқи жөнелетіндей шалқая беріп, тамағын сәл кенегендей болды. Сонан соң өзіне бар зейінімен құлақ салып қалғандарға көзін сықсита қарап:

— Әй, өңшең арамтамақтар! Сендерді маған көңілін көтеріп, жанын жадыратып жүр деп ұлы бабаларың тапсырып кеткен ғой, шамасы! Біреу сыйлық алды деп тегін тамақ ішуге үйреніп алдыңдар! Енді ғой, осы үйден шығып Құрманбекке, одан Мұқанға жағалайсыңдар. Оның үстіне тегін концерт

тыңдағыларың келеді. Әй, сонда сендерді осынша мәпелегенде қай ұшпаққа шығарасыңдар, ә! Тым болмаса, сол “Біржан – Сараға” билет сатып алып та бармайсыңдар, шақыру билетін сұрайсыңдар немесе тілдей куәліктеріңді жылтындатып тұрасыңдар, өңшең пайдасыз арамтамақтар! – деп ұрсып берді. Жүзінде күлкінің нышаны жоқ, қабағын түйіп алып, міз бақпайды. Оның есесіне қалғандары мәз-майрам, әрқайсысына бір-бір ат мінгізгендей қарық болды.

— Қалеке, тым болмаса, өстіп етім мен арағымның өтеуін қайтарып берші, таңертеңнен бері дүмеп жатыр еді, – деді Қанабек күлкісін қоя салып.

— Пай, сен шығындалдым деп қиналып-ақ отырған боларсың. Саған салса, Күләш ай сайын сыйлық алсын да, сен есеп-қисабы жоқ ойын-сауық пен шараптың ортасында жүрсе-е-ең, шіркін...

Қанабек от басқандай шоршып түсті.

— Ойбай-ау, Қалеке, қонағым болғаның былай тұрып, ішкен-жегенімді жария қыл деп қашан шақырып едім, тегі! Мына кісінің қорлығы-ай! Енді қайтейін... – деп өп-өтірік күйіп-пісті.

— Бәсе, енді қайтесің! Ал, шын қуанғаныңды білейін, бір өнер көрсетші! Әй, барылдаған өніңнің керегі жоқ, басқа бірдеңе...

Қалеки тап бір қатал тергеушідей қадалып қалыпты. Кенет Қанабек бір шешімге келгендей орнынан маңыздана тұрып:

— Ендеше, мен өлең оқимын! – деді.

— Қой, ей...

— Жоқ, оқимын. Арнайы осы қуанышқа шығарған өлең. Жұртпен бірге, осы не дейді дегендей, Күләш та таңдана қарады. Қанабек ештеңе байқамағандай шығып кетіп, қолына бір парақ қағаз ұстап қайта келді.

— Міне, сенбесеңдер. Жазып қойғам.

Сонан соң ешкімге назар аудармай, оқи жөнелді.

Әсем өн жүз ырғалтып толғағанда,
Ұқсайды көкпен күміс құйылғанға,
Жіңішке кей бір кезде сылдыраған,
Мөлдіреп тамшы судай сұйылғанда,
Кейбірде топтан қатар түскендейін,
Әдемі қоңыр дауыс кеп қалғанда.

Бұлбұлдың да даусынан әсем болып,
Сылдырап қоңыраудай жайлы жанға,
Мөлдіреп еш кіршіксіз тап-таза боп,
Бейне ұқсайды жүрекке құйылғанға,
Бойың балқып көңілмен тыңдағанда.
Ешбір дыбыс шығармай тып-тыныш боп,
Отырасыз мың толқып ырғағында.
Дем бергендей бойыңа бейне жүйрік,
Кетеді самғап-самғап кеп қалғанда.
Күләш айтқан өндері дәл осындай,
Кетеді өнер іздеп әлде де алға.
Меруерт, күміс, маржандай қатар тізіп,
Ұқсайды сылдыр қағып кеп қалғанға.
Талантты жастар қазір көңіл қойып,
Мейірленіп, сусындап алар тойып,
Компартия қолға алып отырғанда,
Шын өншілер қатары өсті толып,
Күләштан үлгі алып, өнер іздеп,
Өн айтсаң, халық тыңдар көңіл қойып.
Тыңдаудан кейін Сізге ырза болып,
Көпшілік айтар рақмет, бейне тойып.

— Ал, қалай екен?

— Ой, жарайсың!

Қонақтар жамырай мақтасып, қол соғып жатыр.

— Әй, суайт! Андағы сенің өлеңің емес, — деді Қаллеки кенет. — Сенікі емес, бірақ азаматым жарайды. Өнер халықтікі болғанда, өнерпаз ел аузында жүруге тиіс. Абыройы асқанды көріп, қуанған адам шын азамат болғаны. Кәне, кім екен өзі?

Қалекеңнің алғашқы сөзінен кейін тынып қалған қонақтар Қанабек екеуіне кезек қарап отыр еді. Қалекеңнің жазбай танығанына риза болған Қанабек: “Тым болмаса өз үйінде өтірік айтқызбайды, енді”, — деп өтірік өкпелегенсіп, қолындағы қағазды ұсына берді.

— Семей облысы Үржар ауданының “Тасбұлақ” совхозынан Қайырбай Арыстанбеков деген жігіт екен. “Күләш Байсейітованың екінші рет Мемлекеттік сыйлық алуына арнаймын” депті.

— Бұл қашан келді, Қана?

— Бүгінгі почтамен.

— Жарайсың, азаматым, — деп қайталады Қалекең

өлеңді қайталап оқып шығып. – Күләшжан, осы “Біржан – Сараның” премьерасы 1946 жылдың 7-ноябрі еді ғой. Ұмытқаным жоқ, солай болатын. “Қалеке, бүгін премьера, келіп ойыныма баға беріңізші. Сара ғой, толқып тұрмын”, – дегенінді кеше ғана естігендей есімде қалыпты. Сенің қанша ойыныңды көріп, көңілім сеніп жүрсе де, мен де толқығанмын. Сара деген халқының мезгілсіз туған, қапаста өткен сандуғашы ғой. Онымен замандас ер-азаматтардың тым болмаса, елін аралап жүріп ән салатын, сонысымен айтқанын өз аузынан тарататын мүмкіндігі болды. Ал, әйел байғұс қайда барады. Асса, ауыл арасының ас пен тойына барған шығар. Бірақ үні жетпегенге дақпырты жетіп, өзін көрмегендер сөзін естіп, сол Сара халықтың көңілінде қалыптасып қалды. Аңыздай болған Жібектің жөні бір басқа, бұл қалай болар екен деп-ақ едім. Қазір ойлап отырсам, сен өнеріңмен Сараға халқы қоймаған ескерткішті жасапсың. Өнерпазға өнерден мүсін соғыпсың.

— Рас па, Қалеке? Шынымен солай ма?

Күләштің жүзі жайнап, қанша сыпайы болайын десе де, ішкі қуаныштың толқыны ойнап шыға келді.

— Рас, Күләшжан, рас айналайын!

— Күләшжан, бұл кісінің пікірін мына қағаздар да қостайды, – деп осы кезде Қанабек тағы бір қағаздарды алып келді. Мұнысы бүгін келген телеграммалар екен.

“Бүкілодақтық театр қоғамы Советінің Президиумы Сізді аса жоғары сыйлық алуыңызбен құттықтайды. Бұдан әрі де алдыңғы қатарлы социалистік өнерді дамытуда творчестволық табыстарға жете беруіңізге тілектеспіз.

*Яблочкина, Покровский,
Дальцев, Шевелева”.*

“Жоғары дәрежелі үкімет наградасымен құттықтаймын. Қазақ совет өнерінің мүддесі үшін ұзақ уақыт еңбек етіп, деніңіздің сау болуына тілектеспін.

Академик Сәтпаев”.

“Жоғарғы наградаңызбен құттықтаймын. Шын жүректен Өзіңізге денсаулық, сәтті қадам және

творчестволық табыс тілеймін. Қолыңыздан сүйіп,
тағзым етемін.

Евгений Кузнецов. Ленинград”.

“Мұндай жоғары атақты екінші рет алуыңызбен
құттықтаймын, шын көңілден ортақпын. Мәртебеңіз
аса берсін.

Хатият. Ашхабад”.

— Және Кербабаевтан, Держинскаядан, Өнер
қызметкерлері Одағының Орталық Комитетінен,
Қырғыз ССР-і Министрлер Советінің председателі
Раззақовтан...

— Әй, тоқта, мынауың бітетін бе? Әйтпесе, асықпай
қона жатып тыңдайық.

Қалекеннің сөзіне бәрі де күліп жіберді. Қанабек
қобыраған телеграммаларды алып кетті де, Күләш
дастарқанға ас келтірді.

*“Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты
Байсейітова жолдасқа!*

Сіздің 4/1 – 51 ж. хатыңызға орай, Қазақ ССР
Қамсыздандыру министрлігі Отан соғысының II
топтағы мүгедегі Ғалиев Исламға 5.1 – 51 ж. күні 200
сом мөлшерінде бір мезгілдік жәрдем берілгендігін
хабарлайды.

*Қазақ ССР Қамсыздандыру
министрі: А. Қисанов. 9/1 – 51 ж.”
(ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, опись 1, 80 ед. хр.)*

Жыл жаман басталған жоқ деп, Күләш жауапты разы
пішінмен оқып шықты. Бұл жалғанда адамның
қуанғанын көргеннен артық не бар? Ал, сол қуанышқа
тікелей өзің себепші болсаң, тіпті керемет.

1938 жылы бірінші рет республиканың Жоғарғы
Советіне депутат болып сайланғанда Күләш 26 жаста
еді. Соншама адамның өзіне осыншама сеніп артып,
депутаттыққа сайлап жатқанына қуанғаны мен үлкен
міндет алдында қобалжығаны бірдей еді. Ондай үлкен
қоғамдық жұмысқа араласқан тәжірибесі де жоқ,
өмірден көргені де көп емес, сайлаушылардың аманатын

орындай аламын ба` деп қобалжитын. Депутат ретінде ірілі-ұсақты алғашқы тындырған жұмыстарының бірі – театрдың жай-күйі, болашағы жөнінде Совнаркомның председателі Ондасыновқа арнайы өтінішпен кіргені осы күнге дейін есінде.

1936 жылы Москвадан көңілді шалқытқан көп жайлармен қатар “өттеген-ай” дегізген сөттер де болған. Соның бірі – көпшілігінің орыс тіліне шорқақтығы. Сондай қиындықты Күләш та басынан кешірді. Адамның күнделікті тіршілікке ғана керекті сөздік қорының өте жұтаң екенін, әсіресе Москва театрларына барғанда сезген. Сол күндері өзімен кездесіп, интервью алған “Советское искусствоньң” тілшісіне: “Островскийдің “Орманында” Мейерхольд театрының актерлері көптеген айшықты образдар жасады. Өкінішке орай, спектакльде көп мәселе мен үшін түсініксіз болды да, мен көршімнен түсініктеме сұрауға мәжбүр болдым”, – деп мойындағаны бар. Мұндай-мұндай сөттер барған сайын жиі кездесіп қалып жүрді.

1938 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланғанда да сол қиындық алдынан тағы шықты. Сайлаушылармен кездескенде болсын, депутаттың толып жатқан міндетті жұмыстарын жүзеге асыруда болсын, орыс тілі бірінші кезекте тұрды. Бұл Күләштің онсыз да жетпей жатқан уақытына қосымша жүк болды. Бірақ қажет нәрсеге не шара?!

Бұл салада Күләштің алдымен қолға алғаны – ресми мәселелердегі баяндамалар. Шағын-шағын мәжілістердегі есептерден бастап, барған сайын төселе берді. Арасында сайлаушылардан келген хаттардан да көп жаңалық табады. Әрбір хаттың артында тұрған адам да, оның тағдыры да, оны баяндайтын тілі де әр қилы. Солардың жай-күйіне ортақтасып, керекті жауабын беру үшін депутатқа да тіл байлығы керек-ақ. Тіршілікте дем алатын ауадай қалыптасып кеткен сөйлеу қасиетінің, сөз байлығының, тіл шешендігінің көзге көрінбейтін қанша құпиясы барлығын Күләш сонда аңғарды. Әйтеуір, жобасын келтірсем болды деп, нобайлай салған түсінік пен әр сөзін өз орнымен шебер қолданған баяндаманың тыңдаушыларға екі түрлі әсер ететінін байқады. Сөз деген үлкен құрал екен...

Ал соңғы кезде тағы бір жағдайды байқап жүр. Ол – кейінгі өсіп, әсіресе, оқып жүрген жастардың өз

ана тілін ұмытып, мүлдем орыс тіліне ауып бара жатқаны. Әрине, орыс тілін білу керек, өте жақсы білу керек. Оның мәні, қасиеті, қажеттігі дәлелденді, өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бірақ ол ана тіліңнен мүлдем без, оны жылы жауып қой деген сөз емес қой. Әрі-беріден соң, ана тіліңді білмесең, басқа тілдің қасиетін қалай білмексің? Ол жай әншейін көзіңе көрініп тұрған нәрсенің сыртын қызықтағанмен бірдей емес пе?

Заман да жаңа, тұрмыс та жақсарып келеді, болып жатқан жаңалыққа үнемі еріп те үлгере алмайсың. Сонан да шығар, қазіргі жастарда айналасындағы өзгерістерді іштей түсініп игеруден гөрі, сырттай еліктеу басымырақ. Депутат ретінде халықпен жақынырақ араласқалы Күләш осыны көбірек байқады. Бұл өзі жүрген өнер маңайында да бой көрсетуде. Мұны ойлану керек...

Театр жұмысын жолға қоюда тікелей қажет деген басқа да біраз мәселелермен Совнарком председателі Оңдасыновқа арнайы кірермін деп шешіп еді, сонда айтылатын басқа тілектерге қоса осы жайды да арнайы қағазға түсірді. Ойландырып жүрген барлық жағдайларды сараптай келе, мына мәселелерді арнайы бөліп алды.

“Ең алдымен:

Опера жұмысын дұрыс жолға қою үшін, театрдың көркемдік жағын қазіргідей драма режиссері емес, арнайы мамандығы бар опера режиссері басқару қажет.

Жаңа маман тарту – бұрынғыларынан мүлде құтылу деген сөз емес, бұларды да керек жеріне пайдалану керек.

Қазіргі кезде театрдан хормейстер, дирижер, балетмейстерлердің кетіп қалуы салдарынан, жағдай мүмкіндіктен әлдеқайда төмен.

Жекелеген мамандармен менің келісуім жеткіліксіз. Себебі, олар бізге келгісі келген күнде де, менің шақыруыммен өз бетінше келе алмайды. Мәселен: Моисеев. Өйткені, өздеріне бекітілген театрлары бар. Сондықтан да олардың бізге келуі үшін, Одақтық Комитеттің өнер бөлімінен рұқсат алуға біздің үкімет, соның ішінде, жеке өзіңіз араласуыңыз қажет.

Осыларды хабарлай отырып, опера театрына өте зәру режиссер, дирижер, балетмейстер сияқты мамандарды алуына көмектесуіңізді өтінемін.

Екінші мәселе:

Мәскеу Мемлекеттік консерваториясында оқитын

студенттердің оқу және тұрмыс жағдайларымен таныса келіп, Сіздің тарапыңыздан шұғыл түрде мынандай көмектер қажет деп ойлаймын.

1. Студенттер 140 сом стипендия алады. Олардың басқадай қосымша табыс табуға мүмкіндіктерінің жоқтығын (оқу программасының күрделілігі ж.б.) ескерсек, бұл сома өте аз.

2. Жатақхана жағдайында, басқаны былай қойғанда, үйге берілген тапсырманы орындау мүмкіндігі жоқ. Мәселен, Трифонов жатақханасында әр бөлмеде 14-15 адамнан тұрады.

3. Консерваторияның студенттері таңдаған мамандығына қарай шеберліктерін өсіріп, шыңдау үшін – театр, музей, концерттерге барынша жиі барып тұруы қажет. Бірақ олардың қазіргі материалдық жағдайларында әрбір студент жылына бір-ақ рет не музей, не театр, не концерттің бірін таңдауға мәжбүр болады.

4. Оқу орнында арнайы қазақ әдебиетінің маманы болмағандықтан, студент өзінің тілі мен әдебиетін өте нашар біледі.

1. Осылардың барлығын ескере отырып, консерватория мен ТИК-тағы (мұндағылардың жағдайы да тура консерваториямен бірдей, 10 қазақ студенті, тіпті, мемлекеттік стипендия да алмайды) студенттерді, Өзбекстан мен Түркменстанның істегеніндей, республикалық бюджетке көшіру керек. Бұл қазіргі кезде Қазақстанның өте зәру болып отырған мамандарын даярлауда айта қалғандай нәтиже берер еді.

2. Жатақханалардың жағдайын түбегейлі, әр бөлмеде 3-4 адамнан, композитор-студенттер екіден тұратын етіп өзгерту керек.

3. Мәдени шараларға бөлінетін қаржыны студенттің концерт, театр, музейлерге жүйелі түрде барып тұруына мүмкіндік жасағандай етіп көбейту керек.

4. Науқасы бар студенттерді жазғы және қысқы каникулдарында демалыс үйлерімен, санаторийлермен қамтамасыз етуді қарастыру керек.

5. Қазақ әдебиеті мұғалімімен де қамтамасыз етуді қолға алу керек.

6. Талантты жас әнші Бейсекованың шешесінің материалдық жағдайының нашарлығына, стипендияның өте аздығына байланысты қарапайым қызметкер болып

ауданда қалуға мәжбүр екендігі ойналарлық, тіпті, келісуге болмайтын жағдай деп есептеймін.

7. Консерваторияның студенттері Латыпова, Семенова, Абубакировалардың үй-іші жағдайлары шұғыл араласып, көмек көрсетуді, ал өздері санаторий немесе демалыс үйінде емделуді қажет етеді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты:
К. Байсейітова”
(ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, дело 55.)

Сонан бері үздіксіз депутат болып сайланып келеді. Үздіксіз сайлаушыларының тыныс-тіршілігімен ортақтасып келеді. Осы уақыт ішінде әр қилы жайдан хабардар қылған әр қилы қатынас қағаздар алдынан өтті. Қуантқаны бар, қынжылтқаны бар. Қолынан келгенінше жәрдемдескені бар.

*“Республикалық карточка бюросы,
Белявский жолдасқа. 8.4.47 ж.*

Біздің еңбек сіңірген артисіміз Әбжанов Серғалидың жоғалтып алған нан карточкасын (3 жұмысшы, осылардың асырауындағы және 1, барлығы 4 адам) қалпына келтіруге көмектесуіңізді өтінемін”.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты:
К. Байсейітова”.

“Қымбатты Күләш!

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауы күні Сіздің кандидатураңызға дауыс берушілердің ішінде менің дивизионымның бұрынғы гвардееці Мамонтов Алексей Иосифович те бар еді.

Отанымызды неміс басқыншыларынан қорғауда гвардеец Мамонтов А. И. ауыр жарақаттанған болатын, қазір II топтағы мүгедек. Мамонтов жолдастың материалдық жағдайы өте нашар.

Сізден, депутат ретінде тиісті мекемелердің, бұрынғы панфиловшы-гвардеец, қазіргі мүгедек Мамонтовқа көмек көрсетуіне ықпал етуіңізді қатты өтінемін.

Өз тарапымнан мен де мүмкін болған шаралардың бәрін жасаймын.

Ыстық ықыласпен Дм. Снегин..

31 март 1947 жыл." ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, дело № 78

"Құрметті Байсейітова!"

Сіздің өтінішіңізді ескере келіп, Байқадамова Айсулуға Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы Өнер басқармасының бастығы С.А.Ахметовтың бұйрығымен Қазақ филармониясы 600 сом айлық төлеп тұратын болды.

1.10. 48 ж."

(ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, дело ББК № 54.)

Әрқайсысының өзінше тілегі, өзінше орны бар. Қанша адам болса, сонша тағдыр, сонша өтініш. Солардың ішінде мынадай қанағаттанарлық жауап алып келген хаттарға, өзгенің қуанышын хабарлайтын хаттарға неге қуанбасқа? Адамға қуаныш сыйлағаннан артық бақыт болмаса керек.

... Биылғы жыл Күләш үшін ұзақ-ұзақ сапарлардың басы болғандай. Бір адамның жарты жасына да жетпейтін уақыттың ішінде жаңа қоғам онатып, Ұлы Отан соғысын басынан өткізіп үлгерген жаңа заманның жасампаз адамдары, енді бес жылдық жоспарлар үшін, бүкіл әлемдегі бейбітшілік үшін, келешектегі жарқын күндер үшін тынымсыз күреске түскен. Халық шаруашылығының, елдің өнеркәсібінің, Ғылым мен өнердің қай саласында болмасын, ертеңгі нұрлы күніне сенімді адамдардың күш-қуаты қайнайды.

Осы қайнаған өмірге қызу араласып жүрген Күләш, уақыттың қалай өткенін аңғармайды. Қыс еді, көктем... жаз келді. Балалар да өсіп келеді. Өзі болса, міне, тағы да жолға дайындалуда.

"Үлкен театрдың 175 жылдық мерекесін өткізуге арналған Бүкілодақтық комитеттің Пленумы 24 май күні 13.00 сағатта, театрдың өзінде болады.

Шығатын уақытыңызды телеграфпен хабарлаңыз.

*Мерекелік комитеттің
председателі: Анисимов".*

“Үлкен театрдың 175 жылдығы құрметіне арналған көктемгі Бал 1951 жылы 29 майда болады. Қонақтардың түнгі сағат 12-де жиналатынын хабарлаймыз.

*Мерекелік комитет”
(ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, дело № 57.)*

Үлкен театрдың үлкен тойы. Бұл тойға Күләш әрі қонақ, әрі Қазақстан делегациясының басшысы, әрі мерекелік концертке қатысушы әнші болып келді. Тойдың өзі айта қалғандай болғанда, мерекелік концертке қатысқандар да жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан саңлақтар еді. Әркім өз жүйрігі озсын деген осы тойда елдің ықыласының Күләшқа құлай ауғанының өзі оның өнердегі орнынан хабар береді.

Үлкен театрдың тойына барлық одақтас республиканың белгілі өнер иелері шақырылды. Олардың әрқайсысының орны өз елінде Күләштай екені белгілі. Оған қоса ресми концертке қатысушыларды мерекелік комиссия арнайы іріктеп алған-ды. Солардың өзіне де бір-бір ғана номерден рұқсат берілді. Себебі бір бөлім Үлкен театрдың өзінің саңлақтарына арналған, концерттің бір бөлімі ғана қонақтардың еншісіне тиген.

Күләштің кезегі концерттің бірінші бөлімінің соңында еді. Барлық республикадан келген өнер жұлдыздары әннің де, бидің де небір шұрайлыларын астана өнерсүйгіш қауымының алдына тартып жатыр. Қарап отырғанда, бірінен-бірі асады. Осы шығып жатқандардың бір-бірінен кемдігі жоқтай.

Кезек Күләшқа келді. Оның атын бұрыннан білетіндер бар, Мәскеудің өзінде біраз тілеулестері бар, ақ көйлегінің етегі жер сызып, өзі аққудай қалқып сахнаға шыға келгенде-ақ, зал дүркірей қол соғып қарсы алды. Өзгелермен бірдей бұл да арнаулы номерін айтып кете беріп еді, жұрт дүркіреп басылар болмады. Мұны көріп отырған Қазақстан делегациясының да бүйірі қызып алған, залға айнала қарап мез болып отыр. Зал басылар емес, тіпті, біреулер “Тәкку”, “Жібектің ариясы” деп, атын атап сұрап жатыр. Ақыры, Күләш қайта шығып “Тәккуді” айтты.

Үлкен театрдың тойы бүкіл елдің тойы ретінде аталды. Бұған қатысудың өзі мәртебе екенін ескерсе, онан озып

шығып, бүкіл елдің өнер саңлақтарының алдында шоқтығы биік тұру шын жүйріктікті танытатын еді.

Осы жылы Күләш өмірінде тағы бір елеулі оқиға болды. Монғол Халық Республикасының 30 жылдығына арнайы баратын делегация басшылығына Күләш тағайындалды. Күләштің бұл міндетті атқаруға бекітілгенін өзінен бұрын үй іші білді. Өзі бұл кезде Ленинградта жүрген болатын.

*Үкімет телеграммасы сонда келді.
Ленинград, Тверская 20, кв. 127.
Байсейітова Күләшқа.
21.6.51 ж.*

*Шетелге шығу үшін, 24 маусымда Москвада болуыңыз қажет.
Одақтың өнер комитеті председателінің
орынбасары: Твердохлебов”
(ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, дело № 81.)*

Сонан соң:

“Монғол Халық Республикасының премьер-министрі
Чой-балсангийн Гундэма

Байсейітова Күләштің 1951 жылы 11 июльде 21.00 сағатта, Монғол Халық Республикасының 30 жылдығына арналған қабылдауына келуін өтінеді.

Киім формасы: салтанатты, ордендерімен” (Сондағы
№ 57 дело.)

Ән сапары, әнші сапары халықтардың, ұлттардың, тілдердің шекарасын басып өтіп, жүректерге жол тауып жатты. Достық кездесулерде де, ресми қабылдауларда да өнер адамының бұлжымас бір міндеті бар. Ол – өз елінің өнер өкілі екенін қапысыз дәлелдеу. Күләш қай сапармен қандай жерге бармасын осы міндетін мүлтіксіз атқарған адам. Оған әнші өмірбаянындағы ресми анықтамалар да, көзі көргендердің естеліктері де куә. Осы Монғолияның мерекелік салтанатына қатысқаны үшін үкімет басшысының өз қолымен сыйланған монғолдың ұлттық костюмі сондай зор разылықтың бір көрінісі ғана.

1945 жылдан бері Қазақ ССР Жоғарғы Советі

Президиумының мүшесі болып сайланған Күләш тек бұл емес, басқа да үкімет делегациясы құрамында ресми қабылдауларға, шақыруларға қатысып жүретін. Бұл оның өкімет мүшесі ретінде атқаратын міндетті жұмысы болатын. Әсіресе, Дүние жүзілік Бейбітшілік сақтау Комитетінің мүшесі ретінде атқаратын жұмыстар көп машақаттар, шаршау әкелгенімен, рухани жағынан ерекше қанағаттанарлық әсер беретін. Күні кеше Ресей жебірлерінің тепкісінде болған, оны азсынғандай ағылшын алпауыттары кен байлығын иемденіп, өзін мәңгі-бақи құлдықта қалдырмақ болған қазақтың қызы бүгін Үкімет мүшесі, дүние жүзінде бейбітшілік орнату үшін, сол ағылшындардың өзімен терезесі тең отырып сөйлеседі, бәсекелеседі. Өзінің кім екенін, қайдан екенін өз ісімен, сөзімен дәлелдей алады. Бұған шаттану керек және ұлы идеялар үшін күреске тек қана еңбегімен үлес қосу керек.

Тағы бір арнайы шақырумен Күләш Бейбітшілік Комитетінің жұмыстарымен Мәскеуге жүріп кетті. 31 желтоқсан күні балаларына, Қанабекке Жаңа жылмен құттықтап жеке-жеке телеграмма салып отырып, өзінің тағдыры, творчествосы жайлы ойлады. Осындай үлкен мерекені ең жақын адамдарынан алыста қарсы алып отырғанын ойлады. “Азамат деген тек қана ел қатарында жүру емес, елінің артқан жүгін арқаласып жүру екен-ау. Әйел Күләш үшін қазір балаларының, жолдасының жанында болудан артық тілектің керегі жоқ, бірақ азамат Күләш осында – Отанымыздың астанасы Мәскеуде болып, мемлекеттік маңызы бар мәселелермен айналысуы қажет. Жоқ, не десе де, мынау заманда еңбек ету, өмір сүру – ғажап. Балаларына, жарына да жетер, сағынып келгенде сағына қарсы алатын адамдардың болғаны қандай тамаша. Сол сағыныштар үшін-ақ, жаңа сапарға шығуға болады. От басы, ошақ қасындағы әйелдер қанша ғаламаттан құр қалады екен-ау...”

Мерейлі сапарлар

Қашаннан ойлап жүргенімен, өзімен бірге балаларды алып шығудың реті осы жазда ғана келді. Ленинград, Белоруссия, Советтік Балтық жағалауы елдерін аралап

концерт беру жоспарланып еді, сол сапар балалардың жазғы каникулымен тұстас шықты.

Бұл сапар әрі қызық, әрі қиын болғалы тұр. Қызығы – көрмеген жерлерді көргелі келеді, жаңа әсерлер, жаңа таныстар көбейеді; қиыны – осы сапарда Мәскеу, Ленинградтан бастап одақтас Белоруссия, Литва, Латвия, Эстония республикаларына қазақ өнерін таныстыру өздерінің үлесіне тиіп отыр. Өздері деп отырғаны – Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрі мен Кәукен Кенжетаев екеуі.

Көп жерлерді, жаңа елдерді аралай жүріп, ерекше әсер еткен көріністерді қойып дәптеріне түрте жүру қазіргі кезде Күләшқа әдетке айналып кеткен. Адам қаншалықты еске ұстағыш болғанымен, көргенінің, естігенінің бәрін бірдей сол қалпында сақтауы мүмкін еместігін байқағаннан бері, қойын дәптерді де көбейтіп келеді. Осы сапарға да бір жаңа дәптер арнады. “Мың рет естігеннен, бір рет көрген артық” дегенге де осы сапар шындап ден қойды. Соғыстан кейін қалпына келтіріліп жатқан Ленинградты аралай жүріп, 1937 жылғы алғашқы таныстықты есіне алды. Қала онан көп өзгерген. Блокада зардабы әлі байқалады. Сонымен бірге, адамдардың қаланы сақтаудағы ересен еңбегінің ізі қандай?! Күләш балаларымен бірге осы қасиетті қаланы аралай жүріп ойға батты.

Жау қолдан келсе, қаланы қиратып емес, жойып жібермек болған. Ал адамдар ше? Суықта тоңған, аш құрсақ адамдар қара бастарын ғана емес, қаланы, оның әрбір көшесін, әрбір ескерткіш, әрбір тасын сақтау үшін күрескен. Аштық пен суықтан домбыға ісіп кеткен қолдарымен жауға оқ атқан, ескерткіштерді оқ пен бомбадан тасалап көму үшін топырақ тасыған. Бұл жай ерлік емес, ерліктің мәңгілікке кетер үлгісі. “Жоқ, бұл қаланың әрбір тұрғынына жеке ескерткіш қою керек. Әрқайсысына жеке жыр арнап, күй шығару керек”.

Тарихы бай, тынысы тағылымды қаланы аралай жүріп, Күләш өзінің көргенінің өте аз екенін қынжыла есіне алды. Өзіне сонша әсер еткен деректерді жазып алып жүрді.

“30 шілде, 1952 жыл. (Кура – Құралай, Каля – Қарлығаш деп әншінің өз қыздарын еркелетіп атағаны – С. Л.) Кура,

Қалямен Петропавл қорғанына бардық. Мұндағы жасырын түрмеде Чернышевский екі ай болыпты.

Горький екі жыл осында "Күннен туғандар" кітабын жазған. Декабристердің бірі: "Мен келіп көргенде мұның қабырғасы ақ гүлмен әшекейлеген қара барқыт сияқты көрініп еді, сүйтсем, бұл дымнан өсіп кеткен мүк екен", – деп жазыпты.

Петр I, ескерткіші.

Екатерина II, 1782 жылдың жазы.

Петр III. Анна I. Петр I. Екатерина I. Елизавета I.

31 шілде, 1952 ж. Пушкин селосына келдік. Египет қақпасы. Пушкин. 8/20 (қаңтар). 1815 жыл. Державиннің қатысуымен өткен экзамен кезінде Пушкин "Царское селоны еске алуды" оқыған.

Пушкиннің, Пущиннің бөлмелері.

Архитектор Бах. 1899 ж.

1918 жылға дейін Царское село, 1918 жылдан 1937 жылға дейін Детское село, одан бері Пушкин қаласы.

Екатерина II салдырған, архитекторы Кваренг" (ЦГА Каз ССР. Фонд 1630, дело ¹ 53.

Аралай жүріп, көре жүріп, соның бәрін ой елегінен өткізе жүріп, Күләш осының бәрін өз елінің тарихымен еріксіз салыстырады. Көшпелі ел мен отырықшы елді, бірнеше ғасырлық тарихи қалыптасқан ел мен тарихы толық жазылмаған елді бұлай салыстыруға келмес те. Бірақ Күләштің Қазақстанды аралай жүріп түйген бір шындығы бар. Ол – қазақтардың мәдениет, өнер дегеннен кенде еместігі. Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі, Жамбылдың маңындағы Айша бибі мазары, тіпті, атақты Қозы мен Баянның бейіттері қалай салынған? Белгілі бір ғылым жүйесі болмаса, ондай ғаламат құрылыстар салынбас еді, салына қалса да, осынша уақыттардың өтінде тұра алмас еді. Осы заманда салып жатқан құрылыстар бес-он жылдың төңірегінде қайта жөндеуді керек қылып жатқанда, олар ешкім қарап, күтпей-ақ желге, құзға, жаңбыр мен қарға қасқая қарап тұра береді. Ол тегін емес.

Сондай-ақ сурет өнері. Тірі табиғатты бейнелеу дегенге үзілді-кесілді тыйым салынған елдің баласы сауатын ашып үлгірмей жатып ересен суретшілігімен әлемге танылып жатыр.

"... Бұрын ислам дінінің қатігез заңымен қатал тыйым

салынған бейнелеу өнері жайнап өсіп келеді. Қазақ суретшісі Орал Таңсықбаевтың картиналары тек қана Совет Одағына емес, шетелге де кең таныла бастады. Таңсықбаев өз картиналарының көрмесін арнайы шақырумен Париж бен Нью-Йоркте өткен әлемдік көрмеде көрсетті” (ЦГА Каз ССР. Фонд 1630, опись 1, 23 ед. 2 р.)

Қазақстанның 20 жылдық мерекесіне байланысты радиодан жасаған баяндамасында Күләш осылай деп, атап көрсеткен-ді. Қазағы үшін мақтана тұрып көрсеткен. Ал, солар тегін емес. Негізінде, жоқ нәрсе аяқ астынан пайда бола қалмайды. Оның үстіне, әлемдік бейнелеу өнері Таңсықбаевсыз-ақ, қазақтың осы қара баласысыз-ақ, пәленбай ғасырдан бері дамып келеді, әлі де дами, өркендей бермек. Демек, бұнымен көбейіп азаймайды. Соған қарамастан, сонау мұхиттың арты жағындағы әлемдік көрмеге арнайы шақырып жатса, бұл қара баланың тегін болмағаны да. Ендеше қазақтың қанына бейнелеу өнерінің жаттығы жоқ, ол уақытша ғана көзін таппай жүрген өнер деген сөз. Қазіргісі мұндай болғанда, келешегі қандай десеңізші?! Ол ғажап деу керек...

Эрмитажды аралап жүріп Күләш бұрын да талай рет ой жүгірткен нәрселерін тағы бір қайталап есіне алды. Соңғы жылдары басқа халықтармен, олардың өнерімен, мәдениетімен жақынырақ таныстықтың салдары екенін де байқайды, соларға қызығудан туған кейбір шала пікірлерінің бар екенін де мойындайды. Өсіресе, Мұхтармен әңгімелерінің әсері. Мұхтар – өзі білетін қазақтың ішіндегі ғұламасы. Оқуы, тоқуы бар да, оны әңгіме үстінде айналасына жеткізуі өз алдына бір төбе. Кейбіреулердің әңгімесін тыңдап отырғанда аузыңды ашып қаласың да, артынша сол күйі ұмытып кетесің. Мұхтар сөзі олай емес, оның әңгімесінің артынан ой келеді. Өзіңнің тірлік болмысыңа, болашағыңа, кейінгі өткендеріңе сынай ой жібересің. Ол осы Ленинградтағы оқыған жылдарын да реті келгенде әңгімелеп отыруды ұнататын. Жай жастық, бозбалалығын емес, алған тәлімін, үйренген өнегесін айтатын. Өсіресе жастар отырған жерде, басқа жұрттың жақсысына көз салғанда, онан үйренемін дегенде өзіңнің жақсыңды, барыңды ұмытпа, соларды қатар қойып саралай отырып, кемісінді толтыруға тырыс дегенді үнемі аңғартып отыратын. Жастарды кім білген, Күләш ондай әңгімелерді өзінің кемісін толтыру үшін

ынтыға тыңдайтын. Әрине, көп нәрсенің келмеске кеткенін жақсы түсінеді. Әйтсе де, “Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсеніз”, – деп Абай айтқандай, бұдан былайғы уақытта да үлгергенінше білуге ұмтылады. Абай демекші, Мұхтар “Абайдың” тұсында тұтасымен Абайтану ғылымын оқып берді десе, артық емес. Өздерінің сол кездегі әдетінде композиторлар жазып, либреттист түзеп, артистер сахнада дайындықты — телефон соғып, немесе репетицияны аяқтай салысымен өздері барып тиісті адамына жолығатын. Сонан соң тағы да қайта түзеу, қайта тыңдау, қайта репетиция жасау басталатын. Мұхтардың сол кездегі еңбекқорлығын, табандылығын, жанқиярлығын Күләш таң қала отырып танып еді. Білеміз дейтін адамдар, мұның өзін де еңбекқорлығы үшін басқаларға үлгі етіп жүретінін сезетін. Ал, Мұхтар... Жоқ, ол бір бөлекше жаратылған, ерекше туған жан ғой. Сол “Абайдың” тұсында театрдың труппасын түгел жинап алып та, бөлек-бөлек те талай-талай ұлағатты әңгімелерді айтты. Латекеңе (Латиф Хамиди) тұтас бір лекция оқып берді. Абайдың ел аузындағы бірлі-жарым өлеңін естігенге білеміз деп мәз болады екен, шындап келсе, Абайды білмек түгіл, маңына да бармапты. Операны қолға алғанда Күләштің бір ұққаны осы.

Онан кейін – Ахаң, Ахмет Жұбанов. Өзі өз болғаннан бері жинап, зерттеп келе жатқан Құрманғазысын бұл кісі де жарыққа шығарып келеді. Оркестр ұйымдастырды, күйлерін жинақтап, оркестрге түсіріп жатыр. Бұл саладағы болашақтағы жұмыстарын тыңдап отырсаң, қайран қаласың. Қазіргісі оның қасында тау қасындағы төмпешіктей-ақ. Ахаңды тыңдасаң, қазақтың күйлері әлемдегі таңдаулы музыкалық шығармалармен қатар тұра алады, тек соны ғылыми негізде дәлелдей білу, басқа жұрттың құлағына сіңісті, көкірегіне таныс ете білу керек.

Сол Абайлар, Құрманғазылар қазақ емей кім? Сонда олар қайдан шықты? Қалай десе де, халықтың өткені саңлауы жоқ қара түнек деген – қате пікір. Осы уақыттың ішінде өздері де талай кемшіліктерді бастарынан кешіріп келеді ғой, орны толмас өкінішке ұрынған кездері де бар... Ерте ме, кеш пе, ол айқындалуға тиісті. Үкімет пен партияның әділ бағыты оны айқындайды. Ал, оған дейін...

Иә, оған дейін Эрмитаж, Петропавл қорғаны, көрі

Кремль қабырғасын қайтадан көріп, осылай көңілін суарады. Балаларына таныстырады, өздері жетпегенге, солар жетер деген үлкен үміттер ілгері жетелейді.

19 шілде. Зеленогорскіде концерт. Машинамен келдік. Табиғаты тамаша. Алыстан бірте-бірте жақындап келе жатқан Фин шығанағы көрінеді.

25. Радиодан келіп жазып алды. “Сараның ариясын”, “Шла девица”, “Қазақ вальсін” айттым.

Бүгін шефтік концерт бердік.

Күләштің дәптеріндегі бұл тізімдер бір күннің немесе аптаның айнасы емес, айларға созылған концерттік гастрольдері. Әуелі драма театрына артист болып, 30 сом айлық жалақымен қабылданғанда, Күләш мұндай жетістікті армандай да алмаған шығар. Ол кезде тек қана өнерге іңкәрлік, әйтеуір соның босағасында жүрсем деген қарапайым ғана тілек болатын. Ал, бертін келе музыкалық театрға ауысып, одан опера өнеріне көтерілген, ұлы актриса дәрежесіне жеткен Күләштің ойы, қиялы да мүлдем басқа.

Соңғы жылдары Күләш театрда жаңа роль алған жоқ. Өзінен кейінгі жастардың өсіп келе жатқанын, олардың білімі де мұнан әлдеқайда жоғары екенін білетін Күләш, сол жастардың өзімен қатар ойнағанда бұның ықпалынан шыға алмайтынын да байқап жүр. Әлде тәжірибесі жетпей ме, әлде мұның атағының мысы баса ма, әйтеуір өз беттерінше образ жасауға талпынбайды. Мұның жасаған бейнесін өз дауыстарымен айтып қана шығады. Өнерде бұл жақсы жол емес. Бұл ұлттық өнердің өсуіне жағдай жасамайды, жай өншінің санын ғана көбейтеді. Күләштардың театр өнерін қолға алып, оны одақтық, тіпті, одан да жоғары дәрежеге көтереміз деген ниетпен жұмыс жасағанда, көздегендері бұл емес болатын.

Әрине, сахнаның басқа ештеңеге ұқсамайтын құдіреті болады. Оның табысы да ерекше бас айналдырады. Сол дәрежеден төмен түспесем екен, осы жетістік үнемі серік болса екен, жұрт өзінді ылғи асыға күтіп отырса екен деген өзімшіл тілекке де бой ұратын кез болады. Сахнаның мастығы дегеннің өзі де сол. Үлкен өнер иесі ондай пендешілікке бойын билетпегені мақұл. Ол – өнерді өсіруге емес, өшіруге ғана себепкер қасиет.

Осындай ойлардан кейін Күләш Джульетта ролін

Шабал Бейсековаға беріп, өзі тыңдаушы ретінде ғана қалды. Құддыс Қожамьяровтың “Назугум” операсындағы Назугум ролін, тіпті, кейін келген жап-жас Роза Жамановаға бергізді. Екеуі де жап-жақсы алып шықты. Өз дәрежелерінде екеуінің де болашағынан үміт күткендей шеберлігі де бар екенін көрсетті. Жұртшылықтың, баспасөздің пікірі жақсы. Ендеше, Күләшқа да жақсы болғаны. Шабал өзінен кейін өкшелеп келе жатқан әнші. Білгі оған қамқор көңілмен қарап, үнемі үлкен концерттерге енгізіп, баулып жүр. Және барын бар деп, жоғын жоқ деп, жанашырлықпен ақыл-кеңесін береді. Кейде ренжіп те қалатын, кейде балаша қуанып та қалатын. Осы бір аналық адал да ақ пейіл көңілі театрдағы жастардың баршасына ортақ еді. Олар үшін бар білгенін аямай жұмсауда. Кейінгі жылдарда жаңа роль алмауының себебі де осы еді.

Сондықтан да соңғы жылдары концерттік репертуарын байытып, гастрольге де жиірек шығыңқырап жүр. Москва, Ленинград, Балтық жағалауы республикаларын, Украина, Белоруссияны түгелдей концерттік сапармен аралаудың реті де сол себептен. Осы тұрғыдан Күләштің тағы бір байқағаны – таза концерттің өзінше ерекшелігі болады екен. Операда тұтас желі – мазмұн сақталады, сондықтан бұл образдың толық шығуына себепші де болады. Әрі партнерлерің бар. Ал, концертте жеке-жеке әннің өзінше характерін ашуға тиісті. Бар-жоғы бір, немесе екі-үш минуттық әнге бас-аяғы келіскен өң беріп шығуың қажет. Оның өзінше қиындығы да, қызығарлық қасиеті де осы. Концерт – әнші өнерінің жаңа қырын ашуға үлкен үлесін қосатын шығармашылық ізденіс жолы. Оны мүлтіксіз меңгеру – әншіге де абырой екен.

26. Радиодан концерт. “Сараның ариясы”, “Елигай”, “Бұлбұл”, “Тұл бақшада”, “Қазақ вальсі”. (сағ. 7-де).

Кешкі концерт Орталық паркте, су үстіндегі театрда болады.

... Мұндай концерттен құдайым сақтасын. Мұнда ән салу емес, айғайлау керек. Қорқынышты екені сондай, секірген немесе жүзген дұрыс.

27. Демалыс бағы. “Сараның ариясы”, “Қос қарлығаш”, “Две ласточки”, “Бұлбұл”, “Шла девица”, “Қазақ вальсі”. Ерегескенде, өте жақсы айттым.

Орталық демалыс паркінің үлкен эстрадасында 4

мындай адам болды. Концерт өте жақсы өтті. Біз жеңдік. “Ласточка”, “Қос қарлығаш”, “Шла девица”, “Қазақ вальсі”. Күшті жел тұрып қиындау болды.

28. “Не болады?” – деп отырмыз. Не? Қырсыққандай, дәл концерттің қарсаңында жаңбыр жауып кетті. “Енді болмайды, басқа уақытқа көшіреді”, – деп ойладым. Кенет телефон. Дәу (Қанабекті өзара солай дейд. С.Л.) соншалықты жұмсақ үнмен: “Машина керек пе!” - деп сұрады. Концерттің ауыстырылмағанын, халықтың жиналғанын сонан-ақ түсіндім... Оның үстіне тамаша қабылдады. Сондай салқын болды, шаршағанымды да сездім, бірақ көрерменге оны байқатқаным жоқ (ол үшін шеберлік керек!)

“Сараның ариясы”, “Қарлығаш”, “Ласточка”, “Шла девица”, “Бұлбұл”, “Қазақ вальсі”.

29. Киров атындағы завод. 11.40 концерт.

Алғыс жариялады.

Кешкі 8-де партиялық оқудың курсанттарына арнап қойдық.

30. Сағат 3-те радиоға жазу. Сонан соң концерт.

31. Бүгін Ленинградтан Москваға жүріп кеттік.

1. август. Москваға келдік.

2. Концерт эстрадада. 9.30. басталады. 5 мыңдай адам бар. Көпшілігі билет таппай жүр екен.

11.30. Концерт Жасыл театрда. 3 мыңдай.

3. Төрт концерт. сағ. 4-те. 5 мың адам.

Кешкі 9-да Жасыл театрда.

Эстрада директоры да, мен де қатты қобалжыдық. Мен біреуінен шыға салып, қаланың екінші басындағы концерттің екінші бөлімін бастауға асығамын. Мұндай да болады екен. Бізді Москвада қандай жақсы қабылдады десеңізші!

Москва, Москва, Москва! Сендегі шын көңілден шыққан жылы қабылдау, ыстық ықылас әр кездегі мәдениет, ғылым қайраткерлерінің тіршілігінен қалыптасты ма екен? Не болса да, ол үнемі көзге түсіп тұрады.

4. Концерт. Жданов паркінде ауызша журнал шығардық. 3 мың адам.

5. Радиодан концерт. Бұрынғыларға “Шіркін-айды” қостым.

7. Жданов паркінде сағ.1-де. 5 мың адам. Монғол делегациясымен Бейсенов жолдас болды.

“Сараның ариясы”, “Қос қарлығаш”, “Шла девица”, “Қазақ вальсі”.

8. Балалар үйге ұшып кетті, мазасызданып отырмын, аман-есен барғай еді.

9. Концерт Жасыл театрда. Әскери теңіз флотынан келгендер, Үкімет өкілдері бар.

10. Сағ. 4-те Сокольникиде.

Кешке Горький атындағы паркте.

11. 8-де Сокольникиде.

14. Орталық демалыс паркі. Орталық бақ.

17. Горбунов клубындағы концерт өте жақсы, артық жақсыға қабылданды.

18. Радиоға жаздырдым.

“Тонкая рябина”, “Шла девица”, “Сараның ариясы”, “Ласточка”, “Ганьдзя”, “Колокольчик”, “Гәкку”, “Қос қарлығаш”, “Шіркін-ай”.

Ой, шіркін-ай, шаршағанымды айтып жеткізу мүмкін емес, аузымды ашу күшке түсіп тұр. Енді 19-да айтам.

14 тамызда (астын сызған Күләш. С.Л.) мен ауырып қалғам. Қатты ауырдым. Концерт күні еді, бірақ ауыстырғаным жоқ, сол да шаршауға әсер етіп жатыр ғой деймін. Тұмау болса керек, басым қатты ауырады. Дәу (Қанабек С.Л.) соншалықты мейірімділікпен емдеп, күтті, тіпті, нәзік.

19. Концерт эстрада театры “Эрмитажда”. Концерт соңында зам. нач. Холодилин жолдас Москвадағы гастрольдің табысты аяқталуымен құттықтады.

Москвада жақсы аяқтады деген, кім-кімге де жақсы әсер ететін болса керек. Әрі қарай жүруге дайындыққа кірістік.

20.5.20. Минскіге жүріп кетіп, осы күні жеттік.

21.8.52 ж. Офицерлер үйінде концерт. “Сараның ариясы”, “Ласточка”, “Қос қарлығаш”, “Шла девица”, “Қазақ вальсі”.

Құралайға телеграмма жібердім.

22. Автозаводта.

23. Паркте. 10.30. радиодан.

24. Паркте. “Сараның ариясы”, “А у поля вярба”, “Шла девица”, “Қазақ вальсі”.

25. Бальзакты оқып үйде отырдық.

26. Егер Александрская келмесе, “Паяц” пен испан капричиосын тыңдауға барамын.

27. Вильнюсқа кеттік.

... Александрскаямен қиын уақыт, ауыр күндерде жолдас болып едік, ол соншалықты тез ұмытыла қоюға тиіс емес еді. Кең көшелер, зәулім үйлер, ондағы еңбек етіп жатқан адамдармен мақтану, олар үшін қуану керек емес пе?! Және соларды көрсетуде қонақжайлық жөн емес пе?! Ол өнердегі алдыңғы қатардағы адамдардың бірінен есептеледі ғой, өкінішті, өкінішті. Қалай түсіну керек...

29. Вильнюс. Концерт филармонияда болды, өте жақсы өтті.

30. Бүгін де көңілдегідей өткіздік.

31. Каунас. Концерт спорттық паласта өтті. Концерт беруге қолайсыз жер екен. “Сараның ариясы”, “Ласточка”, “Бұлбұл”, “Қазақ вальсі” т.б.

1 қыркүйекте Ригаға жүріп кеттік.

“Черновицы қаласы. 23/VII – 55 ж.

Алматыдан алтысында шыққанбыз. 7 шілде. Жолда келеміз. Менің мамамның батылын-ай. Мен оны вагоннан сүйреп шығара алмаспын деп ойлағам, ал ол болса ғұмыр бойы жолда жүргендей-ақ, орнында отыруды қойды. Мәссаған, менің осындай батыл, пысық мамам 9-күні ауырып қалды. 11-күні таңертең кішкене төуір болды. 12-і Галяның үйінде қонақта болдық, мамама тағы қиын. Ал ертең Одессаға жүру керек. Мамамды не істесем екен? Бір күнде жүдеп қалды, түрі адам аяғандай. Қазіргі күйінде алып жүру де қиын, тастап кетудің де реті жоқ, елге қайтарып жіберейін десем, тым болмаса Москваны аралап көрмеді, сонша жерден келіп текке қайту...

Он бесінде Одессаға келдік. Мамам төуір.

16-17. Одессаның қалалық бағында концерт. Он сегізінде жүріп кеттік. Күндіз Қара теңізге катермен саяхат жасадық, Аркадьевка жағажайына дейін бардық. Ал қайтарда үйге емес онан да әрі кетіппіз, Құралай асығып жүріп билетті басқа катерге алыпты да, біз сұрамастан-ақ отыра салыппыз, сөйтіп Б. фонтанға дейін жайбарақат келгеніміз ғой. Күлгеніміз-ай! Ең бастысы, соңғы 10 сомымызға билет алдық, енді қарнымыз ашып тұр, өзіміз судан шықтық. Жумин кездесіп, сол құтқарды. Жоқ болған қандай жаман еді...

Пушкиннің 1823-1824 жылдарда тұрған үйі.

Үлкен Потемкин баспалдағы, 200 басқыш болған екен, қазір 198. Баспалдақ 1905 ж. жасалған.

Одессалықтардың күшімен Пушкинге қойылған ескерткіш. Опера театры 1700 орындық екен.

Он сегізінде Кишиневке келдік. Мұнда Л. И. Брежнев жұмыс істеген. Қала әдемі, көбіне жаңа салынған үйлер, ғимараттар, Ленин проспектісі, 700 орындық театр, люстрасының өзі 140 мың сом.

19-20. Кишиневтің Жасыл театрында концерт бердік.

21. Черновицыға беттедік.

22. Филармонияда Ленинград балериналарын қарадық.

23. Облыстық демалыс паркінде концерт.

24. Күндіз ДКА-да, кешке паркте концерт.

25. Бүгін Львовқа шықтық, жолшыбай концерт бере жүреміз. 26-да Коломийкада концерт, 27-де Станиславта. Кешегі концерт өте жақсы өткен болатын. Офицерлер үйінен кейінгі екінші концерт. Онда, Черновицыда, Буковина халқының 15 жылдығына арнап радиодан сөйледім. Станислав қаласы әдемі, таза, жап-жасыл. Халқы негізінен гуцулдар. Кино көп екен, концерт қалай болар?

Айтқандай, Черновицыда мамам тағы ауырып қалды. Маған білдірмеймін деп көңілді болуға тырысады, бірақ өзі де байқамай түнеріп, ыңқылдап қалады. Сүйтіп отырып тісін қайда қойғанын ұмытып әбігерге түсті, Құралай екеуімізге жасырып қойдыңдар деп ұрысты, әй, мамам-ай...

28. Концерт филармонияда болады. Қалай қабылдар?

Күтпеген жерден үлкен табыспен өтті. Екінші бөлімнің аяғында қайтадан шығуға тура келді. Көрермендер, солдаттар “Тәкку” мен “Қазақ вальсін” қайта-қайта сұрады.

29. Автобуспен Львовқа кеттік. Бұл қаланы князь Трубецкой салдырып, Лева деген баласының құрметіне атапты.

30. Львовтың Хмельницкий атындағы паркінде концерт беруіміз керек еді, жаңбыр жауып, болмай қалды.

1 тамыз сағат 12-де шығып, 7.53. Хмельницкийге келдік. Ешкім қарсы алмайды. Сүйтсе, шатастырып бізді түнгі 1-де күтіпті.

2 тамыз. Концерт тек қана “ураға” өтті. Соңында жергілікті тұрғындар: “Жасасын қазақ халқы, ортақлар!” – деп құттықтады. Біз де: “Хай живе радьянска Украина!” – деп жатырмыз. Тағы жаңбыр. Жалықтырды.

4. Хмельницкийде концерт.

5. Таңертеңгі алтыда Жмиренкоға жүріп кеттік. Осы күні кешке концерт. Түнгі 1-де Винницаға шығып, күндіз келдік. 6-7 осында концерт, таңда Киевке жүреміз. Сегізінде келдік.

9. Днепр жағасында, Жасыл театрда концерт.

10.8.40. телевидениеден концерт. Күндіз 11.00. ашық концерт болу керек еді, жаңбыр жауып кетіп, кесел келтірді.

12. Түнгі он бірде Москваға қайттық. Он төртінде таңғы 5-те келдік.

17. Концерт. Ауыл шаруашылығы көрмесіне қатыстық.

19. Жданов паркінде.

20. Измайлов паркінде.

21. Орталық демалыс паркінде күндізгі 4.00 және кешкі 8.00.

1951-52 маусымнан бері Күләш осындай ұзақ концерттерге шығып жүр. Концерттік еңбегіне де арнайы Мемлекеттік сыйлық берілуі сол сапарларының нәтижесі болса керек. Шыға жүріп күнделікке күн сайынғы жұмысын түсіре отырып, өзінен-өзі қайран қалады. Күн сайын, кейде күніне екі реттен концерт қою деген шынында, қайран қалдырарлық нәрсе. Өрбір шыққанда екі, екі жарым айға, тіпті одан да көпке, кететін кездер бар. Соның бәрінде күнде концерт беру әншіден тек қана дауыстың бабында болуы емес, шығармашылық тәртіпті де қажет етеді. Ылғи жинақы, үнемі бапты, қашан да дайын тұру керек. Мұндай ерекше күй соғыс кездерінде болған, бірақ онда жалпы елде соғыс, ерекше жағдай өнерден ерекшелікті талап ететін. Ал қазіргі бейбіт күндері бұл ерекшеліктің құны да басқаша. Өнер қай кезде де биік дәрежеден көрінуі керек. Әншіден кеше де сахнаға шықтыңыз ба деп ешкім сұрамайды, одан құлақ құрышы қанатын ән ғана талап етеді. Сахнаға шықтың екен – шаршау деген, ауыру деген, тағы басқа толып жатқан ұсақ-түйектерге орын қалмайды. Сахнада әнші, залда тыңдаушы, ортада – ән.

Күләштің өзі де осы жазбалардың бір жерінде: “Ой, ой, шіркін-ай, қалай шаршадым десеңші! Тіпті, жағымды ашқым келмейтін кездер бар”, – деп мойындайды. Сүйтеді де, өрі қарай концертімен жағалай береді.

Күләштің және бір ерекшелігі репертуар байытамын деп кез-келген әнді айта бермейді. Өзімен тұстас композиторлардың Күләшқа ән сыйламайтыны жоқ деуге болады. Әншінің жеке архивінде сондай әндердің өзі бір төбе. Бірақ Күләш әнді ерекше талғаммен таңдайды. Оның тұрақты репертуарында 30-40-тай ғана ән бар. Ұзын саны бұдан әлдеқайда көп. Бірақ әнші негізінен тұрақты репертуарын жетілдіре, әрлендіре түсуге зер салады. Күнделікті концертте осыны қайталай береді деген сөз емес бұл. Бірақ осы репертуардың негізгі бөлігі күн сайын айтылады. Ал, осыны күн сайын тыңдаса, күн сайын әсер өзгеріп отырады. Әншінің шеберлігі де осында. Бір әннің өзін орындаған сайын жаңартып, жақсартып отыру үлкен өнерді талап етеді. Күләштің өнерінен халықтың жалықпайтындығын, күнде болса, күнде тыңдай беруге құмарлықтың себебі де осында. Концерттік гастрольдердің ұзақтығы да, одан сайын ұзартуды сұрап жататын өтініштердің себебі де сондықтан.

“21 тамыз. Бүгін Орталық демалыс паркінде концерт. Кешегі, алдыңғы күнгі концерттердің бөріне де қобалжып барып қуанып қайтып жүрдім. Москва халқының талғампаз екені де, мейірімді екені де белгілі. Дегенмен, әр кездесудің алдында көңілің күпті.

... Әрине, Москва концерттері басқа жерлермен салыстырғанда жүйкеңе тиеді. Москва – бұл отанның жүрегі. Москва – бұл өмір, бұл қуаныш. Москвада ән салу (астың сызған Күләш. С.Л.) емес, москвалықтардың алдында көшемен жайбарақат жүре алмаймын. Бұл көшелермен ұлы мақсаттарын орындап көсем жүрген, бұл көшелермен оның ісін жалғастырып, халықты жаңа жетістіктер мен жеңістерге бастап партия келеді. Бұл көшелермен жаңа қоғам жасаушы, ұлы бастамалар ашушы мыңдаған қуатты қолдардың иесі, қайсар күрескерлер, әр ұлттың өкілдері жүреді. Соның бәрін біле тұрып, Москвада бейтарап қалай жүресің? Көңілді, көркем, көктем қала. Мақтанғаным емес, тек бұл жолы емес, барлық уақытта да табыспен өтіп келеміз, одан

бетер жауапкершілікті сезіне түсемін. 21 тамызда Жасыл театрда 8 мыңдай адам болды.

I бөлімде Эд. Рознер табысты өткізді.

II бөлім. Қазір Рознер модада еді ғой, соған қарамастан қазақ оркестрінің табысы керемет. Біз Кәукен екеуміз аздап қобалжыдық, не десе де, намысқа тырысып бақтық, нар тәуекелмен айтып шықтық. Оркестр бір номерінен бір номерін асырып ойнады. Ал, біздер – әншілер, бүгін өзіміздің бар мүмкіндігімізді, тіпті, жоғымызды да салдық”. (*ЦГА Каз ССР. Фонд 1630, дело №53.*)

Иә, бұл айта қалғандай концерт болды. Бұның алдыңғы күндері эстрада театры “Эрмитажда”, Горбунов атындағы Мәдениет сарайында да табысқа ие болған, бірақ сегіз мың адам күнде жинала бермейді.

Жасыл театрға жиналған халықты көріп қобалжыған әрі ширыққан Күләш, дәл өзіндей халде тұрған Кәукенді демеп қойды. Бұларға Шамғон келіп қосылды, Рознердің “модный” оркестрінен қазақтың домбырасын қайтсем асырам деп, ол да барын салмақшы. “Қобалжымандар, бауырларым, “Бұдан жаман күнімде де тойға барғам”, – деп қазақ атам айтпақшы, Мәскеумен бұдан жаман күнімізде танысып едік, енді де ән тәңірісі қолдайтын шығар... Рознерді де көрерміз”, – деп Күләш оларға дем беріп қойды. Сонысымен өз көңілінің де толқуын баспақшы. Жастарының әрі-бері болғанына қарамастан, өзін ағадай сыйлайтын әріптестерінің алдында үлкеннің орнын ұстап қалған Күләш, сол әдетінен гастрольдік сапарларда да айнымайды. Артист сахнаға даусын қалай баптаса, жүріс-тұрысын да, костюмін де бір сәт назардан тыс қалдырмауы керек деген қағида өнердің бұл ұрпағының қанына сіңген. Соны өздері қалай ұстаса, кейінгі жастарға да солай сіңіруге тырысады. Қазір де өзі сақадай сай әзірленіп болған соң, Кәукенге, Шамғонға, оркестранттарға әрі дем беріп, әрі сынын айтып тұр.

“Бізге әншілер деп қана емес, қазақ деген халықтың әншілері қандай екен, деп қарайды. Халқымыздың бойында қандай асыл қасиет бар, мүмкіндігімізше соның бәрін байқатып жүруіміз қажет”.

Ашық сахна. Сахнадағы әуенмен бірге сегіз мың адамның көңіл-күйі де аспанға әуелеп кетіп жатыр.

Әлгіндегі қобалжудың бәрі шымылдықтың сыртында қалып, сахнаға шығып, оркестр алғашқы аккордтарды алған соң-ақ дүние бәз-баяғы қалпына түсіп жүре берді. Кәукен өзі де байқамай бойын билеген ерекше жеңілдіктің, ғажап қанатты сезімнің жетегінде кеткенін сезді. Оркестр сахнада емес, сайын далада ойнап тұрғандай, өзі халықтың алдында емес, ән қанатында жүргендей сезінді. Осы бетімен бірнеше сағат қатарынан шырқауға шамасы келетіндей көрінді. Ән мен әншіге құмар тыңдаушылардың арасында ғажайып түсіністік орнады. Регламенттегі әндерін тауысып “биске” де айтты. Өз-өзінен құйылып жатқан шабыт пен тасып жатқан разылық. Осы сезімнен өз номерін айтып болып, сахна сыртына шыққанда да айыға алмады. Зал гу-гу, ду-ду. Шамғон маңдайының терін сүртіп үлгере алмайды. Кеудесін шалқақ тастап, кербез басып, үкісі тербеле желбіреген Күләш сахнаға бірнеше қайтара шықты. Жұрт сонда да қояр емес, алақандарын аямастан-ақ соғып жатыр. Құмыр бұлбұл үніне құлақ құрышы қанар емес...

Ойламаған жерде мұндай табысқа жеткендеріне мас болғандай халде шетте тұрған Кәукен, “сізге рақмет” деген дауысқа бұрылып еді, талғаммен киінген, үні де жағымды, жасы біразға келген орыс әйелі бұған қарап сөйлеп тұр екен.

— Сізге рақмет, — деп қайталады әйел бұл бұрылған соң. — Ән айтуыңыздан еуропалық мәнер сезіледі, техникаңыз да жақсы екен. Мен риза болдым. Ал, ана қыздың дауысы, тіпті ғажап екен, ашық, әдемі. Бірақ сен оған өзіңнің мәнеріңді үйретуің керек еді. Сондай әдемі дауыс, тек еуропалық мәнер жетіспейді...

Әйелдің бой-басына қарап: “Сірә, ескі интеллигенцияның өкілісің-ау, сөз саптауың да, киінуің де соған келеді”, — деп ойлап тұрған Кәукен, оның соңғы сөздерінің мәнін аңғарғанда, ішінен мырс етіп күліп қойды. Есіне Қарағандыдағы бір концерт түсіп еді.

Күләш жүрген жерде халықтың жиналмай қалғанын көрмеу былай тұрсын, ондай құбылыстың мүмкіндігі әлдеқашан ұмытылған уақыт. Қай жерге барсын, қашан барсын, билет таппай сабылып жүрген халықты кездестіру қалыптағы көрініс. Сол жолы да Қарағандының Металлургтер сарайында ине паншар орын жоқ, аузы-мұрнынан шығып иін тірескен халық. Қабылдау керемет.

Әлде бәрі керемет пе, әлде “күріш арасында күрмек су ішіп”, басқалары Күләштің арқасында бедел алып жатырма, әйтеуір, жұрт сахнаны жұтып қоярдай ентелей тыңдайды. Әр номерге – гүл, әркімге – “бис”.

Концерт аяқталып, бұлар далаға шыққан соң Күләш:

— Кәукен, қонақ үйге барасың ба, маған машина келіп тұр, жүр, бірге барайық, – деді.

— Өте жақсы, рақмет сізге.

Бұл өзінше икемділік көрсетіп, машинаның есігін аша бергенде, мана сахнада берген гүлдің әлі қолында жүргенін байқады. Қарағанды гүлге бай қала емес қой, бұған бергендері гүлдеп тұрған даланың шөбі екен. Мәскеуде оқыған, Алматыдан келген, көңілі жоғары жас әнші әлденеге тыжырынып, әлгі “гүлді” лақтырып тастағалы қолын сілтей беріп еді, байқап қалған Күләш шап беріп ұстай алды. Сол бетімен машинаға отырды. Қозғалып кеткен соң барып:

— Бұлай болмайды. Оны саған шын ықыласымен, гүлдің нағыз төресі деп берді. Ендеше, солай қабылдау керек. Халықтың ықыласын үлкен, кіші, арзан, қымбат деп ажыратуға болмайды. Халық қашан да шын сыйлағанын құрметтейді, оның ниетін солай, өзіндей ұғу керек, – деді.

Қателігін түсінді ме, әлде үлкеннің алдында сөз таластырғысы келмеді ме, тіпті, Күләштің әсерімен, жаңағы гүлді арнайы барып жинаған адамды елестетіп кетті ме, әйтеуір, Кәукен үндемеді...

Қазір ойына сол көрініс түсті. “Біз бұл кісіге бірдеңе, әсіресе ән салуды үйретпек түгіл, өмірдегі қарапайым қадамды қалай басуды өзінен үйреніп жүреміз. Бұл кісінің сахнаға шығып, түскенінің өзі сабақ. Ал, оған біз үйрету деген...” – деп ойлады алдындағы әйелге қарап.

— ... Дегенмен, сіз мені сол қыздың өзіне ертіп апарыңызшы, алғысымды өзіне айтайын. Жақсы айтты, өте жақсы айтты, – деп тамсанды әйел.

“Ә, бұл басқа әңгіме, – деді іштей өзі үшін де, Күләш үшін де разы болған Кәукен. – Күлекең сахнаға шыққанда қазақтың домбырасы мен қобызы, сайын сахараның самал үні бірге шығады ғой. Оған үйрету емес, одан тек қана үйрену керек”. Бірақ бұл ойын келген әйелге айтып әуре болып жатпады, оны тілегіне орай Күләшқа бастап жүрді.

Бұл сапар Күләштің әншілік шеберлігінің толысуына

көп әсерін тигізді. Күн құрғатпай дерлік концерт берген бұл сапарда өзі де өмірдің көп жайларына ой жіберіп, өнердің, жеке бастың көп сырларын іштей талдап жүрді. Бөтен орта, бейтаныс көрермендер арасында өз ішінде көріне бермейтін көп жайларды аңғарады екенсің. Бейтаныс халықтың бұрынғы тарихына, қазіргі тіршілігіне көз жіберіп көп жаңалық тауып, әсерлі сәттерді басынан өткізді.

Осы сапарда Қанабекпен де тшығармашылық тұрғыда қайта танысқандай болды. Бұрын мұның көптеген әсеріне селқос қарайтын Қанабек, бұл жолы өзі бас болып көп жерлерде бірге жүріп, көргендерін кеңесе отырып, жаңа мектеп ашқандай еді. Уақыттың тығыздығына қарамай, көп нәрсеге үлгірді. Өз репертуарын сарқа айтқаны да осы сапар шығар. Күнде қайталағанына қарамай, өзіне етене болып кеткен әндердің өзінен ерекше шабыт алып, әрқайсысын жаңа айтып тұрғандай шырқады. Осы сапардан жинаған тәжірибесі, алған әсері кейінгі жылдарға да азық болғандай еді.

Осы ұзақ-ұзақ сапарларымен Күләш Отанына алғыс айтқандай, өзіне көрсетілген сенімге өнерімен жауап бергендей еді. Өз халқының өнерімен өзгелерді таныстыра жүріп, солардан өзі де үйрене жүрді. Осы сапарлар кезіндегі Күләштің күнделік есебіндегі жазбаларының өзі бұрынғы дәптерлерімен салыстырғанда бөлекше көрінеді. Бұрын бәрі жаңа, бәрі асығыс, сонан да көп жайды көңілден қағыс қалдырғанын өзі байқайтын. Сондай орта қалғандарының орнын түгел толтыра алмағанымен, ендігі жерде қолы қалт етсе, жаңа жерді аралауға құмар.

Адам қанша көп білсе, сонша одан артық білгісі, қанша көп көрсе, одан әрі көре бергісі келеді екен. Күнделігіндегі әр жайдан хабар беретін қысқаша түсініктер, қаланың, жекелеген ғимараттардың тарихына байланысты жазбалары Күләштің де сондай құмарлығын танытады. Өзі тұрғылас адамдардан өзінің аз білетінін байқаған Күләш, қазіргі кездері уақыт тапса, оқуға ден қоятын болып жүр. Дүние жүзілік әдебиеттің небір ғажап туындыларын мұның балалары мектеп қабырғасында жүріп таныса, бұл енді ғана бетін ашып келеді. Қанабек екеуінің Москваға барып жүріп, тиіп-қашып жинаған кітапханасының өзі әжептәуір

байлық көрінетін. Енді ол әншейін-ақ нәрсе болып қалды.

Өркім өз тұрғыласына қарап өседі. Күләш та өз өмірінің Қаныш, Мұхтар, Ғабит сияқты азаматтармен тұрғылас келгенін мақтан етеді. Әсіресе, театрдың ыстық-суығына бірдей араласып жүрген Мұхтар, Ғабиттермен үй іші болып араласып, көңіл жақын дос боп кеткен. Илегендері бір терінің пұшпағы болған соң, қай кезде, қандай жағдайда кездесе де, ортақ әңгіме табыла береді.

Күләштің Шекспирмен танысуына, оны түсінуіне тікелей әсер еткен Мұхтар болатын. Алғашқы Онкүндік кезінде Москвада көрген “Отеллоға” қатты қызыға: “Мен Дездемонаны ойнағым келді. Шекспир трагедияларының ішінен қазақ көрермендеріне ерекше әсер ететін “Отелло” болуға тиісті”, (*“Советское искусство”, май, 1936 жыл.*) – деп түйгені бар еді. Кейін байқаса, Шекспир шығармаларының қай-қайсысы да қазақ көрермендеріне әсер етіп қана қоймай, оны рухани жағынан соншалықты байытады да екен. Соңғы сапарларында басқа республикалардың сахнасынан көргендерін, қазір театрда қолға алынып жатқан “Ромео мен Джульеттаны” ойлап көргенде, осындай қорытындыға келді. Шекспирді тек қана түсіну, тек қана ойнау жеткіліксіз. Оның геройларымен бірге өмір сүру керек. Мұндай тұжырымға себеп болған тағы бір нәрсе – драма театрында “Асауға тұсаудың” қойылуы. Аударға Мұхтар Әуезов. Режиссерлер мәскеулік Бибиқов пен Пыжова. Ал артистер Шәкен Айманов Хадиша Бөкееваны ешкім де аударма, бір жақтан келген дүниені ойнап жүр деп ешкім айтпас еді. Қазақтың төкәппар қызы, өр жігіт от пен судай, пышақ пен қайрақтай шарпысқанда махаббат деген сезімді көзбен көріп, қаламмен ұстағандай боласың. Солай, Шекспир геройларымен бірге өмір сүру керек.

Мұндай тұжырымға ебеп болған тағы бір нәрсе – драма театрында “Асауға-тұсаудың” қойылуы. Аударған Мұхтар Әуезов. Режиссерлар мөсукелік Бибиқов пен Пыжова. Ал артистер Шәкен Айманов. Хадиша Бөкееваны ешкім де аударма, бір жақтан келген дүниені ойнап жүр деп ешкім айтпас еді. Қазақтың төкаппар қызы, өр жігіт от пен судай, пышақ пен қайрақтай шарпысқанда махаббат деген сезімді

көзбен көріп, қолмен ұстағандай боласың. Солай Шекспир геройларымен бірге өмір сүре керек.

“Ромео мен Джульеттаның” партитурасымен танысып, партияны жаттап, айтуға дайындалып жүріп, Күләш осы мәселені көп ойланды.

Бұрын таңдау болмайтын. Жаңа құрылған жас театр репертуар жоқ, жылт етіп шеті көрінген дүниені ала салып дайындауға кірісетін. Партияларды бөлуге келгенде де солай. Белгілі тенорлар, белгілі баритондар, белгілі сопранолар. Әрқайсысы біреуден немесе біреу-екеуден ғана. Оларға: “мүмкіндігің қалай?” – демейді, “мынаны – сен, мынаны сен айтасың”, – дейді. Бітті. Сонан әрі репетиция, премьеры. Қазір ондай кедейшіліктен құтылды. Артистер сатылап өсіп келеді. Кешегі жастардың алды жұртшылыққа кеңінен танылып қалса, кейінгілерінің өзі мүмкіндіктерін байқата батады. Не керек, нағыз бақытты заман туды ғой. Өмір сүргің, еңбек еткің келеді, шаршау деген есіңе де кірмейді.

Театрының жылдан-жылға, маусымнан-маусымға өсіп келе жатқанын көрген сайын Күләштің көңілін осындай шалқар сезім билейді. Қазір де сондай көтеріңкі көңілмен жүр. Театр тұңғыш рет Шекспирге беттеді.

Осындай жаңа жұмыстың басында бұрынғы аяқталған істің кемшілік-жетістігін ойлап саралайтыны бар еді, қазір де сондай күйде. Есіне Баттерфляй тұсындағы Наталья Сацпен әңгімелері түсті. “Білесіз бе, Баттерфляй жас қыз, он бесте ғана. Ол өмір көрген, кексе әйелдердің қулығын білмейді. Ол, тіпті, шын мәнісіндегі жезөкше де емес. Тәнін – сатуы көңілінің қалауы емес, күнкөрістің қамы ғана. Оның өлімге баруы да, махаббатсыз өмірден бас тартуы да сол жастығымен байланысты. Ол Пинкертонның аяғын құшақтап отырған қалпында, өзіне төн балалық көңілмен оны қорған сезінеді. Сонан да қимылы ширақ, баладай тез; сүйіктісінің көңілін тапсам деп елеңдеп тұрады. Ал, кексе әйелдер ешқашан олай етпес еді”, – дейтін.

Кейіннен сырласа келсе, Сац бұған жасыңыз Баттерфляйдан көп үлкен, оның жағдайын түсіне алар ма екенсіз, деген күдігін айта алмай жүріпті.

“Евгений Онегин” кезіндегі Сацпен, Мұхаңмен кеңестері де есіне түсті. Сол кездегі өзінің толғанысын да есіне алды.

“Татьяна селода туып, дүниені романдардан танып өскен қыз. 16 жасында оған бәрі де кітаптағыдай болып көрінуі заңды. Себебі, бұған дейін ол өмірден соққы жеп, арманның қанаты қайырылып көрген жоқ. Ол Онегинге хат жазғанда қиналады, бірақ тілегім қабыл болмайды-ау деп емес, қыз басымен өзі хат жазғанына қиналады. Ал, махаббат қолдау таппайды-ау деген күдік ойына келмейді, оның мүмкіндігіне де сенбейді. Өйткені, кітаптағы өмір мүлде басқа. Қысқасы, Татьяна нағыз өмірді білмейтін, бәрі оған қызылды-жасылды ғажап болып көрінетін. Сондықтан да, Онегиннің жауабы оған бірінші соққы болып тиді. Сонан кейінгі Татьяна – баяғы көгілдір тұман ішінде жүретін қыз емес, Петербург сарайларын бетіне қаратқан көрікті, бай әйел. Бұл енді адамдар туралы басқаша ойлайды, оларға көзқарасы да басқа. Махаббат деген мұның көңілінде енді келмеске кеткен балалық, жастық шағының елесі ғана. Ал мұнда, мынау бай залдарда, қымбат жиһаздар, сыңғырлаған хрустальдар арасында ондай сезімге орын жоқ, мұнда тек қана соңғы модамен киініп, кездескендерге өтірік жымыып, балдарда күйеуіңмен қолтықтасып биге шығу керек. Қонақтар, түстіктер, шақырулы кештер. Сондықтан Татьяна енді 25-те де, 35-40-та да бола алады. Әйтеуір 16-да емес...”

Күләш көп ойланды. Партия сондай қызығарлық, әркім-ақ айтқысы келеді. Иә, он бестегі көбелекті айтты, табысты болды. Он алтыдағы ұяң сұлуды айтты, ол да табыспен өтті. Енді он төрттегі ғашықты айтуы керек. Иә, иә, Джульетта олардың екеуіне де ұқсамайды. Бұл ерке, шолжың бала. Махаббат мұның күткені, тіпті, армандаған да нәрсесі емес. Махаббат Джульеттаға нажағайдай тосын түскен, ешқайда құтқармайтын ғаламат. Джульетта бұл сезімнің түбін тексеріп бағалап жатқан жоқ, оның құрығынан ебін тауып құтылып кетейін деп те ойламайды. Ол бұл тосын, таза, жалындай ыстық сезімді қызықтай елігіп, сонымен бірге жанып кетеді. Он төртегілерге сол лайық.

Соншама қызығып, көп ізденіп, образ тракторкасын тапқан Күләш, қанша қызыққанымен өзінің дйттеп ұстаған шындығынан асып кете алмайтынын сезді. Опера театры шаңырақ көтерген жиырма шақты жылдың ішінде Күләштің шығара алмаған немесе шала жасаған бір де бір образы жоқ. Ол образдың ішкі

мазмұны мен сыртқы формасының сай келуін үнемі қадағалап отыратын әнші. Сонда негізгі басшылыққа алатыны өзінің түйсігі. Киген киіміңнің қаншалықты қонып, дәл өзіне ғана арналғанын бүкіл болмысыңмен сезіп тұрасың ғой, сол сияқты Күләш та өзі айтқан партияларын вокальдық негізде ашумен қатар сыртқы көрінісін, сол бейне мен өзінің қаншалықты бірігіп кеткенін сынай бақылайды. Сондықтан да Күләш қандай рольде шықпасын, көрермен дәл соның өзіндей қабылдайды. Бұл – даусыз.

Осы және басқа да көптеген жайларды ойлана келіп, Күләш өзін Джульетта үшін қартайып кеттім деп тапты. “Шекспир героинялары мен үшін арман боп қалды. Өкінішті-ақ. Бірақ Күләш Байсейітова шындықтан ауытқып кетті, беделіне сүйеніп өнерге қиянат жасады деп ешкім де айта алмайды. Ұлы арманымды ұлы шындықтың құрметіне құрбан қылдым”, – деп іштей қинала мойындады. Сүйтіп, ұлы актриса Джульетта партиясынан бас тартты.

“Мен үшін Күләш театрдың көркем шындығы, творчестволық бет пердесі тәрізді көрінетін. Коллективінде осындай талғампаз әрі талантты солисі бар театрдың жауапсыз, жүрдім-бардық жұмыс істеуі, тіпті де, мүмкін емес сияқты. Күләш суреткер ретінде де, азамат ретінде де өзінің бар болмысымен театрды ылғи жаңа жетістіктерге жетуге шақырып тұратын тәрізді”, – деп есіне алады, театрдың режиссерлік басқармасының бастығы Александр Александрович Троицкий көп жыл өткен соң.

Бұл – сырттай дақпырт, құр тамсану емес, күнделікті жұмыста кездесіп, әбден көзі жеткен соң берілген әділ баға.

Ұзақ жол

Күләш өзі өз болғалы, жеке басының қарекетімен жолға шыққаны осы-ақ шығар. Соңғы кездердегі жүйкеге тиген шаруалардан қашып, тіршіліктің бірде олай, бірде бұлай бітпейтін ұсақ-түйегінен жыраққа кеткісі келіп, өзіне-өзі бес-он күнге демалыс жариялап, Мәскеуге келе жатқан беті. Онда жұмыспен барып

жатқан Қанабек бар еді. Соған хабарласты да, астанада өтіп жатқан татарлардың Онкүндігін, сондағы “Алтыншашты” көруді сылтау етіп, ұшты да кетті.

Шыққан кезде көңіл-күйі онша емес-ті, бірақ самолетке жайғасып, аспанға көтерілген соң, өзін-өзі “ұшты да кетті” деп бейнелегеніне күлкісі келген Күләш мырс етті. Зеңгір аспанда тау-тау мақта көшіп жүргендей әсер ететін аппақ бұлттарға қарап, көңілі де серпілейін деді. Иллюминатордан қарағанда айналаның бәрі кіршіксіз аппақ, ерекше бір пәктікті елестетеді. Өзіңді қоршаған осынша көл-көсір тазалық, қол жетпес биіктік көңіл құсын шарықтатады екен. Сырттағы сол алаңсыздық, самолеттің бір сарынды дыбысы Күләшті бейғам тыныштыққа, кібіртіксіз ойға жетелегендей. Өзі аспандап кеткен соң, осы жерге дейін маза бермей жүйкесін жұқартып келген қаңқу сөздер де өзінен-өзі аласарып қалған сияқты. Енді солардың әсері бұрынғыдай шаншудай қадалмайды, қайта сондайға назар аударғанына таң қала күлкісі келіп отыр. Мына биікте ойың да биіктеп, шырқап кетеді екен. Жерде жүргенде аспанға жетсем деген көңіл, аспандап кетсең, ғарышқа қол созады екен. Адам жанының жақсылыққа құштар, алға ғана қарайтынынан солай шығар.

Жол. Тағы да жол. Күләш осы өмірінде қилы-қилы жолдармен жүріп өтіп келеді. Алысқа, арманға апаратын жолдар да артта қалып жатыр. Бұл, тіпті, бүкіл ата-бабасы жүрмеген жолдарды басып өткен шығар-ау. Ұзақ, қысқа, қуанышты, өкінішті, үмітті талай жолдарды өтті. Осы Мәскеуге де қаншама рет келіп қайтты. Әрқайсысы өзінше бір хикая. Ең алғаш рет 1936 жылы бірінші Онкүндікке көшкен елдей болып келіп еді. Онда поезбен. Басқаны былай қойғанда, өз республикасының қаншама жерлері таңсық еді. Ойлап отырса, сол кезде өзінің қазағын да жөндеп танымайды екен. Алақандай Жетісуды айналып жүргенін, бірнеше күн, түн тоқтаусыз жүріп шет-шегіне жете алмаған республикасының жерін көргенде аңғарды. Батысы мен шығысының арасы сондай болғанда, оңтүстігі мен солтүстігінің арасы тағы бар ғой. Кең екен Қазақстан, кең екен. Сонда, жоқ, онда емес, кейін, қайтып келе жатқанда халықтың кең пейілін көріп, еркінен тыс пайымдау жасаған.

Бұлардың Мәскеуден, Онкүндіктен қайтқан сапары ғұмыр бойы ұмытылмастай әсер қалдырды.

Поезд Қазақстанның шекарасына ілігіп, алғашқы станцияға тоқтағанда бұларды қарсы алуға, абыройлы қадамдарына құтты болсын айтуға жиналған жұрт жыртылып-айырылды. Мұндайды күтпеген бұлар, қапелімде сасып қалды. Сонан әрі қарай әрбір станцияда сондай қарсы алу. Орал қаласы түгелдей станция басында жүр десе сенгендей, ығы-жығы сеңдей соғылысқан халық. Соның әрқайсысы өз көңілін білдіруге ұмтылады. Олар облыстық партия және атқару комитеттерінде арнайы жиналып, Онкүндіктің барлық программасын тыңдап отырыпты. Мәскеудегі бар қуанышты ел алыста жатып, сырттай бөлісіпті. “Ел іші – алтын бесік” деген осы-ау. Артында осындай жоқтаушысы қалған соң да, аруақты өнерді аспанға көтеріп қайтқан екен ғой. Дәл осындай ой сол кезде басына келмеген де шығар, бірақ Күләш қазір солай деп қорытты.

Бұл ой жұрттың жолшыбай асығып-аптығып көрсеткен құрметіне емес, олардың көңілдегі мақтанышына, масаттануына байланысты еді. Соншама халық: “Ел ағыны – су ағыны”, – деп сабылып жүрген жоқ, сона-ау астанаға барып, қазақ деген халықтың мерейін асырып қайтқан өнерпаз ұрпағын көзімен көрейін деп, разылығын аузуымен айтайын деп ағылып жүр. Поезд жолы бойындағы барлық станцияда солай. Ол түн ортасында келіп жатыр ма, таң алды ма, бөрібір. Құдды бүкіл ел жиналып “Қыдыр түнін” күзеткендей елігіп алған, әрқайсысының жеке жүйрігі бәйгеден келгендей мәре-сәре. Кейін білсе, соларды ұйымдастырып шығарып жүрген де ешкім жоқ екен, елдің өз бетімен бір арнаға тоғысып жүргені көрінеді. Оны білген кезде бұлардың көңілін басқа бір ыстық сезім кернеді, басқасын кім білсін, әйтеуір, Күләш ерекше толқыған. Москвада өткен азғантай күннің ішінде ие болған көл-көсір құрмет пен қолпаштаудың бір ұшы осы халыққа – мынау әр станциядан ұйқысын, қызметін қалдырып келіп, көңілін білдіріп жатқан ақ жайсаң азаматтарға арналғанын да, сол жолда бірінші рет ойланған.

Сол құрмет, сол ниет Алматыға келгенше еріп жүрді. Алматы да түгелдей дерлік вокзал басында жүргендей екен. Адамдар ғана емес, гүлге оранған алқаптары, орманды жоталары, ақ қарлы Алатауына дейін, түгел көшіп келгендей әсер етті. Қарсы алушылардың ішінде

кім бар, кім жоғын біліп болмайды, жаппай қуаныш, жаппай сүйініш. Қалаға сәскенің о жақ-бұ жағында келген сияқты еді үйге жеткенде қас қарайып бара жатқанын бір-ақ білді. Тұтасымен жарты күн бойы қала бұларды қарсы алып, қошеметтеп жүріпті. Кейінірек әр қилы сапарлардан оралып келгенде сол күнді ылғи естеріне алып, күлісіп қоятын.

Күләшқа халықтың құрмет-сенімі сол күннен басталған сияқты көрінеді де тұрады. Сонда бірінші рет бүкіл елдің ниетін таныды, елі де бірінші рет әнші қызына болашағына сеніп құрмет көрсетті.

Ұзақ-ұзақ сапарлар да сол құрметтен басталғандай. Сол кезден бері Күләш қайда бармасын, қашан да қазақ деген халықтың өкілі ретінде барады, соның аруағын асырып қайтады. Театр табалдырығын алғаш аттағанда қолынан демеп, қолтығынан сүйеген Иса, Әміре, Серәлі, Қаллеки, Жұматтардың ақ тілеуі қабыл болып, Күләштің қадамына нұр жауып келеді. “Шіркін, театрға жүрексіне, имене келгендердің бәріне Күләштің жолын берсеші... Жоқ, екпіндей келіп, не төрге оза алмай, не кейін қайта алмай, орта жолда айналшықтап жүріп алады ғой!” – дейтін Серағаң, өткенін ойша сараптап отырып.

Бәрі бірдей Күләштай бола алмайтындықтан да, Күләштің құрметі артық шығар. Жайшылықтағы адамгершілік, жомарттық, сезімталдықтың өнер сарабына келгенде, ештеңеге арқау бола алмай қалатыны сондықтан шығар. Бірақ өнер берген табиғат Күләшқа басқа қасиеттерін де қоса беріп, оны өзгеден бөлек жаратса керек. Сонысының арқасында, ол жүрген жерін гүл екендей жадыратып жүретін. Өмірінің өзі бір жарқын сапар секілді өнерпаз, ешқашан біреуден қызғаныш көрдім деп, не өзі біреуге қызғаныш білдіріп көрген емес. Тек соңғы кездердегі белгісіз күдіктер...

Күләш қанша ойламайын десе де, соңғы екі-үш айды төңіректей береді. Осы келе жатқан бетінде де, сол күдігі көп көңілсіз жайлардан серпілейін деп, тұрасын айтқанда, қашып келе жатыр. Ғажап, өз үйіне өзін сыйғызбаған деген осы да... Құрысыншы, ойламайын, ұмытайын! Күләш иллюминатордан аспанға көз салды. Сол тап-таза кеңістік, ұлпа бұлттар. Мұның жабырқау екенін біліп, әдейі көңілін тазартайын дегендей, пәк тазалық.

Қанабекпен сонау кездердегі қалжыңы есіне түсті.

— Бәйбіше, осы сен үйге отырмайтын болдың. Міне, тағы шақырып жатыр, осының бәрі тегін емес-ау деймін.

— Тегін емесі қалай және кім шақырып жатыр?

Сол күні бір жас ет алып, өз қолымен қуырдақ қуырайын деп ас үйде жүрген Күләш, даладан сөйлей кірген Қанабекке күле дауыстады. Шынымен солай ма, әлде қазан-ошаққа сирек араласқан соң солай көріне ме, үйдегілер: “Сенің пісірген тамағыңды сағындық”, – дейтіндері бар. Бүгін солардың ниетін қалыс қалдырмайын деп, демалысын пайдаланып жатқандағысы еді. Сол кірген бетінде бірден ас үйге өткен Қанабек те: “Қап, өзің бүгін нағыз бәйбіше болуға бет алған екенсің, қарап тұрып қуырдақтан қағылар ма екенмін”, – деп күліп қойды.

— Өзің көңілдісің, шамасы, жұмыстарың реттелген ғой. Кім шақырып жатыр дейсің?

— Кім болушы еді, Москвадағы шалың да.

— Немене, қандай шал? – Күләш таң қалғаннан қолындағы қасығын қазан ішіне тастай салды.

— Паһ, мынадай аспаздығыңды апам көрсе ғой... Мә, Комитеттен келіпті. Шақырмағанда, өздері келеді деймісің.

Қанабек қолындағы конвертті Күләшқа ұстатты да, басқа газет, оны-мұнысын алып шығып кетті. Күләш конверттің сыртына көз жүгіртіп өтіп, тездетіп аша бастады.

“Сталиндік сыйлықтар Комитеті.

20 маусым 1940 ж.

Құрметті Байсейітова!

Сізге тағы жазып отырғаным көптен-көп кешірім өтінемін. Бірақ уақытыңыздың тығыздығынан Сталиндік сыйлыққа байланысты мәселелерді кейінге ысырып жібере ме деген қауіппен мазалап отырмын.

Біз өз пікірімізді Совнаркомға 15 қазаннан қалдырмай білдіруіміз керек екенін ұмытпаңыз. Ал оған дейін кандидаттармен танысып, оның бәрін Комитеттің барлық мүшелерімен талқылап алуға аз уақыт кетпейді.

Сіздің пікіріңіз, әсіресе Өзіңіздің мамандығыңыз бойынша, шешуші ықпал етеді. Сондықтан біз тамыздың орта шенінде пленарлық отырысқа жиналғанға дейін, тым болмаса, өзіңізге жақын

саладан ұсынылатын кандидатураларды белгілейді деп сеніп отырмын. Мен олармен басқа мүшелерді де таныстырар едім де, кездескен кезде алдын ала талқылауға мүмкіндік болар еді.

Комитеттің председателі:

В. И. Немирович-Данченко”.

— Қорықпай-ақ қой, қазір емес, тамыздан бастап кетемін.

— Е-е, жұбатуын келістірдің. Оған да шүкір, мен осы қазір кете ме деп қорқып едім.

— Сен, шынында да керемет көңілдісің. Ал, не тындыра қойдыңдар, айта қойшы? — О-о! — Қанабек бас бармағын шошайтып қойды. Бұл шаруаның өте жақсы болғанын көрсетеді. — Мен келсем...

— Әй, мына қазанды қарап жүрген біреу бар ма бұл үйде, күйіп кетті ғой!

Әңгімеге еліге бастаған бұлар шешесінің даусынан атып-атып тұрысты. Күләш ас үйге жүгірді, Қанабек беталды бір кітапты алып, аударыстыра бастады. Тәртіп бұзған баладай, екеуі де үндемейді. Жұмыста жұмыс деп кетеді. Үйге келгенде екеуі оңашалана қалса, “Ертелі-кеш ауыздары жабысып қалған не бұл өзі!” — деп шешесі жоқ жерден ашу ашқыратыны бар. Қазір де сондай бірдеңе шығып кетпесін деп екеуі де үнсіз бағып қалған. Соны сезген шешесі де көп алысқа бармады, монтаныси қалған қызы мен күйеу баласына кезек қарап алды да: “Сендерді де бала-шағалы адам дейді-ау”, — деп күңкілдеп өте берді.

Қанабек айтты демесе, сол кезден бастап тынымсыз жолаушылағаны рас. Әуелі П.И. Чайковскийдің туғанына 100 жылдығын өткізуге байланысты жұмыстармен жүрді. Бұл республикалық комиссияның председателі еді. Онан соң Сталиндік сыйлыққа байланысты бірінші мәжіліс, онан екіншісі. Сол жылы Михаил Шолоховтың “Тынық Доны” ұсынылып, Комитеттің 17 қыркүйектегі отырысында оны конкурсқа жіберу туралы қаулы қабылданды да, бұл кітапты оқып шығуы керек болды. Кітапты жай оқып шығу бір басқа да, сыйлық беруге жарайтын-жарамайтынын анықтау үшін оқу бір басқа. Бұл өзі де қай бір ағып тұрған әдебиетші. “Тынық Дон” біраз уақытын да алған, біраз қинаған да. Солардың бәрін игеріп болмай жатып және бір хабар келді.

“23, 12. 40.

Алматы

Байсейітоваға.

Үкіметтің қаулысымен Сталиндік сыйлықтар тек 1940 жылдың жұмыстарына емес, 1935 жылдан бастап соңғы алты жылды қамтитын болды. Сыйлықтың саны музыка, архитектура және бейнелеу өнері, театр мен кино саласында бес сыйлыққа, поэзия, проза, драматургия және әдеби сын саласында үш сыйлыққа көбейтілді.

Комитетте өзінің шешімін Совнаркомға 1941 жылғы 5 қаңтарға дейін білдіріңдер деген талап қойылды. Жиырма төртінші желтоқсанда Төтенше Пленум басталады. Секциялардың жұмысы да осы уақытқа белгіленіп отыр, үшінші қаңтарда дауысқа қойылмақ.

Немирович-Данченко”.

(ЦАГФ Каз ССР. Фонд 1630, опись № 81)

Қазір ойлап отырса, сол сапарларға да қиналып, шаршап аттанған кездері болған екен. Не деген пендешілік... Елдің сенімі үшін, халықтың қажеті үшін күн-түн демей жүре берудің өзі бақыт екенін адам уақытында сезе алмайды екен-ау? Бейбітшілік Комитетінің, Мемлекеттік сыйлықтың қарекеттеріне байланысты жолдар, шаруалар қазіргі күйімен салыстырғанда не? Той емес пе еді. Ондай сапарлардан шабытыңа шабыт қосып, қанат біткендей серпіліп қайтасың. Тіпті, сонша шаршап өз үйің, өлең төсегіңе жеткендегі ұйқының өзі қандай төтті. Е-е, адам өз басынан өткізбей, ештеңенің мәнісін түсінбейді екен ғой. Соның бәрі қазір, қиналған шағында есіне түсіп отырғанын қарашы...

Самолет лықсып қалып, төмендей бастады.

Қарсы алушылардың ішінде тұрған Қанабекті Күләш траппен түсіп келе жатқанда-ақ көрді. “Гүл алып келіпті”, – деді іштей қуана күбірлеп. Жасырақ кездерінде бір-бірінің қадірін білмеді ме, әлде жұрттың өзөзіл сөзіне ерді ме, бір уақыттарда екеуі шаң-шұң болыса беруші еді. Олары пәлендей шығаннан шығып кетпесе де, өзара көдімгідей қоңырайып, кешіріспейтіндей-ақ өкпелесіп қалатын. Соңғы жылдары іштей түсіністік тапты ма, есейген балалардың әсері ме, әлде қуанышты, қайғыны бірге көре келе ерлі-зайыптылардың арасында уақыттар өткенде осындай

жылылық пайда болуы заңды нәрсе ме, әйтеуір, біріне-бірі жайлы қабат танытуы дендеп барады. Жұмыстың болсын, үйдің болсын кедір-бұдырын бұрынғыдай емес, ойлана келіп, ақылмен пайымдап барып, жайлап сабырмен жеткізеді. Әсіресе, Қанабек тарапынан нәзік мейірім көбейіп бара жатқанын Күләш қуана байқайды. Қазір де ілезде көңілі көтеріліп сала берді.

— Жақсы жеттің бе? Біртүрлі өңің сынық, самолет сені емес, сен самолетті көтеріп ұшқандайсың ғой.

Қанабек қанша дегенмен “ескі қазақтың жұрнағы ғой”, әйеліне сонша елжіреуді артық көріп, сөзінің соңын әзілге айналдырып жіберді.

— Дәл таптың, осы самолетті жалғыз өзім көтеріп келдім. Оның ыңғайына Күләш та көңілдене күлді.

— Ал, әкелген соң гүліңді бермейсің бе?

— Ә, иә. Түһ, мен бір астанада жүрген мәдениетті интеллигент болайын деп едім. Ал, ел аман ба?

— Аман, бәрі де сәлем айтып жатыр. “Кетсеңдер екеуің бірдей шабасыңдар”, — деп апап өкпелеп қалды.

— Ол кісі де үлкейейін деген-ау. Дегенмен, сенің өңің келіспей тұр. Баяғы ма? Қойсаңшы не болса, соны уайымдамай, заманақыр осы деймісің...

— Жоқ, оған емес. Бері шығарда біраз шаршап едім, содан шығар. Раушанға бардың ба?

— Бардым, үйді сағынып жүр-ау деймін.

— Айналайын-ай! Үйренгенше қиын болады ғой. Ештеңе емес, кейін башпайымен ою ойған биші болып шыққанда, біздің қаталдығымызға алғыс айтады. Солай емес пе, Қана?!

— Солай. Тоқтай тұр, “башпайымен ою ойған” дегенді қайдан шығардың? Қазақтан ондайды естімеген сияқтымын.

— Біздің Раушан сахнаға шыққанда еститін боласың. Оны мен шығардым.

Екеуі бір-біріне қарап, жарыса күліп жіберді. Осы күлкімен манағы бастала түскен жайсыз әңгімені ысырып жібергендерін екеуі де іштей сезді.

Осы көктемде Күләш Құрманғазы атындағы оркестрмен бірге шетелге шығады деген хабар дүңк ете түсті. Халықтың құлағына бірдеңе тисе, қаулап кететін әдеті ғой. Онда барады екен, жоқ мұнда екен деп желпілдетіп ала жөнелді. Соның артынша ресми хабар да болып,

костюмдер, репетуар анықтала бастаған. Өзірлік нағыз қыза келді де, неге екені белгісіз кілт үзіліп қалды. Сонан соң тағы да ресми түрде бармайтыны айтылды.

Оның бәрі де ештеңе емес-ау, шетелге бару-бармау Күләшқа немесе басқа бір-екі адамға байланысты нәрсе емес, ол мәселе олай-былай шешіле беруі мүмкін, қазір болмаса кейін, тіпті, келесі жылы-ақ барар. Күләшқа батқаны бармай қалғанынан гөрі, соған байланысты алып-қашпа әңгімелер. Бәрінен бұрын көлденең жұрттың ызасы өтті. Соңғы бір-екі айда телефоннан жөні түзу сөз естімеді десе болғандай. Мезгілсіз уақытта шырқырап қоя бергенге көтеріп алса, ар жағынан біреулер күле ме-ау, шиқылдай ма-ау, түсініп болмайды. Сонан соң: “Шетелге кетеді деп еді ғой, үйде жүргенің қалай?...” – деп аяғын жұтып қоя салады. Немесе: “Өзіңнен басқаны көрмей тантип кетіп едің, қалай екен?” – деп ашық табалайды. Ал, өткенде біреу: “Қызыңды ұзатты деп еді, үйде бағып отырсың ғой...” – деді. Дәл осы бәрінен асып кетті. Айтып тұрған кім болса да, сөзінің салмағын білетін адам тәрізді, нәшіне келтіріп тұрып айтты. Және мұның тынысын тыңдап біраз тұрып барып, трубканы тастап жіберді. Ондай телефондар жалғыз бұған болмаса керек, Құралай да трубканы алуды қойды.

“Құралай, құлыным-ай, сенің өміріңнің өкінішті сәттеріне менің де қатысым бар-ау...

“Гулечка сәләматсың ба!

Қуаныштымын, қуаныштымын, қуаныштымын! Ең алдымен өзің үшін қуаныштымын!

Осы қуанышты алғашқылардың бірі болып естіп, соңғылардың бірі болып келіп тұрғанымды кешір: сенің алғашқы аналық тыныштығыңды бұзғым келмеді.

Ал, көңіл күйің қалай? Азamatшаның халі қалай? Оны мен үшін, өкіл әкесі үшін сүй, сонан соң бүкіл тобымызбен екі күн бойына “алдағаны” үшін жұмсақ жеріне бір шапалақ.

Әрине, айтары жоқ, тамаша бала шығар, және “Тәккуге” шырқап жатқан болар, солай емес пе?

Аты Құралай ма еді?

Ендеше, құдайы қолдасын, өзіңді күт.

Сәлеммен Ғабит,” – деген сәлем-хаттарды оқып үлгере алмай жатқаны күні кеше сияқты еді. Сендердің

сөйлегендеріңді, жүргендеріңді қызықтап үлгірмей жатып, есейіп кететіндеріңді кім білген. Жұмыс деп, ел деп, жұрт алдындағы парыз деп жүргенде, үй ішіндегі, қолтығымның астындағы сендерге қарайтын уақыт таппағаннан да осындай өкінішке ұшырадым ба... Қарғам, жассың ғой, күндердің күнінде бұл соққыдан айығарсың да, тым болмаса, сол кезде анаңның қателігін кешірермісің? “Осы үй театрдың тігін цехы ма!” – деп ашуланушы едің мектепте жүргенде. Қайтейін, бағыма ма, сорыма ма, әйтеуір, құдай мені театрға өлгенше ғашық қылып жаратты. Сол үшін өзім де байқамай, сендерден де көз жазып қалпын. Сол үшін кейде өкеңмен де келіспей қалатынымды байқадың ба екен, жаным? Байқамаған шығарсың, себебі сендер үшін біз бәрібір бір кеменің адамдарымыз ғой. Қалай да мен сендердің болашақтарыңа емес, тек бүгінгі күндеріңе қамқорлық жасап келіппін-ау. Ендігі уақытта сол қателігімді жөндеп үлгере аламын ба, әлде ана-бала түсініспей кеткеніміз бе осылай...”

Күләш қызының тұрмыс құрудағы сәтсіз қадамын, өзінің пендешілік тіршілігі жайлы соңғы кездері ұзақ-ұзақ ойға кететін болып жүр. Есін білгелі елі артқан міндетті ауырсынған жері жоқ. Осынау жұртының кімі болса да, қандай тілекпен болса да өз алдына арыз айтып келгенін кейін қайтарған кезі жоқ, қолынан келгенінше жәрдемін тигізді. Ойлап отырса, алдына келгеннің бәріне жанымен жауап беріпті. Сол елі, сүйткен халқы мұның қиналған кезінде қалайша сүйеу бола алмайды?.. Апыр-ай, шынымен шатасқаны ма, ел мұның басындағы халді қайдан біледі? Ел түгіл, жақын достары түгел біле ме? Оларға не деп айтпақ, менің телефонымды күзетіп отыр демек пе? Немесе кім не деп жүр, соны жинап келіңдер демек пе? Тіпті, басқаны былай қойып, қасында жатқан Қанабек те естіген-білгенін айтпай, айта алмай жүр емес пе. Бұл естігенді ол естімеді деп айта алмайды, сол телефонның бұған тап келгендері де бар, өткендегі түнеріп жүрген күндері тегін емес. Қазір де, міне, атын атап айта алмай, айналсоқтап келеді. Жаны шын ашиды, қолынан келері жоқ.

Жә, құрысыншы, бір жөні болар. Аман болса, бұл шындықтың түбіне де жетер, бәрі орнына келер. Тек осы күндері қиындау тиді.

- Шығарда театрға соқтың ба?
- Иә, кеше “Қыз Жібекті” айттым.
- Ә, Жібегің шығарып салған екен ғой.

Кеше спектакльде Күләш ерекше айтты. Жану жүдеп жүрген соң, ежелгі қуанышы – театрымен сырын бөліскені ме, әлде белгісіз дұшпандарына ерегескені ме, әйтеуір, өзін-өзі танымай шырқады-ау бір. Жиырма жылдан бері айтып келе жатқан Жібектің бар қасиетін бір спектакльге салды ғой деймін. Өзін де, өзгелерді де таң қалдыра сахнада қалқып жүргендей еді. Барлық өр, төкаппар, сұлу, нәзік, сыршыл қалпымен сайрағанда, өз даусына өзі сенбегендей болды. Тіпті, антракт кезінде партнерлері таң қалып тұрғандарын сезген, бірақ дәл қалай атауды білмеді. Әлдеқалай ширыққан ба, әлдекіммен бөсекелескендей ме, әлдебіреуге сырын айтқандай ма, тіпті, әлдекімге ғашық болғандай ма, әйтеуір, айтып жеткізгісіз бір қарама-қайшы сезімдер билеп кетті. Оркестрге қарамайды, партнерлерге көзі түспейді, өзіне ғана оңаша әлем жасап алғандай, соны өзі ғана еркін жайлап жүргендей. Адам да жоқ, күн де емес, түн де емес, жақсылық-жамандық та жоқ, тек қана ән, өуен, шексіз әнге құлақ түрген кеңістік. Дүниенің бәрі бұлбұл үніне толып, тұнып тұрғандай. Сол ғажайып дүниенің жалғыз иесі – өзі. Өзі және ән. Ән және өзі. Басқа ештеңе жоқ, ештеңеге орын жоқ.

Бірақ Қанабекке ол сезімнің бәрін айтқан жоқ.

— Иә, Жібегім шығарып салды, бірақ гүлдері мына сенікінен әдемі емес-ті.

— Қойшы, солай ма?! Ендеше, мен де Жібекпен таласа алады екенмін ғой.

Болмашы өзілге екеуі де мәз болды.

— Қана, мен бір қызық естідім: бұлбұл нағыз кемеліне келіп сайрағанда, өз даусына өзі құмығып жүрегі жарылып кетеді екен. Ғажап, ө?

— Қалай, қалай? Мен ондайды естіген емеспін.

— Мен де сондай таң қалдым. Табиғатта не бір ғажайыптар болады. Ал, біз адамдар, қайдағы бір ұсақ-түйектен шыға алмай шырмалып жүргеніміз. Адам, сірә, табиғатты түгел түсіне алмайтын шығар.

Қанабек үндемеді. Күләштің соңғы кезде шаршап жүргенін білетін ол, ойына не болса, сол түсе береді екен-ау деп түйді. Сүйткенше, қонақ үйге де жетті.

Күләштің сылтауратып келгені – Татар АССР-інің Онкүндігі еді. Келген күннің ертеңінде солардың “Алтыншашын” барып көрді. “Алтыншаш” қазақ сахнасында қойылғанда, Жиганов арнайы келіп көрген. “Біздегіден артық”, – деп ризалығын білдіріп кеткен. Сахна түгел ашылмай жатып, сыртынан бұлбұлдай сайраған Алтыншаш – Күләштің даусы естіледі. Жиганов спектакльді түгел көрместен бұрын, сол дауысты естіп-ақ: “Иә, мұнда біздегіден артық болатын түрі бар”, – деп күбір ете түскен. Сол пікірінен айнымай қалды. “Нағыз Алтыншаш – Күләш-ханым екен”, – деп те сол келгенде айтып кетті.

Қазір “Алтыншаштың” өз топырағындағы туысын көріп отырып, Күләш сол күндерді есіне алды. Соншама алыста қалған сияқты. Бары-жоғы бес-алты-ақ жыл өтіпті.

Мәскеуге келген соң Күләш кәдімгідей серпіліп қалды. Келісімен Қанабек екеуі Қызыл алаңға барды. Біраз серуен құрып жүріп, шерін тарқатқандай болды. Өзінен бұрын қайтатын Қанабектен беріп жіберу үшін, ГУМ-ға кіріп, үйге біраз керек-жарақ нәрселер алды. Осында Роза Бағланованың концертті болып өткен екен, соның афишасын көріп, қазақ үшін тағы бір мақтанысып алды. Розаның ерекше әнші екенін бұрын да талай айтып жүретін, афишадағы тойған қозыдай томпиған жүзіне қарап тұрып, тағы біраз теңеулерді қосты. Солардың бәрі біртіндеп көңіл кірбінің сөйілткендей.

Келесі жылы бұлар үшінші Онкүндікке келетін болып жоспарланған, Қанабектің бұл келісі соның дайындығына байланысты. Ол және “Ботагөзге” түсіп жатқан, осыдан барысымен сол үшін Көкшетауға жүрмекші еді. Сондықтан өйтеуір келдің ғой деп, қалған ұсақ-түйек келісімдерді Күләшқа тапсырып, өзі елге қайтатын болды. Бәрібір илегеніміз бір терінің пұшпағы ғой, сен сөйлесең де, мен сөйлесем де – сол театрдың шаруасы, екеуміз бірдей сабылмайық деп шешкен.

Қанабек кеткен соң, Күләш Мәскеудегі көңіл жетер таныстарымен хабарласты, кәдімгі ешбір шаруасы жоқ, қыдырып жүрген адамдай жайбарақат бір-екі күн демалайын деп ойлады. Татарлардың тағы бір-екі спектаклін көрді. Қанабекке бес-алтыларынан қалмай қайтармын деген. Сонымен ертеңге билет алып,

қаладағы көкір-шүкір шаруаларын бітіріп қонақ үйге келді. Кішкене тынығып алайын, нәрселерімді сонан соң жинастырармын деп қисайып еді, манағы Одақтық өнер басқармасындағы әңгіме қайта есіне түсті. Мұны көрген бұрынғы бір-екі таныстары әлденеге күмілжіңкіреп амандасты да, өте берді. Біреуі біраздан кейін хабарласыңызшы деп жұмбақтады. Тіпті, біреу-міреу ұрлық істеп, бұл соған куә болғандай қолайсыздық. Бұл оған назар аудармады. Қанабек тапсырған мәселені сөйлесті де, кете берген, шығып бара жатып, әлгінде хабарласыңызшы дегенді есіне алып, әуестік жеңіп кетті. “Сіз кешіріңіз, үстіңізден арыз бар, шетелге барудың тоқтап қалғаны да содан, бірақ қапаланбаңыз, бәрі де анықталады”, – деді барып жолыққан кісісі.

Қазір құлағына тағы сол сөздер қайталап естілді. “Анықталады”. Не анықталады? Ол неге керек Бұл бір жақтан келген кірме емес, осы өнерді жасасқандардың дәл ортасында жүрген адам, сонда мұның үстінен біреу арыз жазып, соны өзі анықтамақ па? Оны жазған да алыстан емес, араларынан болғаны ғой. Ендеше, оны анықтағанда не түседі? Онан кімге абырой? Мақсат не сонда? Баяғыдан бері бірге жүріп, бірге жасап келе жатқандардың ішінен біреулер кісәпірлік көрсетсе, енді бұл соның артына түсіп анықтап алмақ па? Құдай-ау, ол Күләш басына масқара емес пе? Құрысын, өзіне ұнаса – жаза берсін, тек бұдан аулақ. Ол арыз бұған жабысып қалмас, ал анау бишараның аты-жөнін білмей-ақ қойғаны жөн шығар, содан шыққан мұраты болса, игілігін өзі көрсін. Қатар жүріп бір-бірінің үстінен арыз жазу деген не сұмдық?! Өсер елдің баласы өйтпесе керек. Жасырынып атқанша, жағадан алып әділін айтпас па? Шындық алдында ұялмас жүз, бүгілмес тізе бар ма? Сын айтсын, мінеу үшін емес, түзеу үшін айтса болмас па?

Қой, бұл ойдың түбі жеткізбес. Ертең жолға шығамын. Дұш қабылдайын...”

Күләш орнынан ширақ тұрып нәрселерін орын-орнына сала бастады. “Әйел жол жүрсе – түйіншегі таусылмайды”, – деп күбірлеп қойды. Ештеңе алмаған-ақ сияқты еді, енді салатын орын таппай отыр. Әйтеуір, әрі-бері ырғап, бәрін салып, чемодан, сумкалардың аузын жауып, бір үлкен шаруа бітіргендей кереует шетіне келіп тізе бүкті.

Ештеңе ойламау, ештеңеге алаңдамау керек. Бәрі де жақсы болады, тек қана еңбек жеңеді.

Күләш шашын тарап, екі бұрым етіп өріп, айна алдында біраз тұрды. Ол сахнаға да өз бұрымымен шығатын. Қап-қара, біртегіс ұзын бұрымын мақтаныш ететін. “Шаш – әйел көркі” деген халықтың қағидасына ден қойып, шашын барынша күтеді. Қазір де тарап тұрып салалап қойды. Балалар талпынған кезде түскендері қазір қалпына келгендей, тек самайына бір-екі тал ақ жүгіріпті. “Қырық бес хабар берейін дегені ме, қой, Күлеке, ондайға жол беруге ертерек әлі”. Екі бұрымын қарама-қарсы әкеліп маңдайынан жоғарырақ басын орап бекітті. Осынысы өзіне жарасатын, ұнайтын да, көбіне осылай түйетін. “Сенің сәл ұзындау киіміңе осы жарасады”, – деп Қанабек те айтып жүреді.

Шашын түйіп болған соң, үлкен түкті орамалды алып ваннаға кірді. Мұнда да айна алдында бой-басына қарап тұрыңқырап қалды.

Ертең үйге, балаларына жетеді. Мұның қабағына қарап анасы да пәс жүр еді, серпілу керек. “Жақсының артынан сөз ерер”, – деген. Күләш айнадан бұғағы білінген мойнына, сәл еңкіштеу иығына, шалқақ кеудесіне қарап сәл-пәл езу тартып қойды. “Әлі тұғырдан түсуге ерте”.

Кенет жүрегі шаншығандай еңкейе беріп, ваннаның ернеуінен ұстады. “Қатар жүріп қараулық ойлау мүмкін бе?..”

Қанша ойламайын дегенмен: “Үстіңізден арыз бар, өз ішіңізден жазылған”, – деген сөз жүрегіне шаншудай қадалып тұрып алған..

Алматыға ашық күнде жай түсті.

Мұндай хабарды бұдан басқаша сипаттау мүмкін емес. Бүгін Күләштің келем деген күні болған соң Қанабек үйден шықпады. Есік тықырласа да, телефон шылдырласа да елендеп, телеграмма емес пе екен, Мәскеуден емес пе екен деп күтінумен отырды. Бұрын да талай барып, талай келіп жүр ғой. Бірақ қазір көңілі қаяулы жүрген соң, сәл ілтипатқа да жаны жадырап қалатынын ескеріп, әдейі үйде отыр. Енесі де ертемен тұрып, қашанғысындай қызының жолына деп май қоңырсытып, бауырсағын пісіріп, дұғасын оқып қойды.

Қазанын да көтеріп үлгіріп жатыр. Ана жылы кіші қызы – Райханнан қапияда айрылып қалған ана, қазір тіпті құдайшыл. Бұрын да “бисмилласыз” жүрмейтін қазақ қой, енді отырса да, тұрса да пірлеріне сиынумен болады. “Жұрттай шалқақтайтын жайым жоқ, бары-жоғы осы екі қызым”, – деп жүрген ана, ендігі күндері Күләштің аман-есен үйге кіріп-шыққанын шүкіршілік дейтін болды. “Құдай-ау, өзін абыройлы қылдың, өзін қанат-құйрықсыз жалқы қылдың, енді көз қырыңды өзің салып жүр, қарағыма”, – деп дұға қайырып жатқанын естіп қалып, Қанабек бірде өзілдегені барды.

— Апа-ау, арабша оқымасаңыз, құдайыңыз қазақшаны түсінбейтін шығар...

— Тек, күпір болма!

Сасқанынан зекіп қалғанымен, өзінің де шамасын білетін шығар, енесі күліп жіберді де: “Е, шырағым, неітің түзу болса, тілегіңнің бәрі қабыл дейді ғой. Біздікі сол ниет те”, – деді.

Бүгін де сол әдетімен өзінің бар білетін ырым-жырымын жасап, үй ішін таңертеңгі шайға шақырды.

— Тілігірам келуші ме еді, әлде өзің бара беремісің?

— Телеграмма салам деп еді. Мүмкін, шаруасы бітпесе, ертеңге қалатын шығар.

— Сол Мәскуасына ай сайын барасындар, не қылған шаруа бітпейтін...

— Апа-ау, еріккеннен барады деймісіз, жұмыс қой. Өзің жүрмесең бітпейді.

— Иә, әйтеуір бәрің де қызыл танау боп жүргендерің. Алдыңғы күні Шараның шешесін көріп едім, Шара тағы бір жаққа кетті дейді. Атын айтып, еді, ұмытып қалдым, екі айға деді-ау. Жазы-қысы тыным көрмейтін не деген адамдар, жастарың қырықтан асты, әлі күнге дейін бала сияқты елтеңселтең...

Қанабек ештеңе демей, екі-үш кесе шай ішті де, шалқайып отырды. Жасы ұлғайып келе ме, енесі соңғы кездері Күләштің үйден шыққанын ұнатыңқырамайды. Анда-санда күңкілдеп өкпелеп жүргені. Бұлар да қартайғанда балаларына осылай өкпелеп отырар ма еді? Қанабек өз ойына өзі жымыып қойды.

Қарадан қарап отырып уақыт өтпеген соң, театр

жақты бір айналып келейін деп, жинала бастап еді, дабыр-дұбыр етіп біреулердің кіріп келе жатқан дүбірі естілді. “Шамасы, Күләш келіп қалған болды-ау”, – дегенше болмады, Қалыбек, Сәбит, Мәдениет министрі Ә. Қанапин кіріп, ортаға оза берді. Басқалары аралас-құралас адамдар ғой, министрдің мезгілсіз келуіне таңданып қалды. Не деп ойлаудың жөнін таппады, әлденеден екені белгісіз, әншейіндегі амандық-саулықтың өзі қалыпты арнасына түсе алмай қойды. Жамандық ойына түспеді, бірақ осы жақын адамдардың осылайша суыт жүруі көңілді қобалжытқандай үй іші түгел келгендердің ажарын бағып үнсіз қалған.

— Қанеке, бекем болыңдар, Күлекеңнен айрылып қалдық...

Манадан әрең отыр екен, Сәбит даусын шығарып, Қалекең теріс айнала беріп иығы селкілдеп жылап жіберді.

Қанабек қанша уақыт өткенін білген жоқ, Құралайдың: “Неправда! Нет! Мама!” – деп шыңғырған даусынан селк еткенде, боп-боз болып орындықтан қолапайсыз сырғып бара жатқан енесін көрді. Сәбит барып ол кісіні сүйей берді. Бұл айналасына мағынасыз қарап, жаңа ғана айтылған сөздің мәнісін түсінуге тырысты.

— Самолетте ме?

— Жоқ. Қонақ үйде.

Осымен сөз тәмам болды. Кімнің кіріп, кімнің шығып жатқанын, жалпы не істеп, не қойып жүргені белгісіз, шырқөбелек дүние өтіп жатты. Енесі әлсін-әлсін талып қала береді. Ресми адамдар, көңіл айтушылар, жұбатушылар. Өкініш, үміт, қайғы.

... Өзі “артист” деген атқа ие болғалы бері тыңдай жүріп, “Тәккудің” осынша зарлы екенін Қанабек бірінші рет аңғарды. Күләштің сүйегін алып қайтқан самолет Қазақстандағы бірінші аялдама – Оралға қонған. Облыс жұртшылығы Күләшімен қоштасуға жиналып күтіп тұр екен, самолет моторының үні сөніп үлгермей-ақ күңіренген дауысты естіді. Қадірлісін соңғы сапарға жөнелтудің бүкіл жол-жоралғысын, азақшөметін дайындап қойған облыс басшылары зыр жүгіріп жүр. Біреулер сөйлеп, біреулер су беріп айнала әбігер. Кенет... Иә, кенет әлдеқайдан соншалықты таныс, соншалықты таза, күміс үн қалқып шыға берді.

Мұның қайғырған жаны “бұл не?” дегенше болмай, күміс үн көкке өрлей берді де, айтары жоқ ғаламат бір зарға ауысты. “Төкку” ғой мынау, шырақ-ай! “Төкку” де мұндай зарлы ма еді? Әлде, иесінен айрылған ән жылап тұр ма?”.

Күнде көріп араласып жүрген адамның қадірін, керегіне жаратып ұстап жүрген дүниенің қадірін сол сәтінде білесің бе, сірә? Таусылмайтын тіршілік, бітпейтін шаруа. Бүгін жиналыс, ертең командировка, арғы күні той. Езу тартса – күлді деп, аузын ашса – сөйледі деп, атүсті өте беріппіз-ау. Мүмкін, сол күлді дегеніміз – ішінен жылап тұрған шығар...

Қайран, “Төкку”! Сенің Мәскеуге тұңғыш рет барып, астана тыңдаушыларын бірінші жолы таңдандырғаның есінде ме?

Спектакль басталып, қалыпты арнасына түскен. Зал сиқырланып қалғандай, сілтідей тынған. Кенет жұрт қозғалақтап қалды. Сол екіннің ыңғайына қарай Жібек – Күләш та көз қырын салып еді, ложаға үкімет басшылары келіп жайғасқан екен. Әлдебір жаңа күш, ерекше шабыт қосылғандай, ариясының соңын сайратып-ақ жіберді. Жалғыз бұл емес, бәрі де еселенген шабытпен айтып шықты. Зал дүркірей көтеріліп, әрбір арияны қошеметтей қол соғып, аса разы болғандарын қызу білдіріп отырды.

Спектакль соңында Күләш ложаға тағы қарап еді, түгелдей түрегеліп қол соғып тұр екен. Күләш сол жерде қайта шырқағысы келген.

Ертеңіне таң елеңнен Темкең келіп, үлкен жаңалық айтты.

— Ал, балалар, жақсы демалдыңдар ма? Сендерге айтар жаңалығым – “Қыз Жібекті” қайта қоятын болдық.

— Немене, Темке? Қалай дедіңіз?

— Қайта қойғаны қалай?

— Қалай қайта қоямыз? – деген сұрақтар тұс-тұстан жауып кетті.

— Үкімет басшыларының спектакльді соңына дейін тыңдап, тіпті түрегеліп қол соққанын көрдіңдер ме? Ішінде өзіміздің Ораз Исаев та болды ғой.

— Көрдік, көрдік.

— Мәселе сонда. Сол кісіге үкімет басшылары: “Қайталап қойсаңдар қайтеді” – деген екен. Исаев та

сыпайылап қана: “Бізде ондай жоспар болған жоқ, сондықтан қамымыз да жоқ, жұрт жиналмай қоюы мүмкін”, – депті.

— Иә, сөйтіп қайтетін болып келісіпті?

— Сонда басшылар тұрып: “Көрермендер жөнінде қам жеменіздер, жиналады. Ал біздің осы спектакльді тағы да көргіміз келіп тұр”, – депті.

— Дәл солай деп пе?

— Дәл солай депті.

— Сонымен?..

— Сонымен, “Қыз Жібекті” 21 мамыр күні тағы қоямыз.

— Үкімет басшыларының арнайы сұрауымен деңіз.

— Иә, қазақтың аруақты өні астананы таң қалдырды деген осы!

— Апырмай, Темке, келген сайын бір жақсылық айтасыз. Мынау тіпті, бөрінен асып кетті-ау!

— Мен хабаршымын, балалар! Өнер сендерден шығып жатыр. Еңбек ақталды. Ал, демалған соң дайындыққа кірісіңдер.

— Әрине, әрине. Сізге өзіл-шыны аралас бір сұрақ: қайта сұратуға себепші болған кім екен?

— Әй, балалар-ай, осындай баланың сұрағы неге керек?

Өнерде әркімнің өз орны болады ғой. Негізінде ол кісілер “Тәккуге” қатты қайран қалыпты. Арияның бітіп қалғанын білгенде: “Қап өттеген-ай, мынау ғажап үн ғой, тағы бір рет тыңдайтын өн екен”, – депті. Исаев та сол сәтте: “Бұл өн-арияны айтып тұрған өншінің, жалпы театрға келгеніне – бес, музыкалық театрға келгеніне – екі-ақ жыл”, – деп сыбырлай қойыпты. “Мүмкін емес. Жоқ, бұл спектакльді тұтастай қайта тыңдау керек”, – болыпты естігені.

— Түсінікті, Темке, түсінікті.

“Қыз Жібек” Онкүндіктің қатаң программасынан тыс қайталанып және соншама жоғары дәрежелі мемлекет қайраткерлерінің өтінішімен қайталануы – тек сенің еншің-ді.

Қайран “Тәкку”! Сен күміс үніңмен көркем даланы күйге бөлеп Мәскеуден алғаш қайтқаның есінде ме? Ондағыны онда таң қылсаң, мұндағылар атыңды алыстан мақтаныш көріп жатыпты-ау! Онда да дәл

осылай жұртың алдыңнан тобымен шығып қарсы алып еді ғой. Қарсы алушыларың да көп, қошаметшілерің де көп. Мезгіл күн бе, түн бе, ажыратып болмайды, әйтеуір, көңілде шаңқай түс. “Қазақтың ұлына бермеген атаққа қызы жетті, қадамына гүл бітсін!” – деп үлкенкіші қоғадай жапырылып құрмет көрсетіп еді ғой өзіңе.

Оның не айтатыны бар, қайта туса, қайталанбайтын кез еді ғой ол! Онан соң да сен қайталап, қайта шырқай бердің. Біз “Қыз Жібекті” неше рет жаңартып қойсақ, сен де соншама әуелей көтеріле бердің. Жоқ-ау, сен әрқашан жаңа болатынсың. Бір жаңартқанда біз: “Бұл жолы Жібек нағыз ханшадай төкаппар, жерге көзі түспейтін өр екен”, – дестік. Ал, сен жай ғана күліп отырып: “Қызықсындар, әйтпесе, ол Жібек бола ма? Ол қалай да өр, төкаппар болуы керек, себебі Сырлыбайдай ханның қызына әркімнің дәті барып тұспа-тұс келе бермейді. Ол сыршыл нәзік те болуы керек, себебі сонша текті жаратылысымен ол жалғыз тұр, мұның сырын, жанының жалғыздығын ұғатын адам жоқ. Өйткені, хан қызының мұңы бар деп ешкім ойламайды. Ол қайсар, себебі тентек Бекежан келіп ән айтқанда, жай айтпайды, Жібекке тиісе сөйлейді:

Ауылың Ақкемердің жағасында,
Алты ұлдың сен бәйшешек арасында.
Қай күні өкең келіп, қолқа салса,
Сүйсең де, сүймесең де – барасың да, –

дейді. Көрдiңдер ме, қалай тиісетiнiн. Хан қызы болған басыңмен, еркің жоқ демей ме? Ендеше, бұған Жібек шамдануға, намыстануға тиісті. Бірақ ол Ақжүніс емес, алмас қанжардай қынды тіліп шыға алмайды, сондықтан ол сәтте қыздарға мұңын шағып қана қояды. Ал, кейін, Төлегенді көргенде, көңіл кілтін бергенде, есіне Бекежанның ескертуі түседі. Сол сәттегі “Тәккумен” Төлегенге де, Бекежанға да жауабын береді. Ол тұста қайсар, өр дауыспен айтуға керек, себебі тілегі қабыл болып, құдай оны сүймеген Бекежанның табасынан құтқарды ғой. “Сонда немене, сенің Жібегің құбыла бере ме?” “Жоқ, құбыла бермейді, әр шыққанда бір ғана қасиетін көрсетіп, сыры тереңдей береді, әйтпесе, Жібек бола ма? Тәңірі деген, бұл менің барлық рольдерімнің жиынтығы және бұл менің жалғызым ғой”.

“Қыз Жібек” қайта туған сайын, “Тәкку” де жасарып барады ғой деймін.

“Әрине, солай болмаса, құдірет бола ма?!”

Сөйтсе, сен тек қана өр, төкашпар, сұлу ғана емес, сен сай-сүйекті сырқыратқан зарлы да екенсің-ау, “Тәкку”...

— Қанаке, әлі талай жол бар, барлық жерде осылай күтіп тұр, тамақтанып алыңыз. Сіз бекем болыңыз, ендігі жұрт сізге қарайды ғой...

Ешқайсысын түстеп танып жатқаны шамалы. Әйтеуір, қамқор адамдар екені үнінен, қимылынан білінеді. Жатып жастық, иіліп төсек дегендей құрақ ұшады. Белгісіз күштің ырқымен сөйлеп, отырып-тұрып жүргені демесе, соның бәрін түсініп, анық сезініп едім дей алмайды.

Алда Ақтөбе. Олар да сені күтіп тұр дейді. Елің сені қашан да құшақ жайып күтетін еді ғой. Сен де олармен кездесуге үнемі асығып жүретінсің. Білмеймін, балалармен, менімен кездесуге еліңмен кездескендей асықтың ба екен? Қалай, кінәлағандай естіле ме? Жоқ, кінәлағаным емес, сенің табиғатың солай ғой, оны өзгерту мүмкін бе?! Қызық, сен әнші болмасаң, кім болар едің? Жоқ, ол мүмкін емес. Сен тек қана әнші болуың керек еді.

Тоқташы, сенің жүрегің ауырмайтын сияқты еді ғой. Әлде маған білдірмедің бе, әлде мен мән бермедім бе? “Қана, мына қарашы, қуаныштан жүрегім жарылардай боп тұрмын”, – дегенсің, СССР халық артисі атағын беру туралы Указды оқығанда. Сол кездегі ең жоғарғы награда – Еңбек Қызыл Ту орденін алғанда да солай дегенсің. Онан соң Ленин ордені, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттықтары, толып жатқан лауазымдар, оларды отыра қалып санап тауыса алмайтынсың. Тіпті, Ұлы Жеңістің құрметіне саған әскери медальдар берілгенде, таң қалғаннан сөз таппай қалғансың, онда да жүрегің жарылардай қуанғансың. Жалпы, сен қуанышты ылғи таң қала қарсы аласың да, артынша баладан бетер қуанасың, соны мен осы күнге дейін түсіне бермеймін. Сен сияқты лауазымды адамға сондай ұсақ-түйек ілтисіңнің соншалықты қымбаттығына таң қалатынмын. Ал, алдыңғы жылы есіңде ме, саған мына хат келді.

“Бейбітшілік сақтаудың Советтік Комитеті.
18 ақпан, 1955 жыл.

Үстіміздегі жылдың 8 наурыз 12.00. сағатта Комитеттің үйінде (Москва, Кропоткин, 10) Бейбітшілік сақтаудың Советтік Комитетінің кеңейтілген пленумы шақырылатынын хабарлағалы отырмыз. Пленумда мынадай мәселелер қаралмақшы:

1. Атом соғысын дайындауға қарсы Дүние жүзілік Бейбітшілік Советінің Үндеуіне Совет Одағында дауыс жинау компаниясын өткізу туралы.

2. Бейбітшілік жақтаушылардың Бүкіл одақтық бесінші конференциясын шақыру туралы.

Пленумда дауыс жинау, яғни Бейбітшіліктің Дүние жүзілік Советінің Үндеуіне қол қою жинала бастайтындықтан, Сіздің қатысуыңыз өте қажет.

Шығатын күніңізді хабарлауыңызды өтінеміз, Сіз үшін “Москва” қонақ үйінен орын сақталады.

*Бейбітшілікті сақтаудың Советтік
Комитетінің жауапты хатшысы: М. Котов”
(ЦГА Каз ССР. Фонд 1630, дело № 82).*

Тағы да таң қалдың, тағы да қуандың. Қарай гөр, осы бір түкпірдегі қазақтың қызының қолы әлемде бейбітшілік сақтауға септігін тигізеді. Бұл үлкен мерей ғой.

Иә, сенің жүрегіңде кішкене қуаныштың өзі ылғи үлкендей орын алатын, ал үлкен қуаныштардан мүлдем тасып төгілетін. Соның бәріне шыдап келген жүрек, шіркін, нені көтере алмады екен? Сен қайғыны да бір адамдай көтеретін едің. Өз басыңның қам-қарекеті бір адамға молынан жетіп-артылатын, сен оның үстіне өзгелердің мұңын жоқтауға жаныңнан сая табатынсың. Сен панасыз да боп көрдің, балаларынан айрылған ана боп та жыладың – Қарлыға мен Алданды жоқтаған кездерің әлі де менің көз алдымда, сен бауырыңнан да айрылып зарладың. Бірақ соның бәріне қарсы тұратын қайрат тауып едің. Енді не десем екен?..

“Өлім де, қайғы да, жоқшылық та, жетімдік те табиғатта бар нәрсе, сондықтан оның бәріне де қарсы қайрат, ақыл табуға болады. Менің түсінбегенім – адамдардың жанындағы қатыгездік, қараулық. Мен аңқаулықпен қателесем де, аярлықпен қастық қылған

кезім жоқ еді, ешкімге болмасын деген кезім жоқ еді.
Менің көтере алмағаным – күліп тұрып күңіреніп кету,
ағымнан келдім деп жалған айту, аяғыңнан шалып
жатып, қатты тиді ме деп аярсу”, – дегенді қайран
жүрек айта алмай кетті...

Қыршын жастың қырқылған,
Қайғылы халы батқаны-ай.
Мейірімсіз тағдырдың,
Қапысын тауып атқаны-ай.

Жайнаған гүлің жығылып,
Солғын тартып жатқаны-ай.

Бір минутте жоқ болды-ау,
Бар қызығы татқан-ай.
Сұрғылт тартқан сұм дүние,
Мәңгілікке сатқан-ай.

Тағдырға жоқ шын төбділ,
Алар жерін тапқаны-ай.

Қайырымсыз ажал қармады,
Жүрекке қан қатқаны-ай.
Солқылдап, солып майысып,
Бір-ақ күнде батқаны-ай.

Ана, бала, ері аңырап,
Қасірет болды-ау, тартқаны-ай.

Көрген жұрттың көзінен,
Аяныш жасы аққаны-ай.
Қараңғылық қаусатып,
Жарық дүние, жарқ етпей –

Ел шолпаны Күләштің,
Топырақ бетін жапқаны-ай.
Қазақ, қырғыз егіліп,
Қанды жасы аққаны-ай.

Артында жақсы елің бар,
Ел ішінде гүлің бар.
Гүлді өнімді солдырмас,
Сіңлі, бауыр, інің бар.

Искусство нары едің,
Қай жерінде мінің бар?

(“Күләшім”. Авторы Қалыбек Қуанышбаев).

- Қош бол, Күләш!
- Қош, қимасым!
- Қош бол, қарғам!
- Қош бол, бұлбұлым!
- Топырағың торқа болсын, Күләшжан!

... Күңіренген үн алысқа кеткен сайын көз жасын селдете, қайырымсыз топырақ биіктей берді.

Алматыға ашық күнде жай түсті де, халқының қимас қымбатын мәңгіге алып тыңды.

Қаралы бейіт басында, азалы жандар қасында зеңгір аспанмен таласа “Гөкку” шырқырады.

“Сенің мұндай зарлы екенінді кім білген...
Әлде, иесінен айрылған ән де зарлай ма екен?..”

Жақсының аты қалар

Осы сәттен тарихи естеліктер басталады. Өнші денесі Жер-ана қойнына енген кезден оның мәңгі өлмес екінші өмірі басталды.

“Мен ешқашан мұндай Татьянаны көргенім жоқ”, – деген болатын Юрий Завадский.

“Мен мұндай Чио-чио-санды ешқашан көргенім жоқ, көрмеспін де”, – дейді Наталья Сац.

“Мен ондай Мароны кездестіргенім жоқ. Онымен ойнаған спектакльдерімді есіме алсам, әлі күнге дейін ғажайып таланттың шырқау биігін көрген бақытты сәттерімді қуана еске түсіремін.

Күләш – Маро көрермендерді шын мәнісінде сиқырлап алған болатын”, – деп еске түсіреді Давид Ангуладзе.

“Күләш пен Қыз Жібек бір-біріне синоним болып кеткен ұғымдар. Ондай Жібекті қазақ сахнасы енді қайтып көрмейді”, – деп өкінеді Ғабит Мүсірепов.

“Күләштің Ақжүнісі сонылығымен, кенеттігімен, алмастай жарқ-жұрқ еткен шабытты тосындығымен ерекше биікте қалды, енді ол қайталанбас”, – деген-ді Құрманбек Жандарбеков.

“Күләш марқұм ойнаған Айман жұрттың есінде. “Айман – Шолпан” бір маусымда 100 рет қойылған десек, ол тек қана Күләштің еңбегі десем, еш артық айтпаймын”, – деп қамығады Латиф Хамиди.

“Абайдың” негізі ұлы ақын болса, оның толыққанды образын көрсетуде Күләш ойнаған Ажардың ролі ерекше”, – деп көрсеткен Ахмет Жұбанов.

“Күләш ойнаған Сара мен үшін нағыз Жетісудың бұлбұлының өз бейнесі секілденеді де тұрады”, – дейтін Қалыбек Қуанышбаев.

Қазақ сахнасында Күләш жасаған бейнелер қайталанбайды десе, қазақта Күләш та қайта тумас. Жарық жұлдыздай жарқырап қазақтың ән өнерінің көгінде мәңгі сөнбей сәуле шашып тұра берер.

1936 жылы, Совет Одағының халық артисі атағын алғаннан кейін, Мәскеу газеттерінің бірінің өтініші бойынша жазылған мақаласында Күләш:

“Мен қазір жиырма төрт жастамын. Бала жасымнан бастап маркстік-лениндік партия принциптері негізінде тәрбиелендім. Қазақ халқының, қазақ өнерінің тарихында тұңғыш рет СССР халық артисі атағына ие болуымды аса қуанышты оқиға деп есептеймін. Феодализм мен империализмнің екі жақты езгісінде болған қазақтың көп ғасырлық тарихы біздің халқымызға қазіргі КСРО-ның бірден-бір дұрыс ұлт саясаты беріп отырған шығармашылық өсуді берген де емес, бере алмайтын да еді. Маған берілген өте жоғары атақ менің жүрегімді үлкен қуанышқа бөлейді. Және мұндай бақыт пролетариат диктатурасы салтанат құрып тұрған Совет елінде ғана мүмкін нәрсе”, – дегенді.

Бұл трибунадан айтылған қыздырма сөз емес, Күләштің шын жанымен ұғынған шындығы болатын.

Театр табалдырығын алғаш аттағанда Күләштің бойында арнаулы сахналық білім де, шеберлік те, қысқасы, сол театрға деген ғаламат ынтазарлықтан басқа ештеңе жоқ еді. Ал, 24 жасында жоғары атақ алған кезде соған қосқаны – аз-мұз шеберлік пен аздаған білім ғана. Негізінде, Күләш осы сәтке дейінгі жеткен табыстарына сахнада үйренген айрықша шеберлігі, болмаса білімі арқылы жетті десек, шындықтан алшақ кетер едік. Арнайы білімінің

жоқтығына, үлкен мектептен өтпегеніне Күләш өмір-бойы өкініп өтті. Және сонысынан қандай биіктерге шыққанда да танған емес. Мұнда әдейі сыпайысу, қарапайым көрінуге тырысушылық жоқ, әншінің өз көкірегінің дірілі ғана бар. Осы сезім ұлы әншіге сондай жоғары атақты тек қуаныш түрінде ғана емес, сол қуанышқа барабар жауапкершілік түрінде де қабылдатты. Күләштің ел алдындағы азаматтық сезімі, Отан алдындағы патриоттық сезімі осы сәттен бастап үлкен қоғамдық ұғымға айналды. Атақ тек ел алдындағы өнеріне берілген баға емес, халқының мұның болашағына артқан сенімін көрсететін.

Күләш атқаратын қызметіне профессионалдық табыс тұрғысынан ғана емес, халықтың көңіліндегі сенім тұрғысынан да қарайтын.

Шындығында, Күләш өз өнеріне берілер ең жоғары бағаны театр табалдырығын аттар-аттамастан-ақ алды. Бірақ Күләш Байсейітованы ұлы актриса атандырған – сахнадағы ұзақ жолында сол атақтың міндеті мен жауапкершілігін бір сәтке де төмендетпей, жоғары көтеріп өткендігі. Бұл еңбегі еленіп, әнші омырауына отанымыздың жоғары наградалары: Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерін тақты. 1948-1949 жылдары қатарынан екі рет КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1938 жылдан бастап, бірнеше рет республика Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. 1943 жылы өзі көптен армандаған Коммунистік партияға мүше болып қабылданды.

Осындай үлкен табыстарын, қуаныштарын Күләш үнемі елінің алдындағы міндетіне ұштастыра қабылдайтын. Күләштің өмірі де, өсуі де, тіпті, қателіктері болса – ол да, халқының көз алдында өтті. Басқаша болуы мүмкін де емес-ті. Өйткені, өзі айтқандай, Күләш Коммунистік партияның түлегі, Кеңес Одағының азаматы. “Отан” аталатын ұлы ананың тәрбиесінен тәлім алған Күләш, “Азамат” аталатын перзенттің парызын ешқашан есінен шығарған емес – ол барлық мүмкіндігінше еңбегімен жауап беруге тырысты. Оның әрбір табысында, әрбір жаңалығында сол үлкен сенімге айтар алғысы жатты. Сондықтан да мұндай есімдер халқының тарихында мәңгі жасайды.

* * *

Қаланың қақ ортасындағы зәулім ғимаратта бүгін үлкен мереке. Өнер тойы. Бүгін мұнда өнер шеберлерінің мерекелік концерті. Концерттік номерлер бірінен кейін бірі өтіп жатыр.

Орындайтын Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты...

Орындайтын Күләш Байсейітова атындағы конкурстың дипломанты...

Орындайтын Күләш Байсейітова атындағы мектептің оқушысы...

Керімсал әуен қалықтап көкке өрлеп барады...

*Күләш Байсейітова туралы
шын ниетімен жүзімелескен
адамдар.*



ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ,

*халық жазушысы,
Еңбек ері, академик.*

Гүләш сахнадағы 22-23 жылында 12-13 образ жасады, сонда екі жылда бір образ. Соның бір де бірін нашар, төмен еді деуге болмайды. Ол не істесе де жарқырап, жайнап тұратын. Ал режиссердің, либреттистің кемшіліктері болса, ол кейін еске түсетін. Спектакль үстінде көз де, көңіл де тек қана Гүләшқа болатын.

Гүләш сұлу адам емес-ті.

Гүләш сымбатты адам емес-ті.

Өзі жүдеулеу, орта бойлы, сүйегі ұсақтау, кәдімгі қазақтың қарапайым көп әйелдерінің бірі болатын. Ұзындау, молдау пальтосы бар, бөтенкесі сәл үлкендеу, хлопчатобумажный чулки бар, онысы сәл бостау – театр сахнасын алғашқы аттаған кездегі бейнесі осындай болатын.

Оның шын аты – Гүлбаһрам болатын, бірақ шешесі Күләш дейтін. Және Гүләш дегенде әлгі бір орыстың тағамымен ұқсап тұр ғой. Негізінде Гүлбаһрамнан – Гүләш болуға керек еді.

Опера – венец искусства.

Гүләш (Ғабит Мүсірепов оны – Гүләш деп айтты, біз өзгертпедік С.Л.) оны оп-оңай меңгеріп әкетті. Оп-оңай болып сырттай қарағанда ғана.

Біз ол кезде барлық репетицияға түгел барып жүретінбіз. Ең қызығы опералық театрды ұйымдастырған кезде арнайы білімді композиторларымыз, әншілеріміз, режиссерларымыз жоқ, бірақ нағыз дирижерларымыз бар еді. Басқа мамандар театрмен бірге өсті ғой. Сонда Гүләш композиторларға кәдімгідей ескерту жасайтын. Ол адамның табиғаты мен музыкалық характердің үйлесімін ерекше сезетін. Өзі өте шыншыл болатын. Сахнадағы образды да шыншылдықпен бейнелейтін.

Музыкалық сауаты жоқ адамның екі жылда бір образ жасауы, әрі оны ешкім қайталай алмайтындай жұп-жұмыр етіп, мәңгілікке соққан ескерткіштей етіп жасау әркімнің қолынан келмейтін нәрсе. Ол сахнаның періштесі болатын. Бір спектакльден бір спектакльге өсіп, жаңарып отыратын.

1936 ж. Мәскеуге бірінші Онкүндікке барғанда қазіргі опера театрының ашылғанына төрт жыл ғана болған. Сол онкүндікті “Қыз-Жібек” операсымен аштық. Үкімет адамдары опера басталып кеткен соң, Гүләш “Тәккуді” айтып бола бергенде келді. Соңын ғана естіп қалған олар өкіне бас шайқап, қол соғып жіберді. Соларға қарады ма, әйтеуір зал да болмастан сұрап “Тәккуді” қайтадан айтқызды. Иә-ә, операның ариясын қайталап айтқызды. Сонда үкімет басшысы қасындағыларға қарап: “Қап, мына әншіні басынан бастап тыңдау керек екен”, – деген. Олар да қостап, сол жерде біздің Исаевқа әлгі сөзді жеткізген ғой. Сондықтан “Қыз-Жібек” бір күн өткен соң екінші рет қойылды. И этот автор который присутствовал при этом, сидит перед вами собственной персоной.

“Алтыншаштың” премьерасына келген Назиб Жиганов спектакльдің басында шымылдық ашылып, орман ішінен Алтыншаш-Гүләш әндетіп шығып келе жатқанда елеңдеп, қозғалақтап, қатты толқыды. “Бізде мұндай Алтыншаш ешқашан болмайды” деп күбірледі сонда. Қасында бақылап, естіп отырдым. Спектакль біткен соң сол сөзін қайталап айтты. Бұл жәй сыпайылық емес, композитордың, өз шығармасының бағасын білетін адамның сөзі болатын.

“Чио-чио-санның” премьерасында Наталья Сац: “Жаль что Пуччини нету здесь” деп қалды. Бұл премьерараға сол кезде Алматыда болған Эйзенштейн, Черкасов сияқты майталмандардың бәрі келген. Және бәрі де естерінен танып шықты. (“Чио-чио-санның” премьерасы жайлы оны қойған режисер Наталья Сац өзінің өмірбаяндық кітабында егжей-тегжейлі жазды. Сол кітаптағы Күләшқа қатысты үзінділер Әбілмәжін Жұмабаевтың аудармасында қазақ басылымдарында жарияланды. С.Л.)

Олардың қазақша қойылған “Чио-чио-санға” әртүрлі оймен келгені түсінікті ғой. Сацты сыйлағандықтан, мәдениетті қауым ретінде қалада болып жатқан өнер жаңалықтарын біліп жүру үшін, қазақ әншілерінің өресін байқайын деген әуестік дегендей...

“Майдандағы” Пүлішті ойнағанда шелектегі суға қарап орамалын түзеп жатқанының өзінен-ақ оның актрисалық табиғаты байқалып тұратын.

Гүләштің сеңсең қаракөл тоны, сондай бәркі бар, баспалдақтан түсіп келе жатып, қолғабын киіп жатқан бір суреті бар еді. Сол суретін көрген сайын Мұхтар екеуміз “Мына суретті көрген адам бірден-ақ бұл актриса ғой” деп бірден айтады екен дейтінбіз. Сол суретін кейін көп іздеп, таппай қойдым. Тірісінде Қанабектен де сұрап едім...

Ол өте нәзік, ласковый, женственный жан еді. Әдейі сынықсу, сыпайысу емес, табиғатына берген, жаратылысына қонған нәрсе болатын. Ол ешқашан артист едім дегенді байқатпайтын.

Адамға ең алдымен қарындас болып келетін адам еді.

Оның сахнадағы бейнесіне тамсану, таңғалуды мынау қыз-ау, қатын-ау деп емес, “сахнаның періштесі” деп түсіну керек.

Өзінде баланың аңқаулығы, сенгіштігі бар еді. Өле-өлгенше солай өтті. Өзімен сөйлескен, тілдескен адамның бәріне бірдей ілтипатпен қарайтын. Оның ойында бөтендік, маған әйел деп қарайды-ау деген пікір болмайтын.

Гүләштің үй-ішілік тіршілігі жайсыздау өткен адам.

Қазақ әйелінің көнбестігі болады, я не понимаю

этого. Соған бақты ма, намыс па, әйтеуір ешқашан, ешкімге, ешқандай арыз айтпай өтті.

Құралайдың атын Мұхтар қойған.

Құралай туарда олардың үй-ішінің жайын білгендіктен, он адамнан құралған компаниямыз бар, “бүгін Күләш туады” деп өтірік жариялап 10 шампан, конфет, тағы сондайларды алып жинадық. Компанияға кезек екіден, кейбіреуге үштен келіп, солай бір ай жинадық. Ақыры бір семіз жылқы алып, Құралайдың тууын бір апта тойладық. Сол тойдан қалған шампанды есептеп (130 дана), бастығымыз – ақсақалымыз Мұхтар, хаттап тізіп, осылардың біреуін Құралай 18-ге толғанда ашармыз деп келістік. Соны жазып, бөріміз қол қойғанда шампанның қағазы өбден шұбарала болды.

Келер жылы Құралай 1 жасқа толғанда шақырып, Мұхтар екеуміз звондасып, төрт адам болып бардық. Біз келсек Күләш қоңырқайлау қарсы алды. Былтырғы 130-дан бір де бір шампан жоқ. Жаңадан алынғандардың біреуін ашып, біз түрегеліп тұрып: “Сенің денсаулығың үшін” деп ауыз тиіп кеттік.

Гүләш арақ ішпейтін. Бірнеше спектакльдерді табысты өткізіп тойлап жатқан кездерде ол аузына алмайтын. Үш-төрт жыл күтіп, зарығып көрген тұңғыш қызының шілдеханасында да тіпті шампан ұрттаған емес.

Өзі серілеу Қанабек үй-ішінің берекесін кетіргенін көзіміз көрді. Бірақ Гүләштің тарапынан арыз, өтініш айтылмаған соң ешкім араласа алмады.

Қарлығының бейнесі шешесіне ұқсаған да, түрі қараторы (смуглый) болатын.

Сол 2-3 жастар кезінде еркелеп өзіне ұмтылған баланы Қанабек қолынан түсіріп алады. Содан бала талып қалған. Екі-үш күнге дейін есі дұрыс кірмей жүрген.

“Бұл енді есі ауыс болып қалса қайтем, ақылы кем болса қайтем, балаларымның ішінде үміт күтетінім осы

еді” деп жылайды екен Күләш. Ақыры сол қызы 5 жасында қайтыс болды.

Күләштің өліміне көп себептер болды.

Рухани жалғыздық. Тіршіліктегі берекесіздік. Қытайға барады деп жиналып жүргенде басы осы аты өшкір... (осы жерде Ғабең бір-екі белгілі адамның атын атады. Бірақ мен этикалық себептерден жазбай отырмын. Қазір кейбіреулері өмірде жоқ, барының жасы келген адам. Әркімге өзінің ары төреші болсын дедім. С.Л.) бірнеше адам арыз жазып, Күләштің орнына басқа адамды салып жіберген. Оған Москваның қатысы жоқ, осы өзімізден.

Сонан соң әйелдің өміріндегі бір қиын, критический кезең болады екен. Сол кездерде өте қауіпті сигналдар болады екен. Мәселен, Фурцева (көп жыл КСРО мәдениет министрі болған әйел) – өзі министр, күйеуі де мықты, тұрмысы дұрыс, өмірден қағу көрген жоқ, сол моментінде өзін-өзі мауыздап (Ғабеңнің өзі осылай айтты. С.Л.) жіберген.

Күләштің сондай сәттері бір тоғысып қалған. Ол Москвада “Украина” қонақ үйінде, 5 бөлмеде ваннада өлген. Сол күні Брусиловскийдің әйелі келген, екеуі біраз отырған. Сонан соң ваннаға түскен. Тұншыққан ба... жүрек шыдамаған, денесінде дақ жоқ, ваннада қан бар, но естественно.

Қанабек бейіттің басында ма, әлде үйде ме, енді үйленбеймін дегендей бірдеңе айтыпты.

Бірақ сол екі-үш айға жетпеді-ау деймін.

Қараусыз қалған үй тозып кетті. Құралайды Магомаев (Муслим Магомаев) алып кетіп, сол жақта үш-төрт ай жүріп қайтқан. Содан қайтарда Москвада Брусиловскийдің үйіне соғып, қонып шығайын дегенде, біз көрі адамдармыз, артық төсек болмайды, басқа жер ізде депті. Сонда вокзалға қонған.

Күләш қайтқанда мен Пекинде едім. Пекинде өтетін қазақ өнерінің күндеріне Күләш та қатысуға тиіс еді. Өлгі айтқанымдай оған кедергі келтірушілер болды. “Пекин” қонақүйінің екі телефонды, екі туалетті, бірнеше бөлмелі апартаментін беріп қойған. Бейқам отыр едім, жер-көкті күңіrentкен бір дауыс естіле түсіп, кеулеп

барады. Арасында “Ғабит аға-ау, айрылдықы қой, енді кіміміз қалды-ы-ы” дегенді естідім. Ендігі сәтте дауыс менің апартаментіме кірді, бұл кездегісі тіпті бөлек, айналаның бәрі күңіреніп барады, сол қалпымен келіп мені бассалып жоқтау айта көрісті. Анықтасам Күләштің қазасын жоқтау екен. Сол кезде менің “Оянған өлкемді” қытай тіліне аударып жатқан бір қазақ жігіті бар-ды. Жоқтап тұрған соның әйелі екен. Ол Пекиндегі халықтар достығы институтының қазақ бөлімінің ұлттық ансамбліне қатынасатын еді. Ертеңіне институттың барлық ұлттарының ансамблінің (Қытай тұтас бір атаумен аталғанмен 30 елден тұрады) өкілдері келіп көңіл айтты.

Елге келген соң мұнда тек қана қырғыздың Сайрасы (Сайра Киизбаева, қырғыз әншісі КСРО Халық артисі, Күләшті қатты қадірлеген адам) жоқтау айтып келіпті деп естідім. Өзімізден ешкім жоқтамапты...

Күләштің көзі ерекше болатын. Қарашығы үлкендеу, ерекше нұрлы, төмен қарағанда көзінің сәулесі бетіне түсіп тұратын.

Таңдайының формасы да басқаша екен, мамандардың айтқанынан естідім.

Біз үй арасында үй жоқ, көрші болатынбыз. Көшенің екі бетінде. Жиі араласып тұрдық. Театрға кетіп бара жатып шәй іше кетуге, болмаса біздің үйде тамақ жоқ еді деп келе салуға болатын.

Мен де, әйелім де телефондасып, сөйлесе беретінбіз.

Ол періште емес, әйел еді. Пендешілігі де болған. Бірақ ол таза адам болатын. Ал өнерде, тағы айтамын, шын періште болатын.

Біз қатар өскен, бірге жүрген адамдармыз. Күләш туралы бар білетінім осы ғана демеймін, бірақ айта алатындарым осылар. Раза бол, шырағым...

МӘРИЯМ ХӘКІМЖАНОВА,

Халық жазушысы,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Күләшті бірінші рет 1931 жылы көрдім. Ол кезде Рабфакта оқимын. Бізден жоғары курста Иса ағай

(Байзақов) оқиды. Оқып жүріп “Әйел теңдігінде” (қазіргі “Қазақстан әйелдері” журналы) тілші болып қызмет істеймін. Ал, рабфактағы қоғамдық жұмыстардың ішінде маған бөлінгені драма үйірмесін жүргізу. Соған байланысты арнайы барып Иса ағаймен сөйлестім. Ол театрдағы Серке ағаймен (атақты Серке Қожамқұлов) таныстырды. Содан Серағаң біздің үйірмеге жетекші болды. Осыны білетін редакторымыз Сара Есова: “Күләштің суретін сұрап әкел, журналға басайық”, – деп тапсырма берді. Ұяла, ұяла, барып суретін сұрадым. “Оны қайтеді екен?” деді Күләш сызыла сөйлеп. Сонан Еңлік рөліндегі үкілі тақиямен түскен суретін берді. Бірақ сурет журналға шықпады. (Күләш бұрын тұрмыста болған еді. Күйеуі сол кездегі алғашқы техникалық мамандық алған қазақтардың бірі, инженер болған. Сол кісі Күләштің театрға баруына, артистігіне кесімді түрде қарсы болған. Содан келісе алмай екеуі ажырасып кеткен. Журнал осы себепті суретті баса алмапты).

Бұрынғыдан бетер ұялып суретті қайта апарып бердім. Сонан таныс, біліс болдық.

1934 жылы мен тұрмысқа шығып, жолдасымның қызметіне қарай Алматыдан көшіп кеттік. 1936-37 жылдары демалысымызда бала-шағамызбен келіп жүрдік. Сол кездерде театрға – “Қыз-Жібекке” барып, шығар жерде шатасып бір есікті ашып қалсақ, Күләштің киінетін бөлмесі екен. Кескіні бөлекше еді ғой шіркіннің. “Кел, кел, Мәке” деп жатыр. Бір әңгімелесейік, келсеңші дегені әлі есімде. Мұның алдында Күләш “СССР халық артисі” атағын алғанда мен “Сайра Күләш” деген өлең жазып жіберген едім. Соған өзі керемет қуаныпты.

Ал, Алматыға қайта келген соң “Қыз-Жібек” болатын күндері дүние өртеніп жатса да қарамай баратынбыз. Сахнада Жібектен басқа ешкім көрінбейтін еді ғой.

Мен жазушылар баспасындағы халық ақындары бөлімінде істедім. Ол кезде қазіргідей қонақүй қызметі қалыптаспаған әрі елден келгендер де қаланың тұрмысына онша үйрене қоймаған. Облыстардан келген халық ақындары үйге келеді.

Менің шешем де елдің өңгімесін сағынып отырады, әрі өнерді сыйлайтын, өнерлінің ортасында өскен адам, ақын-жыршылармен сөзі жараса қалады. Олар да шешемнің шайына терлеп-тепшіп мәз болады.

Бірде Шашубай (атақты Шашубай Қошқарбаев) келе қалды. Шашекең өте шапшаңшыл, пікірін кесіп айтатын бірбеткей, сыйласқан адамның алдында тік тұратын ақжайсаң адам. Келіп аман-түгел сұрасып, жол аптығын басқан соң “Мен Жасынға барып келе қояйын” деп кетіп қалды. (Күләштің әкесі Жасын мен Шашекең жолдас, кезінде серілікті бірге құрған адамдар еді). Бір кезде бұрқырап ашуланып қайтып келді. Оның мәнісін сұрағанымызда: “Ой, қаланың адамының тіршілігі құрысын. Өзім осы күнге дейін балаларымды жақтырмасам ақ таяқпен төбесінде ойнап аламын” деп бұрқырады. Бұл кісі барса Қанабек пен Күләш үйде ренжісіп жатыр екен де, Жасын мен Зибажан сыртта отыр екен. “Бүгін біздің үйде дауыл тұрып, үйге кір деп айта алмай отырмыз” депті Жасын.

Күләш өзіміздің жолдасымыз, сырлас болған адам. Қанабекке ренжіп қалса да үйге келетін. “Айналайын, Күләш-ай, осыны қайдан таптың” дегенде, “Мөке-ай, адам өзі күйіп тұрғанда сіз де...” деп жылап қоя беретін.

Қазір бәрі де дүниеден өтті, сөзіміз ауыр болмасын. Қанабек бұрын елде үйленген, кәдімгі қазақтың байшыкеш тұрмысын көрген, балуан болып күреске түскен, болмысында сондай өктемдік бар еді. Бітімі де сондай кесек, бетінде қорасан дағы қалған, иықты, мойыны қысқа адам болатын. Соған және бетіне қарап кейде “тарғыл бұқа” деп қыжыртатынбыз. Бірақ ренжімейтін, жарықтық, қайта разы болғандай лекіте күліп қоятын. Қанша дегенмен өнер қонған адам ғой, әзілді түсінетін. Екінші жағынан серілігі бар адам, өлгіндей әзілдерді комплимент есебінде қабылдайтын. Бірде: “Айналайын-ай, “Қазақтың бұлбұлы атанған Күләш” басыңмен отбасындағы қатынның тірлігіне қалай шыдайсың!” деп

айтқаным бар. “Е, Мәке, көрінбей тұрған өз қайғың жақсы, көрінбей тұрған өз қайғың жақсы” деді жарықтық. Кейін Қанабектің “Құштар көңіл” деген кітабы шықты ғой, қадалып оқып шықтым. Тілінің жатықтығы, құрылысында әдеби нұсқасын жасаған жігіттің еңбегі бар шығар, бірақ әңгімесін айтқан өзі ғой. Күләшті қыздай алғандай баяндапты, сонысына риза болып қалдым. Күләштің адалдығын, сезімін де білгенін түсіндім, бірақ әйелінің беделі де, өнері де, кісілігі де өзінен жоғары екенін мойындау қазақ еркегінің қолынан келе бермейтіні де белгілі ғой, Қанекен де көп жерде содан аса алмапты. Күләштің сөзі рас, әркімнің көрінбей тұрған өз қайғысы жақсы, әркімнің өз маңдайына жазған тағдыры ғой...

Жақсы көріп жолдас болған соң артық мақтағаным емес, Күләш өнер үшін туған адам еді. Үй-іші, балашағасына қамқор, ағайын-туғанға мейрімді, азаматына адал болатын. Бірақ олардың бәрі өнерінен кейін тұратын. Халқының алдындағы міндетіне, өнерінің қасиетіне қылау түсірмей өткен адам ол.

“Біржан-Сараны” дайындағанда арнайы шақырып, көп сөйлетті. Музыканы біреу жазады, сөзін біреу жазады, әнші оны өзгерте алмайды ғой. Бірақ “Мәке, ақын деген өзгенің сырын білетін адам ғой, сонда қиялмен болжайсыңдар ма, әлде сырттай бақылайсыңдар ма? Сол заманда өз мұңын жұрт алдында айта білген Сараның табиғаты өзгеше болған шығар ө! Ақынның образын ашуға көмектесіңізші” деп кәдімгідей ақылдасты. Қолым тисе дайындығына да шақыратын. Жалғыз мен емес, Біржанды ойнаған Әнуарбекпен де (Үмбетбаев), режиссермен де кеңесіп, күдіктенген жерінде бәрін сұрап жүреді екен. Бір сәтті нәрсе тапса оны да айтып, ақылдасып алады екен. Сөйтіп шығарған Сарасы шынында керемет болды. Сараның өзін көрдік деген адамдар да таң қалыпты деп естідік. Өзім ондай ешкімді кездестірмедім, бірақ елдің әңгімесі тегін болмайды ғой, өзіміз ақын Сараны дәл осы Күләш деп қабылдадық. Ол өнер үшін, қазақтың ақын Сарасын, аяулы Ажарын, ертегідей Қыз-Жібегін тірілтуге туған жан еді.

ЛАТИФ ХАМИДИ,

*Халық артисі,
композитор*

1933 ж. Ахаңның (Ахмет Жұбанов) шақыруымен біраз адам жиналды. Мен 12 февральда (ақпанда) келдім. Евгений Брусиловский 5 сентябрьде (қыркүйек) келді.

Ахаң музыкалық-драма театрының жанынан музыкалық ғылыми-зерттеу кабинетін ұйымдастырып, Брусиловский соған келді.

Қызым, мен саған айтуым керек, біздің қазіргі, Қазақстанның деймін, өнеріміздегі барлық сала драма театрынан шыққан. Осы музыкалық театр да содан бөлінген.

Содан музтеатрда Мұхаң (Мұхтар Әуезов) әдеби бөлімнің меңгерушісі, мен музыкалық бөлімнің меңгерушісі болып істедік. Жаңа айттым ғой, ол 1933 жыл деп. Ол кездегі әдеби бөлімнің бастығы қазіргідей емес, тарихшы, әдебиетші, идеолог, сондай, сондай болу керек еді. Мұхаң труппаны жинап алып әлемдегі опера театрлары жайлы айтады. Сонымен музыкалық театрдың жұмысына кірісіп кеттік.

Мұндағы артистердің негізі драма театрынан келген еді. Күләш сонда (драма театрында) “Еңлік-Кебекте” Еңлікті Рабиға Елімжанова екеуі ойнайтын. Рабиғаның даусы қазақтың халықтық құлағына жақын болатын, өзі де елден келген, Еңліктің образын халықтың көңіліне қонымды-ақ жасайтын.

Ал, Күләш Еңліктің қоштасу әнін айтқанда жыламаған адам қалмайтын. Қанша шыңдап жүрсек те өзіміздің де көңіліміз босап кететін. Оның бір құдіреті бар еді. Оның музыкалық сауаты да жоқ еді, дауысы жөнді қойылмаған да болатын. Соған қарамастан сахнада ойнағанда сұмдық болатын. Драмалық спектакльде тұңғыш рет кәдімгідей ән салған Күләш еді. Сол Еңліктің әнін кейбіреу ыңылдап айтып, кейбіреу бір-екі жолын ғана айтып жүрген екен бұрын. Театр Қызылордадан Алматыға көшіп келген

соң жаңадан адамдар алынған, бұрынғы ойнап жүргендердің кейбірі Қызылордада қалып қойған. Күләш театрға 1930 ж. алынған, онда да ең төменгі жалақымен, сынақ үшін. Сонда өз бетімен театрдың бүкіл репертуарын жаттап жүреді екен. Бір жолы ауырып қалған бір актрисаның орнына спектакльге шыққан ғой. Сонан бастап кәдімгідей рөлдер ала бастаған.

Бір жолы Еңлікті ойнап жүріп, өзі де байқамай қоштасу өнін түгел айтып жіберіпті. Қалибек марқұм (Қаллеки Қуанышбаев) айтатын: өзім де байқамай жылап отыр екенмін, құдай ондап ешкім байқамапты деп. Күләш деген әлгі жазушылар айтатын “самородок” қой. Ешқандай қоспасыз, табиғаттан тұтас табылатын сом алтын.

Күләш – симфониялық оркестрмен ән салған тұңғыш қазақ. Оркестрді кинодан, рестораннан жинаған 17 адам құрады.

Музтеатрдың тұңғышы “Айман-Шолпан” бір маусымда 101 рет қойылды. Сонда халық ылғи толып отыратын. Бір маусымда бір спектакльдің жүзден артық қойылуы өте сирек жағдай.

Күләш марқұм ойнаған Айман жұрттың есінде. Оның өнін жұрт көшеде айтып жүрді. Ондай құрметке ие болу оңай емес.

Күләш – тұңғыш рет орыс тілінде ән салған қазақ әншісі. Шопеннің “Желаниесін” қазақ топырағында тұңғыш үйреніп, орыс тілінде сахнаға шығарған Күләш еді. Соны өзі Варшавада өткен екінші Дүниежүзілік Бейбітшілік сақтау конгресінде айтты. Ол ән Күләштан кейін ғана сахнадан тұрақты орын алды.

Одан бұрын “Желаниені” майдан даласында айтқан. Соғыс кезінде біздің артистер бірнеше бригада болып майданға барып, концерт бергенін білесің ғой. Сонда концерттің репертуарында ылғи саяси-патриоттық емес, кәдімгі лирикалық әндер де болу керек, олар туған жерін, үй-ішін сағынып жүрген адамдар деп осы “Желаниені”, бірнеше халық әндерін кіргізген Күләш болатын. Шынында да осындай әндерді айтқанда солдаттардың көзінде жас тұрады, қайта-қайта сұрайтын еді деп, бірге

барғандар айтып келді. Күләш сондай адам жанын түсінетін нәзік адам болатын.

Қазақта вальс жазуға себеп болған да, оны айтқан адам да Күләш еді. Оның өтінішімен мен әуелі вальстің музыкасын жаздым. Соны ойнап бергенде, бір тыңдағаннан кейін та-та-та деп қосылып ала жөнелген. Музыкалық слух керемет болатын. “Абсолютный слух” дейді ондайды. Содан осындай музыка бар еді, сөз керек деп Сәбит Мұқановқа бардық. Сөзі жоқ вальсті Күләш айтып бергенде Сәбең де елеңдеп қалды. Сонан “Қазақ вальсі” жазылды. Содан кейін “Бұлбұл” туды. О-о, қызым! Бұл өндердің тууы қазақ эстрадасындағы жаңалық болды ғой. Сол Күләштің қалауымен болған. Ол өте еңбекқор адам еді. Ылғи жаңалық іздеп, біреулерден үйреніп жүретін. Күләш өзгелермен таласудан, қызғанудан аулақ еді. Ол өзім өсем, білмегенімді үйренсем деп талпынатын.

Күләш марқұм ойнаған Айман жұрттың есінде, — деп қайталады Латекең біртүрлі сағынышпен, мұңмен. Маған ол кісі Күләштің Айманын елестетіп отырғандай болып көрінді.

ҒАРИФОЛЛА ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

Халық артисі,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Біздің қазіргі опера театры 1933 жылы драма театрынан бөлінген ғой. Негізі әуелде бір ғана театр болған ғой. Оны “қара шаңырақ” дейтініміз содан. Күләш (Байсейітова), Құрманбек (Жандарбеков), Қанабек (Байсайітов), Үрия (Тұрдықұлова), Манарбек (Ержанов) бәрі де сол театрдан келді. Солармен әуелі музыкалық театр ашылды ғой.

Алғашқы көрсеткендері “Айман-Шолпан” мен “Шұға” болған. Халық Айманның өндерін жаттап алып, айтып жүрген. Айманды Күләш айтқан.

Театрға келгеннен бастап өмірден өткенінше қызметтес болдық, партнер де болдық. Күләштай біреу айтты, ойнады дей алмаймыз. Оның әрбір жасаған

образы мінсіз шебердің қолынан шыққандай, ешбір алып-қосары жоқ болатын.

Бұл әсіре мақтау да емес, атақты адам еді деп көлгірсу де емес, ақиқаты солай болатын. Қазақ өнерінде тағы бір Күләш болады деп айта алмаймын. Жоқ, қарғам, одан бері 20 жылдан асты, (мен Ғарекенмен 1980 жылы әңгімелескенмін С.Л.) небір күміс көмей, жез таңдайлармен бірге жұмыс жасадық. Міне, алдымнан сабақ алып отырған жастар бар. Ешқайсысының өнерін кемітпеймін, бәрінің де өз орны бар, тіпті білімі одан ілгері де болар. Бірақ өнерге де, өмірге де Күләштай адал, бүкіл болмысымен, жан-тәнімен қызмет ететін тағы біреу келеді-ау деп ойламаймын. Күләш туған қалпымен өлген адам. Ондай адал, ақпейілдік... әй, қайдам...

Алғашқы опералардың бәрі өзіміздің қазақ өндері негізімен жазылып еді ғой. Сол опералардың 75% менен алған. Биік көтеріп айтатын өндер ғой бәрі, дайын ариялар болатын. Халыққа шыншылдығы жағынан да жақынырақ болсын деді. “Қыз-Жібекте” “Дүние-ау”, “Жайма қоңыр” Мұхиттікі.

Күләштің ерекшелігі — осы операға алынған өндердің ерекшелігін күндіз-түні үйренумен болды. Соның тарихын, негізгі шығуының себебін сұрап, біліп жүруші еді. “Қара қаншық” — бұрын Бекежанның қосшы жігітінің әні болатын. Кейін осы ән Күләшқа ұнап, Жібектің ариясына айналды. Бұл операда:

Өуелде бас қосқаным-ай Жағалбайлы-ай,

Жылқысын көптігінен-ай, баға алмайды.

Өлгені Төлегеннің ырас болса,

Құдайым Қыз-Жібекті неге алмайды, — деп айтылатын ариясы.

Опералардың жартысынан көбі менен алынған өндер дедім ғой. Одан басқалары да бар ғой. Сонда сол өндердің тарихын, шығуын біледі дегендердің бәрінен ерінбей, ұялмай сұрап жүретін. Образ жасауға көмектеседі-ау деп ойлаймын.

Онымен ойнағандай жұрттың бәрі жанып кететін. Өзі жалпы адамға жылы, сыйластықты адам болатын. Ал сахнада мүлдем тартып әкететін құдіреті бар еді. Онымен ойнағанда жұрттың бәрі

шынымен ғашық болып, шынымен жек көріп, ғажап өзгеріске түсетін.

Айттым ғой, туған қалпымен өлген адам деп. Күләштің ешкімге ештеңеге қызғанышы, күншілдігі болмайтын. Кейінгі жастарға, партнерге үйретуі керемет болатын. Музыкалық оқуы жоқ еді ғой. Бірақ табиғи слух, сахнаны сезінуі, образдың табиғатын түсіну, партнерлерінің мүмкіндігін байқауы ғажап еді. Оның әншілігі, ойыны, партнерлігі бір-біріне сай болатын. Жасаған образдарының мінсіздігі содан болар.

1936 жылы Мәскеудегі бірінші онкүндіктің соңында үлкен концерт бердік қой. Сол концертте Күләшті 2-3 рет қайта шақырып ән салғызды. Иә, опералардан бөлек, концерттің өзінде солай болды.

Е, шырағым, солай, Күләштай біреу ойнады, айтты дей алмаймыз.

БАЙҒАЛИ ДОСЫМЖАНОВ,

Халық артисі,

*Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
әнші.*

Біздің опера театрының бірден шарықтап көтерілуіне халық ішінен шыққан дарындар: Күләш, Қанабек, Құрманбек, Манарбек, Ғарифоллалар себеп болды ғой деп ойлаймын. Және алғашқы опералар, кәдімгі опера дәрежесіне жетпегенмен, нағыз музыкалық драмалар “Айман-Шолпан”, “Шұғаның” өзі қазаққа таныс әндерді көп пайдаланды. Олардан кейінгі “Қыз-Жібек”, “Жалбыр”, “Ер-Тарғындар” әрі тыңдаушыларды операға жақындата түсті, әрі қазақтың халық әндерінің жаңа қырларын ашты.

“Қыз-Жібек” үшін Күләш, Құрманбек, Қанабек, Манарбек, әсіресе Ғарифолла Оралдың бұрын бұл жаққа белгісіз көп әндерін әкелді. Және олар сол әндерді дәл өзінің туған жеріндегі мәнерімен, ерекшелігімен айта келді ғой. Бұл операға көп байлық болды. Оның үстіне сол опералармен жұмыс

істеген композиторлар Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди қазақ әндеріне өте құрметпен қараған. Ахмет Жұбановпен тығыз байланыста жұмыс істеген, әрі ол кісімен үнемі кеңесіп отырған. Сонда өзіміздің оқыған, ұлттық композиторларымыз шыққанға дейін халық байлығын өте тиімді пайдаланған әрі сақтаған. Алғашқы музыкалық, опералық дүниелердің басы-қасында Күләш, Құрманбек, Ғарифоллалар үнемі қадағалап жүреді екен. Сонда халықтың өнері бұзылмасын десе керек.

Күләштің бір көрегендігін айтайын. Әуелде “Біржан-Сара” тек “Біржан” деп аталатын, Мұқанның қиялындағы опера да солай болатын. Жұмыс аяқтала келе комиссияның тыңдауында Күләш: “Осыны “Біржан мен Сара” деп атаса қалай болады” деді. Сара шынында да Біржанмен қатар шыққан, тең тұрған толық образ еді, ол кісі соны қалт еткізбей байқады. Және Біржан сияқты сал-серімен қатар әйел аталуы қазақтың өнер жөніндегі түсінігіне де, құлағына да жақын, жылы естіледі. Бұл операны қабылдауға да жақсы әсер етеді. Соны Күләш әншілік түйсікпен сезді.

Мен ол кісімен Төлегенді, Біржанды, Малхазды, Айдарды айттым. Сол кездерімді өзім үшін шын бақыт, творчестволық байлық деп есептеймін.

Мен ол кісіден көп кіші едім, сондықтан әуелде ұялатынмын. Кейін өзім сұранып айтатын болдым. Күләш өзімен бірге партнерін ерте, былайша айтқанда сүйрей жүретін.

Күләшпен айту, сахнаға бірге шығу арнайы мектеп, үлкен сын және бақыт болатын.

Төлеген – Біржаннан да, Айдардан да қиын. Вокалдық жағынан емес, характер, образ жағынан Төлегенде әншіге материал аз. Сонымен бірге ол Жібекпен, Бекежанмен тайталасар бейне болу керек еді. Мен бұған Біржан, Айдар сияқты қиын партиялардан кейін келсем де оңай болды дей алмаймын. Оның үстіне қазақтың Қыз-Жібегі — Күләшпен айту қандай. Бұған театртанушылардың бейнелеуімен айтқанда “тізең дірілдемей” шығуың

керек. Күләштің әнші ретінде ұлылығы партнерінің кем-кетігін байқатпай, өзі демеп жіберетін. Ол әркімнің қолынан келе бермейді. Күләш — сөз жоқ ұлы әнші болатын. Ол кісінің әншілігі мен актрисалығы тең түсетін. Әншілерде бұлай кездесе бермейді.

Кім білсін, мүмкін ол кісіні толық түсіне де алмаған болармыз. Алғашқыларға қашан да қиын ғой...

Байғали Досымжанов маған қазақ сахнасының ханзадасы іспетті көрінетін. Биік, сұлу даусымен, таза әншілік техникасымен, сымбатты тұрпатымен, өңкей сері, ханзада, принцтердің образымен солай көрінетін. Өзі де артық сөйлемейтін, дауыс көтермейтін, кіммен болса да сыпайы, бірқалыпты сырбаз қарым-қатынасының өзі еріксіз сыйлататын.

Қазір де сол салмақты сыпайы қалпымен әңгімені әрі қарай жалғайтындай көрініп еді. Бірақ ойға ма, өткенге ме, әлде тіпті өкінішке ме... бойлап кеткендей үндемей қалды. Әңгіме аяқталмады.

КӘУКЕН КЕНЖЕТАЕВ,

*Халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
әнші.*

Күләш – табиғи қарапайым, сонымен бірге өте тартымды адам болатын. Оны бір көрген адам тағы көргісі келіп тұратын.

Ол Қали (Байжанов), Әміре (Қашаубаев), Жүсіпбек (Елебеков) сияқты табиғи әнші болатын. Және ол басынан аяғына дейін музыкальнй адам болатын. Күләшта ұлттық қасиет қанымен, жанымен бірігіп кеткен әнші болатын.

Ал Ажар, Сара, Жібектермен шыққанда артист деген ойыңа келмейтін, солардың тура өзін көріп тұрғандай боласың. Артист сахнада өзін ұмыттырып жіберсе, ол оның нағыз артистігі, оған әркім жете бермейді.

“Ұлттық дауыс” деуге болатын болса, Күләштің

даусы сол. Ол сахнаға шыққанда мен үшін қазақтың домбырасы, қобызы шыққандай болады.

Мен ол кісімен концертке көп қатыстым. Мәскеудің демалыс паркінде ашық сахнада бір концерт бергеніміз бар. Мен I-бөлімде, Күлекең II-бөлімде.

Концерттен кейін сахна сыртына бір кемпір келді, ескі интеллигент екені жүріс-тұрысынан, киімінен, сөйлеу мәнерінен де көрініп тұр. Маған келіп: “Сен жақсы айттың, Еуропа мәнері сезіледі. Ана қыз да жақсы айтады екен, даусы ашық. Сен оған өзіңнің оқуыңды, мәнеріңді неге үйретпейсің? Үйрет оған”, – дейді. Мен Күләшқа өн салуды үйретуім керек!.. *(осы жерде Кәукен Кенжетаев күліп жіберді)*.

Бірақ сен мені оның өзіне ертіп баршы, өзім алғысымды айтайын. Жақсы айтты, өте жақсы айтты, соны айтайын, – деп өтінді.

Кемпірдің музыкадан хабары бар сауатты тыңдаушы екені көрініп тұр. Еуропа мәнері болмаса да, Күләштің өн айту мәнеріне қатты сүйсініп тұрды. Ол Күләштің музыкальныйлығы деп түсінемін.

Күләшта көкірек жоқ еді. Оның қарапайымдығы барлық жерде көрінетін.

Күләштан мен өмір оқуын көп алдым. Халықпен өзіңді қалай ұстау, қалай жүру, қалай сөйлесу дегендей.

Бірде Қарағандыда концерт бердік. Қарағандыда гүл жоқ қой, біреу кәдімгі даланың гүлдеп тұрған шөбін өкеп берді.

Концерттен шыққан соң Күләшқа машина келіп тұр екен, “Жүр, Кәукен” деді. Машинаға жете беріп өлгі “гүлді” лақтырып тастайын дегенімде, Күләш шап беріп қолымнан ұстай алды. “Бұлай болмайды, олар саған шын ниетімен, қымбат гүл деп берді. Солай қабылдау керек. Халықтың ниетін “үлкен, кіші, арзан, қымбат” деуге болмайы, деді.

Халықтың қаймағы ғой олар – алғашқы театрды жасаушылар. Артист мен мынаны білмейтін едім, демеу керек. Қазіргі синтездік өнер дегеніміз оларда о бастан бар болатын.

Күләшта қызғаншақтық жоқ еді, ол өзінен кейінгілерді бірге сүйреп жүретін.

Күләш сахнада таза, өте ұқыпты болатын. Сахналық

тазалық – киім, грим, бас-аяғының толық үйлесімі. Бір ғана дауыс болса жетті, қалғанына кім қарайды деген ұғым жоқ болатын.

Біз ойынға 2-2,5 сағат ерте келетінбіз. Ол Күләш, Құрманбек, Өукеңдерден (Өнуарбек Үмбетбаев) қалған тәртіп.

Өукең өзі 2 сағат ерте келіп, киініп алып, сонан соң басқаларды қарап отыратын. Ана жерің олай емес, мына жеріңді жөнде деп, бақылап отырады. Өукең “Жалбырда” Қайрақпайды ойнады. Сол Қайрақпайдың жыртық тымағы мен жыртық-тесік етігі болатын. Екі етігі екі түрлі, құрау-жамауын адам ажыратып болмайды, тымағының қай жері жыртық, қай жері жамау екенін түсіну мүмкін емес. Сол етігі мен тымағын Өукең қалай әлпештейтін. Киіп алған соң айнаға қарап, олардың жыртығы шынайы ма, әбден байқайтын. Ал, ойын біткен соң, оларды еппен шешіп, әдемілеп бүктеп, орап, белінен буып, қадірлі бір реликвиядай сақтайтын. Олардың жай-күйінен Өукеңнің көңіл-күйі сезілетін. Басқаларға да соны, яғни өз өнеріне керек нәрселерді құрметтеуді міндет қылып жүретін.

Ол кезде артистер ойынға дайындалып жатқанда көлденең шу, айқай жоқ. Әркім ерте келіп, киініп, гримін салып “тойға баратындай” дегендей дайындалып отырады. Қазір біздің арамызда костюмнің түймесін өзі салмайтын артистер кездеседі. Манекен сияқты қақиып тұрады, ол киім өзіне қонып тұр ма, келсе ме онда жұмысы жоқ. Костюмер киіндіреді, сол бетімен сахнаға шығады.

Ал біз көрген Күләш, Құрекең, Өукең, Қанекендер, одан соң өзімізде ол жоқ. Ол кезде артистер әшекейді өздері сатып алатын, үкі деген көрінсе қуып кететін. Киімді де өздері тіккен кездер болатын.

Күләш өте қарапайым адам еді дедім ғой. Ол – адамша сөйлесуге болатын, шәй ішуге, болатын қарапайым адам болатын. Киім киісі де ерекше. Үнемі ұзын киеді, шашын өріп айналдыра түйіп қояды.

Ал сол қарапайым адам сахнада қалай өзгереді дейсіз? Егер сахнаға шыққан артисті соның өзі деп

танып отырсаң ол артиске абырой емес. Егер сахнадан Шегені, Бекежанды, Ажарды көріп отырғаныңа сеніп отырсаң, өне, сол мұрат. Нағыз артист өзін ұмытып кетеді, ұмыттырып жібереді. Күләш – сол еді. Қазір біз даусы бар адамдарды оқытып әкеліп, күнде тепкілеп дайындап жүреміз. Ал оларды құдай сахнаға әдейі жаратқандай еді ғой...

“Қыз-Жібекте” мен Бекжанмын. Төлегеннің өлгенін естігенде Күлекең сол қолын көтеріп тұрып, аспанға қарап, екі көзінен жасы мөлдіреп тұрып қарғағанда жүзіне қарау мүмкін емес болатын. Мен тізерлеп тұрып: “Үрім-бұтақ зәу-затың мендей болып зарласын, қайғырып қалсаң далада, қасыңа досың бармасын...” деген қарғысты естігенде, төбе-құйқам шымырлап, жерге сіңіп бара жатқандай болатынмын. Өне, нағыз талант деген сол.

ШАБАЛ БАЙСЕКОВА

Халық әртісі,

*Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,
әнші.*

1934 жылы Ақмоладан 7 класты бітіріп, әншілікке оқимын деп Алматыға келдім.

Коммисияда біраз адам отыр. “Баянауылды” айттым. Қобалжып тұрып дұрыс айтпаған да шығармын, білмеймін.

— Тым жассың, алмаймыз, – деді бір адам. Мен жылап жібердім.

— Жылама қарағым, аламыз, аламыз, – деді біреу. Ол – Ахмет Жұбанов екен. Сол коммисияда халқымыздың ардақты, ұлы әншісі Күләш апамыз да болды.

Бірінші рөлім – Қыз Жібек.

Күләш кең адам еді ғой, өнерде қысу, қызғану деген болмайтын. Ол мені өмір-бақи “Кішкентайым” дейтін.

Бірде Қыз Жібектің репетициясында ол кісі кейінгі жаққа келіп тыңдап отырыпты. Репетициядан кейін маған: Кішкентай, бері келші, сенің сөйлегендегі үнің кейінгі жаққа тіпті жетпейді екен, қаттырақ сөйле деді.

— Қалай сөйлеймін енді, жетпейді даусым, — дедім.

— Сен ең соңғы қатарда құлағы мүкістеу көрі адам отыр деп есіңе ұсташы, — деп кеңес берді.

Осы кеңес қатты көмектесті, кейін Қыз Жібек естіртіп сөйлейтін болды.

Күләш таза аналық, апалық үлкендігін үнемі көрсетіп жүретін. Қазақшылықпен соғым сойғанда да: Балалар, келіп, бүйректеріңді жеп кетіңдер, — деп жүретін.

1943 жылы Ташкентте Қазақстанның онкүндігі өтті. Ол кезде менің театрда істегеніме екі-ақ жыл. Сонда концертте екі өн айттым. Жұрт қайталап шақырып жатыр, ал менің басқа айтарым жоқ. Сонда Ахмет Жұбанов ағай:

— Хамидидің “Қазақ вальсін” неге айтпайсың? — деді.

— Оны Күлекеңе жазып қойыпты, қалай айтам, — дедім қысылып.

— Айт, айт, жауабын өзім беремін, — деді Ахаң.

— Концерттен кейін Күлекеңе келіп:

— Мені кешіріңіз “Қазақ вальсін” айтып қойдым, — дедім.

— Оның несіне қысыласың, дұрыс болды айтқаның, өте жақсы болды, айта бер, — деді жайбарақат.

Әлдеқалай бір концерттерде мен жоқ болсам, Күлекең: “Кішкентай да айтады, оны да кірістіріңдер” деп жаздырып жүретін.

1949 жылы Москвада Қазақстанның онкүндігі өтті. Соған да бірге қатыстық. Сол кезде де қонақ үйде шақырып алып, халдерің қалай, не айтасыңдар, не дайындап жатырсыңдар деп үнемі сұрап отыратын.

Біздің адам бола бастаған кезіміз уақыттың қиын, тұрмыстың тапшы кезі еді ғой. Концерттік киімдер дегеннің өзі санаулы-ақ болатын. Күлекеңнің өзінде екі-ақ көйлек бар еді.

Соның бірін бір концертке киюге маған берді. Сол концертке Рахима Мұсабекова да қатысты. Онда да көйлек жоқ екен. “Не істеймін, концертке жазып қойыпты, көлегім жоқ” деп ол маған келді.

— Маған Күлекең бір көйлеін беріп еді, соны кезектесіп киейік, екеуіміз екі бөлімде шығады

екенбіз, – дедім. Бұл сол уақыттағы тұрмыстың жағдайын да көрсетеді. Әрі біздің татулығымыздың да, сыйластығымыздың да бір көрінісі, шырағым.

— Әрбір жаңа ролді сахнаға шығарарда: “Қалеке, ойнымды көріп, сын айтып кетіңізші” деп Қалибек Қуанышбаев ағайды шақыратын. Сонда ол кісі ешқашан Күлекеңнің сөзін жерге тастамайды. Және ол кісінің айтқанын Күлекең үнемі ескеріп, қаперінде ұстайтын.

АЙТАШ ЖУБАНЫШАЛИЕВ,
опера театрының директоры.

“Алтыншашты” алуымыз өте кездейсоқ болған. Мен Өскенменде командировкада жүріп, қалалық паркте демалып отыр едім, Мәскеуден радио арқылы осы операны беріп жатты. Назиб Жигановтың өзі біздің Оралдық екен. Сонан бір жағынан опера қызықтырып, бір жағынан авторы жерлес екен деп, осыны алуды ұйғардық.

Ақыры жаман болған жоқ. Біз премьерараға Жигановты шақырдық. Өте қуана қабылдап, келді.

Бізде опера басталғанда кулисаның арғы жағынан әлі өзі көрінбейтін Алтыншаштың құстай сайраған үні естілетін.

Соны естіген сәтте Жиганов залда отырып: “Иә, мұнда Татарстандағыдан артық шығатын түрі бар”, – деп күбір етті. Опера біткен соң осы сөзін қайта қайталады. “Нағыз Алтыншаш Күләш ханым” деп қатты риза болды.

Осы жағдай себеп болып, кейін Қазан опера театрында М.Төлебаевтың “Біржан-Сара” операсы қойылды.

Күтпеген қызықтар да болатын. “Ер-Тарғында” алғашқы кезде негізгі кейіпкерлер атпен шығатын. Бірде Күләштің (Ақжүністің) аты әлденеден үрікті ме, әлде сахнаға жөнді үйретілмеді ме, дәл ортаға келгенде алдыңғы екі аяғымен қатар жоғары шапшығаны ғой. Сол бетімен қарғи қалса, тура оркестрдің үстіне түсетін түрі бар. Дирижер Столяров еді. Қанша айтқанмен жан тәтті ғой, еріксіз бұғып

қалды. Зал жым-жырт, демін ішіне алып тынып қалған, сахнада қыбыр жоқ, ал Күләш ат үстінде ән салып отыр. Бір кезде ат аяғын түсірді, жұрт демін бір-ақ алды. Сонда басын көтерген Столяров Күләшқа қарап: “А ты еще пицишь” дегені ғой. Бүкіл зал естіді.

Күләштің өзі өте қарапайым еді. Ажарлысын ажарлы ғой, бірақ қарапайым болатын. Өзі талдырмаштау. Сахнаға елеусіз шығатын. Оның не жүзінде, не қимылында ерекше әрекет жоқ. Бірақ залды өзіне баурап алуы ғаламат болатын. Таза сиқырланып қалғандай жұрт еріксіз тынып, сол жыласа жылап, күлсе күліп отыратын. Оны сахна үшін жаратылды деу аз, ол сахнаның құдіреті болатын.

“Қыз-Жібекті” Күләштан кейін көру өте қиын. Оны айтып беру шынында мүмкін емес. Бірақ кейінгілерді көру үшін оны көрмегендерің де дұрыс болған шығар. Оны тек қана көру керек еді. Есту толық әсер бере алмайды, оны айтып жеткізу мүмкін емес.

МАЗМҰНЫ

<i>Автордан</i>	3
Жарқын болашақ	5
Жол осылай басталған	20
Абыройлы асу	41
Қайрақпайдың тымағы	56
Биікке бастаған жол	60
Татьяна сазы	73
Азаматтың ардақты міндеті	80
Жақсыдан шарапат	91
Халқының өзі орнатқан мүсініндей	94
Мерейлі сапарлар	123
Ұзақ жол	143
Жақсының аты қалар	165
<i>Күләш Байсейітова туралы шын ниетпен әңгімелескен адамдар</i>	169

Сара ЛАТИЕВА
Бұлбұл
(*Өмірбаяндық повесть-эссе*)

Редакторы *Шұға Рақымбекова*
Суретшісі *Ерлан Қожабаев*
Техникалық редакторы және
компьютерде беттеген *Қорлан Қошамбаева*

ИБ № 933

Басуға 15.12.2009 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 ^{1/32}
Офсеттік басылыс. Баспа табағы 12,0 + 1,0 қосымша. Шартты
баспа табағы 10,92 б.т. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 1335.

“Ана тілі” баспасы ЖШС, 050009,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
тел.: 394-42-78; 395-51-71.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru, rpik-dauir2@mail.ru



"АНА ТІЛІ"

Б А С П А С Ы

ISBN 978-601-251-030-0



9 786012 510300